

А 2015

1375 к

Несінбек
АЙТҰЛЫ

~ VI ~

Нәсіпбек
АЙТҰЛЫ

Шығармалары

Жеті томдық

—
VI
—

*Өлеңдер, толғаулар,
балаларға арналған өлеңдер,
ертегілер және аудармалар*

FOLIANT
БАСПАСЫ
Астана-2015

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-5
А 32

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді*

А 32 Айтұлы Н.
Шығармалары. 7 томдық. – Астана: Фолиант, 2015.

ISBN 978-601-7568-35-1

*Т. 6. Өлеңдер, толғаулар, балаларға арналған өлеңдер,
ертегілер және аудармалар.* – 456 б.

ISBN 978-601-302-218-5

Қазақтың көрнекті ақыны, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Несіпбек Айтұлының көп томдық шығармалар жинағының алтыншы томына әр жылдары жазылған өлеңдері, толғаулары, балаларға арналған өлеңдері, ертегілері және аудармалары енгізілді.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-302-218-5 (Т.6)
ISBN 978-601-7568-35-1

© Айтұлы Н., 2015
© «Фолиант» баспасы, 2015



ӨЛЕҢДЕР МЕН
ТОЛҒАУЛАР

ШЕРЛІ НАУАИ, ӨЗІҢ ЖАР БОЛ

Әр нәрсенің болмысына бір құдірет себепкер,
Асыл сөздің әулиесі, сен де маған медет бер!

Қысылғанда жалбарынып, аруағыңды шақырдым,
Сен болмасаң, көні кепкен қу медиен тақырмын.

Көз жіберсем, қалың нөпір – ұлы көштің жоқ ұшы,
Оң мен солым ала шапқын – ақ пен қара соғысы.

Мен де соның ішіндемін тіршіліктен күскенше,
Ырғай мойын, бейбақ басты семсер қиып түскенше.

Тәубе, нысап жұрдай жерде опа табар ел қайдан,
Бәз-баяғы өзің көрген сол арпалыс, сол майдан.

Топыраққа оранғанша көрмейді бір жан маза,
Айғай-шудан құлақ тұнар, аспан асты – даңғаза.

Ғасырлардың қойнауынан зар дауысың жетсе де,
Табанымды бастырмайды кірген шөгір өкшеге.

Қалт-құлт етіп заманым тұр ұстараның жүзінде,
Қияметтің қылкөпірі жатыр өткен ізімде.

Қорқыныштың көлеңкесі қылаң беріп кейпімде,
Шоққа түскен шегірткедей шырқыраймын кей түнде.



Бір көргеннен білінсе егер бақытыңның кемдігі,
Кімге керек ұлан-байтақ мекеніңнің кеңдігі?

Азынайды үмітімнің иен қалған қорасы,
Сырғи-сырғи маған жетті көз жасыңның сорасы.

Жер соқтырды салған уақыт бұлтағына түлкінің,
Жұрнағына зар боласың тозып біткен Түркінің.

Жапандағы жапырайып жалғыз тұрған бір лашық,
Жарыта ма жалпақ әлем, жарық күнмен сырласып?!

Данышпан жоқ әзәзілдің тілін қырқып отырар,
Арыстанның азу тісін ақылменен опырар.

Көне жұрттан жинастырып, құрағанмен қиқымды,
Қайда апарып көрсетемін сұры қашқан сиқымды?

Бұққан торғай бүтін қалар, көсемсінген немді алған,
Теңгедей жер қияр маған текеметтей кең жалған.

Түгендеуге жоқ саяқты сайда саны, құмда ізі,
Тар қапастай тұл ғұмырдың түннен бетер күндізі.

Көксегенмен өткен өмір жыл құсындай қайта ма,
Жырыңды оқып жібитұғын жоқ Құсайын Байқара¹.

Надандықтың сақалы өсті сені кеше налытқан,
Ақындарды қашан құдай қуанышқа жарытқан?

¹ Құсайын Байқара – Әлішер Науи заманындағы патша





Сырты сұлу толып кетті, періштеден жаралғыш,
Іштерінде қара шұбар жылан жатыр жан алғыш.

Қаламыңа сүйен, ақын, өлмесіңді көздесең,
Жұтыларсың айдаһардың арбағанын сезбесең.

Май шығар ма түпсіз ойдың көк теңізін шайқасам,
Осы күні саудагердің нарқы қымбат байқасам.

Таң қалмаймын қан базарда түскеніне құнымның,
Ей, әулием, өзің жар бол, өле-өлгенше құлыңмын!



БАЙТАҚ ӨЛКЕМ, СЕН ЖАСА

Сырып тастап қараңғылық көрпесін,
Таң сәулесі аймалайды жер төсін.
Таң нұрындай тұтас сүйіп-құшсам-ау,
Туған елдің таңғажайып өлкесін!

Ойхой, менің тақсіретті тау-далам,
Шаршап-талып жеттің аман-сау маған.
Мен сендердің пора-пора көз жасың,
Бұлттарыңның бауырынан саулаған.

Қамқорларым, сендер барда дін аман,
Сәбиіңмін хабары жоқ күнәдан.
Разымын құшағыңда көз жұмсам,
Әр төбеңді тастамастан дұғадан.

Сендер бүтін тұрған кезде ел де аман,
Жыртылмайды ешқашанда жең-жағам.
Шалқып жүрер менің ұлы шаттығым,
Құстарыңның қанатында самғаған.

Жылап жатқан жүрегімді уатқан,
Айналайын үстіңдегі шуақтан.
Көтерілем шыңыраудан шың болып,
Топырағыңнан алған титтей қуаттан!

Көз алартып саған дұшпан қараса,
Аспан асты тартар маған аласа.
Мың үшкіріп, садақаңа берейін,
Шыбын жаным керегіңе жараса!



Мен жасайын, байтақ өлкем, сен жаса,
Қор болмаспын қасиетің қолдаса.
Бұйырмайды маған бақыт ұшқыны,
Ең алдымен сенің бағың жанбаса!..



БІЗДЕР ҮШІН

Біздер үшін Отан жалғыз, Ту жалғыз,
Қорғамасақ несін ұл боп туғанбыз?!
Кіндігіміз тар қапаста кесіліп,
Иткөйлекті қанды жаспен жуғанбыз.

Туған жұртқа тірек болу ерге сын,
Құлдықты енді құдай басқа бермесін.
Атаң өлсе, өзің ата боларсың,
Ешқашанда Отан өле көрмесін!

Әкең өлсе, шешең өлсе жыларсың,
Балаң өлсе, бір жығылып тұрарсың.
Отан өлсе, опырылып түскенің,
Күңіреніп көрге бірге құларсың.

Біздің Отан өліп, қайта тірілген,
Біздің Байрақ құлап, қайта тігілген.
Опат болған ерлер рухы оянар,
Отан деген лебіз шықса тілімнен.

Отанменен аспандағы Күн егіз,
Екеуінің амандығын тілеңіз.
Жас азамат, бұл Отанның қадірін,
Отансыз боп көрген біздер білеміз!

Керек қылса жолында оның құрбанбыз,
Бәріне де белді бекем буғанбыз.
Бір кеудеге екі жүрек сыймайды,
Қазақ үшін Отан жалғыз, Ту жалғыз!



КЕНЕСАРЫНЫҢ КҮҢІРЕНУІ

Намысын қорғаумен алты Алаштың,
Жаралы көкжалдай жанталастым.
Опасыз жалғанда,
Қапыда қалғанда,
Жете алмай арманға,
Ажалдың қақпанын ерте бастым.

Алды-артым қызыл өрт жалындаған,
Қалдың-ау, ата кек, алынбаған!
Басымды шабарсың,
Табанға саларсың,
Масқара боларсың,
Қасқырдай талаған қалың надан.

Адасқан, қазағым, бұралаңда,
Көнбедің басыңды құрағанға.
Жүгіртіп мың саққа,
Салсаң да бұлтаққа,
Не дерсің ұрпаққа,
«Кенекем қайда!?» деп сұрағанда.

Қырдағы тарпаң ем,
Судағы шортан ем,
Шынымен қырсықтың шалғаны ма?
Қан қатып алдаспан балдағына,
Қайран жұрт қорғансыз қалғаны ма?
Байтақ ел – бауырым,
Ақ орда, ауылым,
Тапсырдым Абылай аруағына!



АЛТЫН БУЫН АРМАНДАЙДЫ

Шартараптың жанарында патшамыз,
Тажалдардың тамағында ақшамыз.
Соқыр тиын сығымдайды көз жасын,
Қайыршының жанқалтасын қақсаңыз.

Аран ашып ақша деген патшағар,
Алтын буын армандайды патшалар.
Саудагердің саусағында сорлайды,
Барлық гүлін базарға сап бақшалар.

Ала өкпе ғып, мұнда шап та, анда шап,
Әркім кетті өлмес үшін қам жасап.
Қазақ малын қырып жатқан қынадай,
Қайда барсаң, қызыл майдан, қан қасап.

Құрып кеткір о, зобалаң, қырманы,
Жетті жұттың біз болдық па құрбаны?
Жалғыз атын жығып берген қорадан,
Не күйде екен қара шалым қырдағы?

Қасықтай боп қарындағы май тұрса,
Қырсыққанда жалғыз сиыр жай туса,
Не болады шалқасынан ай жатса,
Қаптай соққан қара боран қайта ұрса?

Үрейімнің күнде ұлиды қаншығы,
Көбейіп жүр жүрегімнің шаншылы.
Қарайғанда қанды ішіме тартамын,
Қайта жұтып жанардағы тамшыны.



ҚАЗАҚ СИҚЫ

Сөз айтпаймын мен саған қитығардай,
Тұрмысыңның, қарашы, сиқы қандай?
Жалғыз үйден аумайсың жау тонаған,
Үрерге иті, сығарға биті қалмай.

Көк торсықтай су толған күмпілдейсің,
Көлденеңдеп өткенді құр тілдейсің.
Қара сабау жоныңа қатты тисе,
Жолға түскен күшіктей бүлкілдейсің.

Қарақшы боп өзіңнен туған бала,
Қан сигізді қашқанға, қуғанға да.
Қуат алып әйтеуір қалқиясың,
Желбіреген көктегі Тудан ғана.

Қаладағы үзгенмен қыздан күдер,
Жай-күйіне жүрегің сыздап жүрер.
Ішіндегі жалының басылар ма,
Қаңтардағы асасаң мұздан бірер?!

Қай ұшына білмейсің тартарыңды,
Күнде қиып қысқарған арқаныңды.
Қораңдағы қойыңнан үміт үзіп,
Түгендейсің таудағы арқарыңды.

Бойға біткен бұйырмай құтың-дағы,
Төсеніштің қалмады бүтін жағы.
Екі қолың босамас борбайыңнан,
Тозған шалбар тоналса бұтыңдағы.





КӨР ІШІ – ҚАРА ҚОБЫЗ

Тірліктің тұраласа кер шолағы,
Көңілге қай-қайдағы шер толады.
Арманды адам қуып жеткен емес,
Қырандай қос қанатың болса-дағы.

Таба алмас бұл жалғаннан жаның бақыт,
Жастығың өте шығар жалыңдатып.
Әкетер әлдеқайда ажал сені,
Біраз күн жер бетінде дамылдатып.

Мәңгілік бас қоясың оралмасқа,
Іздесе елесіңді таба алмасқа.
Қарайып қосың қалар арт жағыңда,
Белгі жоқ, бедерің жоқ одан басқа.

Ол-дағы қанша тұрар құдай білер,
Бір күні құзғын келіп құмайды ілер.
Ұйқыдан қу сүйекті оята алмай,
Ақырын ішін тартып жылайды көр.

Көр іші – қара қобыз күңіренген,
Ешқашан тілдесе алмас тірілермен.
Тылсымның жұмбақ сырын қайдан ұқсын,
Қара құрт қара жердің түбін емген?..



БАБА ЖҰРТЫНДА

Арызым бардай тағдырға,
Жетіп ем ұшып күн батпай.
Құлазып жатты алдымда,
Бабаның жұрты тіл қатпай.

Баяғы самал жел есті,
Баяғы бұлақ сылдырап.
Тереңге шөккен елесті
Тірілтер қайта кім бірақ?

Шыдайсың қалай мұңданбай,
Жүректі өксік қысқанда?
Аңырап жылап тұрғандай,
Қаңырап қалған қыстау да.

Сырғанап түсіп көзден жас,
Ұқсайсың жетім ботаға.
Қорымдар ғана қозғалмас,
Қарайған қоңыр жотада.

Болса да мәңгі жылжымас,
Қара жер тұрмас кетілмей.
Көненің ізі жым-жылас,
Су шайған құмның бетіндей.

Адамсыз жерде күн бар ма,
Түргенмен құлақ айнала.
Айналаң үнсіз тұрғанда,
Тұлдыр ғой өмір қайда да.

1988 ж.





ҚАРЛЫҒАШТЫҢ МЕКЕНІ

Адамзаттың ардағы,
Азаматтың арманы –
Қарлығаштың мекені –
Қарлы таудың ар жағы.
Көңілімді қалдырды,
Дүниенің жалғаны.

Асқарға мұз қатады,
Асу бермей жатады.
Қарлығаштың төсіндей
Ағарып таң атады.
Қарындастың қалғаны,
Қабырғама батады.

Адастырмай табатын,
Ақ жұлдызым жанатын,
Тоса-тоса өзіңді,
Таусылды ғой тағатым.
Қарлы таудан ассаңшы,
Қарлығашым – қанатым!..

МҰХТАР МЕН АБЫЗ

Тәңірінің күні жарқырап...

Абай

I

Ақ домбыра, еңіре, қара қобыз, күңірен,
Аш күзендей бүгілем, алдыңа кеп жүгінем.
Алтын сақам үйірген алшы тұрмай тігінен,
Тайқып барып тәйкесі, жатып қалды бүгінен.
Сыры бөтен сойқанның сескенемін түрінен,
Суық ызғар соғады тас түнектің түбінен.
Қара шұнақ лағың – құрбандығың болайын,
Ал, тебірен, аруағым, күнімен де түнімен!
Қиянаттың қамшысы сұр жыландай қайқы бас,
Сілтегенде ысқырып, зәр шашады тілінен.
Жұмырыңа жұқ болмас іркіт ойым іріген,
Не табасың, қызыл тіл, ит жалаған күбіден?!

II

Көмейінде ажалдың қуыс түрме қараңғы,
Иірімдей тартады ін түбіне адамды.
Жан-жүрегін мұздатқан соқыр-мылқау зіл батпан,
Көрсетпей тұр Мұхтарға мынау жарық ғаламды.
Тажал мініп тағыңа, түлен түртсе шабына,
Бас көтерсең, зынданға батырады қараңды.
Кісенделген тұлпардай тар қапасқа қамалды,
Шырғалаңнан құтылар қалай табар амалды?
Ой соңында сарылып, кірпік ілсе талығып,
Шыңғыстауға түсінде шыққан екен самалды.

Ақ сақалы желпілдеп, ақ селеудей селкілдеп,
Күңірене қарсы алды Нысан абыз заманғы.

Нысан абыз:

– Сен сұрасаң болжа деп, мен айтайың, уа, балам,
Көріп тұрмын көк түгін – о, зобалаң, зобалаң!
Шаңырақтан бақ безіп, құт қашады сабадан,
Ел қынадай қырылар, жусағандай обадан.
Ақ сүйектей домалап айдалада мама ағаш,
Желі менен көгенің желге ұшады тонаған.
Қыраныңның қанаты керегедей саудырап,
Жаңғақ болар тұғырың, томар болар томаған!
Қолың кетпей жағадан, көзің кеппей сорадан,
Тілің тозар көнектей қырық шоқпыт жамаған.
Салбыраған басыңа жапалақ кеп саңғиды,
Торпағыңды аш бөрі тарпа бас сап қорадан.
Сарқыраған өзенің бұғауланып сағадан,
Зауал төнер жеріңе жүндей түтіп сабаған.
Аңдысқаның көбейіп жолдас пенен жорадан,
Оққа байлап бересің арысыңды арадан.
Қатын-бала сүргінде қойдай шулап қаңғырып,
Қыл тақымын қиғызар зұлым итке қабаған.
Мола бұзған антұрған жатырына жүгіріп,
Ат үстінен шаптырар жұрт тынышта, ел аман.
Босағаға қол жайып төрде отырған төрелер,
Ауыздары босамас күнде жеген парадан.
Құс қанатын талдырған ұлан-байтақ даладан,
Өрттің бетін қайтарар табылар ма жан адам?
Маңдайшасы орданың жай түскендей қақырап,
Алты Алаштың баласы айырылар панадан.
Айналайың, жан ботам, мен кетейін садаған,
Жаратқаның жар болып, жаның қалсын жаладан!



Мұхтар:

– Не деп кеттің, қария, сөзің қандай зәрлі еді,
Шыныменен тимей ме Тәңірінің жәрдемі?
Арғымақтан жал кетсе, азаматтан әл кетсе,
Қайда қалмақ қалың ел құрығанда дәрмені?

Домаланса есікте алтын басым төрдегі,
Күңіренер аруағы жеті атамның көрдегі.
Пәруәрдігер, ала бер шыбын жанды мендегі,
Айнымаса егерде әулиенің көргені?!

Байқамаса қызыл тіл қарып түсер шоқ бейне,
Адасады ақылың, жаңылады жақ кейде.
Бұйырмай ма қазаққа сынық күлше бақыттан,
Қара аспанды төндірмей, абыз ата, ақ сөйле!?

Нысан абыз:

– Көз жіберсем қиырға – сергелдең де сергелдең,
Бұлдырайды босқан ел, сағым қуып сенделген.
Шыңғыстаудың шоқтығы шымылдықтай қара нор,
Мына сұрғылт заманның сиқы жаман мен көрген.
Шала түгін бықсиды иттің көзі танымас,
Тостағаның жарымас қойдан қозы бөлгенмен.
Бүктемесең жауыңды, жем боласың қорқауға,
Тектемесең түбіңді, тең боласың өлгенмен.
Қылыш жалды қия тас – жүрер жолың жалама,
Барар жерің белгілі, болашаққа сенгенмен.
Көп шиырлап шығарсың сиқырлаған шеңберден,
Мысық бүрген торғайдай құтыларсың шеңгелден.
Өмір екі келмейді, дүние-боқты тергенмен,
Жанның нұры сөнбейді, жаққан отың сөнгенмен.





Ақ жүзіңді жасырып, жер-бесікке көмгенмен,
Аңырайды үкілі тал бесігің тербелген.
Қарлы боран үйіріп, құзға қатер төнгенмен,
Сұңқар, сірә, тастамас өз ұясын жем берген!
Жаралғалы жалғанның тетігі жоқ жөнделген,
Жете алмассың мұратқа желге мініп желгенмен.
Келе жатыр бір зұлмат кең жаһанға қонаққа,
Көкірегі – көрлақат, екі көзі шелденген.

Мұхтар:

– Адырнасын бір сөздің тартып қалдым ойжота,
Ұшқыр тілді жебедей көңіліңе бойлата.
Қырау басқан қабағың бара жатыр түнеріп,
Кешірім ет ұлыңа, тағы не бар, сөйле, ата!?

Нысан абыз:

– Ілінгендей тағдырың ине-жіпке сабақты,
Кезенгендей сұрмерген саған қарай садақты.
Туырлықтай жақпар тас жан-жағыңнан камапты,
Жұтқалы тұр басыңды айдаһардай абақты!

Мұхтар:

– Әулие ата, сөзіңнің сыңайынан қорқамын,
Қанжар қиып түсердей қантамырын қолқаның.
Ұлығанда ішімде бөлтірігі үрейдің,
Жалғыз қалған көкжалдай жапан түзде жортамын.
Суға салсаң сөлі жоқ, желге ұшырсаң дәні жоқ,
Қуыс кеуде көбейді қауызындай арпаның.
Зарлап өзің айтқандай, халқым қайтіп күн көрер,
Жақсыларды сыпырды бетіндегі сорпаның.
Алла рақым етпесе, ел мойнынан кім шешер
Қарғыдай боп жабысқан қасіреттің арқанын?





Маңдайдан сор кетпесе, таусылғанша талқаным,
Құмға құйған құрдымдай көздің жасын сарқамын.
Айырыққа тірелдім, қай жағына тартамын?
Оң жағымда – шөлейтім, сол жағымда – сортаңым.
Оңға тартсам өлім бар – өткір жүзі балтаның,
Солға тартсам арыма азап жүгін артамын.
Ұлтым үшін аттанса жаһаннәмға жан-тәнім,
Жер астында – сүйекпін, су астында – малтамын.
Ұят күшті өлімнен, үйім тозақ көрімнен,
Күнім караң Алашсыз – алдымдағы қалқаным!

Нысан абыз:

– Не көрмейсің, шырағым, шыр айналған жалғанда,
Шу асаудай көнерсің құдай басқа салғанға!
Қалың тобыр кімге ерер, қалмаса артта бір қара,
Жау жағаға жармасып, бөрі етектен алғанда?!
Тұл өмірдің анасы – түпсіз өлім, таңданба,
Шырылдаған жан барда, тірлігіңе шамданба!
Түлкі болса заманың, тазы боп шал, алданба,
Дүние бір айналар, өте бермес арманда!
Ең алдымен Тәңірдің тапсырғанын орында,
Құлқын үшін жалданба, халқың үшін тал қарма!

Мұхтар:

– Көргендеймін, әулием, сөзіңнен бір саңылау,
Тағдыр бірақ тасмылқау, селт етпейтін саңырау.
Жауға басым байланса, жұртымдікі жүрегім,
Мен – ызалы жолбарыс, құйрығыңда қоңырау.
Аруақ өзі жұмсаса аянатын не қалды,
Оқ тигендей онсыз да шұрық-тесік омырау?!

Бабам Сұлтан Әзірет Түркістанда қолдасын,
Хан Абылай, Қабанбай жұлқысқанда қолдасын!





Сөз атасы – Майқы би, жыр патшасы – ұлы Абай,
Арсыздармен күнде бет жыртысқанда қолдасын!
Сүйген қазақ баласын, бәйтерегім – Алашым,
Бұталса да бұтағың, түп-тамырың солмасын!

Жарылқаса Жаратқан, қотыр тайлақ көшке ерер,
Күні бітсе құлайды ханның басын кескен ер.
Құтырынған індеттің ыңғайы жоқ дес берер,
Қойға келсе топалаң, қабатында ешкі өлер.
Тиянақсыз қайран ел алтыбақан, алауыз,
Жеті басты жалмауыз қайтіп одан сескенер?!
Екі кәпір қосылса, көлеңкесі дос келер,
Екі көзі қазақтың бір-біріне өш келер.
Бұйдасына жармасты ұлы көштің, о, тоба,
Іші – хайуан, сырты – адам, өңкей надан – кешелер!
Қатарымнан айрылсам, қанатымнан қайрылсам,
Соқа басым селтиген құрайды да ес көрер!

Өрге шапқан тарландай тарылады тынысым,
Қызыл қанға малғандай батыс пенен шығысым.
Дүлейді де желкелеп жүгендейтін күн туар,
Түгендейтін қазақтаң өлісі мен тірісін.
Алты айшылық алысым, жеті күндік жүрісім –
Атырау мен Алтайға шалқып жатқан ұлысым!
Бөрі басты байрағым көкке қарап ұлыса,
Найзағай боп жарқылдар жасырулы қылышым!

Қаратаудай күңіренсем, қара түнге қосылам,
Алатаудай тебіренсем, көшкен бұлттай жосылам.
Алашым деп азаптың ажырығын арқалап,
Батқан күндей түнеріп, шыққан күндей ашылам!
Көрінгеннің алдында көк желкесін қасыған,





Біздің тағдыр тастар ма таз кепешін басынан?
Ақ бәкісі Абайдың кіндігімді кесіпті,
Кемеңгердің дәм татқам Қызыр қонған қосынан!
Құлағыма келеді әлдекімнің дауысы,
Қош-есен бол, әулие, мен бір жаққа асығам!
Бағытымды баратын сізден несін жасырам,
Іздегенге табылам Абай атам қасынан!
Қолқанатпын рухына, жетсе шолақ өмірім,
Абай – менің Тәңірім, ғұзырына бас ұрам!

Нысан абыз:

– Ақ батамды берейін, ал, қолыңды жай, балам,
Әулиелер қолдасын аспан астын жайлаған!
Соқыр тұман сейіліп күннің көзін байлаған,
Елің жерге сыймасын құмырсқадай қайнаған!
Арам қатып арсыздар, отқа жанып жансыздар,
Асқақтасын жығылмай алтын туың жайнаған!
Суға кетіп сатқындар саған қастық ойлаған,
Опырылсын дұшпанның азу тісі қайраған!
Құрбақалар құрысын сүрінгенді тойлаған,
Құдықтағы құланның құлағында ойнаған!..

Айдай әлем алдында арғымақтай алшаң бас,
Заман болсын жолдасың бүгін кәрі, ертең жас!
Қаламыңды періште нәрестедей күзетсін,
Қазынаға жолығып тоқсан атан тарта алмас!
Әумин!

III

Дел-сал күйде оянды тұтқын Мұхтар бүгін бір,
Көрген түсі қиқымет, төңірегі бұлыңғыр.





Ту сыртынан қариды сақылдаған сары аяз,
Қаңсытады таңдайын ішіндегі шілінгір.
Шойын есік таң атпай ыңыранып ашылды,
Талқандалып босаған, о, топсаңнан жұлынғыр!
Қарақшыдай қақшиып алдында түр сұрақшы,
Ежірейе қарайды екі бетің тілінгір!
Ақыл-айла бірікпей құтылатын түрі жоқ,
Жан қалмайды үміттің жалғағанмен жібін құр.
Көзін жұмса тағы да қилы заман – қырғын өрт,
Құшағында жалынның шырқыраған құлын жүр...

Жоқ кінәні мойындап, жорта қайтып райдан,
Ағалардың ақылын алғаны жөн бір ойдан.
Түс сыңайын аңдаса, қайыры бар қазаның,
Атасынан қалғандай арпалысқан бұл ойран!
Қоңыр жүзі түтігіп, қорлық хатқа қол қойды,
Обалы мен сауабы бір Құдайдан, Құдайдан!!!

IV

Ақ домбыра, егілші, қара қобыз, боздашы,
Батпан, батпан шерімді шыңыраудан қозғашы.
Қараша үйді жыққанда қарсы соққан сұрапыл,
Қоламтаға көмілген үміт шоғы, қоздашы!
Көкжиектен жарқырап көтерілген жұлдыздай,
Аңсап күткен арманның алтын оты, маздашы!
Белдеуімде байлаулы, жер тарпышы, тұлпарым,
Сандығымда сақтаулы көк семсерім, тозбашы!
Зейін салшы зарыма, разы боп барына,
Сәби көңіл, қолыңды тым биікке созбашы!
Қуанышым, көсілші, қайғым, төрге озбашы,
Дамылдашы, ділмәр тіл, қайдағыны қазбашы!





Ұлы мақсат жолында қорлық хатқа қол қойып,
Мұхтар шықты түрмеден, өзіне олжа – өз басы.
Қара сөздің қалыбы, асыл ойдың алыбы,
Аманаты Алаштың, аруақтардың көз жасы!!!





ШӘКІРГЕ СОҢҒЫ САУАЛ

Армысың, асыл киелім,
Өзегі алтын жүйелім.
Еңкейе бермес өзгеге
Басымды саған иемін.
Ағытсаң жырдың тиегін,
Арынды, ақпа күй едің.
Тілеген жерден табылған,
Табиғат тартқан сый едің.
Дегбіріңді алған дертіңнің
Дауасын таппай күйемін.
Өркеші атан түйенің,
Емшегі мама биенің,
Семгендей шөгіп қалдың ба,
Сықырлап тозған сүйегің?
Өзіңе өзің би едің,
Жапанға жалғыз ие едің.
Шыңғыстың шыңы болмаса,
Арқанды кімге сүйедің?
Ішінен шыққан аппағым
Қазандай қара күйенің.
Қалтылдай басып тұрсың ба
Құлама жардың жиегін?
Өледі екен хас тұлпар
Ернеуге сүйеп иегін.
Толтырған бар ма айтсаңшы
Тағдырдың тажал бүйенін?

Бұдыры болат бедерлім,
Бағасы қымбат беделдім.



Қарасы өшсе төбеңнің,
Көзімнің жасын төгермін.
Сұқсырдай судан суырылған,
Толқынның төсін сөгермін.
Кімдерді қалай қылмағы,
Қолыңда Тәңір шебердің.
Шоқтығы биік көк шоқы,
Мұжылып, міне, көнердің.
Жұртыңда қалған көненің,
Қаңқасы едің өнердің.
Айналсаң желге шаңдатып,
Тоқымын қақтың кемердің.
Аспанды кезсең ақ бұлттай,
Асқарға барып бөгелдің.
Оралсаң жерге опық жеп,
Кейпіне кірдің шөгелдің.
Сен де бір кезбе диуана,
Дәм-тұзын татқан көп елдің.
Үкідей ұштың ұлпілдеп,
Үстінен сансыз белеңнің.
Адырдан оппа кез келсе,
Аранын жаптың тереңнің.
Үмітті қуып қаңғырдың
Ұшында кеткен жебеңнің.
Сағымдай ағып, сандалып
Жүргенде, айтшы, не көрдің?
Соңыңа жастан мен ердім,
Соқпаққа түсіп жөнелдім.
Жебелей жортқан көк бөрі,
Сүргінге салсаң, желермін.
Желмая болсаң, жеделмін,
Жер түбін шолып келермін.



Бөртеден шыққан боз болсаң,
Қасқадан туған төбелмін.
Бедеудің белін талдырсаң,
Діңкесін құрттым көбеңнің.
Асырып бұдан не дермін,
Артымды шаңға көмермін.
Атамды айтып кайтейін,
Батаңды алып көгердім.
Ақиқат жолын нұсқашы,
Оғындай түзу береннің.
Жымына тұяқ ілдірмей
Жоғары менен төменнің,
Дулат пен Ақтанбердің
Кенішін тауып кенелдің.
Шыңырауын көмген шегеннің,
Бұғатын бұзған бөгеннің,
Дауыл кеп діңін шайқады
Ұялы бұтақ еменнің.
Жанардан жасың бұршақтап,
Көзінен өттің тебеннің.
Бағылан мойын желкеңді
Бұршағы қиды көгеннің.
Бұлауға түскен тобандай,
Бейнет пен сорға бөлендің.
Заманың сиқын танытты
Меңіреу, мылқау, кереңнің.
Шалқыған көлің тартылып,
Қаңсыған шөлдей кебердің.
Шеңгелі бүріп ішіңді
Шорланып қатқан шеменнің,
Қобызын тарттың күңіреніп,
Қапаста қайғы жегеннің.



Құтыла қалсаң кісеннен,
Сәтінде алаң-елеңнің,
Шыға алмай шарлап шетіне
Опасыз дүние дегеннің,
Астыңа мінген ақ атан,
Апарып тасқа шөгердің.
Айтшы, сен сонда не көрдің?
Үркектей қарап алдыға,
Үмітті кері шегердің.
Сен сенбей кеткен жалғанға
Иланып қалай сенермін?
Сен көнбей кеткен құрыққа
Жуасып қалай көнермін?
Сен тәрк еткен арбаның
Дәртесін мен де тебермін.
Жанымды қоймас келер күн,
Қарыздың құнын төлермін.
Сен жұтқан удың жұғынын
Мен-дағы жұтып өлермін.
Тізгінін тұлдыр пәнидің
Артқыға мен де берермін.
Керегем кедей – басқұр жоқ,
Өнегем өгей – дәстүр жоқ.
Қорадан тартар қойымды,
Аңдыған дүлей – қасқыр көп.
Амалын айтып кетпесең,
Көлденең түр ғой кедергім.
Соңыңнан жетсем жұрдай боп,
Мақшарда саған не дермін?..





ҚҰМЫРСҚАНЫҢ БАЛЫ

(Кіші атам Қыдырмолланың рухына)

Атам менің шипа таппай бір шыбындай жанына,
Зарығумен көзін жұмды құмырсқаның балына.
Зәру дәрі жағады екен жеті қат жер астында,
Тамшысына татымайтын Қарынбайдың малы да.

Естіген соң есте қалған бұл сөзіме ел сенер,
Қысылғанда жанның құны қолда жоқпен өлшенер.
Құмырсқаның балын тауып берер ме еді кім білсін,
Жерден шыққан Желім батыр мәңгі тірі болса егер?!

Өзгермейтін, көз көрмейтін тіршіліктің тұғырын,
Ажал-дию талқандайды толтырмасаң жұмырын.
Қалың малы Қарынбайдың Атымтайға бітсе де,
Шылбыр бойы ұзарта алмас шолақ жіптей ғұмырын.

Тепкілесе үзілмейтін темір өзек жан қайда,
Гүл-бәйшешек құлпырғанда жауқазын да солмай ма?
Шаба бермей көк шолақты сабалаумен борбайға,
Ей, бейшара, елмен бірге өлеріңді сен де ойла!

Құмырсқаның балын тапсаң кереметтің күшімен,
Алдыңда зыр жүгірейін бақайымның ұшымен.
Сетінеген өміріме сеп болатын түрі жоқ,
Жаралғалы жасыл көлдің кәусарынан ішіп ем.

Маған жаның ашымасын шөліркеген аңызға,
Иесіне қайтарармын алғанымды қарызға.
Сұлық жатқан дүниені шамаң келсе тік тұрғыз,
Таңдайына құмырсқаның балынан бір тамыз да!..





БІЗДІҢ МҰҚАҒАЛИ

Оу, халайық, Расулға таң қалма,
Көзіңді сал Мұқағали заңғарға.
Ол сәл ғана мызғып кеткен ұлы тау,
Ұлар басын сүйей салып таңдарға.

Мына өмірде маздамасаң мән бар ма,
Мен ғашықпын мәңгі өлмейтін жандарға.
Оның жыры Тянь-Шаньның түз құсы,
Дүр-дүр қағып сілкінетін самғарда.

Аман тұрса Авары мен Дағыстан,
Расул да танбас жойқын шабыстан.
Бірақ біздің Мұқағали марқасқа,
Күн астынан күркіреген арыстан.

Қайран сабаз өтті жалғыз өлең деп,
Тұлпарлардың дүбіріне елеңдеп.
Енді, міне, оның мұңлы жырымен
Өз жарамды отырамын мен емдеп.

Жер айналмай жұлдыз сөніп, ай батпас,
Қысқа ғұмыр алды-артыңды ойлатпас.
Уға малған алмасымды жануға,
Маған да бір керек боп тұр қайрақ тас.





АҚЫН ДОСТЫ ЖҰБАТУ

Тірліктің дәмін татпас кім бұйырған,
Сен келдің Алматыға бір қиырдан.
Мен келдім алып таудың ар жағынан,
Бөктеріп торсығымды мұң құйылған.

Сұрамай кімнің жайын кім білгендей,
Кім танып қас-қағымда үлгіргендей?
Тізіліп қатар-қатар тұра қалдық,
Үзілген сабағынан бүлдіргендей.

Өскіндей үсік шалған дәнін ызғар,
Бұл күнде жабырқаңқы жанымыз бар.
Шілде деп ақ көйлекпен шауып жетсек,
Екен ғой айналаның бәрі мұз, қар.

Құлындай аңқау едік еркелеген,
Емес ек сен тістеуік, мен тебеген.
Сай-сайға қуғаннан соң сауғаладық,
Ін қазған көп суырдай әр төбеден.

Елеске ердің басы алданбас құр,
Көрсетпес өлімтігін арлан қасқыр.
Маңдайға жазғанына ризамыз,
Болған соң атамыздан қалған дәстүр.

Еске алсам Мұқағали, өр Қасымды,
Ұмытам сырқыраған жамбасымды.
Не таптық сөздің оғын сайлағаннан,
Балқытып қызыл тілден қорғасынды.





Суындай сырғып ағып Ертісімнің,
Тұғырдың тобығына жем түсірдім.
Өзеннің ар жағынан үн қатсаң да,
Кеуденді күмбірлеген мен түсіндім.

Қайғырмас тас төбеңнен түнерсе күн,
Қай қазақ қадіріңді білер сенің.
Келесің арпалысып, аласұрып,
Көкжалдай оқ жалаған тілерсегін.

Ақынды ұйытпаса имандай шын,
Тіріліп әкең келсін иланбайсың.
Жылақы емес, жел қайырған замандастың,
Құдай-ау, қайсыбірін жигандайсың.

Қоңызды құтқарам деп батқан қидан,
Қайтесің көмек сұрап қатқан мидан?!
Біздердің тағдырымыз молақ тағдыр,
Аюдың аяғындай қақпан қиған.

Кей кезде қарап тұрып қорқасың да,
Қоясың олай-бұлай жортасың да.
Жүргендей жанұшырып қазақ сорлы,
Ордалы жыландардың ортасында.

Сұмдық бар мынау заман ұсқынында,
Айдаһар жер астынан ысқыруда.
Міне алмай арқандағы атын шешіп,
Талайдың қолы кетті ышқырында.

Пәниде түзеп алса пенде көшін,
Сескенбес десе-дағы енді өлесің.





Күндерге момақандау қос артыппыз,
Кұрыққа асау жылдар көнбегесін.

Әзірше ажал бізді ала қоймас,
Тепсеңге аяқ бастық табан оймас.
Қайғының қара қылын көп боздатпа,
Онсыз да шақшадай ғой шарадай бас.



ДЫБЫСЫҢДЫ ЕСТИМІН

Дос жоқ қой менде.

Жүрсін

Досым жоқ деп налыма, дос дегенің баршылық,
Досқа қызмет еткенің – сүйіп тапқан жалшылық,
Қаңсығанда тамыры судан көріп таршылық,
Зар еңіреп жылайды жалғыз-жарым талшыбық.

Жылағанмен жалғыз тал малшынып көз жасына,
Жамыраған көк орман көшіп келмес қасына.
Қу далада қалғандай, Жүке, сонша шошым,
Керек болса сенікі ердің артқы қасы да!

Ақан сері ағандай еңіреме, жасыма,
Атың барда асықпа Сағынайдың асына.
Жеке барып шағынсаң Ұлытаудың тасына,
Елің қайтіп жиналар Едігенің басына?!

Жатып алсаң жапанда күңіреніп абыздай,
Өртенеді аспаның шілде менен тамыздай.
Жетім қозы тәріздес жүдеу көңіл марқаймас,
Өгей өмір бауырына өз қолыңмен жағызбай.

Досым жоқ деп аузыңды сүрткенменен қу шөппен,
Досын әкеп бере ме біреу саған бір шеттен?!
Шыбын жаным аманда жүрегіме нұр сепкен,
Дыбысыңды естимін жер бетінде тырс еткен.

Бұлқынғанда бұрқ етіп кеудеңдегі көк қайнар,
Сарынға түс сабырлы, сары өзендей төкпей зар.



Кермесіне жолатпай қызылкөздер қақпайлар,
Опырылса мама ағаш ортамызда ат байлар.

Адам тозар ішінен, жан-күйіңді түсінем,
Жатырқайсың жалғанды түңілгенде кісіден.
Қанжығада көрісер емеспіз ғой көк қоян,
Қашып жүріп жыртқыштың тырнағынан, тісінен.

Ақ сұңқары арманның заңғардан үн қататын,
Торға түссе торығар шет елге ұрлап сататын.
Үзілмейтін жұлындай күндер қайда, құдай-ау,
Кісінескен құлындай шұрқырасып жататын?!





ЕЙ, ТҰРСЫН!

Ей, Тұрсын, бір жүреміз енді қанша?
Сұм ажал ысқырады кер жыланша.
Бойға құт – бұйырғаны тіршіліктің,
Әйтеуір артымызда белгі қалса.

Жеткізбес құйын дүние қуғанменен,
Жұбанбас жарлы жүрек думанменен.
Біз-дағы табиғаттың болмысымыз,
Адам боп анамыздан туғанменен.

Қарағай қадам баспас тұрғанменен,
Қара су теріс ақпас тұнғанменен.
Тылсымның бұйрығына бағынамыз,
Тентіреп аз күн сайран құрғанменен.

Қиядан қылып еткенді ілгенменен,
Жер үсті, аспан астын білгенменен,
Қатқан көн, кепкен тулақ ғұмыр мынау,
Қамшылық қайыс шықпас тілгенменен.

Көңілге қаяу салған кірбеңменен,
Додаға киіп-жарып кіргенменен,
Күніміз баспанасыз шілмен бірдей,
Қаңтарда қар астында дірдеңдеген.

Тіріге бар ма бұдан асқан жаза?
Таптырмас қайда барсаң қашқан маза.
Ұшпаққа ұшқан ұяң шығармаса,
Күпсініп, күпінгенің бос даңғаза.



Жылытпас тығылғанмен тасбауырға,
Сүрінсең, соғыласың тосқауылға.
Құшағы туған елдің кең болғанмен,
Бармақтай басың сыймас басқа ауылға.

Бөлінер соны ойласам ойым санға,
Етіктің өкшесіндей ойыласам да.
Танымай біз де бір күн қалмайық деп,
Біріміз бірімізді қою шаңда.

Өзендей асау өмір сал ағызған,
Аунатар көз жазғанша қарамыздан.
Шымбайға шертіп қалса батырмай-ақ,
Шыпылдап қан шығады жарамыздан.

Қамалып қатар өстік қабағанмен,
Тістесіп, тарпа бас сап талағанмен.
Жазылмас жара құрғыр былай шығып,
Қыңсылап қызыл тілмен жалағанмен.

Сарқылмас су аяғы жайылмасыз,
Айтылмас ән аяғы қайырмасыз.
Тергенмен жоқтан-барды не табамын,
Арасы бар мен жоқтың айырмасыз...





СЕНІҢ ДАУСЫҢ ШЫҚҚАНДА...

Бізге тағдыр әуелден жақсыларды қиған ба,
Артық бақыт қазақтың маңдайына сыйған ба?
Жәнібегім, қайтейін жетпеуші еді бір саған,
Жүзден озған жүйрікті мыңнан таңдап жиғанда!

Аз ғұмырда көп болды арқалаған азабың,
Сен мерт болып, деп пе едім қаралы өлең жазамын?
Бозторғайдай шырылдап шығушы едің аспанға,
Екі өкпесін зар қысып, еңіресе қазағың.

Өлді деуге өзіңді қалайша мен сенемін,
Біле алмадым жалт етіп сөнген оттың себебін.
Әнге салсаң шырқатып – тасқындаған дәрия,
Қара сөзге келгенде таудан аққан сел едің.

Арғы бабаң аруақты ән мен жырдың атасы,
Боздап туған сен едің аруананың ботасы.
Сенің даусың шыққанда кетуші еді асқақтап,
Алатаудың арқасы, Шыңғыстаудың жотасы.

Ағып түстің жұлдыздай, жанымдағы жарығым,
Қара пышақ қақ тілді жүрегімнің жарымын.
Жылағанмен жібір ме басыңдағы қара тас,
Жұтап қалдым, қайтейін, енді кімге жарыдым?..



СЕКЕНГЕ СҮЙСІНУ

Туласа тұла бойда текті қаның,
Селдетіп ақ жаңбырын төкті жаның.
Аузынан ата күйдің түскендейсің,
Аруағы аян беріп Кетбұғаның.

Тәңірдің сыйлығындай сендегі өнер,
Қызығын пәнидегі пенде көрер.
Шанақта шалқар теңіз үйіріліп,
Ұшында саусағыңның дөңгеленер.

Қапысыз ғұмыр кешіп күймен ғана,
Еншіңе ризасың тиген дара.
«Көке!» деп көңілімді көтересің,
Көкейге көптің сырын түйген бала!

Баурайсың балдай тәтті күй тілімен,
Сезімнің жанға жұмбақ сиқырымен.
Көзінен керегенің күй төгілді,
Өлеңнен өзіңе арнап үй тігіп ем.

Болмаса ойда қуат, бойда намыс,
Жеткізбес өнер жолы айдан алыс.
Өрнекті өмір деген домбыраның
Тиегі тартқан сайын тайғанағыш.

Шаңдатып әлдеқайдан шұнақ құйын,
Бұзбасын тіршіліктің құлақ күйін.
Ән-күйсіз қаңыраған дүниенің
Бағасы, бауырым-ау, бір-ақ тиын!



БОЛСАМ ДА АЛТЫН ДӘРИЯ...

Болғанша тақыс пенде сауда баққан,
Қос қолға қысқа жіпті саумалатқан,
Пәнидің азабынан мойным босап,
Бұлаққа айналсам-ау таудан аққан.

Табысып мәңгілікке тау, даламен,
Жатар ма ем жанарымда аунап әлем?!
Әдилеп айналамды әнге бөлеп,
Күндіз-түн көмейімнен саулап әуен.

Қарық қып қысы-жазы аймағымды,
Жалғасам ғасырларға айларымды.
Толқыным тойдан тойды жасап жатса,
Сапырып сары алтындай майда құмды.

Сырымды тұнығыма қанған ұғар,
Адамзат, рахат тапса жан-жануар.
Жыртқыш та, қарақшы да шөлін басып,
Арылса ниетінен қанға құмар.

Өзгеріп мына дүние түбірімен,
Құтылсақ сарылынан, гүрілінен.
Айдыным ақ торғындай үлбіресе
Нәп-нәзік жапырақтың дірілінен.

Мен де бір табиғаттың қолтумасы,
Күмбірін көкірегімнің сәл тыңдашы.
Кім білсін тілегімнің не боларын,
Жігіттің қайда қалмас еркін басы?!



Аз ғұмыр орта түсті серуендеткен,
Жастық шақ оралмайды желмен кеткен.
Болсам да алтын дәрия аялдар ма,
Дамылсыз дүние көші керуендеткен.



ҚОЛТАҢБА

Аман жүр, айналайын, Адай інім,
Жақсының жанына ерген талайының.
Асылдың өзің де бір сынығысың,
Емессің жұқанасы қалайының.
Жігіттің не мықтысын мен де көрдім,
Атының қатты тартқан шап айылын.
Бар болсаң барлығыңды көре алмайды,
Жоқ болсаң бере алмайды ағайының.
Төбеңе әңгіртаяқ ойнатады,
Байқаусыз бола қалса сәл айыбың.
Өнерді кие тұтқан құр қалмайды,
Есігін ашып көңіл сарайының.
Жүргендей сезінесің кейде өзіңді
Ішінде жыртқыш пенен жабайының.
Кісіден құны қымбат осы күні
Шошқаның қорсылдаған торайының.
Қазаққа дауа бар ма жете алмаған,
Біз түгіл, қадіріне Абайының?!
Бағзыдан келе жатқан басын бұрмай,
Бұл өмір солай, інім, солай інім!





КӨКШЕТАУ

Көкшетау, мөлдіреген көркің қандай,
Қалықтап аспаныңда ән тұнғандай.
Сексен көл сексен тамшы сыйға тартып,
Айдынын көңілімнің толтырғандай.
Алаңын Абылайдың көрген кезде,
Ойланып, іштерінен ел тынғандай.
Кіргенде Кенесары үңгіріне,
Сескеніп кім болса да тартынғандай.
Оқжетпес кере тартып көкке садақ,
Көктегі ұшқан бұлтқа талпынғандай.
Бурабай тас боп қатқан алып бура,
Бауырында басып жатқан алтын бардай.
Мызғиды Жекебатыр анадайда,
Көтерсе басын жерден жел тұрғандай.
Ішінен қарағайдың шыға келіп,
Найзасы Наурызбайдың жарқылдардай.
Жан-жақтан қалың батыр күркіресе,
Түсердей төңкеріліп жер-су қалмай.
Көкшетау, қасиетті топырағыңда
Туыпты алыптарды халқым нардай.
Сондықтан күндік жерден сені көрсем,
Басымнан тұра алмаймын бөркімді алмай.





ТАРАҚТЫДА ТАРЛАН КӨП

Сөз тәңірі, медет бер,
Қызыл тілім демеп көр!
Домбырамды қолға алсам,
Он саусағым дедектер.
Тарақтыны толғауға
Аруақ өзі себепкер.
Ағыл-тегіл шабытым,
Аққан судай жөнep бер!
Қалсын тасқын астында
Жол-жөнекей бөгеттер.
Қозғағанда тереңнен,
Жөнім жоқ қой өбектер!

Бабаларды мадақтап,
Жыр төгейін шанақтап.
Ақын ақын болған ба,
Сөзін сатқан қадақтап?
Қысқа өмірім жетер ме,
Үш жүзді шықсам адақтап?!
Ата-тегін білген құл
Жұртты аузына қаратпақ.
Жетелі ұлдың парызы –
Жеті атасын таратпақ.
Мақау болса, жүргені
Бұралқы иттей салақтап...

Өмір беріп санатты,
Адамды Алла жаратты.
Қанша заман белгісіз,
Күн айналып, таң атты.

Арғы түбі қазақтың
Бір бұтақтан тарапты.
Соның бірі – Орта жүз,
Жауға алдырмас жарақты.
Талай тарлан ер туып,
Жұртты аузына қаратты.
Орта жүздің ішінде
Ноқта ағасы – Тарақты.

Тарақтыға келейін,
Тұлпардайын желейін.
Орта жүзден бөлектеп,
Оны бөтен демейін.
Іліп алар жақсысын
Інжудейін терейін.
Шама-шарқым келгенше,
Жіпке тізіп көрейін.
Тарақтыдан төрт буын,
Төрт терекке теңейін.
Әлім, Алда, Айт, Қармыс,
Атын атап берейін.

Он екі ұл бар Қармыстан,
Көре алмаған көп дұшпан.
Арыстандай жігіттер
Ай мен күндей жар құшқан.
Көсегесі көгерген
Барлығының алғыстан.
Текті тұяқ тумағы –
Асыл затты болмыстан.
Алдырмаған іргесін
Ата-жауға аңдысқан –

Ерлер қанша, дүние-ай,
Қазақ үшін қан құсқан!

Ерлерді айтсам біртуар,
Қаным тасып бұрқырар.
Ойға түсіп қайдағым,
Сай-сүйегім сырқырар.
Тарақтыда Наймантай,
Асып одан кім туар?!

Қарақұрым жау көрсе,
Қамшымен-ақ ұмтылар,
Қайтып тумас қаһарман,
Қара дауыл бұлты бар.
Соны да алған бұл заман,
Атқан оқтай зырқырар.

Наймантайдан Байғозы,
Батыр да өзі, бай да өзі,
Тарақтының атағын
Алты Алашқа жайды өзі.
Жауға атылған жебенің
Сауыт бұзар сәйгезі.
Абылайдың тұсында
Ту ұстаған айбозы.
Серкесі жоқ халықтың
Оңған, сірә, қай кезі?
Өтті-ау, шіркін, қазақтың
Төрт құбыласы сай кезі!..

Ел жақсысын сөз қылсам,
Ойдан ойды оздырсам,

Ерлер түсер есіме,
Аруағымды қоздырсам.
Тұяқ шешен табылмас,
Тау мен тасты тоздырсам.
Аға сұлтан – Тышқанбай,
Тарих түбін қаздырсам.
Тәшкентте Мәделбек,
Жыр қолтығын жаздырсам,
Түркістанда Шілмәмбет,
Түгендеуге аз мұршам.

Сүңги берсем әріге,
Саңлақтар көп әлі де.
Бері таман құласам –
Қашаубаев Әміре.
Бүкіл әлем таң қалған
Шырқап салған әніне.
Уа, жамиғат, өмірдің
Үңіліңдер мәніне.
Топырағы келіссе,
Асыл болмақ дәні де.
Ажар қосқан солар ғой
Тіршіліктің сәніне...

Жатырынан жарымай,
Нәсілінен дарымай,
Тұлпар тумас ешқашан,
Жортатұғын арымай.

Тарақтының жиені –
Бәрі бағылан, бәрі бай:
Қаз дауысты Қазыбек,
Шұбыртпалы Ағыбай,
Шақшақұлы Жәнібек,
Дуан басы Ыбырай,
Ықылас пен Дайрабай,
Қаракесек Жидебай...

Белең, белең, кер белең,
Белең сайын көлденең.
Солар да өтті, дариға-ай,
Топқа тізгін бермеген.
Арысынан айырылған
Алаш нені көрмеген?..
Ат тұяғын тай басар,
Жүйрік кетпес кермеден.
Тарақтының ұрпағы
Тас қияға өрлеген.
Бүгiнiне келейiн,
Көкке құлаш сермеген!..

Түрлендірген даланы,
Ер еңбегі жанады:
Жақайұлы Ыбырай –
Дән өсірген дананы,
Алтайбайдың жұлдызы –
Ұлбаладай ананы,

Жауды жеңген кешегі
Сыпатайдай баланы
Түгел білер қазақтың
Ұлан-байтақ алабы.
Тарақтыда тарлан көп,
Жерге тимес табаны.
Соның бірі – Ақселеу,
Желден жүйрік қаламы...



ҚОБЫЗ-ЖҮРЕК

Қобыз үнін тыңдашы, керемет қандай,
Ғасырларды қиялмен аралатқандай.
Қорқыт бабам оралып көне заманнен,
Желмаясын желдіртті келе жатқандай.

Бүкіл дала боздаса бозінгендей бір,
Бауыр еті қазақтың езілгендей бір.
Қобыз-жүрек қайғысын сезінер кім бар,
Аққу құстың жүрегін сезінгендей бір?!

Көне сазы қазақтың асқақ армандай,
Әлдиінен бесіктің бастау алғандай.
Қозы Көрпеш – Баянның зарын оятып,
Махаббаттың жанарын жасқа малғандай.

Бабалардың жан сыры бізге жеткендей,
Алмасады бұл өмір күз бен көктемдей.
Жүрегінен адамның жылу іздейік,
Асан қайғы Жерұйық іздеп өткендей.





ЖЕР ШАРЫ ЖАЛҒЫЗСЫРАП...

...Білемін сені, аяулы Бостандығым,
Халқымның көп сарғайып тосқандығын.
Қазаққа ғарыштан да теңдік тиіп,
Самғауға шақырады аспан бүгін!

Жырламай мұны қалай үнсіз қалам?
Айтпасам ақиқатты құнсызданам.
Кім келіп-кетіп жатыр шаруасы жоқ
Тылсымның төріндегі мұңсыз ғалам.

Зуылдап жердің ұшқыр зымыраны,
Ғарышты бетке ап қанша зымырады.
Жұлдыздар тұңғыықта жүзген алыс,
Ашқан жоқ адамзатқа сырын әлі.

Жар болсын жаратқанның жалғыз өзі,
Тылсымның тіл қататын келді кезі.
Сығалап жеті қатқа телескоптан,
Қаншама ғалымдардың талды көзі.

Ойланбай дүние сыры еленбейді,
Түбіне түскен сайын тереңдейді.
Ғаламның он сегіз мың ортасында
Жер шары жалғызсырап елеңдейді.

СІЛКІНІП АҚ БҮРКІТТЕЙ

(Әлжаппар Әбішұлына)

Тоқсанға аман-есен келдің, аға,
Асқарға ақиықтай қондың, аға!
Ұқсаған өмірің бар керқұлаға,
Ұқсаған көңілің бар домбыраға.
Қозғасаң Сарыарқаның сағынышын,
Мәди боп мұң шағады шерлі дала!

Жасыңнан атой салып ат жалында,
Жасқанбай кірдің қанша от-жалынға.
Сұм заман тіршіліктің көкпарында,
Сілтеді қамшысын да, шоқпарын да.
Хақың бар мақтануға, шаттануға,
Тағдырдың адаспадың шатқалында!

Құйындай өте шықты жол бермеген,
Бір ғасыр көкірегін жел кернеген.
Бірісің қияметке куәгердің,
Санасам сұрапыл жоқ сен көрмеген.
Аштықтың көзін көрдің телмеңдеген,
Қорқаудың өзін көрдің өңмеңдеген...

Тайдырмай табаныңды әділдіктен,
Көріңдің биіктерден елің күткен.
Үлгің бар алыптардан алып қалған,
Арқанды босатпайсың ауыр жүктен!
Жігіттің жігері бар қайратыңда,
Әлдебір шал емессің жанын күткен!



Өзендей тоқсан тарау тоқсан жылың,
Уақыттың тежегендей шапшаңдығын.
Ақ маржан ақтарылар жүрегіңнен,
Кеудеңнің ашып қалсаң ақ сандығын.
Шақырып жүздің шамы жарқырап тұр,
Тоқсанның терезесін қақсаң бүгін!

Аспаннан қар ұшқынын қылаулатып,
Жүзің де жетер ертең қыраулатып.
Сілкініп отырасың ақ бүркіттей,
Ғасырды жанарыңнан бір аунатып!
Бұйырсын ұрпағыңа үйірімен
Басыңа үйірілген мынау бақыт!





ОРАЛМАС ӨТКЕН ЖЫЛДАР

(Сайын Мұратбековке)

Жасыңнан бастауды ойлап көшті қалай,
Жарқырап жан-жағыңа шаштың арай.
Ұшынан қаламыңның маржан төктің,
Тереңнен қайнап шыққан тас тұмадай.

Жасыңдай қара бұлттың тіліп астың,
Талантпен мылқау тағдыр тілін аштың.
Өшпейтін ізін қуып Ілиястың,
Асудың бірінен соң бірін астың.

Асудан асқар барсаң қар жатады,
Қар жатса қапталыңда зар жатады.
Қылышқа қымбат басың төселмесе,
Кім келіп алтын күмбез орнатады!?

Өзіңді сол биіктен дәйім көрем,
Затың бар атыңа сай Сайын деген.
Қалың ел қоршап бүгін отырар ма,
Қу болсаң күнің үшін уайым жеген?!

Соққанмен қорған болмас жарты қамал,
Қайырсыз – қалдырғанмен артыңа мал.
Байлығың – таусылмайтын адалдығың,
Құлдарын Құдай қолдар халқына адал!

Момынның құдай сүйген сен де бірі,
Не болар періштесіз пенде күні.





Алдымен өзіңе де нұр жаудырар,
Жаратқан жарылқаса жердегіні.

Кезің көп қабағыңа мұң жасырған,
Еншің көп алынбаған бұл ғасырдан.
Алпысқа аман-есен жеттің, міне,
Күн кешіп алпыс қилы бір басыңнан.

Оралмас өткен жылдар өкінгенмен,
Тарлансың талай өрттің шетін көрген.
Тәңірім тұрпатыңа дақ салмасын,
Жоңғардың жолбарысы секілденген!





КЛАРА ЖЕҢГЕЙГЕ АРНАЛҒАН ЖЫР

Жігіттің адал болса асыл жары –
Бақыты маңдайының ашылғаны.
Мінеки, елу жылға жуықтады,
Жарқырап екі жақсы қосылғалы.

Қос жақсы тартып туған негізіне,
Ұқсайды бір ананың егізіне.
Қаршадай күндерінен қол ұстасып,
Өмірдің қайық салды теңізіне.

Ғашықтар татса-дағы қара судан,
Табады тәтті ләззат жарасудан.
Шайқалтпай шаңырағын нық ұстады,
Жылдардың толқынында аласұрған.

Жеңгеміз Клараны кім білмейді,
Ән салса, тыңдағандар бұлбұл дейді.
Бәйек боп ағайынға келген-кеткен,
Ағаның артық-кемін білдірмейді.

Келін боп аттағалы босағаны,
Кісіден дастарханы босамады.
«Еркеш» деп еркелетіп келе жатыр,
Азуы алты қарыс осы ағаны.

Жеңгеміз қадірлі адам жұртқа осындай,
Ұстара барда тұрмас мұрт басылмай.
Өнерде Қобыланды болса Ерағам,
Баптаған Тайбурылын Құртқасындай.

Асырып абыройын Ерағамның,
Қасынан аулақ жүрген қабағанның.
Қалдырып көрген емес көңілін бір,
Қазақта сыйласуға жарағанның.

Өмірден көшті қанша ұлы ағалар,
Ерағам сағынғанда жылап алар.
Дәм татқан өз қолынан жеңгеміздің,
Ғабиттей қасиетті ғұламалар.

Киелі ағалардан үлгі көрген,
Кісімсіп бөлінбеген бір күн елден.
Ұрпағын жас бұтақтай жамыратып,
Құдайым қызды берген, ұлды берген.

Бар болса кеуде қағып тасымаған,
Жоқ болса жерге қарап жасымаған.
Алланың бергеніне тәубә қылып,
Ұл-қызын қанағатпен асыраған.

Алдынан кесе өтпейді айналасы,
Сыйлайды қайыны да, қайынағасы.
Салады алақанға Ерағамды,
Секілді кейде жары, кейде анасы.

Қазақтың Еркеғали – Ерағасы,
Бұл күнде Клара да – ел анасы!
Шолтаңдап жүрген талай шолақ байтал,
Кетпей ме жеңгемізден садағасы?

Жігіттің көңілі толса алған жарға,
Ешқашан өкпесі жоқ бұл жалғанға.
Қазақта таңдап жүріп тектіні алған,
Ұлында Рахмадидің арман бар ма?!



ЕКЕУІ БІРГЕ ЖЫРЛАП...

(Еркеғали аға мен Клара жеңгейге)

Болыпты елу жылдай, алтын ағам,
Жеңгеме қосылғалы жарқыраған.
Қаншама содан бері күндер ақты,
Бұлақтай таудан төмен сарқыраған.

Ғұмырдың тең бөлісіп бар қызығын,
Сыйлады бір-біріне жан қызуын.
Ағамның бекзаттығы жаннан бөлек,
Жеңгемде тектілігі хан қызының.

Екеуі бірге жырлап өмір жырын,
Жайнатты әр күн сайын көңіл гүлін.
Ұядан ұл өсірді, қыз өсірді,
Өрбіткен қос аққудай көгілдірін.

Ағаның баққан жеңге қас-қабағын,
Ортайтып көрген емес тостағанын.
Қазақтың қадірлісі енді екеуі,
Қасқайып төрінде отыр Астананың!

Кетпестей таңдайынан астың дәмі,
Дәм татқан туыс пенен достың бәрі –
Жиналып көрген емес ақ дастархан,
Киелі шаңырақтың астындағы.

Бұл үйге нұр сәулесін төгеді ақ таң,
Отындай жас отаудың жаңа жаққан.
Аяулы қос жүректен айналайық
Елу жыл бірге соғып келе жатқан!



ҚЫЗДАР КҮНІ

Бүгін – бүкіл әлемде қыздар күні,
Орындалар тек қана қыз жарлығы.
Қыздар күні – сауықтың қызған күні,
Білінбейді күннің де ызғарлығы.

Қыздар күні қыздарға гүл ұсындық,
Гүлмен бірге жүректен жыр ұсындық.
«Әйелдерсіз өмірдің сәні жоқ!» деп
Айтылған сөз ежелден – ұлы шындық!

Қыздар күні астың да дәмі балдай,
Жүгіреді жігіттер жаны қалмай.
Әйелдерсіз, құдай-ау, еркек байғұс,
Не нәрсеге өмірде жарығандай?

Қыз жігітке қалайша еркелемес,
Солар үшін өтті ғой сан төбелес.
Нәзік жанын әйелдің ұға алмаса,
Еркекпін деп жүргендер – еркек емес!





АЛДАЙ САЛ

Сарсаңға салған сұм жалған,
Болмады дейсің кімге арман?
Күрсінер күзгі жапырақ,
Бүршікті көрсе бүр жарған.
Тиянақ таппай көңілге,
Күндерім қанша мұңданған.
Жынданып кетсем таңданба,
Тағдыр ғой қалған Біржаннан.

Ойнаған қызыл отпенен,
Өзімді кейде жек көрем.
Жалт ете түсті бір сағым,
Жасымда қуып жетпеген.
Тәтті едің неткен, жастық шақ,
Таңдайдан дәмі кетпеген?
Жауқазын болғам мен-дағы,
Жамылып қарды көктеген.
Сарғайып жасыл маңайым,
Сары уайым түсті ептеген.
Жылытам тоңған жүректі,
Іштегі қалған шоқпенен.
Базарлы, шулы дүние
Басынан кімнің өтпеген?..
Өкшесі қатты тіршілік
Өзектен кімді теппеген?..
Соны ойлап мынау ғаламға
Қараптан-қарап кектенем.
Тонатып нәзік жанымды,
Сүрдім бе ғұмыр текке мен?..



Түсінсең сөздің астарын,
Ұғарсың жайды көптеген.
Шіркін-ай, шерлі кеудеме
Үңілер кім бар деп келем...
Айыпқа, қалқам, бұйырма,
Ақын жоқ сырын төкпеген.
Алдай сал сәби жүректі,
Маңдайдан сипап еппенен...



ТҰМАНБАЙ ЕЛУГЕ КЕЛГЕНДЕ

Жырсыз күнің өткен емес ешқашан,
Жабырқадың ойдан ұшқын шашпасаң.
Көктем күйі күмбірледі сәт сайын,
Сен қолыңа қалам ала бастасаң.

Сен жырласаң, дала жырлап кеткендей,
Алатауың алтын нұрға бөккендей.
Алматыңа ақ жаңбырын төккендей,
Нәзік жаның өзің туған көктемдей.

Сен жырласаң, таудан сырғып ақ тұман,
Шыға келді ақ бұлақтар атқыған.
Аққу-қаздар аспан астын тербетіп,
Көк төсінен төгілгендей шаттық ән.

Сен жырласаң, «сыр қалмайды жасырын»,
Мөлдіреттің моншағын көз жасының.
Тайға мінген Тұманбайды сағынып,
Күрсінеді көк жайлауы Асының.

Сен жырласаң, көбейгендей аз үміт,
Сөйледі өмір қысы – жұтаң, жазы – құт.
Соғыс сызы, жетім-жесір әуені –
Жатты бәрі жүрегіңе жазылып.

Арман жолы болған емес кең көше,
Бұзып өттің тағдыр өткел бермесе.
Өрнек салып өлкесіне өлеңнің,
Көктем алып келіп едің сен кеше.

Күлімдейсің сол бір көктем қалпыңмен,
Шуақ болып тілдесесің халқыңмен.
Көлеңке мен ызғар барда тірлікте,
Қайран ақын қалай ғана алсын дем.

Көпке жетер көңілің бар ақ айран,
Емін-еркін дәмін татты талай жан.
Жиренесің Оразбайдан, Дантестен,
Үйренесің Пушкин менен Абайдан.

Қазынасы таусылмайтын кең кеуде,
Ақтарылды кеткенге де, келгенге.
Күйкілікке кеуіп қалған шөлсің де,
Дариясың кісілікке келгенде.

Біреу анау, біреу мынау демейсің,
Адалға дос, арамдарға өгейсің.
Мейірімге шаттануға байсың да,
Менменсуге, мақтануға кедейсің.

Жырмен жалғап алыс-жақын арасын,
Жырмен гүлдеп, жырмен тыныс аласың.
Алатаудың бауырында туған ұл,
Алатаудай биік тартып барасың.

Қарап тұрып қызығамын мен саған,
Сендей келсін елу жасқа келсе адам.
Өрлей берсін осылайша жұлдызың,
Он жыл сайын осылайша қол соғам!



ҚОШ БОЛЫҢДАР, АҚ АТТАР

(Оралхан Бөкейдің рухына)

Шыбын жанға тіршілікте азап бар,
Күнәліге қияметте тозақ бар.
Күмбір-күмбір кісінейді түсімде,
Аспан жақтан аппақ сүттей боз аттар.

Жоқ олардың жермен ешбір шатағы,
Тұяқтары бұлттан ұшқын атады.
Аппақ болып сол аттардың үстінде
Әулиелер кетіп бара жатады.

Ақ құстардай самғағанда пырақтар,
Жарқырайды аспандағы шырақтар.
Қиқыметтің ұшығына шыға алмай,
Қу жанымды қинайды мың сұрақтар.

Ақ аттағы әулиелер сәделі,
Шапанынан нұр шашады сәулелі.
Сияқтымын кететіндей ілесіп,
Көз қырын сап, демеп қалса сәл мені.

Ғұмырында не көрмейді пенде-адам,
Құдіреттің ғұзырында кең ғалам.
Аспандағы ақ аттарға жете алмай,
Көз жасымды сорғалатып мен қалам.

Қош болыңдар, қош болыңдар, ақ аттар,
Ақыретте жолығысар сағат бар.
Мәңгі-бақи сендер аман жүріңдер –
Аруағымды алып ұшқан қанаттар!..





НЕ КӨРСЕҢ ДЕ...

(Мырзатай Жолдасбековке)

Жалғыз жүріп мұратқа жетер дейсің кім жеке,
Не көрсен де көппенен бірге көрдің, Мырзеке!
Самғап ұшып халқыңа қызмет еткен шығарсың,
Сыртыңыздан біреулер күңкілдесе, күндесе.

Тұлпарға да міндіңіз топқа түссе озатын,
Торқаны да кидіңіз той өткен соң тозатын.
Мансап деген биліктің биігіне шықтыңыз,
Биік бірақ бәрінен өз абырой, өз атың.

Жағың түспей жалғанда, сол биіктен түспегей,
Жүйрік жүйрік бола ма аузымен құс тістемей.
Бір жақсылық қылғанға жүз жақсылық жасадың,
Ала-құла қазақты бөліп-жарып түстемей.

Азаматты алысқа жетелейді арманы,
Не тәйірі өмірдің от пен суға салғаны.
Күннен-күнге көбейіп көрер қызық алдағы,
Алла берген ырыздық таусылмаса болғаны!



ӨЛЕҢ-ХАТ

(Ділда Матайқызына)

Өмірі шуақты, қуатты, жақсы ана,
Келдіңіз аяңдап сексен бес жасқа да!
Қалың ел құттықтау жолдаған шығар-ау,
Бас болып Атырау, Алматы, Астана!

Бармақтай бақ берсе бір Алла маңдайға,
Өлгенің тіріліп, өшкенің жанбай ма!
Алашқа Имаштай арыстан ұл берген,
Дәл Сіздей шешеден айналсақ болмай ма!

Жамырап бұтағың жасай бер, әз ана,
Шаң жұқпас ешқашан жүрегі тазаға.
Қиянат көрсе де, қиямет көрсе де,
Асылдың сынығы тот басып тоза ма?!

Қаршадай қыз күннен қиындық көрдіңіз,
Келешек келбетін ойменен шолдыңыз.
Сіз жаққан ошақтың сөнбейді мәңгі оты,
Халықтың төрінде қашанда орныңыз!

Разы аруағы ата-ене, жардың да,
Парызыңыз өтелген ұрпақтың алдында.
Үлгіңіз жалғасар болашақ жылдарға,
Өлшемі Өзіңіз ұят пен ардың да!

Сіз келе жатсаңыз, кім кесіп өтеді?
Жол берер бас иіп әр қазақ жетелі.
«Бұл кім?» деп сұраса білмеген біреулер,
«Имаштың анасы!» деген сөз жетеді!..





ШУЫЛДАСЫН КӨП ҚАРҒА

(Иманғали Тасмағамбетовке)

Түскен кезде ел тағдыры көкпарға,
Сөйлемеймін қалай тіл мен жақ барда?
«Әй!» демесем, ақындығым не керек,
Бір қыранға жабылғанда көп қарға.
Иманғали ортамызда жалғыз-ақ,
Имансыздар толып жатыр қапталда.
Қайдасыңдар, көбедей көп қайраткер,
Қара ниет қамшы сілтеп жатқанда?!
Мәз болады, масайрайды біреулер,
Қызғаныштың қызыл отын жаққанға.
Көйлегі көк олар көпті не қылсын,
Көңілі тоқ оңай олжа тапқанға.
Қу ағаштан сөл шығарып соққанда,
Қайыршының қанын алар қаққанда.
Тор құрады биік шырқап ұшқанға,
Ор қазады топтан оза шапқанға.
Барлығы да бір Алланың қолында,
Кім біледі кім түседі қақпанға?
Арда туған азаматым – Имашым,
Алғыс алған жақыннан да, жаттан да.
Өнер үшін жұлып берген өзегін,
Өрге сүйреп небір қиын шақтарда!
Дуылдасын, шуылдасын көп қарға,
Қарғаларға жаза бар ма, сот бар ма?
Қырандарды сақтасын тек құдайым,
Жанған оттан, жаулар атқан оқтан да!..



ТОЗБАЙТЫН ШАПАН ЖАПТЫМ

(Өмірбек Бәйгелдіге)

Елім деп ет жүрегі елжіреген,
Жақсы аға, жаны таза мөлдіреген.
Жетпістің жотасына шықтың, міне,
Ту тігіп жеті тауға желбіреген.

Туған бір азаматсың айы оңынан,
Заманға шалдырмаған аяғынан.
Қария секілдісің келе жатқан,
Халқыңмен бірге жасап баяғыдан.

Қайтемін жіпке тізіп өткеніңді,
Талайлар қанжығаңа бөктерілді.
Кейбіреу қайдан білсін қаршадайдан
Қазақ деп қабырғаңды сөккеніңді.

Аяулы асыл аға ер көңілді,
Ешқашан ел ұмытпас еңбегіңді.
Киелі Қаратаудың аршасымен
Анашың аластаған жөргегіңді.

Тұңғыық тұнық судай тереңдеген,
Үлгісін кісіліктің сенен көрем.
Тойыңда тон мен торқа онсыз да көп,
Тозбайтын шапан жаптым өлеңменен!



ҰСТАЗ

(Әбілфайыз Ыдырысовқа)

Қашанда орның бөлек кең ортада,
Жүрегі жылылыққа жомарт аға!
Ұлылық үлгісінен нәр жинадың,
Секілді бал жиғандай омартаға.

Жылдарға ой тастаумен жылжып өткен,
Алдыңнан талай-талай күлді көктем.
Сен бізді өз балаңнан кем көрмедің,
Өзіңді біз де сүйдік шын жүрекпен!

Өрелі өнегеңнен алдық тәлім,
Ешқашан туымызды сен жықпадың.
Қызыл көз қожайындар қиқу салды,
Ұрыға алдырғандай барлық малын.

Кімдерге тізгін берген мына жалған,
Қуғанмен жеткізер ме құлан-арман?!
Ғұмыры көңілі тардың құрдым келер,
Затындай қайыршының сұрап алған.

Жақсы аға, деме сөзден ауытқыды,
Екшейді бар мен жоқты халық түбі.
Тұғырдың семіздігі көзге ұрады,
Жүйріктің білінбейді арықтығы.

Немене жігіттерге жетпіс деген,
Жасында жалын шайнап, от тістеген!?





Үңілсем, басқан ізің сайрап жатыр,
Қарасам, ақ жүзіңе дақ түспеген!

Әбеке, аздық қылар алғыс саған,
Жыр құсы қашан самғар енді ұшпаған!?
Аяғың ілінбесін кәрілікке,
Таяғың сүрінбесін сәнге ұстаған!

Келемін қаршадайдан сөзбен байып,
Мен де бір көк теңізді кезген қайық.
Құдай-ау, көлеңкеңді қайдан табам,
Бір күні бола кетсең көзден ғайып?!





САУАЛ

(Академик Жабайхан Әбділдинге)

Қозғалмас құс қанатсыз, көш көліксіз,
Уа, Жәке, ортамызға хош келіпсіз!
Жаһанды оймен шолып, көзбен танып,
Асты-үстін дүниенің тексеріпсіз.

Қу сөзді қуырғанмен май шыға ма,
Болмаса өзіңіздей ойшыл аға.
Жабайхан деген атың жастан мәлім,
Ұйымас айтқаныңа қайсы дана?!

Шүйгінді шөп шыға ма тегін жерге,
Танылар тұлпарлығың тегіңнен де!
Қазақтың қара тілі Сіз бе дейміз,
Аузыңнан інжу-маржан төгілгенде.

Жақсы аға, жаның таза жыр аңсаған,
Сыртыңнан саулық тілеп жүрем саған.
Жарыста таймен озған толып жатыр,
Өзіңдей оймен озған бірен-саран.

Атыңа мақтауды жұрт көп айтады,
Айтылар аман жүрсек талай тағы.
Даңқының өзінен де биіктеу тұр,
Халқының қарапайым Жабайханы!

Енші бер езуіңнен бөле-жара,
Сауал көп шешілмеген, кемел аға!
Сандығы жерде тұрған дүниенің
Кілтi аспаңда осы неге ғана?..



АҒА

(Сәбит Оразбаевқа)

Болмаса сері көңіл сендей аға,
Қанатын тар дүние кең жая ма?!
Келесің бабалардың жолын қуып,
Қом салып уақыт деген желмаяға.

Ішінен қалың жұрттың қарақұрым,
Сезілер сонадайдан даралығың.
Сарқыты сияқтысың жыраулардың,
Сақтаған сары майдай дала жырын.

Қазақсың Қызыр қонып, бақ қараған,
Ешкімнің ала жібін аттамаған.
Армансыз өзіңдей боп өрге жүзіп,
Өнерден өз бақытын тапқан адам.

Алдың да сахнадан ойып төрді,
Сомдадың талай-талай кейіпкерді.
Қасыңда бірге жүрген небір саңлақ
Бұл күнде көз алдыңнан ғайып болды.

Ашпасаң жүрегіңнің құлпын, аға,
Жаныңның ауырғанын жұрт ұға ма?
Қазақтай алтын құрсақ ұлт болмаса,
Өзіңдей алтын басты ұл туа ма?

Бүп-бұйра қара шашың жасыңдағы,
Ақ қардай Алатаудың басыңдағы.
Бірісің азаматтың орның бөлек,
Біз көрген екі түрлі ғасырдағы.





Киелі ұлы дарын саған біткен,
Көріңді биігінен заман күткен.
Уа, Сәбе, алмағайып мына өмірде,
Әрқашан жүздесейік амандықпен!





КЕУДЕҢІЗ КҮМІС ҚОБДИ

(Төлек Тілеухановқа)

Үкідей үлпілдеген Төлек аға,
Үлгісің үлкенге де, балаға да!
Алпысты әлдекімдер асқар деп жүр,
Сіз үшін желіп шығар төбе ғана!

Елім деп елпілдеген Төлек аға,
Ешкімді көрген жоқсың бөле-жара.
Қылаусыз көңіліңе қаяу салып,
Қинайды жаныңды бір жара ғана!

Салған соң тауқыметін басқа құдай,
Бұл өмір жарқылдамас жастағыдай.
Шаттықтың ақ шапанын жамыл-дағы,
Қайғының қара тонын таста былай!

Бұл тойда айтылмайтын сөз қалмасын,
Көл болар көп тілегі қозғалғасын.
Қайындап барып қайттың Барқытбелге,
Жастықтың қайта мініп боз жорғасын!

Ақтардың деме несін мұның бәрін,
Білесіз менің де бір жыным барын.
Дауылда құлағаның қайта тұрып,
Тереңге тамыр жайсын жұлынғаның!

Қысқа өмір атса таңы, күні батқан,
Бұлақтай сылдырайды күліп аққан.





Кеудеңіз күміс қобди секілді бір,
Сақтаулы бір ғасырлық мұңы жатқан!

Жаманның кетті бүгін бәрі қаңғып,
Біреудің шашау шыққан малын аңдып.
Ал Сізді келе жатыр өрге сүйреп,
Ұшына қаламыңның дарыған Құт!

Шыққанша қия жолды тау басына,
Кім кепіл кештің жүгі аумасына?
Өзіңмен оңашада тілге келсе,
Түседі тажалдар да тәубасына!





РОЛЛАҢҒА

Реке, шықтың, міне, алты белге,
Барады керуен-көшің тартып өрге.
Жасыңнан найзағайдай жарқ-жүрқ етіп,
Жайылған азаматсың даңқың елге!

Алдырмай алысқанда аңдығанға,
Ешкімге дес бермедің самбодан да.
Семейдің сан бұзығын сабадың сен,
Бірақ та батырмадың қолды қанға.

Ер жігіт төске өрлемей тұра алған ба?
Қол создың бір арманнан бір арманға.
Талай қыз төсегінде аунақшыды,
Ғашық боп Сейсенбаев Ролланға!

Өткеріп соның бәрін бастан, аға,
Жол тарттың Мәскеу деген тас қалаға.
Мүйізі қарағайдай жазушы боп,
Ізdedің басқаны емес, баспа ғана.

Кітабың шығып жатты қалың-қалың,
Алаулап, жазған сайын жалындадың.
Лондоннан аштың-дағы Абай үйін,
Шақырдың достарыңның сағынғанын.

Шығысты, батысты да кеулесең де,
Жарасар Сіз десем де, сен десем де.
Діннің де ауылына барып қайттың,
Абайдай медресе көрмесең де...





Басыңнан талай-талай өткеріп ой,
Жүресің жалғыз жортып көк бөрідей.
Әйгілі жазушы еткен сені алдымен,
Данышпан қара шалдың мектебі ғой.

Алдыңда сайрап жатыр жолдың бәрі,
Атыңның жолда қалды болдырғаны.
Қай қала, жүрсең-дағы қай қиырда,
Әйтеуір ойлайтының елдің қамы.

Бір ұлсың туа қалған қазақ үшін,
Байқасам, жазушының ғажабысың.
Оралмай айлар бойы жортып кетсең,
Үйдегі жеңгеміздің азабысың.

Күнің жоқ Құлагердей құйғытпаған,
Түспесін қолыңнан тек жүйрік қалам.
Тойыңа өлеңімді тарту еттім,
Мен қайтып бұдан артық сыйлық табам!





ІҢГƏЛАП ЖАТҚАН ЕДІҢ

(Тұрысбек Сәукетаевқа)

Іңгəлап жатқан едің жөргегінде,
Айғайлап келдің, міне, сен де елуге.
Көп шығар алдыңда әлі көрмегенің,
Аз емес ал бірақ та көргенің де.

Жан бағып жалғыз ғана қаламменен,
Келесің аршындаған қадамменен.
Сендегі сезімнен де ыстығырақ,
Достардың махаббаты саған деген.

Білеміз көкірегінде дарын барын,
Ешқашан ойламайсың қарын жағын.
Сенбейсің тұрсақ-тағы қанша мақтап,
Сенесің кітабыңа қалың-қалың.

Көңілдің ақ сауытын кір шалдыртпай,
Туыңды қуанамыз тұрсаң жықпай.
Үмітсің алтын жіптей үзілмейтін,
Жігітсің ашылмайтын сыр сандықтай.

Алтайдың топырағында ата-бабаң,
Кезің көп сағыныштан қаталаған.
Түбінде жүрегіңнің жылап жатыр
Сәби күн көзден жасы боталаған.

Төгесің ақ қағазға соның бәрін,
Елеңдеп алыстағы сарынға мың.





Сен-дағы сағым қуған мен сияқты,
Қазақсың бақытың мол, сорың қалың.

Табарсың арманыңды сол сағымнан,
Тапқандай мөлдір бұлақ саршақұмнан.
Қалғанша жер таянып, жағың түсіп,
Түспесін жүйрік қалам саусағыңнан.





НҮРТІЛЕУГЕ

Арындап арғымақтай арда күнің,
Алпысқа сен де келдің, нар бауырым!
Жоңғардың жотасындай қары кетпес,
Сыйлаған Тәңір саған кең жауырын.

Арқалап атан тартар ауыр жүкті,
Өткен ғой мына өмірден небір мықты.
Сүйініп туа біткен тұрпатыңа,
Сенен де үлкен үміт елің күтті.

Қастерлеп көне жырын, ескі аңызын,
Іздедің бабалардың басқан ізін.
Разы ата-анаңның рухы саған,
Ақтадың ел парызын, дос қарызын.

Мінезің орып түсер алдаспандай,
Кім сенің шаужайыңа жармасқандай?!
Жақсыға көңіліңнің төрі дайын,
Жайдары, жаның таза таңғы аспандай.

Келесің түзу жүріп, тура басып,
Адассаң халқыңменен бірге адасып.
Ақсудың толқынындай аласұрған,
Айналдым жүрегіңнен жырға ғашық.

Босамай ауыр жүктен кең жауырын,
Әр күнің аман жүрген олжа бүгін.
Жарқырап атқан таңың, туған айың,
Түсірсін жылдар саған мол жарығын...



АНАҢНАН АЙНАЛАЙЫН

(*Мұхамеджан Тілеухановқа*)

Дүниеге келген жансың, Мұхамеджан,
Жусанды Сарыарқада жұпар атқан.
Кең дала кескен сенің кіндігіңді,
Байжігіт, Тәттімбет пен Тоқа жатқан!

Қаз тұрып домбыраға сүйенгенсің,
Киесі қонбаса кім иемденсін?
Анаңның омырауынан ақ сүт емсең,
Домбыра шанағынан күй емгенсің.

Күй сенің тірлігің де, тынысың да,
Күй сенің отырысың, тұрысың да.
Ішегі домбыраның сөйлеп кетсе,
Тұрады сенің атың тіл ұшында.

Болғанмен тұлғаң кесек, жаның нәзік,
Бересің шертпе күймен көңілге азық.
Қолыңа домбыра алсаң көсілесің,
Аңырап ақ бөкендей бауыр жазып.

Халқыңа қаршадайдан күй тартасың,
Күйлердің қымбатынан сый тартасың.
Өнердің ақ боз үйін асқақтаттың,
Тағдырдың отқа жағып итарқасын.

Бола ма алтын менен күміс бірдей,
Бола ма батыс пенен шығыс бірдей?



Арқалап домбыраңды Жаңаарқада,
Алпысқа келіп қапсың тыныш жүрмей.

Баянды болсын асқан алты белің,
Құттықтап отыр бүгін жарқын елің.
Өзіңсің тірі жүрген күй абызы,
Білмеймін алды ма едің, арты ма едің?!

О, Мұқа, жарасады шалқу бір сәт,
Қияға құсымызды талпындырсақ.
Қазаққа алтын басты ұлдар берген,
Анаңнан айналайын алтын құрсақ!





БАТЫРДЫҢ ҰРПАҒЫСЫҢ

(Серікбай Өрікбайұлына)

Тіршілік шығармайды төрге бірден,
Жетілген азаматсың еңбегіңмен.
Ту тіктің елу бестің белесіне,
Кеудеңді биік ұстап өр көңілмен.

Үңіліп ойлы көзбен бұл өмірге,
Сүйесің қыр елін де, Сыр елін де.
Халқыңа қаршадайдан қызмет еттің,
Намыстың оты маздап жүрегіңде.

Батырдың ұрпағысың ел таныған,
Өзіңдей некен-саяқ дархан ұлан!
Қазақтың біреуімін сусындаған,
Көңіліңнің мөлдір таза кәусарынан.

Жүрекпен сезіп елдің бар тынысын,
Жасаған көз алдыда жарқын ісің!
Тынбасын қыран құстай талпынысың,
Жасай бер, жан бауырым, халқың үшін!



ТУҒАН ЕЛДІҢ ШӘМШАСЫ

(*Шәмша Беркімбаеваға*)

Шыңға біткен гүл патшасы Еңліктей,
Қыз төресі екеніңді көрдік қой.
Шамшырақтай туған елдің Шәмшасы,
Елге қызмет еттің тізе сен бүкпей.

Көтерілдің биік-биік сатыға,
Дақ түсіріп көрген жоқсың атыңа.
Қайғырмадың төмендеген сәттерде,
Май құймадың пендешілік отына.

Ұрпақ үшін қалмадың бір жанды аяп,
Қазақ қызы болсын, шіркін, сендей-ақ.
Құбылмадың қиын-қыстау кезеңде,
Құбылғанда заман бетін сан бояп.

Өзіңді әр кез медет тұтып жүр елің,
Жарқылдайды найзағайдай жігерің.
Жұртың үшін күнде түсіп майданға,
Ұлтың үшін үлпілдейді жүрегің.

Сақинадай жалт-жұлт еткен саусақта,
Өмір кейде өзгереді әр саққа.
Ерлер құсап тарттың аттың жалынан,
Ездер құсап құл болмадың мансапқа.

Жаса, жаса, нәзік жанды, әз Әпкем,
Ортаймасын келген бақыт азаппен.





Сендей қайсар қызы барда қашанда,
Дұшпаны да сыйласады қазақпен!

Ырыздығы Алладан ғой әркімнің,
Жалпымызға нұрын төксін алтын күн!
Қызметіңе мемлекетің разы,
Құрметіңе бөлене бер халқыңның!



ЖАСЫМНАН СОҢЫҢА ЕРІП...

(Кәдірбек Сегізбайұлына)

Жетпістің жотасына шықтың, аға,
Биікке байрағыңды тіктің, аға!
Қайыспай елдің жүгін көтереді
Нар туған өзіңіздей мықты ғана.

Бұл жалған өте шығар жортуылдай,
Қазақсың құшағың кең, қолтығың бай.
Көңіліңнен көпті сүйген айналайын,
Зайсанның тебіреніп толқынындай.

Заманға мың құбылған қарамастан,
Сүйендің қаламыңа бала жастан.
Жаз дәурен жалт-жұлт етіп артта қалды,
Жақсымен, жаманмен де араласқан.

Сезіліп салқын тартқан күз қабағы,
Көрінді қыс қарасы бізге-дағы.
Бетінде ақ қағаздың сайрап жатыр,
Жұрт үшін жүрегіңнің сыздағаны.

Күн нұры көкірегінен шашыраған,
Ақ көңіл аңқылдаған асыл ағам,
Қасқа атты Қамбар батыр секілдісің,
Бір өзі қырық үйді асыраған.

Халқыңнан басқа, сірә, жоқ сенерің,
Көп еді аңсағаның, көксегенің.



Түсіңе сағындырып жиі енеді
Оралхан, Кәрібайың, Ақселеуің.

Жылдардың көз жіберіп асқарына,
Қарайсың түнжыраған аспаныңа.
Қобыздай күңіреніп мұң шағасың
Бексұлтан, Қуанышбай достарыңа!

Алтайдан мұнар басын бұлт ораған,
Ұлтына тірек болар ұл тараған.
Табанды тоздыратын тау мен таста
Тағасыз талай шапқан тұлпар ағам!

Жасымнан соңыңа еріп ағаладым,
Саяңды дауыл соқса сағаладым.
Жүйткі бер, жүзге дейін енді зулап,
Жырыммен түйяғыңды тағаладым.





БИІК БОЛСА...

(Амангелді Ермегияевқа)

Шын жүйріктің естілер ел шетіне дүбірі,
Көк есектің адымы ашылмайды ғұмыры.
Толып жүрген шық бермес Шығайбайлар ішінде,
Атымтайы жігіттің Амангелді Дінұлы!

Саған ырза қазақтың арғысы мен бергісі,
Меқанаттың өзіңсің Маман байдай белдісі.
Нәр құйсын деп өнердің өзегіне талғанда,
Жарылғаптай батырдың тастап кеткен белгісі.

Шенеуніктің не керек шапанды мен шендісі,
Езуінен еліне келмесе енші бөлгісі.
Көнелердің көзіндей, кесектігі өзіңдей,
Келетіндер жасасын ұлт жолында өлгісі!

Азаматсың арда өскен, тау-даланы тел емген,
Тарихыңа үңілсем, сыр қозғайсың тереңнен.
Жомарт мінез, сәбидей жаны таза, жақсы аға,
Жүрегіңді тербетіп, әлдилейін өлеңмен.

Қарағайға ұқсайсың Қарқаралы басында,
Алатаудың нұры бар қырау шалған шашыңда.
Өлең сыйлап өмірге өте шыққан емес пе,
Мұңлы сазы музаның – Мұқағали, Қасым да!

Ақындардың қолында жырдан басқа жоқ түгі,
Кейігенде кей сәтте күйдіреді шоқ тілі.
Асқақтаған тұғырдан көрінерміз біз-дағы,
Биік болса алдыңғы ағалардың шоқтығы!





ТОЙҒА ТІЛЕК

*(Марқұм Тұрсынғазы Әлпейісов
досым елуге келгенде оқыған өлең)*

Жан досым, келдің биыл елу жасқа,
Жүрегің шерге толы, көзің жасқа.
Қаптаған қалың Суан ортасында,
Басқасы бір бөлек те, өзің басқа.

Елуің еңкеймесін, жан құрдасым,
Тілектес, топырақтас, тағдырласым.
Гүл жайнап Жұпар сұлу талдырмашың,
Тұлпарың тасқа тұяқ шалдырмасын!

Ел жүгін сен бір сабаз арқалаған,
Төріңнен той-думаның тарқамаған.
Байыппен, бәсең жүріп, басып өттің
Талайдың тас кеудесін шалқалаған!

Бір ауық ел аңсадың, жер аңсадың,
Қайғырсаң, сүйенішің қаламсабың.
Түсіңе күнде енеді тыным алған,
Боғданың бауырында Кәмал шалың.

Адамда арман деген таусыла ма,
Әлі де тағдыр сыйлар сан сыбаға?!
Бұрқырап, тасты жарып шыға келер,
Құдайым ғұмыр берсе тамшыға да!



САЛАУАТ ТУҒАНДА

(Белгібай Сахариевке)

Белгібай, бір атаның белгісі едің,
Жігіттің жоталысы, белдісі едің.
Біреуің екеу болып, бүтінделіп,
Кеңейді көкжиегің енді сенің!

Арқалап аманатын ата-ананың,
Көшке ерді қоңырау таққан боталарың.
Салауат Сахариев отыр бүгін,
Алғалы аталардың баталарын!

Бақытың өлшенеді ғұмырменен,
Думаның тарқамасын дүрілдеген.
Аузына жақсыларға түкіртіп ал,
«Қырықтың бірі, сірә, Қыдыр» деген!

Ақ үрпек балапаның ұядағы,
Ақиық қыран болсын қиядағы.
Жалғастың үзілмесе басқан ізі,
Өмірдің сол емес пе тиянағы?!

Құтылып басқа түскен сор-бейнеттен,
Бұл күнге пенде разы өлмей жеткен.
Көрсін деп Құдай саған берген шығар,
Әкеңнің көп қызығын көрмей кеткен!

Тірлікте құлаған бар, жылаған бар,
Артында ұрпақ болса кім алаңдар?



Көрмесе бір тойыңды әке-шешен,
Тоқсан той жасауға да праваң бар!

Сөзімнің соза берсем жоқ қатасы,
Түлесін бозінгеннің ақ ботасы!
Бір аунап аруақтар да жатқан шығар,
Әумин, қабыл болсын көп батасы!



НАМАЗӘЛІ ЕЛУГЕ КЕЛГЕНДЕ

Асықтай жігіт едің он тоғызда,
Қол жетпес арман болған қанша қызға.
Басыңда даңғарадай қалпағың бар,
Сен келдің гитара ұстап ортамызға.

Самғадың, бозторғайдай шырқадың ән,
Қалмадың сұлулардың қыр соңынан.
Тебісіп тай-құлындай тату жүрдік,
Шыққандай бір ананың құрсағынан.

Жастық шақ баста тұрмас әрқашанда,
Сол жылдар түске енеді анда-санда.
Қалпақты бұлғап жүріп оңға-солға,
Түсірдің Клараны торға сонда!

Шақырды көкжиектен арман-арай,
Тарттыңдар қол ұстасып алға қарай.
Жақыннан махаббатты дорбаладың,
Алыстан әлдекімше арбаламай.

Әрі дос, күйеу бала әрі бізге,
Сызылып тұрушы едің бәрімізге.
Бұл күнде декан болып – пахан болып,
Шалқайып отырасың төрімізде!

Өрледің оза шауып тас қияға,
Әйтпесе анау маңдай қасқия ма?!
Жеңіліп Наполеондай сорлап қайтпай,
Сен батыр қорғап қайттың Москвада!



Арзанды олжаламай аз күн жүріп,
Әйтеуір, не жазсаң да жаздың біліп.
Тауысып төбе шашты, көз майыңды,
Ерінбей инеменен қаздың құдық!

Уа, Нәке, бәрі де бар бір басыңда,
Досың да, дұшпаның да, құрдасың да.
Көз салып жан-жағыңа тұрсың қарап,
Мінеки, елу деген қыр басыңда!

Елу жас бөліп жеген бөлкедей-ақ,
Немесе қыздар жапқан көрпедей-ақ.
Басасың қиырларға ертең аяқ,
Сен үшін Америка Меркедей-ақ!

Шыға бер он жыл сайын әр төбеге,
Жете бер абыройға, мәртебеге!
Біреулер жүз жасаған ұзақ ғұмыр,
Біздерге болу керек келте неге!?.

Әніңді, әзіліңді ел сағынды,
Көрсетші елудегі дер шағыңды.
Тағы да гитараңды даңғырлатып,
Киіп ап даңғарадай қалпағыңды.

Жылдарды тауыса алмаймын жырлап бірақ,
Кешіргей, қалжыңдасам тым қаттырақ.
Біз үшін профессор атағыңнан,
Баяғы ши қалпағың қымбаттырақ!



ЖАНБОЛАТҚА

Есінде ме, Жанболат, сол бір жаз бен сол бір күз,
Алматының аспаны – жарқыраған көп жұлдыз.
Аққу ұшып, қаз қонып жатқаннан соң көліне,
Елуді бір жаз көріп, ердің жасы деп жүрміз.

Жамыраған жан-жағың жасыл еді аршадай,
Қаққан қазық секілді қара бала қаршадай.
Жанболатты ағалар шарболат деп атаса,
Мақтады деп қысылма, шындығында дәл солай.

Арасымен жүгіріп жылдар деген жаңбырдың,
Ризамыз жеткізген сөресіне тағдырдың.
Талабыңды тамақ қып, қаламыңды қанат қып,
Тынбай ұшып, топшыңды елің үшін талдырдың.

Екі еселеп Тәңірім елу деген жасыңды,
Өрге қарай осылай домалатсын тасыңды.
Кішіліктің дәйегі, кісіліктің мәйегі,
Саған құрмет етемін иіп тұрып басымды.





ДОСХАНҒА

Асырып ер бағасын, дос қадірін,
Алпысқа сен де келдің, Досхан інім.
Жарқырап жастайыңнан көзге түстің,
Секілді жылқы ішінде қасқа құлын.

Оқ жонған оғлансың – ата көрген,
Нәсілің қабырғалы, жоталы елден.
Ауылыңнан Алматыға аттанарда,
Қарт Алтай қолын жайып бата берген.

Домалап талабыңның өрге тасы,
Иншалла, қабыл болды тау батасы.
Өнердің өрімдей жас баласы едің,
Атандың ақ сақалды енді атасы.

Жаныңа домбыраны жолдас қылып,
Біржан боп ән саласың малдас құрып.
Келесің Қарсақбаев Абдолла мен
Айманов Шәкен жолын жалғастырып.

Тайсалмай тәуекелге белді буған,
Күндерің көз алдыда банды қуған.
Айтайын қайсыбірін жіпке тізіп,
Артыңда ұлы дүбір – қалды думан.

Қызғаныш, қиянаттың бірін көрмей,
Биікке кімнің туы тігілгендей?..
Қалмақтың қонтайшысын бейнеледің,
Қаһарлы Қалдан-Серен тірілгендей!





Айналып адал туған сендей ұлдан,
Сүйеді қалың елің маңдайыңнан.
Бір сырлы, сегіз қырлы азаматсың,
Табылған тоқсан өнер өн-бойыңнан.

Сілтей бер, жан бауырым, кеңге құлаш,
Ұл тумай ұлылыққа ел жарымас.
Тәңірі жайсаңдарды көпсінбестен,
Сені де бұл қазаққа бергені рас!

Ешкімге жан емессің айбат қылаған,
Мінезің сүт бетіндегі қаймақ тұнған.
Ақ ордаң алты қанат құтты болсын,
Ішінде бұлбұл құсың сайрап тұрған!..





КӨПЕН, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?

Құс келгенде сен тудың,
Құс қайтқанда мен тудым.
Бес ай бойы бесікте,
Менен бұрын талпындың.
Шүмегіңді сарғайтып,
Түбегіңді толтырдың.

Қаз тұрдың да тәй бастың,
Дедің жүрмей қоймаспын.
Әкімдей боп, әкеңнің
Тізесіне жайғастың.
Жарғақ құлақ, мес қарын,
Өзі болдың тоймастың.

Тәтті көрсең тамсандың,
Алты жаста ән салдың.
Қожанасыр көкеңдей
Көк есекке ер салдың.
«Көпен келе жатыр!» деп,
Айналаңа жар салдың.

Бармақ басты баласың,
Айың үлкен ағасың.
Алдар көсе – арғы атаң,
Тазша – түпкі нағашың.
Қайдан келе жатырсың,
Қайда кетіп барасың?

Көпен көке, сездің бе,
Қорек болар сөз кімге?





Бес тиынмен барушы ек,
Бейнет көрмей ҚазМУ-ге.
Мансапқорды мәз қылған,
Мына өмірде мазмұн не?

Қой, қой, Көке, қоқима,
Сөзінді жұрт тоқи ма?
Алдағаның Алмажан,
Таңдағаның сатира.
Сатып алып жүрсің бе
Сау басыңа сақина?

Азаматсың аты бар,
Жүрегінің оты бар.
Тұрған жерің – Алматы,
Туған жерің – Отырар.
Барыс жылғы барыссың,
Бұғып жатыр атылар!

Қой, Көкешім, қабынба,
Деміңді ал, дамылда.
Ұқсайтұғын сабынға,
Ұлықтарға жалынба!
Өлсе сені қоспайды
Парламенттік табынға.

Қышымасын иегің,
Тайқымасын тиегің.
Мұрны жырық келеді
Көзі соқыр түйенің.
Етің әкімдердікі,
Еліңдікі сүйегің.



Көпен, қайда барасың,
Қай төбеге қонасың?
Күзеткелі жүрсің бе
Шенеуніктің қорасын?
Өзіңе де сол керек,
Сабасын да тонасын!..



ОТАНЫҢ ҚЫМБАТ

(Бекен Кемелбековке)

О, Беке, бүгін дәміңді таттық бұйырған,
Жақсы мен жайсаң төріңе келіп жиылған!
Шұбартау жері ақтылы қойға мыңғырып,
Балғаның басы босамаушы еді сиырдан.

Қарасаң енді ойменен шолып қиырдан,
Күрсінеді елің аруаққа ғана сиынған.
Бақанас саған ботадай боздап жылайды,
Сарқылып суы, жағада талы сұйылған.

Қайран ел өтер жол тауып шатқал-қиыннан,
Ырыздық сауып тамшылап аққан тиыннан.
Бұзылған бірақ мектебің келмес қалпына,
Кірпіші кеше қолымен әкең құйылған.

Кетпейді бұл жай менің де, Беке, миымнан,
Надандық пенен малғұндық қашан тыйылған!?
Төбесін ашып, тақтайын отқа жағыпты,
Әлдебір әкім танауын көкке шиырған.

Балалық күннен сол еді бізге бір белгі,
Ол да жоқ енді, тартасың сотқа кімдерді?
Бақыттың күні басыңда шалқып сен тұрсың,
Бекітіп алып, биікке шығып іргеңді!

Жасай бер өрде, өрелі туған жайсаңым,
Арманға жетпес санаумен қазақ қой санын.

Ауыл мен бауыр ойыңнан ешбір шыққан жоқ,
Қарсы алдың күліп, құшағын саған жайса кім!

Желкілдеп өссін немерең алтын құндақты,
Бір ғажап өмір іңгалап саған тіл қатты!
Атаң да қымбат, ботаң да қымбат, жан досым,
Отаның бірақ бәрінен соның қымбатты!!!



ДОСҚА

(Құнытия Алпысбаевқа)

Құнашжан, келдің, міне, сен де алпысқа,
Қарайсың ой жіберіп енді әр тұсқа.
Бір кезде Алматыда жүруші едік,
Ұмтылып ұстатпайтын арман-құсқа.

Қырық жыл қатар жүріп ғұмыр кештік,
Сырластық, той тойладық гуілdestік.
Тұрмасақ сағынушы ек апта сайын,
Шырқаған «Сары бидайды» үніңді естіп.

Ержеттің әкең менен анаң қолдап,
Көп әлі бақыт құсы саған қонбақ.
Жастық шақ Алматыда қалып қойған,
Аулайды көңіліңді сәлем жолдап.

Алпыстың мықтап ұстап қыл шылбырын,
Алшаңдап Астанада жүрсің бүгін.
Жігітсің қаршадайдан естіп өскен,
Мөлдіреп таудан аққан су сылдырын.

Сусындап жүрегіңнің тұнығынан,
Жаныңды бір досыңмын шын ұғынған.
Сел жүріп, дүние көшіп жатса-дағы,
Келмейді Сырдың суы жұлығыңнан.

Сабаз да, сырбаз да сен саспайтұғын,
Сабырың сабасынан аспайтұғын.





Әліптің артын бағып әрқашанда,
Табаны сызды жерді баспайтұғын.

Сақталған секілдісің асыл мұра,
Сыйлайтын досың түгіл қасыңды да.
Өзгеге қия алмаймын, қадірлі дос,
Үзіліп түскен бір тал шашыңды да.

Ежелден етек-жеңі кең жайылған,
Қазақтың баласысың мал қайырған.
Күн сүйіп жарқыраған маңдайыңнан,
Өлгенше ән кетпесін таңдайыңнан!





СЕЙІЛҒАЗЫҒА

Әкең тартып домбыра, өзің қалам ұстадың,
Көріп өстің көк өзек кер заманның қыспағын.
Қара пышақ жалғанда қан түбінде қалған ба,
Сертке соққан семсері сенсің шебер ұстаның!

Ертегідей есінде Емілдегі қыстағың,
Мекен еттің пейіштей кең даланың пұшпағын.
Балапан қаз секілді бергі бетке өткен соң,
Алакөлге белгілі қонғаның мен ұшқаның.

Мың құбылған көрдің бе дүниенің мыстанын,
Көк түтінге ендің де көкіректі ыстадың.
Көз алдыда кешегі көлдей кешіп көшені,
Сейіл сері атанып, айдай ару құшқаның!

Өмір деген ойласаң, өте шығар қысқа күн,
Алматыда досың көп, жоқ бірақ та дұшпаның.
Ұлы бабаң Қабанбай қуса қалың қалмақты,
Үркіте алмай сен жүрсің жаудың қара тышқанын...

Өле-өлгенше тарқамас көңілдегі құштарың,
Өрнегіне ғашықсың елудегі нұсқаның.
Күдеріңді үзбейсің көк тұлпардан, бауырым,
Жұртта қалған іздейсің алтын ердің пыстанын!..







МЕДЕТКЕ

Үшқынын алаулатып жан отының,
Елуге келіп қапсың, Медет інім!
Серпінін бала жастан сезіп өстің,
Шығыстан ұшқан қыран қанатының.

Жігітсің ата көрген – оқ жонатын,
Жөнің жоқ жасқанатын, қорғанатын.
Елуің құтты болсын, ерке бауыр,
Кезең бұл ойланатын, толғанатын.

Көп әлі көрмегенің көргеніңнен,
Шалқисың өрге тартып өр көңілмен!
Еліңе сол баяғы сәбидейсің,
Елуге әжептәуір келгеніңмен.

Туғансың текті әкеден, текті анадан,
Тұлпардай кекіліне шоқ қадаған.
Халқының қолқанаты болған ұлға,
Қашанда Қызыр дарып, бақ қараған.

Риза ұрпағына Құлжан атаң,
Үмітін ақтадыңдар туған Отан!
Алдыңда Медғаттай ағаң барда,
Демейсің отқа жанып, суға батам.

Ақ көйлек, аңқылдаған, асыл бауыр,
Жақсының бәрі, міне, қасыңда жүр.
Қазақтың аспандайтын келді кезі,
Осынау бақыт қонған ғасырда бір.



Елу жас көрсетеді жол ортаны,
Арқаңа ауыр жүгін ел артады.
Айналаң гүлдей жайнап тұрған кезде,
Жастығын адам қалай жоғалтады!

Қызықты бірге көріп еліңменен,
Аса бер асулардан сенімменен.
Бау-бақшаң – бала-шағаң өсіп-өніп,
Жүзге жет қол ұстасып келінменен!





ҰСТАТПАС ЖҮЙРІК УАҚЫТ

(*Нағашыбай Атшабаровқа*)

Уа, Нәке, болсын мынау тойың құтты,
Жігітсің бойың мықты, ойың мықты.
Үйіңе тұңғыш келін түскен кезде,
Жасапсың тойға мықты дайындықты.

Бұл тойға қалың қазақ жиылыпты,
Жан-жақтан аққан судай құйылыпты.
Келіннің оң аяғы құтты болсын,
Бір жұлдыз маңдайыңа бұйырыпты.

Бейбітің тұңғыш ұлың – төлдің басы,
Отызда орда бұзар ердің жасы.
Балаңның құтты болсын таңдап жүріп,
Қондырған алақанға қарлығашы.

Ұстатпас жүйрік уақыт қашағандай,
Қарашы, бүгін қандай, кеше қандай!
Шиыршық атқан шымыр жігіт едің,
Денеңді тастан құйып жасағандай.

Бұл күнде генералсың буырыл шашты,
Тарпаңдай басып келген тау мен тасты.
Әйкен де ене болды ақ самайлы,
Сұлу қыз ай маңдайлы, қалам қасты.

Бұл келін көптен күткен келін еді,
Қалайша жақсы келін ерінеді.



Әйкеннің қолын малар жылы суға,
Дильяра текті жерден көрінеді.

Бұл тойға ана келді, ата келді,
Аттарын шыға алмаспын атап енді.
Шалынсын тәңірінің құлағына,
Балаға генералдар бата берді.

Төрінде немерелер салып ойнақ,
Көбейсін төңірегінде ауыл-аймақ!
Немерең өзіңнен де оза шауып,
Қамықсын туған елдің қамын ойлап!





СЕЗЕРСІҢ СӨЗ АСТАРЫН

*(Марқұм Дінәш Нұрмұғамбетов
елуге келгенде жазылған өлең)*

Кісіге елу деген – ердің жасы,
Көкорай, айдын шалқар көлдің қасы.
Қуалап Сарыарқаның сай-саласын,
Жоңғардан соғатұғын желдің басы.

О, Дінәш, өтті деме серпінді жас,
Сермей бер баяғыдай еркін құлаш.
Жастықтың гүлжазира даласында,
Жел тербеп, жапырағың желпінді рас!

Жүрекке лапылдаған шоқ тастаған,
Ол дәурен енді айналып соқпас саған.
Түнеріп тас төбеңнен төнсе де аспан,
Жарқылдар алмас жігер тот баспаған.

Сезерсің сөз астарын, мен не дермін,
Саған да жайы мәлім шөлдегеннің.
Көкпарға күнде салған көк дөнендей,
Шабылып шаршы топта терлегеннің.

Жасқанып, жалтарғанмен жан қала ма,
Жасыңнан түсіп бақтың сан додаға.
Сүрінбей соқпақтардан өттің аман,
Тұрғандай бар бақытың сонда ғана.

Разы сияқтысың өмірге бұл,
Жібектей майда мінез, мамыр көңіл.



Ешкімнің ала жібін аттамаған,
Жігітсің сертке берік, сенімге құл!

Жолынан жаңылмайды адал кісі,
Халқыңның саған деген мол алғысы.
Алтын ер астыңдағы қисаймасын,
Тағылаған тоғыз қабат таралғысы!

Елуге онша сенбе, көңілшегім,
Бірқыңа көне бермес өмір сенің.
Бұл жаста басқанікін Құдай білер,
Қыздай боп көрінеді өз келіншегің...

Жүйріксің бауыры жазық, қолтығы кең,
Дүбірі естілетін жер түбінен.
Елуге келмесем де елең қағып,
Сені ойлап, көз ілмедім мен түнімен!

ТӘНТІМІН МІНЕЗІҢЕ

(Нұрлан Исабековке)

Нұрланжан, келдің, міне, сен де елуге,
Аз емес елу жылда көргенің де.
Қазақтың ерек туған бір ұлысың,
Тәрбие, тәлім көрген жөргегіңде.

Жасыңнан талай жолды басқан ерсің,
Асудан қар бораған асқан ерсің!
Қазақта «Фолиантты» кім білмейді,
Бұл күнде аты шыққан баспагерсің!

Інісің – үлкендерге, кішіге – аға,
Жігітсің жаны дархан, ісі дара.
Арпалыс, алмағайып мына өмірде
Кісіні түсінеді кісі ғана.

Тәнтімін мінезіңе майда желдей,
Көкірегің жарқыраған айна көлдей.
Шашылып кейде жомарт Атымтайдай,
Жүресің көк тиын да пайда көрмей.

Аспанда жайнай берсін күнің сөнбей,
Үлбіреп бақшаңдағы гүлің сембей.
Алаңсыз алшаңдаймын Астанада,
Арқамда тұрған кезде інім сендей!

Бауырым, ердің жасы – елу деген,
Жасай бер, өрге тартып еліңменен!
Өтсе де қанша ғасыр сөгілмесін
Түптері томдарыңның желімдеген!..



СЕРІК АҚЫН

(Серік Тұрғынбековке)

Асқаның – алты қырқа, Серік ақын,
Аяғың жеткен жердің бәрі жақын.
Қамшының сегіз таспа өріміндей,
Өлеңмен бірге өрілген сенің атың!

Өлеңсіз өмір бар деп сезінбейсің,
Сезімнің мөлдіреген өзіндейсің.
Кешегі Кеңшіліктің сыңарындай,
Сырбай мен Ғафулардың көзіндейсің.

Тудың да байтақ Торғай даласында,
Жастығың өтті Алматы қаласында.
Алпысқа келіп қапсың арындаумен,
Байқамай қас пен көздің арасында.

Ақынсың жаныңа кір жолатпаған,
Тойымсыз бай емессің жалақтаған.
Нысана – басыңдағы аппақ шашың,
Ақ бұлттай аспаннан кеп қонақтаған.

Келесің бұлтты шайқап басыңменен,
Беттесіп жарқылдаған жасынменен.
Шулатып шұбар ала ғасыр өтті,
Бөрідей шу асауды басып жеген.

Жырладың мұңға батқан кең далаңды,
Береді әрқашан да ел бағаңды.
Тересің жыр маржанын тұңғыықтан,
Білмейсің арзан сөзбен алдағанды.

Кетсе де тажал заман тайқып ақыр,
Әлі де тағдыр жолы қайқы жатыр.
Кесілген басын іздеп, мазаңды алып,
Түсіңе кіреді ылғи Кейкі батыр.

Сондықтан тыным алмай толғанасың,
Күн сайын қаламыңды қолға аласың.
Қияға қиырдағы көзің салып,
Қырандай қанатыңды қомданасың.

Ұланы байтақ елдің байтақ ақын,
Кезің бұл айтарыңды айта алатын.
Тулаған тіршіліктің айдынында
Жөнің жоқ желқайықтай шайқалатын.

Дүние екі жүзді – айнымалы,
Шын ақын оған несін қайғырады?
Өкінбе қалтаң жұқа болғанына,
Болған жоқ жырдан асқан байлық әлі!



ЖАҢЫЛМАС КІСІЛІКТЕН

Кімдерді тудырмаған ұлан дала,
Дем берген тұлпарға да, қыранға да.
Мараттар толып жатыр бұл қазақта,
Нәбиев Әскенұлы біреу ғана.

Нәбидің немересі Әскенұлы –
Елім деп, аға сыйлап өскен іні!
Соққысын сом балғаның қайта серпер,
Ұстаның қайыспайтын төс темірі.

Жата ма үйде тыныш ер баласы,
Шақырса қиырларға кең даласы.
Жаңылмас кісіліктен, кішіліктен,
Болса да Нұрмағамбет паң бабасы.

Бұл Марат – көпке мәлім ел Мараты,
Қашанда қазағының қолғанаты.
Жарқырап жан-жағына сәуле шашар,
Жақсының жүрегінде жанған оты.





БҰТАҒЫҢ БҮРШІК АТЫП...

(Жүнісбек Қабыейұлына)

Уа, Жүке, мына тойда біз отырған,
Жүз өлең жаусын бүгін жүз ақыннан.
Бойжетіп, батаңды алып, отау тігіп,
Қыз жолы құтты болсын ұзатылған!

Балапан бауыр басып арман-көлге,
Әселің балдай батсын барған жерге.
Беттеген болашаққа жас керуен,
Биіктеп, аса берсін белден-белге.

«Адамның бір қызығы бала емес пе» –
Деген сөз баяғыдан бар емес пе?!
Әселің өміріңді жалғастырар,
Қауызды жарып шыққан дән емес пе!

Дүние жалт-жұлт еткен желкен қайық,
Бүгінгі көрген дәурен ертең ғайып.
Бұтағың көктем сайын бүршік атып,
Қаулай бер, көк ормандай өркен жайып.

Әселдің бағы жансын Еділменен,
Үй болсын ұлтын сүйіп, елім деген.
Мың жылдық құдалығың құтты болсын,
Бақыты шаңырақтың келінменен!

Жігіттің сен-дағы бір дарханасың,
Жақсының жанындағы қалқанысың.



Еділ де ұлыңдай боп іштен шыққан,
Өзіңдей жер танысын, ел танысын!

Өскенде өз халқына жаны ашыған,
Қазағым айналмай ма баласынан!
Жастардың арманы жоқ деп ойлаймын,
Бата алған кілең жайсаң ағасынан!

Кез емес сая қуып салқындайтын,
Заман бұл найзағайдай жарқылдайтын.
Тұлпардың үлгі болсын басқан ізі,
Ел үшін өрге салса алқынбайтын!





БАТА

(*Болат Садықовқа*)

Болатжан, жасқа толды Айбарысың,
Құлындай күтіп тұрған тай жарысын..
Айбарыс туа қалды Алла беріп,
Жүргенде ұлға зар боп қайнап ішің.
Ұланың арыстандай азамат боп,
Қорғасын Қабанбайдай ел намысын.
Тәңірі таңдайыма тіл беріпті,
Тағдырын туған елдің толғау үшін.
Сені де құдай бекер жаратпаған,
Көп жортқан жоны шұбар жолбарысым.
Табаның тау мен таста таймай жүрген,
Жігіттің жылқы мінез тарланысың.
Балаңа Төлегетай бабасының
Киелі қасиеті мол дарысын.
Ас беріп, аруағына сыйынған соң,
Риза боп ұлы баба қолдады шын.
Айбарыс сол дананың ізін қуып,
Тигізісін ел-жұртына қолқабысын.
Қыранға қанат керек самғау үшін,
Тұлпарға тыныс керек талмау үшін.
Адамға ұрпақ керек ұл боп туған,
Өмірін болашаққа жалғау үшін.
Не керек тірі жанға одан артық,
Басына бақыт келіп орнау үшін.
Байлық та, батырлық та, бағландық та
Кешегі бабалардан қалғаны шын.
Айбарыс – айбатың да, қайратың да,
Іргеңнен жел өткізбес қорғанышың.





Ақырсаң азуыңды айға білеп,
Қақ жарған қара бұлтты зор дауысың.
Дүние – мың құбылған қызыл түлкі,
Аз күнгі көңіл аулар алданышың.
Мұраң да, мұратың да ұрпақ қана,
Байқасаң тіршіліктің бар мәнісін.
Бабаңыз Төлегетай қалды емес пе,
Мекендеп Сыр бойының нар қамысын...

Тұрмайды тірлік, шіркін, бір қалпында,
Бұлдырар ай мен күндер жылда артыңда.
Өмірің аққан судай құмға сіңер,
Қалмаса соңыңда бір ұлдан тұлға.
Айбарыс қызмет етіп қазақ үшін,
Самғасын қыран құстай шыңнан шыңға!

Қанатын керегедей кеңге жайып,
Атағы аспандасын ерге лайық.
Атадан қонған құты көпке дарып,
Жырғасын кедей-кепшік демде байып.

Аруақты азаматпын ата көрген,
Жүйріктей асқан талай жота-белден.
Қазақта біреу ғана мендей ақын,
Өлеңмен Айбарысқа бата берген!

Өмірдің алға жылжып көші барар,
Ақынның сөзден басқа несі қалар?!
«Бір атам бата беріп кетіпті» – деп,
Айбарыс үлкейгенде есіне алар!

19.08.2013



РЫМҒАЛИ АҒАМЕН ҚОШТАСУ

Шалқыған нұр сөнгенмен жүзіндегі,
Ағатай, үлгің өшпес ізіңдегі.
Қапыда қиын болды-ау ғұмырыңның
Домбыра ішегіндей үзілгені.

Ұйтқыған қасіреті көк дауылдай,
Япыр-ау, неге шықтың жолға мұндай?
Қадалды қайдан ғана қарғыс атқыр,
Ажалдың азу тісі қандауырдай?

Тойлайтын жетпісіңді кезің еді,
Еске алсам ет жүрегім езіледі.
Сен едің қара тілді, айыр көмей,
Бүгіннің Қаздауысты Қазыбегі.

Елес боп жарқын бейнең нар тұлғалы,
Шұбырып көшің қалды артыңдағы.
Түсіме үш ұйықтасам кірмеп еді,
Жазам деп қаралы өлең сен туралы.

Күңіреніп Алматың да, Астанаң да,
Аңырап қала берді баспанаң да.
Бақыттан бал құятын тостағанға,
Қызығың көп еді ғой тосқан алда.

Осылай болады деп ойлаған кім,
Ағатай, қайдан келдің, қайда бардың?
Қайғыңды көтере алмай әзер тұрмын,
Түнеріп төбемдегі жайнаған күн.



Дөңгелеп ай мен жұлдыз аспаныңда,
Жетпіс жыл өте шықты қас-қағымда.
Халқыңа қош айтпастан кете бардың,
Опасыз бұл жалғанды тастадың да.

Алдыңнан жарылқасын, асыл аға,
Өкініш жылағанмен басыла ма?
Бітпестей көріп жүрген тіршіліктің
Екен ғой бар болғаны осы ғана...





БАУЫРЫМ

(Дәлелханды жоқтау)

Тұңғиықтай терең едің, бауырым,
Тіккен тудай бөлек едің, бауырым!
Ажалыңа көніп тұрмыз амалсыз,
Қазағыңа керек едің, бауырым!

Алты Алашқа туыс едің, бауырым,
Ағайынға тыныс едің, бауырым!
Егескенге жібермейтін намысын,
Қиып түсер қылыш едің, бауырым!

Азаматтың серкесі едің, бауырым,
Ауылыңның еркесі едің, бауырым!
Ойда жоқта есімізден тандырып,
Кеткенің не ерте сенің, бауырым?!

Жақсы атаның көзі едің ғой, бауырым,
Ақ батаның сөзі едің ғой, бауырым!
Топырлаған тор қасқаның ішінде
Марғасқаның өзі едің ғой, бауырым!

Шын асылдың сынығы едің, бауырым,
Шымырлаған тұнық едің, бауырым!
Тарбағатай жотасына шыққанда,
Ойнақтаған құлын едің, бауырым!

Көппен бірге еңіреттің, бауырым,
Қабырғамды сәгіп өттің, бауырым!





Қасіреттің қара аспанын төндіріп,
Қара жаңбыр төгіп өттің, бауырым!

Ұрпақтарың ержетеді, бауырым,
Заман көшіп желдетеді, бауырым!
Құшағында мәңгі-бақи әлдилеп,
Жер-бесігің тербетеді, бауырым!

Аққан судай аласұрып тасыған,
Өмір заңы осылай ғой басынан.
Қош, бауырым, жаның болсын жәннатта,
Ата-бабаң орын беріп қасынан!



МИРАШ АҒА

(Мейрамбек Жанболатовтың рухына)

Айналдым аруағыңнан, Мираш аға,
Білуші ең сырласа да, сыйласа да.
Амалсыз қара жерге елің берді,
Ажалға сендей ерді қимаса да.

Жоғалтып күміс қанат алтын құсын,
Күңіреніп тұрған шығар Хан-Шыңғысың.
Кеудеңнен күміс әуен төгілгенде,
Байытып тастаушы едің халқыңды шын!

Жаныңды қайдан ұқсын ән бөлеген,
Өнердің дәмін татып дәндемеген?!
Уағында қай жақсының нарқын білген,
Дүние шыр айналып дөңгелеген?

Бағаңды білмеген соң кемді күнде,
Сан әуен көкірегіңде сөнді бірге.
Ат басын Шыңғыстауға еркін тіреп,
Япыр-ау, еркелейміз енді кімге?

Шарықтап шығатұғын әні көкке,
Дариға-ай, сағындырды Жәнібек те.
Асылдың қолда барда қадірі жоқ,
Өтеді жоғалғанда зары көпке!..

Қалдырған өлмейтұғын әннен мұра,
Сөйлесең секілді едің сал домбыра.





Төбеңді тағдыр қайта көрсетер ме,
Іздесем ат сабылтып елден мына?..

Тірліктің қысқа жібін жалғап мынау,
Әніңмен талай биік самғаттың-ау!
Шалқайған шал көп шығар Қарауылда,
Бірақ та, Мираш ағам, сен жоқсың-ау!..





ХАЛҚЫҢА КЕРЕК ЕДІҢ...

(Ғабдолла Құлқыбаевтың рухына)

Үміттің үшқындаған шоғы сөнбей,
Отырмын өлгеніңе әлі сенбей.
Жақсыға жаттығы жоқ, жайсаң аға,
Аз еді-ау азаматтың нары сендей!

Уақытқа шара бар ма жел қанатты,
Шыққан күн шыр айналып демде батты.
Жүргенмен біреулердің жері кеңіп,
Батып тұр сенің қайғың елге қатты.

Құлаңдай қырда жортқан арда өсіп ең,
Еңбекпен келіп еді бар несібең.
Ер Нияз бабаң құсап шепті бұзып,
Ғылымда мұз төсеніп, қар кешіп ең.

Халқыңа алдыменен керек едің,
Бір сырлы, сегіз қырлы – кемел едің.
Құшағың кең еді ғой, қайран Ғаба,
Ашылса ауқымындай керегенің.

Өртіне қиянаттың жанып өлдің,
Қайысты қабырғасы қалың елдің.
Төрінде тіршіліктің ертелі-кеш,
Тұрады үңірейіп сенің орның...



ҚАЗАҒЫ ҰМЫТПАЙДЫ

(Әзиза Нұрмаханованың рухына)

Жас кезде жақсыларға тартып өстік,
Сақтадық кісіліктің салтын өстіп.
Мақтаныш кернейтұғын кеудемізді,
Алыстан Әзизаның даңқын естіп.

Шықты деп қазақ қызы топты жарып,
Бөрікті аспанға аттық бек қуанып.
Дариға, озып туған сол апамыз
Жұлдыздай жарқ-жүрқ етіп өтті жанып.

Таланты қаршадайдан көзге ілініп,
Білімде инеменен қазды құдық.
Ғылым мен парасатты тең ұстады,
Әрқашан халқына айтар сөзді біліп.

Тебіреніп алған сайын қолға қалам,
Күні жоқ туған елін толғамаған.
Ойларын самғататын қуат алып,
Асқар тау, асау өзен, кең даладан.

Ұрпағы шалқып өссе толқын атып,
Табады болашақта халқы бақыт.
Қазақтың қызы осындай болады деп,
Ортасын отыратын жарқыратып.

Елінің Әзиза да алтын қызы,
Өшпейді көз алдыдан жарқын жүзі.





«Шығыстың шынарындай» еңбегі бар,
Қалғанның арманы жоқ артында ізі...

Ұрпағы оның ізін суытпайды,
Әспеттеп атақ-даңқын ұлықтайды.
Біреулер ұмытса да бірге жүрген,
Қазағы Әзизасын ұмытпайды.





ҚУАТҚА КӨҢІЛ АЙТУ

Қуатжан, көз жазыпсың Балташыңнан,
Баланың ішіндегі ерке асылдан.
Үсікке ұрыныпты абайсызда
Жауқазын гүлі жайнап ерте ашылған.

Адамның бұрын-соңды жаратылған,
Ажалға ешбірі жоқ ара тұрған.
Сен түгіл Лұқпан Хакім, ұлы Абай да
Мезгілсіз қайырылған қанатынан.

Қайғыны қарсы алмасаң ақылменен,
Жалғанның бас-аяғы жақын деген.
Білесің Базары мен Назарынан
Айрылып зар илеген ақын Кенен.

Қиылып талай қыршын өмір өткен,
Іздесең толып жатыр төңіректен.
Бұл ажал жортып жүрген Жошыны алып,
Қаһарлы Шыңғысты да еңіреткен.

Болған соң өзіне жөн бір Алланың,
Қайырып қайта бермес шын алғанын.
Амал не, өле-өлгенше тарқамайды
Кеудеңе шер боп қатқан бұл арманың.

Қайғыңды бөлісетін халқың барда,
Хақың жоқ серпілмеуге, талпынбауға.
Қайтесің жылайсың да, шыдайсың да,
Жұлынбас жапырағы жан туған ба?



Үміттің шорт үзілген жібін жалға,
Жетелеп желкілдеген ғұмырды алға.
Егіліп жылай берме, ақ бестінің
Соңында ізін басар құлын барда.

Тәтті ғой көрінген соң бала балдан,
Жұлдыздай жарқ-жүрқ етіп жана қалған.
Немерең – Алдиярың аман болса,
Бауырың бүтінделер жараланған!

Көтерер азаматсың нардың жүгін,
Жеңеді жазғырғанмен тағдырды кім?
Қайғыға қайратыңды қарсы қойып,
Кере жұт келе жатқан таңның нұрын!



АЛДИЯРҒА

Алдияр, атаң саған той жасады,
Бұрқылдап қара қазан, майлы ошағы.
Қадамын құтты болсын, айналайын,
Қашанда ат тұяғын тай басады!

Жиналған көптің бүгін батасын ал,
Балалық бал дәуренің өте шығар.
Қазақта сендей бала некен-саяқ,
Қуаттай нар тұлғалы атасы бар!

Арқаңда атаң барда жасқанбайсың,
Өмірдің еншісінен кеш қалмайсың.
Әзірге ұядағы балапансың,
Қанатың қатайған соң аспандайсың!

Ұшасың қиырларға сен де самғап,
Қонасың биік-биік жерге таңдап.
Тірліктің тартысында алдыменен
Түседі елін сүйген ерге салмақ!

Өткен ғой бабаларың небір мықты,
Оларды уақыт деген дауыл жықты.
Солардан қалған сарқыт сенің атаң,
Атаңдай көтере біл ауыр жүкті!


Қайраса қара тастай ел намысы,
Жалғанға кетпес, сірә, жалған ісі.
Ермақтың талқан қылған ескерткішін,
Атаңдай бол ұлтыңның қорғанышы!





Көңіліңнің сәуле қонсын сарайына,
Алдияр, ақын сөзін ал ойыңа!
Мал жияр дүниеқоңыз жетіп жатыр,
Ел жияр азамат бол маңайыңа!..





ЕРКЕҒАЛИ РАХМАДИЕВ ПЕН ҚОШТАСУ

Халқым деп көкірегің қақыраған,
Өмірден сен де өттің-ау, батыр ағам...
Жұтпаған сұм жалғанда қай жақсыны,
Жалмауыз – ажал деген аты жаман.

Арда едің алыптардың соңына ерген,
Әр қазақ марқаятын сені көрген.
Тұйғындай төнуші едің күйсандыққа,
Сәтінде толқын атып тебіренген.

Алдында әлдекімнің сызылмастан,
Алмастай жарқылдады жүзің жастан.
Еліңнің еркесі едің, серкесі едің,
Мұқанның шәкірті едің ізін басқан.

Тарлан ең қиыннан жол таба білген,
Арлан ең дұшпанға азу сала білген.
Тайдай боп тұлпарға ерген жүруші едім,
Іздесем, енді қайдан табамын мен?

Қашанда үстіңде еді елдің жаны,
Жайнайтын сен отырған төрдің бәрі.
Талдырдың өзегіңді халқың үшін,
Халқың да қанатыңды талдырмады.

Жұртыңды жүрегіңмен тербедің де,
Сексен жыл самғап ұштың ел көгінде.
Жан аға, мазасыз ең, тыныш ұйықта,
Бұйырған жер-бесіктен жөргегіңде...



ҚАЖЫМҰРАТТЫ ЖҰБАТУ

Қажеке, басқа түсті ауыр қайғы,
Егіліп жаның қалай ауырмайды?
Артында қалған құлын аман болсын,
Жоғалған құлагерің табылмайды.

Сұм тағдыр суық жүзін жасырмайды,
Сұм ажал жапқан есік ашылмайды.
Адамның бала, шіркін, бауыр еті,
Оңайлық іштегі өртің басылмайды.

Салған соң амал бар ма құдай сынға,
Құдайға қарсы келіп ұнайсың ба?
Қайыспас ер едің ғой, нар едің ғой,
Қайтесің, жылайсың да, шыдайсың да.

Келіп тұр қалың елің көңіл айтып,
Өзіңмен бірге егіліп зарын айтып.
Қайғыны сен иықпен көтермесең,
Көтерер Рәшжанның белі қайтіп?



ЖОЛЫҢ БОЛСЫН

Атам шықса сапарға:

– Жолың болсын! – дейді апам.

Апам шықса сапарға:

– Жолың болсын! – дейді атам.

– Жолың болсын! – дейді олар

Үлкенге де, кішіге.

– Жолың болсын! – дейді олар

Ұшырасқан кісіге.

Осы сөзде байқадым,

Қуат барын, күш барын.

«Жолың болсын!» айтамын,

Алыс жолға шықса кім.

АСЫҒУ

Қарап тұрсаң, барлығы да асығыс,

Санап тұрсаң, жатыр бастан асып іс:

Көкте асығыс құстар ұшып барады,

Асығып жүр құмырсқа жем тасығыш.

Асау өзен арнасында асығар,

Кемпірқосақ көкке асығыс асылар.



Асығады көктем қайта келгенше,
Асқар тау да бауыры – жаз, басы – қар.

Күн асығыс дөңгелейді аспанда,
Бұлт асығыс бір селдетіп тастауға.
Асығады жеміс біткен пісуге,
Асығады өскенінше жас тал да.

Әр минуты түсетіндей қымбатқа,
Жұмыс бітпей қалатындай күн батса,
Күні бойы асығады адамдар,
Асығады бар дүние бір жаққа.

Тым асығыс поезд зулап барады,
Тыным таппас телеграф бағаны.
«Жедел жәрдем» зырылдайды жұлдыздай,
Әлде науқас, әлде перзент хабары.

Көк жайлауға жеткенше асық малшы да,
Асығады омартаға балшы да.
Бу асығыс ұшып кетті биікке,
Айналуға қайта мөлдір тамшыға.

Уақыт тығыз. Асықпауға бола ма?
Сауыншы асық, айран керек балаға.
Егінші де, наубайшы да асығыс,
Асықпаса дүкенге нан тола ма?

Зыр айналып сан айлар мен сан апта,
Асығып тұр шықылдаған сағат та.
Бара жатыр мектебіне жүгіртіп,
Оқушы да кешікпеуге сабаққа.





Шұғыласын таратуға әр күні,
Асығады ең алдымен таң нұры.
Ертеңінде жету үшін бақытқа,
Асығады, асығады барлығы...

МЕКТЕП

Сарғыш тартып күллі алап,
Жеміс пісті –
Күз келді.
Шақырады мұңдалап,
Мектебіміз бізді енді.

Жүрегі алып ұшады
Жетідегі баланың.
Ыстық мектеп құшағы,
Құшағындай ананың.

Көзінен нұр төгілер,
Балалық шақ – алтын күн.
Өз үйіндей көрінер,
Өз мектебі әркімнің.

Саяхаттап жыраққа,
Таныстық жер сәнімен.
Мектебіміз бірақ та
Әсем екен бәрінен.

Бардық көлге, бұлаққа,
Жаздың әсем әнімен.

Мектебіміз бірақ та
Саялы екен бәрінен.

Бақта піскен албырап,
Таттық жеміс нәрінен.
Мектебіміз ал бірақ,
Мәуелі екен бәрінен!

ОҚУЛЫҚ

Саған білім жемісін
Оқулығың береді.
Талай адам сол үшін
Маңдай терін төгеді.

Орманшының аялы
Алақаны өсірген,
Сансыз ағаш саялы,
Қағаз үшін кесілген.

Ағаш кесіп қанша адам,
Ормандарда жүреді.
Аға қанша шаршаған,
Ағаш тиеп үнемі?!

Машинист боп жасынан,
Дүбірлетіп даланы,
Сол ағашты тасыған,
Білер ме ең көп ағаны?



Заводтарда күні-түн
Қағаз жасап бағалы,
Қанша адамның
Кім үшін
Маңдай тері тамады?

Оқулықты баршаға,
Талай ғалым қолға алып,
Жылдар бойы қаншама,
Жазады ұзақ толғанып.

Әдемілеп берсем деп,
Бояу жағып не түрлі,
Суретшілер көркемдеп,
Қанша уақыт отырды.

Әріп теру үшін де
Талай адам терледі.
Баспахана ішінде
Айлап тыным көрмеді.

Оқулықты мектебің
Берер саған теп-тегін.
Білмейсің-ау сен бірақ,
Қаншама еңбек кеткенін.

Оқулығың – құралың,
Жағар білім шырағын.
Баса алмайсың ешқашан
Онсыз алға бір адым.



Оқулықты құрметте,
Күтіп ұста, кірлетпе.
Кішілерге табыс ет,
Дақ түсірмей бір бетке.

ПОРТФЕЛЬ

Бірге бастап жол басын,
Бірге оқуға барғасың.
Қолыңдағы портфелің –
Жеті жастан жолдасың.

Сырласыңдай портфелің,
Шын досыңдай портфелің.
Жүреді оның ішінде
Кітап, қалам, дәптерің...

Сабақ бетін ашпасаң,
Салақ бола бастасаң,
Портфелің де жүдейді,
Әр бұрышқа тастасаң.

Оқушының мән-жайын
Жұрт біледі әрдайым.
Портфель өзі-ақ айтады,
Иесінің қандайын...

КҮНДЕЛІК

Бірге барып сабаққа,
Бірге үйіңе қайтады.

Оның бетін кім ашса,
Әр бағаңды айтады.

«Бес» кетпесе бетінен,
Сүйсіндірер талайды.
Көз ашпаса «екіден»,
Күнде жерге қарайды.

«Оқы!» десе ерінер,
Маубас ертең не білер?
Кімнің қандай болары,
Күнделіктен көрінер.

ҚАЛАМ

Каналдар қазылған,
Қайланың күшімен.
Кітаптар жазылған,
Қаламның ұшымен.

Ақылды, зерекке
Қолғанат – қаламы.
Әрқашан керекте
Қолына алады.

Ойларын дананың
Өрнектеп бұл қалам,
Қалдырған бабаның
Хаттарын мыңдаған.

Қаламсыз адамды
Көрмейсің бұл күнде.

Қадірле қаламды,
Жолашар білімге.

Жалқаудың қаламы
Қалтада тозады.
Зеректің қаламы
Қатесіз жазады.

ҚАРЫНДАШ

Қызыл, жасыл, қарасын...
Қолға кезек аласың.
Қарындашпен әр түсті
Алуан сурет саласың.

Көлдей тұнық аспанды,
Орман, теңіз, асқарды,
Өрнектейсің өзіңше,
Шөпті, гүлді, тастарды.

Өрнектейсің қаланы,
Өрнектейсің даланы.
Шекараны күзеткен
Әскердегі ағаны.

Қой қайырған атаны,
Мал жайылған жотаны,
Бәрін, бәрін саласың –
Қозы, лақты, ботаны.

Шахтер аға келбеті,
Актер аға келбеті...
Портреттер көрмесі –
Дәптеріңнің әр беті.

Қарындаштың көмегі,
Міне, қандай көп еді.
Ұштай біл де
Ұстай біл,
Түрлі өрнек төгеді.

ӨШІРГІШ

Өшіргіш – оқушы құралы,
Қатеңді өшіріп тұрады.

Дәптерді қолыңмен тырналап,
Былғама, орынсыз жұмалап.

Өшіргіш аямас көмекті,
Өңдейді, жөндейді – ол епті.

Көк сия қолма-қол кетеді,
Қайтадан мұнтаздай етеді.

Өшіргіш – тазалық сақшысы,
Қатесіз жазған ғой жақсысы!





ПЕНАЛ

Жоғалмаса қаламсауыт – пеналың,
Жоғалмайды қарындаш пен қаламың.
Қыл-аяғы құйттай өшіргішің де
Жоғалмастан жүреді оның ішінде.

Демес үшін:
«Қаламсабым жоғалды!»,
«Қарындашым жоғалды!»,
Сақтай біл сен ең алды,
Сенімді дос – пеналды.

ДӘПТЕР

Он екі ақ парақ –
Он екі ақ қанат.
Жолдары әсем-ақ,
Сызылған тақталап.

Он екі параққа
Жазасың сан апта.
Әріптер шығады,
Сап түзеп парадқа.

Жақсы оқып сабақты,
Жаза біл сауатты.
Дәптерің – көгершін,
Он екі қанатты.



ЖАЗУ ҮСТІНДЕ

Қалам айтады:

– Қатесіз көшіремін! – деп.

Өшіргіш айтады:

– Қатеңді өшіремін! – деп.

Дәптер айтады:

– Бүлдіре көрмеңдерші! – деп.

Оқушы айтады:

– Ойымды бөлмеңдерші! – деп.

ПАРТАМ-АУ

Талай бала, партам-ау,

Саған жүгін артады-ау!

Біраз нәрсе білгенім,

Бір өзіңнің арқаң-ау!

Білместік қой, партам-ау,

Обалыңды арқалау:

Бетіңді ойған сабаздар,

Сазайын бір тартады-ау!

Алдағы жол сан тарау,

Әр жаққа әркім тартады-ау!

Шығарып сап, соңымда

Қаласың-ау, партам-ау!





ҚАҒАЗ, ҚАЛАМ ЖӘНЕ СИЯНЫҢ АЙТЫСЫ

Қағаз бенен Қалам бірде лепірді,
Лепірді де сөздер айтты не түрлі:
«Менен мықты жоқ!» деп, Қағаз желпінді,
«Менен мықты жоқ!» деп, Қалам көпірді.
Бара-бара болды қызыл кеңірдек,
Кеңестерін Сия тыңдап отырды.

Қағаз айтты:
– Мына менен артық не?
Сөйлей алам!
Барлық елде, бар тілде.
Жазады адам аппақ сүттей бетіме:
Әрбір сөйлем,
Әрбір сөзін,
Әрпін де...

Дүниенің сыры жоқ мен білмейтін,
Дүниенің жыры жоқ мен білмейтін.
Жалғыз маған табынады жан біткен,
Не жөнің бар жағаласып, күндейтін?

Кітап болып тұрам әр үй төрінде,
Әркім ынтық ішімді ашып көруге.
Ұлылармен бір жасаймын өмірде,
Мәңгі өлмеймін,
Жеңе алмайды өлім де.

Біледі адам тарихын мен арқылы,
Сондықтан да үңіледі әр күні.



Түсер маған сансыз ойдың сәулесі,
Түсер маған сансыз көздің жарқылы.

Қолдан-қолға көшіп жүрсем бүгінде,
Жатам ертең архивтердің түбінде.
Келер ұрпақ парағымды ақтарар,
Жол ашамын
Болашаққа,
Білімге!

Қалам айтты:

– Жөн ғой мұның бәрі де...
Бірақ өзің қарасаңшы әліңе?!
Мен болмасам, сенің күйің не болар,
Жазуы жоқ құр қағаздың мәні не?

Медеу тұтып мына мені қанша адам,
Арманына жетті емес пе аңсаған?!
Өзің айтшы, кезім бар ма шаршаған,
Ғұмыр бойы жазып келем мен саған.

Жүйткідім сан ғұламаның қолында,
Асыл сөздер сап түзеді жолымда.
Алдыменен мен жүрдім ғой қашанда,
Қалған жерім бар ма сенің соңыңда?

Менің нарқым сенен қымбат білгенге,
Билігің де,
Тірлігің де бір менде.
Тағдырыңды шеше аламын бір демде,
Құның жоқ-ау, соққаныңмен құр кеуде.



Қолға барып жүгінейік онан да,
Өмір берген сол ғой саған, маған да.
Ісімізге әуел бастан куә өзі,
Төрелігін айттырайық табанда.

Мына дауды тыңдап тұрған манадан,
Айтты сия:

– Астыңдар-ау шамадан!
Ойлаңдаршы, жан иесі болды ма
Біріңді артық, біріңді кем санаған?

Мақтанбаймын,
Қарапайым Сиямын,
Екеуіңе мен күш-қайрат құямын.
Сансыз тілде жазылам да сөз болып,
Бар білімді өн бойыма жиямын.

Нұрлы ақылдан қуат алдым, ой алдым,
Сол арқылы мәңгі ұйқымнан ояндым.
Ақыл мені жазуға айналдырмаса,
Әншейін бір өлі жатқан бояумын.

Деп бөспейік шетімізден іріміз,
Бірімізден артықпыз ба біріміз?
Қолдан бұрын қадірлейік Басты біз,
Бас болмаса, не болады күніміз?!



АТАМ ТУРАЛЫ ӨЛЕҢДЕР

I

Менің атам сақалы,
Асқардағы ақ қардай.
Таусылмайды мақалы,
Таудан бұлақ аққандай.

Көкірегі – шежіре,
Қазыналы қоймадай.
Таң қаламын өзіне –
Ақылға бай, ойға бай.

Сондай асыл сүйегі,
Демейді бір ауырдым.
Өз ұлындай сүйеді
Бар баласын ауылдың.

Ой мен қырын даланың
Бес саусақтай біледі.
Өзі туған алабын
Ойша шарлап жүреді.

Ауа райы білгірі
Осы кісі деседі:
Босқа кетпес бір күні,
Дәл келеді есебі.

Кеңесшісі талайдың,
Жатып алып үйде осы.

Атам – біздің маңайдың,
Анықтама бюросы.

Әңгіме айтса күліп ап,
Жинап кәрі-жасты да,
Мен отырам кіріп ап,
Сақалының астына.

II

Менің атам мықты адам,
Күштілерден ықпаған...
Жас кезінде өзінің
Жігіті жоқ жықпаған.

Менің атам мықты адам,
Фашистен де ықпаған.
Отан үшін от кешкен,
Басып алға нық қадам.

Менің атам мықты адам,
Бораннан да ықпаған.
Жылқы жайып, қой бағып,
Биігі жоқ шықпаған...

АЛТЫҢ СӨЗ

Сәулелі сөз сөне ме –
Орны бөлек батаның.
Бізге тәлім, өнеге –
Ақ тілеуі атаның.

Мән беріп, ден қойғанда,
Терең ойға батасың.
Шілдеhana тойларда
Береді атам батасын.

Әр сөзінің ақырын,
Жақсылыққа тірейді.
Қадап айтып ақылын,
Көпке бақыт тілейді.

Кім сүймейді атасын,
Асқар таудай көрінген.
Бөбекке айтар батасын
Жаттап алған едім мен:

«Жүйрік тілді ақын бол,
Жақсыларға жақын бол!
Достарыңмен тату бол,
Дұшпаныңа қату бол!

Ұсақ болма, ірі бол,
Өз ортаңның гүлі бол!
Ата-анаңның көзінің
Сөнбейтұғын нұры бол!

Кім болсаң да әйтеуір,
Азаматтың бірі бол,
Туған елдің ұлы бол!»

Ойға тоқы, парқын сез,
Ата сөзі – алтын сөз!



САЯХАТШЫ ҮЙ

Киіз үй дөп-дөңгелек,
Жыққан кезде – он бөлек.
Тіккен кезде топ етіп,
Қона қалар дөңге кеп.

Көшіп-қонып үнемі,
Көк жайлауда жүреді.
Самал соқса аңқылдап,
Желге іргесін түреді.

Сан ғасырлар аралап,
Таныс болған бар алап.
Саяхатшы бір өзі,
Қой айдаған қоралап.

«Саяхатты сүйемін,
Өркешінде түйенің!» –
Деп жырлаған бұл үйге
Бүгін өзім иемін!

ШАҢЫРАҚ

Көтерілсе шаңырақ,
Ақ бақанды астына ап,
Жатқан уық жамырап,
Бірігеді бас құрап.

Ата-баба тілеген,
Қалмасын деп қаңырап.
Төбесі көк тіреген,
Осы – қара шаңырақ!



КЕРЕГЕ

Ыңғайлы жоқ өзіндей,
Тез жиналар, қаласаң.
Тор жол дәптер көзіндей,
Керілгенде қарасаң.

Секілді алып парақтар,
Керегелер ұнайды.
Жалғаса кеп қанаттар,
Киіз үйді құрайды.

Киіз үйдің сұлбасы
Қиысады не қилы.
Уықтардың бір басы
Керегеге бекиді.

УЫҚ

Дегеніміз уықтар –
Имек басты сырықтар.
Шаңырақты уысқа ап,
Тұрады ылағи нық ұстап.

ҮЗІК ПЕН БАҚАН

Киіз үй, бір қызығы,
Салады еске атаны:
Ақ шапаны – үзігі,
Ақ таяғы – бақаны.



ТҮҢЛІК

Киіз үйдің арайлы
Терезесі – түңлік.
Ашық тұрса қарайды,
Түнде жұлдыз үңіліп.

Түңлікті ашқанда,
«Құтылдым!» деп қуанып,
Түтін ұшар аспанға,
Шуда құсап шұбалып.

Қайырылып, түріліп
Тұрады оның бір басы.
Бір жағынан түңлік –
Киіз үйдің мұржасы.

БЕЛДЕУ

Киіз үйдің белбеуі –
Беліндегі белдеуі.
Болсын күндіз-түн мейлі,
Босатуды білмейді.
Тіресердей дәуіңмен,
Күресердей дауылмен,
Қашан ауыл көшкенше,
Біреу келіп шешкенше,
Тұрғаны тас түйін боп:
«Келіп қалар құйын!» – деп.



ЕР-ТҰРМАН

Десең атпен жүремін,
Болсын нөқта, жүгенің.
Шылбырың мен тізгінің –
Ең сенімді тірегің.

Қаптал, қасы екіден,
Бір-біріне бекіген.
Оқпаны бар ыңғайлы
Жонып, шебер шекіген.

Омырауға тағылар –
Өмілдірік, танып ал!
Шыға алмайсың өрге аса,
Егер оның болмаса.

Қиюласып қиысқан –
Ер артында құйысқан.
Құйысқансыз қиядан
Түсу қиын, туысқан.

Шап айыл мен төс айыл –
Ажырамас қос айыл.
Ер-тоқымды аудармай
Ұстап тұрған осы айыл.

Табан тірер узеңгі,
Талдырмайды тізеңді.
Екі бауы – таралғы,
Тебінуге жарамды.



Тауып алған олжаны,
Атып алған аңды да,
Азығыңды жолдағы –
Бөктеретін қанжыға.

Жасалатын теріден,
Тебінгі орны бір бөлек.
Аттың ащы терінен
Сақтау үшін бұл керек.

Ең астында тоқым бар,
Түгел ойға тоқыңдар!
Ер-тұрманды біліп өс,
Бала болсаң отың бар.

АНА

Бесікке бөлеп,
Жатқызды бөлек.
Емем деп мама,
Жылады бөбек.

Аялап ана,
Емізді мама.
Пысыдап мұрны,
Ұйқтады бала.

Ұйқысы қанды,
Тағы айғай салды.
Маманың түнде,
Мазасын алды.

Оянып ана,
Емізді мама.
Тербелді бесік,
Ақырын ғана...

КІМ ЕКЕН?

– Не баттасқан түбіне,
Неге сонша кір екен?
Тостағанын күніге
Он жуатын кім екен?

– Бұл әжейдің сөзі ғой,
Жылауықтың өзі ғой.
Он жуатын күніге,
Тостағаны – көзі ғой!

ӘЖЕНІҢ ӘЛДИ

Ұйықта, бөпем, әлди-ай!
Жатқаның не қалғымай?
Қора-қора қой айдап,
Келе жатыр Малдыбай.
Әлди-әлди-әлди-ай!

Ұйықта, бөпем, әлди-ай!
Жатқаның не қалғымай?
Шөп арқалап қозыңа,
Келе жатыр Шалғыбай.
Әлди-әлди-әлди-ай!

Ұйықта, бөпем, әлди-ай!
Жатқаның не қалғымай?
Қарын-қарын май алып,
Келе жатыр Майлыбай.
Әлди-әлди-әлди-ай!

Ұйықта, бөпем, әлди-ай!
Жатқаның не қалғымай?
Бес қаруын асынып,
Келе жатыр Сайлыбай.
Әлди-әлди-әлди-ай!

Ұйықта, бөпем, әлди-ай!
Жатқаның не қалғымай?
Мамық жастық арқалап,
Келе жатыр Жайлыбай.
Әлди-әлди-әлди-ай!

Ұйықта, бөпем, әлди-ай!
Жатқаның не қалғымай?
Керегіңнің бәрін ап,
Келе жатыр Барлыбай.
Әлди-әлди-әлди-ай!

Ұйықта, бөпем, әлди-ай!
Жатқаның не қалғымай?
Тоңып қалып жүрерсің,
Келіп қалса Қарлыбай.
Әлди-әлди-әлди-ай!



ТЕКЕМЕТ

Маған арнап жекелеп,
Әжем басты текемет.
Бір топ адам аяқпен
Теуіп бердік төпелеп.

Басу қызық текемет,
Үсті-үстіне төпелеп.
Алда біреу жіппенен
Саумалайды жетелеп.

Ары біраз аунаттық,
Бері біраз аунаттық.
Қабат шидің сыртынан
Қайнақ суды саулаттық.

Тепкілесе топ кісі,
Қоя ма аяқ тепкісі.
Жүн киіз боп бірікті,
Біріккен соң көп күші.

Шиден сосын түсірдік,
Үш сап жерге, үш ұрдық.
Отырдық та қаз-қатар,
Білекке сап пісірдік.

Ақырында кептірдік,
Тамашалап көп тұрдық.
Бір шетінде атым тұр:
«Әжей жазған!» – деп күлдік.



МЕНІҢ АПАМ

Әуре болып жатар кім,
Түссе көйлек түймесі:
Дайын тұрар апамның
Оймағы мен инесі.

Тұра алам ба мен қарап,
Берем жібін сабақтап.
Көмекшімін қолғанат,
Бос жүрмеймін салақтап.

«Бақайды аяз шымшыды,
Тоңдым», – десем, бүрісіп:
Зырылдайды ұршығы,
Дереу іске кірісіп.

Мен апамнан жүргенім,
Ажырамай бір елі,
Ауырса егер бір жерім,
Үзілердей жүрегі.

«Айналдым, – деп, – баладан!» –
БІлғи құрақ ұшады.
Тоңып келсем даладан,
Жылытады құшағы.

ЖАУҚАЗЫН

Алғаш рет күркіреп,
Ағыл-тегіл жауса күн,

Қырға шығар дүркіреп,
Көктем басы – жауқазын.

Ызғар әлі кеткен жоқ,
Қырлар әлі кепкен жоқ.
Жауқазындар көкпеңбек,
Көбейе бер көктем боп!

КӨКТЕМ

Көктем келді, қар кетті,
Тырна көкте әндетті.
Көк торғынға оранды
Сеңгір таулар сәулетті.

Сарқырады бұлақтар,
Жарқырады қыраттар.
Сағым ойнап, көзді алдап,
Жақын тартты жырақтар.

Көбелектер көлбеңдеп,
Құстар сызды көлде өрнек.
Дала киіп гүл көйлек,
Жадырады жер мен көк.

Көрсең енді қоянды,
Көкшіл түске боянды.
Аюлар мен аралар
Ұйқысынан оянды.

Аяқтанып төл кетті,
Мал жайлауға төрлетті.
Машинаға бөгет жоқ,
Тау ішінде жол кепті.

Күн қызуы ұласты,
Жібіді сай, қыр асты.
Көктемде алғаш күркіреп,
Жаздың бұлты тіл ашты.

ГҮЛ

Нұрын төксе көктен күн,
Құлпыруды сүйетін,
Гүл – көйлегі көктемнің,
Қырға шықса киетін.

Жібігенде жер төсі,
Жасанып қыр жадырар.
Гүл – даланың көрпесі,
Жазғытұрым жамылар.

Гүлдер өссе далада,
Қуанады бал ара.
Күлімдейді ана да,
Шаттанады бала да.

Омарташы сақ тұрар
Түнді қойып, күндіз де.
Гүлден шығар тәтті бал,
Ешқашанда гүлді үзбе!



АЛМА АҒАШ

Айдын көлді сағынып,
Қаздар қанат қақты бір.
Ақ бантигін тағынып,
Алма ағаштар атты гүл.

Асқарда жан сақтаған,
Қарайды қыс сыздана.
Алма ағаштар қаптаған –
Ақ бантикті қыз бала.

Басын қосып жиылып,
Ақылдасып тұрғандай.
Бұтақтары иіліп,
Бізге сәлем қылғандай!

ТАЛ ШЫБЫҚ

Көктемде бір тал шыбық
Тұра қалды шаншылып.
Жаңбыр жауса жымыды,
Мөлдір суға малшынып.

Күннің нұры құйылды,
Бойына нәр жиылды.
Қуаныштан би билеп,
Мың бұралып иілді.

Күннен-күнге су тілеп,
Күннен-күнге нұр тілеп,

Жапырағы жамырап,
Шыға келді дүркіреп.

Кездерінде сусаған,
Құйып жүрдім су соған.
Күшім текке кетпеді
Айлар бойы жұмсаған.

Талай күнді батырды,
Талай таңды атырды.
Бұтақ жайып, бой түзеп,
Саясына шақырды!

ҚАРЛЫҒАШ

Амансың ба, қарлығаш,
Адал досым айнымас!
Жүдеп қалған жоқсың ба,
Болған жоқ па қарның аш?

Жемің дайын, көр, міне,
Керек саған енді не?
Қанатыңның астыңда
Көктем бұғып келді ме?

Нәзік жүнің үлпілдеп,
Ақ тамағың бүлкілдеп,
Отырғандай боласың:
«Су болса екен, шіркін!» – деп.

Мекендей ғой, қарлығаш,
Бола қоймас қарның аш!

Сақ болғайсың, момыным,
Ұяңды кім аңдымас?..

ҚОШАҚАН

Майса жұлып берейін,
Маңырама, қошақан.
Өзім жайып келейін,
Жамырама, қошақан.

Күн шуақты май айы
Тоңдыра ма, қошақан?
От қой үйдің маңайы,
Көп ұзама, қошақан.

Сен өскенше марқайып,
Күз келеді, қошақан.
Ай мүйізің қайқайып,
Сүзбе мені қошақан.

Қанып ішіп қайнардан,
Көк шалғынға көміліп,
Қайтасыңдар жайлаудан,
Тоқты болып семіріп.

АҚСАҚ ҚОЗЫ

Кешкі дала гүл жапқан,
Тұрды бір сәт нұр атып.

Көрінді атам қыр жақтан,
Қойын төмен құлатып.

Шошаң етер таяғы,
«Шәйт!» дегенде тіл қатып.
Ат үстінен қояды,
Шалғы мұртын ширатып.

Қойын қоса қайырып,
Майлыаяғы қалмайды.
Қойторысы жайылып,
Жерден басын алмайды.

Атам ылғи қол ұшын
Қошақанға береді.
Күні бойы сол үшін
Қой соңына ереді.

Жамбастады батар күн,
Ол да шаршап қалды ма?
Ақсақ қозы атамның
Мініп апты алдына!

БҰЗАУҚАН

Сүтке қарның тойынса-ақ,
Ойнақтайсың ойын сап.
Шап, құмарың тарқасын,
Түрулі ғой мойыншақ.

Шапқыламай жүрмейсің,
Ойлы-қырға бірдейсің.

Шөпті иіскейсің тұра қап,
Ал жайыла білмейсің.

Әлі-ақ өсіп толасың,
Дәу тайынша боласың.
Сүт емуді қоясың,
Балаусаға тоясың.

ЖАЗ

Жазым келді жарқылдап,
Қазым келді қаңқылдап.
Гүлге қонды көбелек,
Қос қанаты қалтылдап.

Сүйіп күннің шапағын,
Тау шешті аппақ шапанын.
Күлтеленді қурайлар,
Төгіп бұйра шашағын.

Көкте қызыл-жасылды
Кемпірқосақ асылды.
Жарлауытты жағаны
Жапырақтар жасырды.

Ат қып мініп сасырды,
Салдық біз де асырды.
Бие байлап жылқышы,
Сары қымыз сапырды.

Жаңбыр жуып жас талды,
Жоталар гүл жастанды.
Кең жайлаудың төсінде
Қызық-думан басталды.

ЖАЙЛАУДА

Сүңгіп шүйгін қойнауға,
Қозы бағам жайлауда.
Қозы-лақпен жарысып,
Жайлау жақсы ойнауға.

Іші пысса қозылар,
Асыр салар кезі бар.
Қайт дегенге қайтпайды,
Емес олар сөз ұғар.

Шапқылаумен терлеймін,
Қашуға ерік бермеймін.
Таудан түссе, түсемін,
Тасқа өрлесе, өрлеймін.

Тайым тынбай желістен,
Шаршап қайтам өрістен.
Өзіме өзім риза боп,
Келе жатам мен іштен...

ОМАРТАШЫ

Омарташы мекені –
Оңаша тау арасы.

Жаздай еңбек етеді,
Баққаны – бал арасы.

Аралардың біледі
Құпиясын ол қанша,
Бақылайды үнемі
Бал шелегі толғанша.

Ара қайда барғанын,
Қандай шырын сорғанын,
Ажыратар табанда –
Татса болды бал дәмін.

Нәр алсын деп аралар,
Гүл өскенін тілейді.
Бал жесін деп балалар,
Тауда жалғыз түнейді.

ПШЕНДЕ

Өсті өлкенің шалғыны,
Атам салды шалғыны.

Көмектеспей атама,
Апам үйде жата ма?..

Қолына алып ашаны,
Апам көпе жасады.

Мен де өзімше тырбанып,
Шөп жинадым, тырма алып.

Қызықтырды керемет
Қызыл, жасыл көбелек.

Қусам қырдан әрі асып,
Кетпес пе екем адасып?!

Атам әлде ұрса ма,
Жұмыс бар ғой мұншама.

Бос жүріп ем қанша күн,
Бүгін қатты шаршадым.

Сыр бермедім бірақ та,
Түсіп шықтым бұлаққа.

Атамды апам шақырып,
Сары қымызды сапырып,

Ішіп едік қанып біз,
Көп отырып қалыппыз.

Бесін ауды айналып,
Жүрмін жіпсіз байланып.

Келді менің ойнағым,
Достарымды ойладым.

Ойын бар ма асықтай,
Тұрам қалай асықпай?!

Болды, міне, екінді,
Шегіртке ән сап, секірді.

Ал атам мен апам еш
Шаршамайтын секілді.

КӨКПАР

Ат қып мініп көк талды,
Ала қаштық көкпарды.
Достың тартып шылбырын,
Додаластық шын бүгін.

Шыдамсыздар салды дау,
Біз дегенің нармыз-ау.
Жетсек үйге күн бата,
Жамырапты бар бұзау.

ӘТТЕҢ, ШІРКІН...

Қамшы өтті де етінен,
Аттар көкке секірді.
Қарап тұрсаң, шетінен
Бәрі тұлпар секілді.

Кетті дода басталып,
Керегі осы батылға.
Бірі лақты бас салып,
Басты бірі тақымға.

Кірген адам додаға,
Болады отқа кіргендей.

Қалың атты
Далада
Құйын болып жүргендей.

Қалың топтан суырылып,
Шықты бірі сол бір шақ.
Жер апшысы қуырылып,
Көтерілді шаң бұрқап.

Жеткізер ме жарау ат,
Қалып қойдық қалудай.
Көкпар осы, ғаламат,
Дүркіреген дауылдай.

Тайымызды шаң басып,
Артта қиқу саламыз.
Қалар едік жармасып,
Әттең, шіркін, баламыз!

ӨТКІНШІ

Жалбыр бұлтын сілкілеп,
Жауын өтті сіркіреп.
Жасыл орман тұнжырап,
Жапырақтар тұр жылап.

Туырлыққа іркілген
Тамшы тұрды үйге өтпей.
Сұр құлыным сілкінген,
Судан шыққан үйректей.



БҰРШАҚ

Төбемізден төнеді,
Төбемізден төгеді.
Табиғаттың маржаны
Тіпті неткен көп еді.

Шалғын ішін аралап,
Тердім бұлақ жағалап.
Тізер едім моншақ қып,
Еритіні жаман-ақ!

ЖАҢБЫР

Жаңбыр жауды,
Селдетті.
Дала, тауды
Көлдетті.
Бұзауқандар ықтады.
Үй артынан шықпады.
Жорғалаған
Бөдене
Қорғалады
Көдеге.
Бұлақ біткен тулады,
Бала біткен шулады:
– Жаңғыр, жаңғыр,
Төңірек!
Жаңбыр, жаңбыр,
Төгіп өт!

ЖАҢБЫРҒА ЕКІ ӨТІНІШ

1

Көктем бұлты көңілді,
Қуантады өңірді.
Балалар да қарсы алар,
Былай-былай ән салар:

– Жау, жау, жаңбыр, көбірек,
Гүлге орансын төңірек.
Шалғын өссін жайқалып,
Егін өнсін тезірек!

Біздің жаққа жиі кеп,
Әлсін-әлсін құйып өт.
Қазір егер көп жаусаң,
Жердің берер сыйы көп.

2

Күзде болса күн бұлттау,
Маңай тартар сұрғылттау.
Балалар да көңілсіз,
Тілек айтар тек үнсіз:

– Жаума, жаңбыр, бұл маңға,
Жауамын деп бұлданба!
Егін жатыр жиналмай,
Бидай ашық қырманда.

Жата алады кім күзде?
Жұмыс – түн де, күндіз де.
Жаумай-ақ қой, жаңбыр-ау,
Қымбат ашық күн бізге.

Не табасың күзде сен,
Қол ұшын бер бізге сен!
Қайда көктем, сонда бар,
Жауатын жер іздесең!..

БАСТАУ

Шөлдеп келіп қаталап,
Бала жұтты жата қап.
Бастау бейне тостаған,
Тұнық суын тосты оған.

Құлын келді шапқылап,
«Қайдасың, – деп, – ақ бұлақ!» –
Бастау бейне тостаған,
Тұнық суын тосты оған.

Қосылғандай жамырап,
Қозы келді маңырап.
Бастау бейне тостаған,
Тұнық суын тосты оған.

Аптап ыстық, шөл қысып,
Балапан да келді ұшып,
Бастау бейне тостаған,
Тұнық суын тосты оған.

Бәрі шөлін қандырды,
Бастауға алғыс жаудырды.
Ішіп кетті тік тұрып,
Қалды бастау түп-тұнық.

Шөлден тілі салақтап,
Күшік келді алақтап.
Бастау бейне тостаған.
Тұнық суын тосты оған.

Шомылғандай астауға,
Түсті күшік бастауға.
Шолпылдатып аунады,
Үстінен кір саулады.

«Жатуыңа шіреніп,
Берді өзі, – деп, – кім ерік?!» –
Шыға келді ақ бастау,
Қап-қара боп түнеріп.

ТҮН

Төсегіне күн жатты,
Жердің бетін түн жапты.

Маужырады шың-құздар,
Көзін ашты жұлдыздар.

Орман күңгірт, күңгірт көк,
Құстар қалды жым-жырт боп.



Бергеннен соң түн хабар,
Тәтті ұйқыға кірді олар.

Жылқы жусап далада,
Қой ұйықтады қорада.

Ұясында тауықтар,
Оған қандай қауіп бар?

Күні бойы безектер,
Ұйықтап кетті көжектер.

Мысық пештің түбінде,
Тышқан терең інінде.

Күшік қана қырағы,
Көзін ашып-жұмады.

Көнген түннің ырқына,
Бәрі ұйқыда, ұйқыда.

Бөбектер де мүлгиді,
Ай ақырын жылжиды.

Көз ілмейтін таңға ұзақ,
Өзен ояу жалғыз-ақ.

«Ұйықтай алар түрім жоқ!» –
Дейді қатты гүрілдеп.

Күндіз-түні жарқырап,
Аға берер сарқырап.



Шаршамайтын себебі:
Күтіп отыр ел оны...

ШАЛҒЫНЫҢ СӨЗІ

Мен шалғымын, шалғымын,
Алты ай қыста қалғыдым.
Жазбен бірге менің де
Оралады ән-жырым.

Жазда тыным жоқ маған,
Таңнан тұрып шөп шабам.
Таудай-таудай маялар
Үйілгенше тоқтаман.

Жүзіп келем шалғында,
Уақытым жоқ қалғуға.
Қызу іске кірістім,
Белді буып алдым да.

Көлдей қылдым көпені,
Шөп дегенің жетеді!
Басқан тоттан тазарып,
Жүзім жалт-жұлт етеді.

Ойлайтыным – мал қамы,
Қыстың жайы алдағы.
Шөп шабылса әуелі,
Уайым емес қалғаны!



СИЫР БҮЛДІРГЕН

Тілімді сен үйірдің,
Теруге мен үйірмін –
Бұжыр-бұжыр бүлдірген,
Бүйрегіндей сиырдың.

Өзен-судың бойында,
Биікте емес, ойында,
Мәуе болып өлесің,
Түсің ұқсас мойылға.

ТАҢҚУРАЙ

Уылжып сарша тамызда,
Таңқурай толып піседі.
Үзіп ап салсаң ауызға,
Таңдайға тати түседі.

Солқылдақ қурай сабағы
Гүлдейді қаулап көктемде.
Қуалай сулы жағаны,
Өседі таулы бөктерде.

Тарқамас жаздың қызығы,
Серуенге шықпай қоймайсың.
Таңқурай – таудың жүзімі,
Жесең де қанша тоймайсың.



ТАУ ГҮЛІ

Асып қиын шатқалды,
Басып мұзды, ақ қарды,
Шығамыз біз шаншылған
Биік шыңға жақпарлы.

Көкке жетіп төбеміз,
Тау гүлдерін тереміз.
Тастан-тасқа орғыған
Таутекені көреміз.

Қонған ұшпа құздарға,
Таңырқаймыз мұздарға.
Нәзік гүлдер шыдаған
Қайтіп мынау ызғарға?

Қызықтырар көзіңді,
Тау гүлдері төзімді.
Қиындыққа дәл сондай,
Көндіріп бақ өзіңді.

КӨБЕЛЕКТІҢ ЖЫРЫ

Көріп жаздың қызығын,
Гүлден-гүлге самғаймын.
Гүлдің ерке қызымын,
Гүлден өзім аумаймын.

Шаршағанда,
Бірғалып,
Гүл үстінде демалам.



Қанатымды бір қағып,
Демде қайта жоғалам.

Десе гүлді дала бар,
Қос қанатым талмайды.
Мені көрсе, балалар
Қыр соңымнан қалмайды.

Сол бір жері дегенмен,
Қабырғама батады.
Тақиялар төбемнен
Төніп келе жатады.

Кейде зәре жоқ мүлдем,
Балақаннан бас бұғам.
Сан құтылып кеттім мен,
Алақандар астынан.

Жете алам ба кім білсін,
Шақырып тұр гүлді алап.
Тимесе екен бүлдіршін,
Ойнай берсін қуалап.

КҮНБАҒЫС

Келе жатса таң атып,
Шұғыласын таратып,
Бетін бұрар күнбағыс,
Күншығысқа қаратып.



Қалқайып ап құлағы,
Тосады да тұрады.
Күн құрғатпай иіліп,
Күнге сәлем қылады.

Телміреді күнге алыс,
Күнді ғана тыңдағыш.
Кіп-кішкентай локатор –
Аунап тұрған күнбағыс.

АҚ ТӨБЕТ

Ақ төбет-ау, ақ төбет,
Ақылды да сақ төбет.
Атам түнде тынықсын,
Қой қораны бақ, төбет.

Ақ төбет-ау, ақ төбет,
Бар ма сенен сақ төбет?
Қонақ келсе ауылға,
Абаламай жат, төбет.

Ақ төбет-ау, ақ төбет,
Сырттан төбет, сақ төбет.
Қасқыр келсе маңайға,
Қуып таста, қап, төбет.



СЕРКЕ

Семсер мүйіз серкесің,
Қой ішінде еркесің.
Қысы, жазы отарды,
Өз соңыңда ертесің.

Жазда жайлау даласын
Шарлап, шүйгін табасың.
Қыста омбыны опырып,
Тебінге жол саласың.

Қара нөсер жауында,
Қаптай соққан дауылда,
Адастырмай отарды
Жеткізесің ауылға.

СІРГЕ

Тайыншамның мұрнында
Қолапайсыз сіргесі.
Томсырайып тұр мұнда,
Су көтермей сіркесі.

Енесіне жанасып,
Болмаған соң мазалап,
Сиырға атам жаны ашып,
Қойды мұны жазалап.



АҚ БОТАМ

Жібек ноқта тақты апам,
Жабырқама, ақ ботам.
Бәлкім жүдеп қаларсың,
Өзім бағып-қақпасам.

Әлде ашығып қалдың ба,
Жүздірейін шалғынға.
Тез орныңнан тұра ғой,
Үйір болма қалғуға.

Болсаң егер шөлдеген,
Апарайын көлге мен.
Кәне, кәне, тұра ғой,
Жатып алмай көлденең.

БҰҒЫ

Жайылады майсаға,
Ішіп судың тұнығын.
Көк орманды сай-сала –
Кең өрісі бұғының.

Әрқалай күн кешеді,
Екі түрлі бұғы бар.
Бірі қолда өседі,
Бірі түзде шұбырар.

Тундрада, Тайгада
Одан көлік аспайды.

Түтеп тұрсын айнала,
Адаспайды, саспайды.

Желдей жүйрік бұғылар
Жарысады желменен.
Жалт-жұлт етіп зымырар
Ойлы-қырлы жерменен.

ЕШКІЛЕР ӨКІНІШІ

Алдан жайлап есті жел,
Желдеп кетті ешкілер.
Тастан-тасқа өрледі,
Демеді күн кешкірер.

Кете барды биіктеп,
Кететіндей киік боп.
Шопан жоқта бар ерік
Өздеріне тиіп тек.

Қойлар айтты: «Ешкілер,
Қайтыңдар, күн кешкірер!» –
Ешкілерге бірақ та,
Қашан, шіркін, ес кірер.

Тарта берді тау асып,
Шүйгін шөпке таласып.
Күн кешкірді, далада
Қалып қойды адасып.

Қас қарайды, түн болды,
Аттап басу мұң болды.
«Ау-у-у!» – деді қасқырлар,
Қаңғыбастар жым болды.

Жандарынан түңілді,
Бір-біріне үңілді.
Енесінің баурына
Лақтары тығылды.

«Әттеген-ай, көп қойды
Тыңдамап ек!» – деп қойды...

САБА ПІСТІМ

Саба толды іркілдеп,
Майы шығып кілкілдеп.
Пісіп едім, жөнелді
Қос бүйірі бүлкілдеп.

Аққандай бір күркілдек,
Арсы-гүрсі күршілдеп,
Піскен сайын қуанды:
«Шіркін, шіркін, шіркін!» – деп.

Пісе бердім жалықпай,
Пісе бердім талықпай.
Лыпылдады піспегім,
Суда жүзген балықтай.

Пістім санап бес мыңды,
Даусым сыртқа естілді.
Күндегідей көмекке
Шақырмадым ешкімді.

Тер құйылып үстімнен,
Бір азапқа түстім мен.
Есесіне ертесін
Балдай қымыз іштім мен!

БАЛМҰЗДАҚ

Мұздай қаймақ, шекерден
Жасаған ба, балмұздақ?!
Өте шықтың шекемнен,
Асағанда, балмұздақ!

Татпағандар арманда,
Балдайсың-ау, балмұздақ!
Қайта ауылға барғанда
Болмайсың-ау, балмұздақ!

Тек қана осы қалада
Қаламысың, балмұздақ?!
Ауылдағы балаға
Барамысың, балмұздақ?!

ҚАРА КҮШІК

Дегендей-ақ: «Бұл не, бұл –
Тағы шыжып барады?».

Қара күшік күнге бір
Сығырая қарады.

Итаяғын жалап ап,
Көк желкесі құрыстап,
Көлеңкені сағалап,
Жата кетті тыныстап.

Үйден шығып бала да,
Тартты өзенге заматта-ақ.
Оңдайда бұл қала ма,
Еріп кетті салақтап.

«Ой, тамаша, тамаша!
Мұнда қызық қараса:
Суға сүңгіп балаша,
Құмға аунаса, қаласа!».

Жүзіп жүрген балаға
Су бетінде сырғанап,
Қара күшік жағада
Аузын ашып тұр қарап.

Алды-артына қарамай,
Кетер еді сүңгіп-ақ.
Әттең, шіркін, баладай
Жүзе алмайды бұл бірақ...

ШІЛДЕДЕ

Шіліңгір ыстық шілдеде
Даладан жұпар аңқиды.

Суымай ауа түнде де,
Денеңді лебі шарпиды.

Сирейді жаңбыр шілдеде,
Соқпайды жел де азынап.
Жатады ылғи іргеде,
Көлеңке қуып қозы, лақ.

Шілдеде шалғын ұзарып,
Сарғаяр егін алабы.
Қарақат пісіп қызарып,
Көзіңнің жауын алады.

Жылиды суы көлдің де,
Балалар шулап мээ-мейрам.
Жүресің тойлап сен күнде,
Думанға толы жаз – мейрам!

ЖАПЫРАҚТАР

Жапырақтар шулайды,
Жел тынбаса, тынбайды.
Жаңбыр келіп жумаса,
Бірі бетін жумайды.

Тұрғаны ылғи шаң басып,
Бұлт келмесе тауды асып.
Дауыл соқса, қолдасар
Бір-біріне жармасып.

Шөлдегені батады-ақ,
Шеттерінен қаталап!
Бұлт көрінсе, жабыла
Соғып берер шапалақ!..

АҚҚУЛАР

Аққулар-ау, аққулар,
Күз алыс па, жуық па?
Неге қанат қақтыңдар,
Көлдің суы суық па?

Қандай мекен таптыңдар,
Онда мұндай көл бар ма?
Айтыңдаршы, аққулар,
Біздің жердей жер бар ма?

Әлде көкте саңқылдап,
Қайтқыларың келді ме?
Сайрандаңдар салқындап,
Айдын-шалқар көл, міне!

ҚАЗ БЕН ЖАЗ

Қаз жүреді қаздаңдап:
«Кетпейсің ғой, жазым?» – деп.
Қояды оны жаз да алдап:
«Кетпеймін ғой, қазым!» – деп.

Жаз бір түнде кетеді,
Күзден қашып, жан сақтап.
Жасқа толып етегі,
Қаз қалады жалтақтап.

Қаз қаңқылдар сасқаннан:
«Қайдасың, – деп, – жазым-ау?»
Жаз айғайлар аспаннан:
«Қош боп тұр, – деп, – қазым ау!».

КҮЗ

Жапырақтар сап-сары,
Қонып жатыр жерге кеп.
Қызықтап бау-бақшаны,
Шаттанады балбөбек.

Егін пісіп далада,
Қырманға дән сыймайды.
Үлкенге де, балаға,
Күз қуаныш сыйлайды.

ЖЕЛ

Жел соғады екпіндеп,
Шайқамаққа көлдерді.
«Сонша неге кептің?» – деп,
Жайпамаққа шөлдерді.

Дауылдатып жөнелер,
Толқынды қақ айырып.

«Өлдім!» – десе шөл егер,
Бұлтты әкелмес қайырып.

Жер менен көк шулайды,
Жел бір соқса, тынбайды.
Ызылдатып қурайды,
Өзі ғана тыңдайды.

ЖАҢҒЫРЫҚ

Өзеннің дауысы
Жартас пен жарды ұрып,
Күмбірлеп тау іші
Тұрады мәңгілік –
Жаңғырық!
Жаңғырық!

Шатқал-күз, сай-сала
Ұйқтаған мәңгіріп,
«Әу» десең ән салар
Өзіңді таң қылып –
Жаңғырық!
Жаңғырық!

Айқайла қаншама
Өңешің талдырып,
Қайталар соншама
Жалықпай жаңғырып –
Жаңғырық!
Жаңғырық!

Не жоқ деп мынаған,
Дауыс деп бұл қандай?
Тасада бір адам
Мазақтап тұрғандай.

ҚҰСТАР КӨШІП БАРАДЫ

Суық түсті деді ме,
Көшті құстар қайтадан.
Қош айтқандай еліне,
Әлдене деп айтады ән.

Бірі қалмай бірінен,
Қалықтайды аспанда.
Шіркіндердің, шынымен,
Жанарында жас бар ма?

Атам көкке қарады,
Не ойлады?
Ол – жұмбақ.
Құстар көшіп барады,
Қала бердім қол бұлғап.

ҚОЛШАНА

Қолшананы үйдегі,
Бала сыртқа сүйреді.
Қарды көріп қолшана,
«Алақайлап!» биледі.

Жетегінде баланың
Құлдырауы-ай шананың!
Сүйкеп-сүйкеп жіберді
Таза қарға табанын.

Қарға аунаса зырқырап,
Тұра ала ма кір шыдап?
Тот боп тұрған табаны
Шыға келді жылтырап.

Алып шыққан далаға,
Алғыс айтып балаға,
Көппен бірге қуанып,
Шапқылап жүр шана да.

АЯЗ АТА

Әлде қарлы, боранды,
Тау басынан түсті ме?
Аяз ата оралды,
Ақ тон киіп үстіне.

Сары аязды, боранды,
Болды ма әлде Сібірде.
Аяз ата оралды,
Есік қағып іңірде.

Ақ қырауға малынған,
Сақалы да, мұрты да,
Аяз ата сағынған
Сәлем берді жұртына.



Жібек шапан етегі,
Судыр-судыр етеді.
Базарлығы мол екен –
Бәрімізге жетеді.

Аяз ата ортада,
Жымың-жымың қараймыз.
Сағыныппыз соншама,
Босатамыз қалай біз?!

Бізбен бірге ән салып,
Бірге ойнайды атамыз.
Тамашаға тамсанып,
Рақатқа батамыз.

ЖАУА БЕР, АҚША ҚАР

Жауа бер, өлкеме,
Ақ түбіт – ақша қар.
Оранып көрпеңе
Ұйықтасын бақшалар.

Жауа бер асыға,
Жанымды сүйсіндір.
Бұталар басына
Ақ бөрік кисін бір.

Ырыс боп жауа бер,
Ертеңгі өсетін.
Қуансын қара жер,
Қуансын көшетім.



Көк аспан желпісін,
Ұлпаңды мамықтай.
Көктемнің көркі үшін
Жауа бер, жалықпай.

МАЛ АЛДЫНАН ШЫҒАМЫН

Қойын айдап, тепеңдеп,
Қайтады атам өрістен.
Күн бұзылмаса екен деп,
Тілеп тұрам мен іштен.

Маубас емен іңірден
Пеш түбінде қалғыған,
Баламын зыр жүгірген,
Шығамын мал алдынан.

Отарына ілесіп,
Шольп қыр мен жотаны,
Жауырыны сіресіп,
Атам келе жатады.

Шаршағаны жаңағы
Қас-қағымда басылып,
Мені көрсе, қабағы
Сала берер ашылып.



ҚАР

Қарқылдаса қарғалар,
Жапалақтап қар жауар.
Жолға шығып шаналар,
Демалады арбалар.

Зуылдайды шаналар,
Шуылдайды балалар.
Жапалақтап қар жауса,
Қарға оранар қалалар.

Жалт-жұлт етіп табаны,
Коньки мұзда ағады.
Мұз астында балықтар
Қалай жанын бағады?

Боран ән сап жондарда,
Сықырлайды жолдар да.
Көшелерге шығады
Кезек тиіп, тондар да.

Тастаса қыс жолақтап,
Дала да – аппақ, жол – аппақ.
Отырады ұлпа қар
Бұтақтарға қонақтап.

Жел қозғаса ұшады,
Жерді барып құшады.
Ашуланса, аспанның
Бұрқырайды құшағы.



БОРАН

Боран, боран, борама,
Түтеп кетсең бола ма?!
Атам қайтсын өрістен,
Қойлар енсін қораға.

Боран, боран, долданба,
Орғып дөңнен, ордан да.
Құстар қонсын ұяға,
Аңдар кірсін орманға.

Неткен содыр борансың,
Асықпа әлі борарсың.
Ел орынға отырсын,
Жолаушылар оралсын.

Сонан кейін гуілде,
Мұржалардың түбінде.
Тыңдап тынбас әніңді,
Отырайын үйімде.

АҚПАН АЙЫ

Бұрқыраса басылмайтын,
Бар ашуын жасырмайтын,
Шарт сынатын батырлардай
Басынан сөз асырмайтын –
Ақпан айы, ақпан айы.

Ақ бурадай сақылдайтын,
Адасқанды тақымдайтын,

Қыстың соңын тез бітіріп,
Көктемге өзі жақындайтын –
Ақпан айы, ақпан айы.

Боранды күн дала қандай!
Көз қызығып қарағандай.
Ақ тон киіп, ақбоз мініп,
Құйындатқан ағалардай –
Ақпан айы, ақпан айы.

Бүркемелеп асқарды айқын,
Қарлы дауыл аспандайтын,
Қайтпас, қайсар мінезі бар,
Жауынгердей жасқанбайтын –
Ақпан айы, ақпан айы.

ТҰМАН

Бауырына басты да
Аппақ тұман жайлана,
Ақ теңіздің астына
Сүңгіп кетті айнала.

Тау басынан түсті ме,
Әлде алыстан жетті ме?
Біздің ауыл үстіне
Жатып алды шөкті де.

Асықпайды аптығып,
Бұлттай шұбап желмейді.

Дейін десем ақ түбіт,
Қолға ұстауға келмейді.

ШІЛДЕР

Борайды боран,
Деп: «Қарға оран!» –
Қалтырап құстар,
Қорқады одан.

Шошиды торғай,
Зәресі қалмай.
Қарқылдар қарға:
«Суық, – деп, – қандай!».

Жоқ барар туыс,
Іздейді қуыс.
Баспана табу –
Ең қиын жұмыс.

Қалмайтын қапыл,
Бәріне мақұл,
Мұндайда шілдер
Табады ақыл.

Қар астын үңгіп,
Жатады мүлгіп.
Билейді боран,
Үстінен ырғып.

Қар асты жылы,
Біледі мұны.

Шілдердің мынау
Айтатын жыры:

«Біз – көп шілміз, көп шілміз,
Шетімізден көпшілміз,
Көпті қорқыта алмайды,
Сары аяз бен көкшіл мұз.

Ажырамас іргеміз,
Жазы-қысы біргеміз.
Қар астының қашаннан
Қасиетін білгеміз!».

ЖАПАЛАҚ

Ақ шапанын тау киіп,
Қыс келгенде қар құйып,
Жабырқайды жапалақ,
Жар басында жарбиып.

Келер жан жоқ хал сұрап,
Дірілдейді қалтырап:
Қар астында қалған соң,
Қара тышқан, саршұнақ.

«Азығым жоқ, үйім жоқ,
Не болады күйім? – деп,
Сары уайымға түседі, –
Қоян алу қиын!» – деп.

«Жапалақ-ау, жапалақ,
Жер тепкіле, жата қап!» –

Деп күледі мазақтап,
Қырғи соғып шапалақ.

КЕЛ, КЕЛ, МЕНІҢ ҚҰСТАРЫМ!

Қыста суық қысқа күн,
Құс ойлай ма қыс қамын.
Жем шашайын аулаға,
Кел, кел, момын құстарым!
Мамық жүнді момындар,
Кел, үрікпей қоныңдар!

Жауса, мейлі, қалың қар,
Еркін қанат қағыңдар.
Суық, аяз сормасын,
Жемге тойып алыңдар.
Мамық жүнді момындар,
Кел, үрікпей қоныңдар!

ТҰМАҚ

Жазда атамның тұмағы
Төрде ілулі тұрады.
Қар жауып, қыс келгенде,
Қайта сыртқа шығады.

Әжем тіккен былтыр-ақ,
Түлкі тұмақ – бұл тұмақ.
Аппақ қарға соққан соң,
Шыға келді жылтырап.

Шаңы кетіп тысынан,
Тазарды бар ысынан.
Тұмақ үшін өзінің
Артық не бар қысынан.

Малақай да асыл ма,
Түлкі тұмақ қасында?
Қып-қызыл боп, атамның
Құлпырады басында.

Босқа тұрып налыпты,
Іші пысып қалыпты.
Қыс келді деп, құлағы
Едірейіп алыпты.

ШАНАМЕНЕН КЕЛЕМІН

Мықтап ұстап делбені,
Ағып келем кең жолмен.
Итереді жел мені
Кейін қарай кеудемнен.

Еңістерден шана тік
Құйылғанда, тістенем.
Шапқан атты боратып,
Тартып келем күшпенен.

Шетке соқсам, шанамды ат
Кете ме деп төңкеріп,
Қарап қоям алаңдап,
Алдын-ала жер шолып.

Арындаған ат мынау,
Танауынан бу атып.
Жұлдыздай бір ақтым-ау,
Кетпесе екен құлатып.

Жеттім талай асып қыр,
Көріңді ауыл қарасы.
Атам неге тосып тұр,
Қорқып тұр-ау, шамасы...

ШАҢҒЫШЫ

Қос таяғым – тіреніш,
Алдым – бір өр, бір еңіс.
Қар бетіне ізіммен
Тартып келем рельс.

Байқап алмай алдымен,
Бір дөңестен қарғып ем,
Ұшып түстім қалпақтай,
Бұрқ еткізіп қарды мен.

Әй, бүлдірдім, бүлдірдім,
Көргендерді күлдірдім.
Әттеген-ай, түп-түзу
«Рельсті» сындырдым!

МҰЗТАБАН

Сақам тұрмай қойғасын,
Құйдым ойып қорғасын.

Алып атам егеуін,
Әдемілеп егедім.

Үйіріп ем кідірмей,
Алшы түсті мүдірмей.

Қай жерінен мін табам,
Болды нағыз мұзтабан.

СЫНЫҚ БҰТАҚ

Сынды бұтақ,
Қалды төмен салбырап.
Тұрды жұтап,
Жапырағы жалбырап.

Көп жылады,
Үн шығармай ішінен.
Қалжырады,
Айырылып күшінен.

Ешкім көріп,
Қамқорлыққа алмады.
Ешкі келіп,
Жапырағын жалмады.

Назаланып,
Жасын төкті сол бұтақ.
Жараланып,
Таңылмаған қол құсап.

КҮЙШІ ҚАРАҒАЙ

Оқшау – орман шетінде,
Таудың күнгей бетінде,
Жүз жыл тұрды қарағай,
Күн мен желдің өтінде.

Сонысына қарамай,
Мықты еді бұл қарағай.
Шымыр еді шыныққан,
Майдан көрген ағадай.

Қарап тұрып қарадай,
Ыңылдайды қарағай.
Әр бұтағы ән салып,
Уілдейді баладай.

Барсаң орман аралай,
Өте шықпа қарамай.
Домбыра үшін осы ғой,
Таптырмайтын қарағай.

Әдейі іздеп барды да,
Шебер көріп қалды да:
Жасамаққа домбыра,
Кетті кесіп алды да.

Бірнеше күн жонды да,
Жасап шықты домбыра.
Сөйлеп кетті қарағай,
Қолға келіп қонды да!



СЕКСЕУІА

Бұтақтарың төксе гүл,
Құлпырасың көктемде.
Сарыбарақ сексеуіл,
Саған отын жеткен бе?!

Аптапта шөл қысса да,
Қурамайсың, азбайсың.
Мейлі жазы, қыста да
Отқа жақсам маздайсың.

Боран басып қалса да,
Сілкінбейсің тік тұрып.
Бой берместен балтаға,
Көрсетесің мықтылық!

ТАЛ БЕСІК

Су құйған соң шелектеп,
Өсе берді тал ептеп.
«Түбінде бір, әйтеуір,
Қалармын, – деп, – керек боп!».

Ақтады да еңбекті,
Бұтақтанып ер жетті.
Бөбегіндей әлдилеп,
Жел кеп оны тербетті.

Тұрды солай тербеліп,
Жүрді талай ел көріп.

Алып кетті бір шал кеп,
Бірде оны өңгеріп.

Шал бекерге келмепті,
«Немерем!» – деп терлепті.
Талдан бесік жасалып,
Балбөбекті тербетті.

МАҚТАНШАҚ ҚАҢБАҚ

Қатты соқты жел кенет,
Қаңбақ ұшты дөңгелеп.
Жүре-жүре қалбаңдап,
Шықты ақыры дөңге кеп.

Осы арада жел тынды.
Қаңбақ тоқтап желпінді:
– Шыңға шыққан мынандай,
Кім бар, сірә, мен сынды!

Ойпаң енді не теңім,
Биік тұғыр – мекенім.
Өрлей берсем осылай,
Бәлкім, көкке жетемін.

– Құландай ем қырдағы,
Қыран болдым шыңдағы, –
Деген сөзін қаңбақтың
Жел қитығып тыңдады.

Тиді желдің шамына,
Қайта соқты қағына.
Қағып ала жөнелді,
Ойға қарай тағы да.

Дедектеді домалап,
Өзін-өзі сабалап.
Мақтаншаққа мұндайда
Әй, обал-ақ, обал-ақ!..

ТҮЙЕЛЕР

Түйе, түйе, түйелер,
Ойпаң жерде үйелер.
Күлтөбеге көп аунап,
Үсті-басын күйелер.

Өркештері баладай,
Сандары үлкен сабадай.
Маңа берер маңқиып,
Қатер бар деп қарамай.

Жүк көтеріп төбедей.
Құмда жүзер кемедей.
Аштыққа да, шөлге де
Шыдар бір ай елемей.

Оты қанған болса егер,
Бір шөккеннен мол шөгер.
Ұзақ жатып тынықса,
Ұзақ, ұзақ жол шегер.



БУРА

Шолып тұрмын даланы,
Қырға шығып,
Бір топ түйе барады
Бірғатылып.

Желкілдеген жел қағып,
Шудасын-ай!
Селкілдеген долданып,
Бурасын-ай!..

Шынымды айтсам сондағы
Турасынан,
Қорқып тұрдым сондағы
Бурасынан.

Құғаны бір анада,
Түсті есіме.
Қырдан енді бола ма
Түспесіме?

Тұра алады ұрынса,
Құр қарап кім?
Маған қарай бұрылса,
Зырламақпын...

ҚҰНАН

Саған мінсем, құнаным,
Зуылдап бір шырқармын.

Тас төбеңде құлағың,
Тұқымысың тұлпардың.

Тұлпар мініп бабалар,
Жауға шапқан атойлап.
Ту ұстаған ағалар,
Кеше астыңда ат ойнап.

Жүйріктердің санаулы
Өзімісің, құнаным?!
Тұлпарлардың сонау бір,
Көзімісің, құнаным?!

Құнаным-ау, кекілді,
Құстай ұш өз далаңда.
Менің бабам секілді,
Текті сенің бабаң да.

ТЫРНАЛАР

Тырау-тырау, тырналар,
«Жем іздесең, қырға бар».
Сақтанып жүр, тікен бар,
Мойыныңды тырмалар.

Тырау-тырау, тырналар,
«Жем іздесең, қырға бар».
Қырда бірақ түлкі бар,
Сақ болмасаң, жұлмалар.



ТОРҒАЙЛАР

Кел, торғайлар, қонаққа,
Талдарыма қонақта!
Залым құртты залалды,
Орманыма жолатпа!

Кел, торғайлар, қонаққа,
Талдарыма қонақта!
Шегірткеге қаскүнем,
Егінімді тонатпа!

Кел, торғайлар, қорғаңдар,
Ортақ егін, ормандар.
Бидай өнсің, тал өссін,
Әсте жалқау болмаңдар.

Кел, торғайлар, келіңдер,
Дән шашайың, теріңдер.
Қыста еркін демалып,
Жазда көмек беріңдер.

ЖАЛҒЫЗ ТЫРНА

Жапа-жалғыз бір тырна
Келіп еді былтыр да.
Жүріп алды сопиып,
Биыл да ауыл сыртында.

– Не сыры бар, мынаның? –
Деп атамнан сұрадым.

Атам айтты: – Бұл байғұс,
Жоғалтқан ғой сыңарын.

Сыңарына себебі,
Кездесем деп сенеді.
Сондықтан да жыл сайын
Осы араға келеді.

Жалғыз тырна жүр жылап,
Айдалада тұнжырап.
Енді қайтып сыңарын
Көре алмайды-ау бұл бірақ! –

Қозғап қойып бұл сырды,
Атам ауыр күрсінді.
Мен де жалғыз тырнаны
Аяп кеттім біртүрлі.

БАЛАПАН

Үлпілдеген үрпегім,
Сәл нәрседен үркегім.
Бір жүріп, бір тоқтайсың,
Титтей сары доптайсың.
Жерге үңіліп жүресің,
Дән теруді білесің.
Ал қарақұс келгенде,
Көктен қатер төнгенде,
Пана тауып аласың,
Жасырына қаласың.

Жоқ қорғанар қаруың,
Қиын-ақ күнкөрісің.
Бас сауғалап қалуың –
Үлкен ерлік сен үшін.

ТАЛ МЕН ТОРҒАЙ

Ұясында қанаттанып алды да,
Ұшып шықты бала торғай аспанға.
Сәлден кейін қос топшысы талды да,
Қонды келіп жағадағы жас талға.

Оның нәзік бұтағында тербеліп,
Отырды да сая тауып, тыныстап,
Деді талға:
– Тұрсың мұнда сен неғып,
Бос тұрғанша, пайдалы бір жұмыс тап!..

«Сезбейсің-ау, көп нәрсені, батырым,
Білем әлі толмай жатыр ақылың.
Ұғынарсың қадірімді өскенде», –
Деді де іштей жымыды тал ақырын...

ӨРМЕКШІ МЕН ШЫБЫН

Неше түрлі өрмекті
Тоқыпты бір өрмекші.
Өрмекшінің өнерін
Бопты шыбын көрмекші.



Әдейі іздеп келіпті,
Келіп сәлем беріпті.
Таңғажайып өрмекті
Тамашалап көріпті:

– Құтты болсын өрмегің,
Ерен екен еңбегің!
Үйренейін деп келдім,
Болмаған соң ермегім.

Өрмекші айтты:
– Шыбыным,
Ермек деп жүр мұны кім?
Осы өнердің соңында
Келеді өтіп ғұмырым.

Тоқып келем ерінбей,
Қиындықтан жерінбей.
Өрмектің әр өрнегі –
Төккен маңдай терім ғой.

Болсаң егер үйренер,
Күнде біздің үйге кел!
Ерінбесең, алдыңнан
Есік ашар қилы өнер.

Бастамақ боп бұл істі,
Шыбын дереу кірісті.
Бірақ көпке шыдамай,
Бір қонды да, бір ұшты.

Шошаңдауын қоймады,
Оп-оңай деп ойлады.
Бір тоқып, бір отырып,
Өрмекпенен ойнады.

Торға шығып ырғалды,
Бәлеге енді шын қалды.
Шатасты да маталды,
Шықпастай боп шырмалды.

АЙНАШ ПЕН ИНЕШ

Айнашты ауыл біледі,
Сабақты үздік оқиды.
Кестені де тігеді,
Қолғапты да тоқиды.

Инешке ауыл күледі,
Алқам-салқам түймесі.
Қолына ылғи кіреді,
Ұстай қалса инесі.

ҚАСҚЫР МЕН ТӨБЕТ

Қасқыр аңдыр жағалап:
«Ұйқтады ма төбет?» – деп.
Төбет үрер абалап,
«Саған мұнда не жоқ!» – деп.

Қанша тұрсын жасқанып,
Түсті ақыры қораға.

Төбет дереу бас салып,
Талады сол арада.

Қасқыр кетер қаңқиып,
Таң да күліп атады.
Батыр төбет балпиып,
Іргеге кеп жатады.

ЖЫЛҚЫ МЕН СИЫР

«Күн көруге ебiм көп,
Алынса тек ерiм», – деп,
Жылқы қыстан шығады,
Жайылумен тебiндеп.

«Жайылуға тебiндеп,
Ебiм жоқ қой менiң», – деп,
Сиыр тұрар қорада,
Үйiп берген шөбiн жеп.

ТОЛҚЫН МЕН ЖАҒА

Толқын ұрар жағаны:
– Маған бөгет қылма! – деп.
Жаға кейiн қағады:
– Әуре болып ұрма! – деп.

– Кетер едiм көсiлiп,
Кең далаға жайылып, –

Дейді толқын көпіріп, –
Сен тұрмасаң қайырып!

– Мен болмасам, көл болып,
Қалай асыр салар ең?!
Кең далада сенделіп,
Жұғын болмай қалар ең.

ТЕРЕК ПЕН ДАУЫЛ

Құлатам деп теректі,
Жел ырғады, ырғады.
Алып терек желекті,
Ешбір елең қылмады.

Болмаған соң,
Көмекке
Жел дауылды шақырды.
Даңғой дауыл желөкпе,
Көкті судай сапырды.

Теректі кеп қолға алды,
«Көрейін, – деп, – батырды».
Арпалысып, долданды,
Күшін сарқып ақырғы.

Сияқты өзі бір ауыл
Жеке тұрған қырдағы:
Алып терек діңі ауыр,
Дауылға да қыңбады.



Қозғалта алмай ауырды,
Дауыл қатты тулады.
Мазақ қылып дауылды,
Қалың бұтақ шулады:

«Дауыл, дауыл, мақтаншақ,
Айғайлама, аттан сап!
Келе жатыр қара бұлт,
Төгейін деп ақ моншақ.

Өнеріңді көрер ек,
Жаңбыр жауса себелеп.
Жаныңды бақ, онан да
Бізден саған не керек?!

Бізден сәлем ала бар,
Ойнап жүрсе балалар.
Қаңбаққа бар, алдыңа
Түсіп алып, домалар!».

Дауыл тынды: «Құрысын,
Неғылған бұл ауыр!» – деп.
Терек айтты: «Бұл ісің
Жарамайды, бауыр!» – деп...





САМАЛ МЕН ҚАМЫС

Самал келіп қамысқа сыбырлады,
Қамыс басын изеді, жымыңдады.
Бұлағалақтап үкісі басындағы,
Қозғалақтап орнынан, қыбырлады.

– Самал келіп қамысқа не деп кетті?
– Менің орным өзгеден бөлек! – депті, –
Мен келгенде, ән салып, биге басып,
Сырнайыңды тартуың керек! – депті.

КІРПІ МЕН ҚАСҚЫР

Аш қасқыр орманда
Жалақтап келеді.
Қаңғыған сол маңда
Кірпіні көреді.

Қырылдап, ырылдап,
Қасекең тамсанды.
Ішегі шұрылдап,
Ішінде ән салды.

«Бір күндік азығым,
Табылып қалды», – деп,
Ақсиған азуын
Асығыс салды кеп.

Бұғынып алды да,
Кірпі қу мырс етті.

Қасқырдың аузына
Инелер кірш етті.

Ашыды удай боп,
Тіл-аузы дуылдап.
Езуден судай боп,
Қан ақты зуылдап.

– Деп едім сүйейін,
Көрсеттің көресі.
Жүресің, дүлейім,
Қырынбай неге осы? –

Деп қасқыр кірпіге
Кейіді тым қатты.
Мысқылмен күлді де,
Кірпекең тіл қатты:

– Біткенде сендердің
Азуың жұлынып,
Жүремін мен де еркін,
Тап-таза қырынып.

СҰРАҚ ПЕН ЖАУАП

- Бұлт, қайда барасың?
- Биік тауға барамын.
- Биіктен не табасың?
- Ұйықтауға барамын.



- Жел, жел, қайда барасың?
- Жер түбіне барамын.
- Жүгіріп не табасың?
- Орман шаңын қағамын.

- Көл, сен қайда барасың?
- Мен ешқайда бармаймын.
- Ал, неге асыр саласың?
- Жан-жағымды барлаймын.

- Бұлақ, қайда барасың?
- Жолаушылап барамын.
- Жолда қайда қонасың?
- Көлге жетіп қонамын.

- Лақ, қайда барасың?
- Бұлақ іздеп барамын.
- Бұлақтан не табасың?
- Тұнық суға қанамын.

- Қоян, қайда барасың?
- Көк тоғайға барамын.
- Тоғайдан не табасың?
- Көгалда дем аламын.

- Мысық қайда барасың?
- Азық іздеп барамын.
- Оны қайдан табасың?
- Қаптың түбін қағамын.

ҰЛ МЕН ГҰЛ

Баласы күлімдейді:
«Гүл өсірдім!» – деп.
Мамасы күлімдейді:
«Ұл өсірдім!» – деп.

Гүл құлпырып келеді,
Ұл ұмтылып келеді.

ТАҒА МЕН ТАБАН

Бірде аттың табаны
Ауырсынды тағаны:
– Жүк болдың ғой босқа! – деп,
Салқын тартты қабағы.

Осыны дәл білген бе,
Таға түсті бір демде.
Табан қатты қуанды:
«Жеңілмін, – деп, – жүргенде!».

Келе жатқан асыр сап,
Таға барда тас ұнтап.
Жол ортада жұқарып,
Шыға келді тасырқап.

Жүрген сайын қалжырап,
Кете барды зар жылап.
– Баса ғой, – деп, – батырым, –
Тастар жатыр саудырап.



ЖЕЛ МЕН ҚАУЫРСЫН

Ешкімге жоқ керегі,
Желге ұшты қауырсын.
Деп кекетті жел оны:
«Неткен өзің ауырсың!».

Әлгі сөзге қысылған,
Былай деді қауырсын:
«Мына мені ұшырған,
Желім, сен де тәуірсің!».

АСАУ МЕН АРҚАН

Түсті асауға бұғалық,
Арқан кетті шұбалып.
Бұрқыратып барады,
Жердің шаңын шығарып.

Алды-артына қарамай,
Асау зытып барады-ай!
Қабаған ит тап беріп,
Тұра қашқан баладай.

Барабан ғып даланы,
Төрт тұяғын қағады.
Мойнындағы «бәледен»
Құтыла алмай барады.

Орғып-орғып тулады.
Барған сайын зулады.
Судан әрі-бері өтіп,
Арқанды әбден сулады.

Қуғыншы да құйғытқан,
Алды жетіп құйрықтан.
Қыл арқанның қаттысы-ай,
Суға түсіп шириққан.

ЖОЛ КЕЛЕДІ ЖҮГІРІП

Шофер отыр үңіліп,
Жол келеді жүгіріп:

Жотасымен жондардың,
Арасымен орманның,

Үстіменен тегістің,
Ішіменен егістің.

Кесіп өтіп өзеннен,
Асып түсіп кезеңнен,

Қалаға кеп кіреді,
Сайран салып жүреді.

Сағынғанда даланы,
Тастай қашар қаланы...



ЖОЛ

Шексіз неткен жер деген,
Жүрген сайын көлбеген!
Жерді айналып шығасың,
Тарта берсең жолменен.

Жолдар жүйткіп қашады,
Қырдан-қырды асады.
Көз ұшынан көкжиек
Бізге қойнын ашады.

Жолдар қашан таусылар,
Тау артынан тау шығар.
Қалып жатыр қол бұлғап,
Әр төбеден малшылар.

Жер домалақ деуші еді,
Сол бекер-ау мөлшері.
Бірді-бірге жалғаған,
Бітер емес жол шегі.

Бір-бірімен тұстасып,
Бір-бірімен ұштасып,
Қалалар мен ауылдар
Алыпты қол ұстасып.

Жолдар қалған бабадан,
Жолдар қалған ағадан.
Осы жолмен жүреді
Дүниеде бар адам.

Жолдар, жолдар, жүре бер,
Ұзақ өмір сүре бер.
Жүре берсең, жол ұшы
Көк мұхитқа тірелер.

Деме онда жол өлер,
Сәл-сәл ғана бөгелер.
Не аспанға шығады,
Не мұхитпен жөнелер.

Жолдың бойы ел екен,
Мөлдір бұлақ мол екен.
Таусымайтын бір нәрсе
Жер бетінде – жол екен...

СОҚПАҚ

Қаша-қаша зыр қағып,
Соқпақ тауға кірді алып.
Кейде жата қалады,
Көк шалғынға ұрланып.

Кезеңдерден қылт етіп,
Жыралардан жылт етіп,
Кейде тасқа тіреліп,
Жалт береді бұлт етіп.

Бұлтарысы өте көп
Иіндерден төтелеп,
Қалыңнан ап шығады,
Адастырмай төтелеп.

Бірде өрге тартады,
Шыңдарға қол артады.
Шұбатылған бейне бір
Алыптардың арқаны.

Сайдан-сайды қуалар,
Соқпақ – арқан шұбалар.
Жүрген сайын жаңарып,
Табан тисе қуанар.

Қиясы жоқ баспаған,
Асқары жоқ аспаған:
Алып арқан
Тауларды
Матастырып тастаған.

Бір жүгіріп, бір тоқтап,
Арлы-берлі бұлтақтап,
Ақырында ауылға
Алып келді бұл соқпақ.

БІР АППАҚ БАЛА ТҰР

Жатырқар іс кімді,
Болған соң азамат?
Кірістім үстімді
Алмаққа тазалап.

Білекті сыбанып,
Мінеки, кір жудым:
Көйлегім қуанып,
Көзінде тұр күннің.

Шалбарым мыж-мыж боп,
Былғанып бітіпті:
Сөйлейді: «быж-быж» деп,
Жүргізсем үтікті.

Басымды, көзімді
Сабынға көмдім бір.
Ысқылап өзімді,
Мұнтаздай болдым бір.

«Таптың, – деп, жаңа ақыл,
Бері қара, әй бала!» –
Бір аппақ бала тұр,
Қарасам айнаға.

ҰЯТ-АЙ...

Тартып қойып танауын,
Соғып еді палауын,
Бәтеңкесін кие алмай,
Жылап отыр ұялмай!

КҮЙШІ ДЕСІН КӨРГЕН ЕЛ

Кәне, тартып көрейін,
Күмбірлесін көмейің.
Атам менен апама
Бір ән шырқап берейін.

Саусақтарым талмасын,
Даусым биік самғасын.
Қос ішегің күн бойы
Жорғасынан танбасын.

Дегенімді болдырам,
Пернеңе күй қондырам.
Күйші десін көрген ел,
Сөйле, сөйле, домбырам.

ЕРТЕ ТҮРДЫ

«Күн шықты!» – деп жар салып,
Сәуле түсті әйнекке.
Ызылдап тұр ән салып,
Ерте тұрған шәйнек те.

Ерте тұрған мамасы,
Біраз ісін тындырды.
Ерте тұрған ағасы,
Жұмысына үлгірді.

Таң бозынан атасы
Қорада жүр күйбіңдеп.
Бұзауы мен ботасы
Кетті өріске шүйгіндеп.

Ең алдымен бағана
Шыққан күнді құттықтап;
Тауықтары далаға
Шығып кетті «қыт-қыттап».

Қарамай өз сиқына,
Күшігі жүр ырылдап.
Бұл уақытта ұйқыда
Кім жатады пырылдап?

Үңілді де сағатқа,
Ерте тұрды Қанат та.
Тойып алып тамаққа,
Тартып кетті сабаққа!

ҚАУІП

Алғаш рет, қызық-ай,
Ұстағаным!
Лыпып тұрған жүзін-ай,
Ұстараның!
Ой, шашының ұзыны-ай,
Анау тұрған,
Кір-қожалақ,
Сабалақ,
Күс баланың!

Салып көрсем, ұстарам
Өтер ме екен?
Алып көрсем, күш соған
Жетер ме екен?
Шаш астына көмілген,
Көрінбейді –
Қоса алынып құлағы
Кетер ме екен?



ТӘТТИ ҚИЯЛ

«Жұлдыз, жұлдыз, алыстасың сен неге?
Төмен түспі, кірші келіп бөлмеме.
Жүрер ме едім түн ішінде өзіңді
Жарқыратып тағып алып кеудеме?..

Барлық адам тұрса: «Ананы қара, – деп, –
О, ғажайып жұлдыз таққан бала!» – деп», –
Терезеден телміреді аспанға
Қиялдағыш жеті жасар Қанабек!

БАЛЫҚШЫ

Күте-күте балықты,
Қалтқы да жалықты.
Қап, қармағым, қап енді,
Алып шық бір «алыпты».

Күні бойы күттім ғой,
Қойдың ғой сен түк те ілмей.
Шаршадың ғой өзің де,
Мен де шаршап біттім ғой.

Қармағымды, майбалық,
Қапсаңшы кеп, айналып.
Келе жатыр кеш батып,
Барады көз байланып.

Қармағым, күш салып көр,
Не болса да алып кел!

Үйге не деп барамын,
Өзен-ау, бір балық бер?

САМОЛЕТТЕ

Зулайды құс-кемеміз,
Жер бұлдырап, домалап.
Жүңдей түгіп келеміз,
Қанатқа бұлт орап ап.

Бізге қолын созғандай,
Биік шыңдар төменнен.
Қала берді қозғалмай,
Алып таулар дегенмен.

Кете бардық тау асып,
Үңірейіп қалды аңғар.
Қалды дереу адасып,
Қарап тұрған ормандар.

Жетер алыс түздерге,
Ұша берсек бұл қанат.
Жерден тағы біздерге
Ынтықты екен кім қарап?!

ӨКІНІШ

Білмеппін-ау бір гәпті,
Болсам да ақыл қонатын.
Атам ылғи бәйге атты
Таң асырып қоятын.

Тұратынмын қызығып,
Тықыршыса көк бесті.
Бір күн кенет қызынып,
Бәйге ат болғым кеп кетті.

Кешке тамақ ішпедім,
Деп таң асып шығамын.
Қап, бекер-ақ істедім,
Түн бойы әрең шыдадым.

МҰХИТ

– Көк мұхитты көрдің бе,
Суына оның түстің бе?
Толқынына ердің бе,
Тұнығынан іштің бе?

– Көрмегенмен, көремін,
Оған қалай түспеймін!
Толқынына еремін,
Бірақ суын ішпеймін.

Бізге дейін талайға
Алып қойнын ашты ғой.
Іше алмайсың алайда,
Мұхит суы ащы ғой.

ҚҰРБАҚАНЫҢ ҚИЯЛЫ

Жүре-жүре құрбақа,
Көлге жетті күн бата.

Көл түбінде күн жатыр,
Аң-таң болды бұл батыр.

«Күн де көлге түскен ғой,
Көл суынан ішкен ғой.

Күн бетінде жатайын,
Рақатқа батайын.

Болайын, – деп, – сол текті», –
Көлге өзі де шолп етті.

КІМДЕР ҚАЙДА ҚОНАДЫ?

- Кімдер қайда қонады?
 - Кімдер кімнің қонағы?
 - Бұлттар қайда қонады?
 - Бұлттар – таудың қонағы.
 - Құстар қайда қонады?
 - Құстар – талдың қонағы.
 - Қаңбақ қайда қонады?
 - Қаңбақ – сайдың қонағы.
 - Қармақ қайда қонады?
 - Қармақ – судың қонағы.
 - Малдар қайда қонады?
 - Малдар – қора қонағы.
 - Аңдар қайда қонады?
 - Аңдар – дала қонағы.
- Бет-бетімен тентіреп,
Түн қойнында тоңады.

Бірі кетсе орманға,
Бірі кетер қырларға.
Ал жолаушы қамықпас,
Жолындағы ел барда...

БАПТАЙМЫН

Қара тайым тым жүрдек,
Желе аяңдап басады.
Тартсам дағы тізгіндеп,
Бой бермейді басы әлі.

Қолы түсіп қалар деп,
Орынсыз көп шаппаймын.
Тойда бәйге алар деп,
Сұлы беріп баптаймын.

Қоюшы едім шідерлеп,
Бекітіп үш аяғын.
Бос жібердім, жүдер деп,
Бүгін өзін аядым.

ТЕРЕЗЕЛЕР

Күн шыққанда күлімдеп,
Терезелер шаттанар.
Ашылады біріндеп,
Ашылғандай қақпалар.

Құшақтауға күн нұрын,
Күнге құшақ жаяды.

Анадайдан бір-бірін
Құттықтасып қояды.

Өзін ашса кім бұрын,
Қуанбасын ол неге?
Құшақ-құшақ күн нұрын
Тасиды кеп бөлмеге.

Сырттан жаңа тыныс кеп,
Үйдің іші құлпырар.
«Мұның жақсы жұмыс!» – деп,
Күлім қағып күн тұрар.

ТУРИСТЕР

Бола ма денені
Болаттай шыңдамай?
Туристер келеді
Тізіліп тырнадай.

Бейтаныс жол басып,
Өмірі көрмеген –
Келеді тау асып,
Еңіспен, өрменен.

Денені тер басып,
Қиындық көріп көп,
Жылжиды қолдасып,
Өзара серік боп.

Жерінде кеп қонған,
Асыр сап аунайды.
Ақ шатыр топтанған
Аққудан аумайды.

Қарыштап адымды,
Күн сайын алға аттар,
Туристер кәдімгі
Шыныққан солдаттар.

ЖАҢА ҮЙ

Көрмеп едім ойлап бір,
Керемет деп мұншалық!
Бөлмелері жайнап тұр,
Терезесін күн шалып.

Биік тұрмыз қаладан –
Он бесінші қабатта.
Көрінер бұл арадан
Мейрам күнгі парад та.

Кіргеннен соң жаңа үйге,
Құрақ ұшып, мәз мамам.
Қуанышта, әрине,
Келетұғын аз ба адам!

Қызықсыз ғой қонақсыз
Отыру да қуанып.
Келіп жатыр толассыз,
Құшақ-құшақ гүл алып.

Білгеннен соң мәнісін,
Мұндайды кім ерсі дер:
Танымасын, танысын,
Кіріп жатыр көршілер.

Келетіндей бүгіліп,
Біздің үйге кіріп бір –
Терезеден үңіліп,
Алатау да күліп тұр.

КІМ КЕЛЕДІ ТӨМЕНДЕП?

«Мен жауғалы келем!» – деп,
Бұлт келеді төмендеп.
«Айтқаныңа көнем!» – деп,
Құйын жүрді сереңдеп.

«Мен қонғалы келем!» – деп,
Құс келеді төмендеп.
«Тамашанды көрем!» – деп,
Айдын жатты елеңдеп.

«Енді ұяма енем!» – деп,
Күн де кетті төмендеп.
Көлеңкелер үлкейіп,
Түн келеді көлеңдеп.

ҚАРТАЙМАЙДЫ КҮН НЕГЕ?

– Күннен уақыт озбай ма?
Күн ескіріп тозбай ма?

Қартаймайды ол неге,
Арымай ма, азбай ма?

– Жердегі бар сәбиді
Күннің көзі таниды.
Үлестіріп шуағын,
Аралайды әр үйді.

Нұры әлемге жетеді,
Жерді айналып өтеді.
Бөбек көрсе, басынан
Бір-бір сипап кетеді.

Әр бүлдіршін күлгенде,
Жасарады Күн демде.
Сондықтан да ғұмыры
Бітпейді оның білгенге.

ТОЛАҒАЙ

Жалғыз тау тұр далада,
Басқа тауға жоламай.
Таныс барлық балаға,
Бұл – атақты Толағай.

Неге, неге, мына тау
Айдалада – жолда тұр?
Көтергені рас-ау,
Мына тауды сол батыр!

Аңызы ескі күндердің,
Меңзейді бір шындықты.
Адамдары бұл жердің
Неге, неге кіл мықты?

Шындыққа әкеп саяды,
Жаныңды бір түртіп ой.
Өйткені бұл баяғы
Толағайдың жұрты ғой...

ҚАҚПАН

Мынау – қақпан,
Кім ойлап тапқан?
Аю мен қасқырдың
Аяғын қапқан.
Жасырын жатқан
Қу екен қақпан.

КӨМЕК

Мен мамама еремін,
Қол ұшымды беремін.
Суға толы шелегін
Көтерісіп келемін!

Қалт етпей қас-қабағы,
Мамам мені бағады.
«Әуп-әуп!» десем, күш алып,
Жымың-жымың қағады.

Бірге барып бұлаққа,
Су тасыстым біп апта.
Шелек менен жоғары
Келе жатар бірақ та...

БАЗАРЛЫҚ

– Мамаң алма әкелді,
Папаң киім әперді.
Қуантасың сен немен,
Шешең менен әкеңді?

– Қайтам балабақшадан,
Онда кімнен ақша алам?
Сағынғанда тап келем,
Ақ бетімді ап келем!

ШЫҢҒА ШЫҚТЫМ

Шыңға шығып ертемен,
Қарап едім мен төмен:

Жіңішкерді өзендер,
Кішірейді кезеңдер.

Үйлер қалды жүктей боп,
Жолдар қалды жіптей боп.

Тастар болды түймедей,
Талдар болды инедей...

Өрлей берсем әріге,
Кішірейер әлі де.

БІРІ ҚОРҒАН БІРИНЕ

Қауіп барын сезінсе,
«Келіп қалды, ойбай!» – деп,
Суырларға өзінше
Хабар берер торғай кеп.

Шақылдаса көп суыр,
Торғайға айтып мың алғыс:
«Неге шу боп кетті бұл?» –
Деп шулайды ұлар құс.

Дүрліктіріп тау ішін,
Олар берсе нақ хабар:
Ести сала дауысын,
Тау ешкілер сақтанар.

Қылп етсе: «Сақ болыңдар!» –
Деп шуласар күніге.
Әрқашанда момындар
Бірі қорған біріне.

ЕКІ БАЛА

Су-су болып Нұрымбек,
Үйге кірді дірілдеп.
Шошып қалды мамасы:
«Не боп кеткен түрің?» – деп.

Пеш жанып тұр гуілдеп:
«Кел, қасыма, жылын! – деп. –
Ақ таңертең кетіп ең,
Қайда жүрдің бүгін?» – деп.

Отын жарып Білімбек,
Үйге кірді күлімдеп.
Мәз болып тұр мамасы:
«Менің алтын күнім!» – деп.

Пеш жанып тұр гуілдеп;
«Дұрыс болды мұның! – деп. –
Енді біраз ойнап кел,
Шаршадың ғой бүгін!» – деп.

ТАҢБАЛЫ ТАС

Көне ғасыр көзіндей,
Бабалардың сөзіндей,
Көрген адам таң қалар,
Таста талай таңба бар.

Жатыр онда сыр қанша,
Жатыр онда жыр қанша!
Батылдық бар, ерлік бар,
Ерендік бар, елдік бар.

Қиындыққа бас қойып,
Жазып кеткен тасқа ойып.
Көз кезіксе танитын,
Оқыр баба тарихын...



АЯНЫШ

Аңдып жүріп, әйгілеп,
Қасқыр тартты тайды кеп.
«Қасқыр тартса, – деген бар, –
Тай кетеді бәйге боп».

Жүйрік болар жылқыны
Сезіп қасқыр құлқыны,
Тартады екен: «Өзіме
Жетпесін, – деп, – бұл түбі».

Қара санын қан бояп,
Жараланған тайды аяп:
– Алып берем өшіңді! –
Деп қойды оған Майлыаяқ.

САҒАТТЫҢ СӨЗІ

Тұра алмаймын түк үнсіз,
Шықылдаймын тынымсыз.
Уақыт сөйлей алмастай
Менің екі тілімсіз.

Ғасырлармен құрдаспын,
Тәуліктермен сырласпын.
Адам менен уақыттың
Ортасында тілмашпын!

ДӨҢГЕЛЕГІМ, ДӨҢГЕЛЕН!

Зырылдатып мен келем.
Жазықпенен, дөңменен,
Еңіспенен, өрменен,
Дөңгелегім, дөңгелен!

Шаршамаймын мен деген,
Дөңгелегім, дөңгелен!
Орғып-орғып өте шық,
Не жатса да көлденең.

Желге омырау ашамын,
Белден-белді асамын.
Зырылдайды қос педаль,
Кезек аяқ басамын.

Дөңгелегім, зырқырат,
Ізіңнен шаң бұрқырат.
Көрейінші бір сынап,
Бағайыншы бір шыдап.

Келем күшті салып бар,
Кезім келді қалықтар.
Дөңгелегім, үш, кәне,
Атама тез алып бар!

КІМ ТАЗА?

Түлкі қарға аунайды,
Аунамайды шаңға бір.

Есек шаңға аунайды,
Аунамайды қарға бір.

ҰҚСАСТЫҚ

Ырылдайды сұр күшік,
Қырылдайды сұр мысық.
Бірін бірі ала алмай,
Жүргендері тырмысып.

Тиіп кетсе жұғысып,
Бөденедей жұлысып,
Ағайынды екеу жүр,
Жүйкелері тырысып.

Ит пен мысық ешқашан
Деген емес достасам.
Қояр бірақ қолма-қол,
Бір ақырып тастасаң.

Мыналарға дауа жоқ,
Қоймайды бір бала боп.
Бірі тисе маса боп,
Бірі шағар ара боп.

Жүргендері безеріп,
Соңдарынан сөз еріп.
Ит пен мысық емес қой,
Екеуіне не жорық?



ҚОРҚЫНЫШ

Жолда келе жатыр ем,
«Қош!» – деді де күн батты.
Әншейінде батыр ем,
Қорқып кеттім тым қатты.

Ымыртта көз байланған,
Келемін үн шығармай.
Үңрейген сайлардан
Аю атып шығардай.

Жүрек кетті дүрсілдеп,
Дию есік қаққандай.
Қарсы алдымнан: «Кімсің?» – деп,
Біреу келе жатқандай.

Қызыл қасқыр алдымда
Қызыл тілі салақтап:
«Бала, келіп қалдың ба?» –
Деп тұрғандай жалақтап.

Есім шыға уайыммен
Жан-жағыма алақтап,
Желіп келем тайыммен,
Екі етегім далақтап.

Тебінемін тепеңдеп,
Жүрген сайын жасқанып.
Қашан ұстар екен деп,
Ту сыртымнан бас салып.

Шуылдайды құлақ та,
Елең қаға беремін.
Ештеңе жоқ бірақ та,
Әзірге аман келемін.

Міне, алдымнан ит үрді:
«Келдің ғой, – деп, – кеш мүлде?».
Сезіп қалып сиқымды,
Күлмесе екен ешкім де!

ДОЙБЫ ОЙНАЙМЫН

Дойбы ойнаймын, дойбы ойнаймын,
Кімді болсын мен қоймаймын!
«Үш алысқа» ойлансам да,
«Екі алысқа» ойланбаймын.

Қарсыласқа қырыстанам,
Ылғи тосын жүріс табам.
Қайтып алып көргенім жоқ
Тасымды да бір ұстаған.

Жүрем қиғаш-қиғашынан,
Үш тас беріп, «Биге» шығам.
«Қос үйге» де кіріп шығып,
Барып «Ұзын үйде» отырам!

Дойбы ойнаймын, дойбы ойнаймын,
Әкемді да мен қоймаймын.
«Үш алысқа» ойлансам да,
«Екі алысқа» ойланбаймын!



МЫСЫҚТЫҢ ҚИЯЛЫ

Көрдi дағы жирафты,
Мысық мұртын ширатты:
«Болсам, шiркiн, осындай
Мен де ұзын сирақты!»

Қарар едiм паңдықпен,
Қорқар едi аң бiткен.
Көрмес едiм қорлықты,
Бүйтiп тышқан аңдып мен.

Арыстанды талар ем,
Жолбарысты алар ем.
Ұйпаланып жүрмес ем,
Ойнап титтей баламен!

Бәрiн қырып-жояр ем,
Төбелерiн ояр ем.
Майлыаяқты малай ғып,
Зыр жүгiртiп қояр ем!».

Деп қиялдап бiр өттi,
Сөйткенше ит «ыр-р» еттi.
Бағжаң қағып мысекең,
Жай түскендей дiр еттi...

МЫСЫҚТЫҢ АШУЫ

Иң аңдыды күнiмен,
Мысықты аштық қысқан ба?

Шықпай қойды інінен,
Қауіптеніп тышқан да.

Көзі кетті шатынап,
Тап болғандай қырсық бір:
«Шықпайсың ба, ақымақ!» –
Деп, тышқанға ұрсып тұр.

БАЛА БАҚА

Бала бақа жолға кеп,
Тырбаңдады.
Анасы айтты: «Барма!» – деп,
Тілді алмады.

Секіргенін қылтыңдап,
Ол қоймады.
Қайта-қайта жылтыңдап,
Жолда ойнады.

«Тамаша, – деп, расында, –
Жол дегенің!» –
Еске алмады машина
Дөңгелегін.

Машина өтті жентектеп
Қара жолды.
Бала бақа шелпек боп
Қала берді...



ШЫБЫННЫҢ САПАРЫ

Деген еді «ала кет!»
Ала кетті самолет.
Самолетте келеді
Қара шыбын әуелеп.

Шыжып тұрған күн еді,
Ташкент жақта жүр еді.
Енді үңіліп биіктен,
Мәз-мейрам боп күледі.

Осынау бір «алыппен»
Саяхаттап дәніккен.
Талай қала көрген ол,
Қатар ұшып халықпен.

Бір емес қой мінгені,
Ойына түк кірмеді.
Самолеттің ұшатын
Бағытын да білмеді.

«Жақсы болды мұным!» – деп,
Келе жатыр күлімдеп.
Тегін көлік, тегін ас,
Шығатұғын шығын жоқ.

Москва ма, Қырым ба?
Барса болды шыбынға.
Сайрандаған сан рет
Ашхабадтың құмында.

Асып Памир тауын да,
Барып қайтқан Кабулға.
Дели де бір, бір оған
Мына тұрған ауыл да.

Оралып сан сапардан,
Озғаннан соң қатардан,
Қара шыбын қаңғыбас,
«Саяхатшы» атанған.

Бұлттан асып әуелеп,
Мұзды мұхит, кәне, деп,
Солтүстікке жақындап
Келе жатыр самолет.

Қалдырып жаз, көктемді,
Асып қиыр көп белді,
Ұша-ұша, самолет
Тундраға кеп қонды.

Мұнда боран үйіріп,
Қар жауып тұр құйылып.
Жолаушылар алыпты
Тегіс қалың киініп.

Шыбын отыр шыға алмай,
Қыстан шошып мынандай.
Аялдаса самолет,
Не боларын ұға алмай.

«Неге мұнда күн жоқ?!» – деп,
Зар қағады дірдектеп.

Аман қайтса осыдан,
Өз жайына жүрмек боп...

ҚОРҒАНЫС

Баласы үшін жорғалап,
Жәндік те ойлар қауіп бір.
Қарақұстан қорғалап,
Балапанын тауық тұр.

Қорқып аяқ басуға,
Елеңдетіп құлағын,
Тауешкі шың басында
Күзетіп тұр лағын.

Ара түспей қояр ма,
Үзіп берер өзегін:
Қоян екеш қоян да
Күзетеді көжегін.

Құс та ұясын қорғайды,
Қыран тіпті қалғымас.
Сұр жыланнан сорлайды,
Торғай менен қарлығаш...

Ой жүгіртсең аңдап бір,
Қалмас қауіп сезілмей.
Шекарада солдат тұр
Күндіз-түні көз ілмей!..

ЖАМАН-АҚ

Балақ жүні жалпылдап,
Қара төбет сабалақ,
Жүгіретін балпылдап,
Көрінгенге абалап.

Қалмаған соң арпылдап,
Теуіп кетті тағалы ат.
Қала берді қаңқылдап,
Сүйкімсіздік жаман-ақ..

ӘТКЕНШЕКТІҢ ӘУЕНІ

Құлашымды сермесем,
Бөбектерді тербетем.
Алақанда әдилеп,
Биік-биік өрлетем.

Балалармен біргемін,
Бала-тілі – білгенім.
Тек солардың әуені –
Айтатыным бір менің.

Барлық елдің бөбегі
Мені жақсы көреді.
Ұшам деген балаға
Қанат болғым келеді.

Қарлығаштай көлбеген,
Қандай әсем тербелем!

Өмір бойы сәбиді
Арқалаумен мен келем.

Ортасында баланың
Күн бойы асыр саламын.
Қас қарайып, кеш батса,
Сәл мұңайып қаламын...

ӘРКІМНІҢ ӨЗ ӘНІ БАР

Әр нәрсенің мәні бар.
Әркімнің өз әні бар.
Ән айтады әрқалай
Жердегі жан-жануар.

Тынбай жазы-қыста әман,
Құбылтады құстар ән.
«Әйгілі» әнші әтеш те,
Демесең бір ұшпаған.

Жазда көлге барсаң бір,
Қаз-үйректер ән сап жүр.
Ал топтасқан тырнарлар,
Аумақ қалған ансамбль.

Болсын құстың қандайы,
Тақылдайды таңдайы.
Гастрольге шығады
Әнші бұлбұл арнайы.

Ән айтады аң біткен,
Өзінше бір сәндікпен.

Естіледі жағымды үн
Жәндік екеш жәндіктен.

Өз әуенін бақа айтар,
Мойнын көкке қақайтар.
Бақылдаған дауысын
Барған сайын қатайтар.

Шегіртке де шырылдар,
Өзінше әні – шырын бал.
Борсаңдаған борсық та
Бірдеңе деп қырылдар.

Ызылдайды маса да,
«Әнші содан аса ма?»
Қасқыр екеш қасқыр да
Ұлиды ғой тасада.

Бәрі, бәрі айтады ән,
Қайталайды қайтадан.
Апанында әндетер
Маймақ аю майтабан.

Ән айтылар тоқтықта,
Қуанышта, шаттықта.
Ән айтылмас жоқтықта,
Ән айтылмас аштықта.

Тауып жүр ғой мың бөлек,
Әрқайсысы бір қорек.
Жүру үшін әндетіп,
Мәңгі бейбіт күн керек.

ӘРКІМ ТІЛЕР ӘРҚАЛАЙ

Торғай отыр:

«Төгілсе екен қоқым!» – деп.

Торай отыр:

«Батпақ аз!» – деп, опық жеп.

Қара тай тұр:

«Батпасын ер-тоқым!» – деп.

Балақай тұр:

«Көп болса екен досым!» – деп...

СЫПЫРҒЫШТЫҢ ӘНІ

Тәрден төмен келемін,

Өрден төмен келемін!

Қоқыс жатса жолымда,

Көкжелкеден перемін!

Саған мұнда кім керек,

Мазамды алма күнде кеп?

Қуып келем қоқысты,

Қайтып үйге кірме деп!

Шаңды басып келемін,

Салғыласып келемін.

Соңымдағы сүрткіштің

Алдын ашып келемін!

Қайдан келдің ілесіп,

Жөнел, ашық тұр есік?!

Деп келемін бір өзім
Барлығымен күресіп!

Сермеп келем бір өзім,
Терлеп келем бір өзім!
Кір-қоқысқа жаным қас,
Қатал менің мінезім!

ДОП

Ойда жоқта желігіп,
Доп мақтанды, мақтанды.
Ұшқан сайын еліріп,
Жарылуға шақ қалды.

«Ұшам десем, ұша алам,
Түсем десем, түсе алам!
Бұлгтың өзін құша алам,
Тепкен сайын күш алам!».

Деп лепірді, лепірді,
Аузы-басы көпірді.
Шатырға да секірді,
Шарбаққа да секірді.

«Өлермін-ау!» демеді,
Тепті барып шегені.
Шығып тұрған сорайып,
Шеге таяқ жемеді.

Ыза кернеп іштегі,
Шеге допты «тістеді».
Не боларын кім білсін,
Доп ақырын «пыш» деді.

ГҮЛ МЕН БИДАЙ

Гүл мен Бидай ертеде
Күн қызы екен сымбатты.
Егіз туған еркеге
Аспан асты шулапты.

Екі қызын көрікті
Күн жанындай көріпті.
Бар мейірін төгіпті,
Дегеніне көніпті.

Қос сұлуға таң қалып,
Көз сүзіпті жұлдыздар.
Өскен сайын паңданып,
Шолжаңдапты бұл қыздар.

Ойда жоқта бір күні,
Ұрысыпты екеуі.
Аямастан бір-бірін
Жұлысыпты екеуі.

Гүл айтыпты:
– О бастан,
Менен сұлу жоқ асқан.

Таңдай қағып көркіме,
Таңырқаған көк аспан.

Депті бидай:
– О бастан,
Менен сұлу жоқ асқан.
«Көрікті деп бізден де!»
Жұлдыз біткен таласқан.

Гүл айтыпты:
– Бекерге
Танауыңды көтерме!
Сені қойшы, дүниеде
Маған сұлу жетер ме?

Депті Бидай:
– Бекерге
Танауыңды көтерме!
Сені қойшы, дүниеде
Менен сұлу өтер ме!

«Қой!» дегенге қоймапты,
Дау насырға шауыпты.
Күн дауасын ойлапты,
Ақырында тауыпты.

– Соқпай босқа құр кеуде,
Жүгініңдер адамға! –
Деп қыздарын Күн Жерге
Жіберіпті табанда.

Жерге түсіп екеуі,
Айналасын көздепті:
Кетіп жатқан кетеуі,
Бір адамға кез кепті.

Жетіп барып Гүл дереу,
Бар жұпарын шашады.
Алғандай боп бір демеу,
Адам көзін ашады.

Езу тартып, жымыып,
Гүлге қарап күлімдеп,
Көзі қайта жұмылып,
Жатыпты ерні дірілдеп.

Жапырағы үлбіреп,
Гүл сонда да желпиді.
«Маған қарап күлді», – деп,
Мақтанышпен елтиді.

– Ішің күйсе, тұз жала!
Сыртың күйсе, мұз жала!
Сүйеді адам бір мені,
Сені көзге ілмеді.
Қайтсін сендей шірікті, –
Деп Бидайға күліпті.

Келемежге, мазаққа
Бидай сөйтіп қалыпты.
Ал адамды азапқа
Аштық әбден салыпты.

Қауқар кетіп, әл кетіп,
Жия алмай қол-аяқты,
Байғұсты ажал меңдетіп,
Үзілуге таяпты.

Бидай бірақ саспапты,
Сезіпті аштың дәрменін.
Таңдайына тастапты
Баданадай дәндерін.

Аштыққа ұзақ шыдамай,
Жатқан адам мәңгіріп,
Көзі жайнап шырадай,
Түрегепті әл кіріп.

Бұл ғажапты көргенде,
Гүлдің беті күйіпті.
«Ғафу ет!» – деп сол жерде,
Бидайға бас иіпті.

Өзін сонша сөксе де,
Бидай Гүлді сыйлапты.
Туысқандар өкпеге
Бірін-бірі қимапты.

Аш өзегін жалғаған
Бидайды сап қалтаға:
Қуаныштан әлгі адам
Жар салыпты баршаға.

Көз жанары нұрланып,
Күнге күле қарапты.

Хош иісті Гүлді алып,
Омырауына қадапты.

Адамзатқа жақты деп,
Аруларым қымбатты.
Қыздарына бақ тілеп,
Қуаныпты Күн қатты.

Содан бері бұл қыздар
Жерде жасап келеді.
Сәл тоңдырса түнгі ызғар,
Күн қызуын төгеді.

ЖЫЛ ЖӘНЕ ОН ЕКІ АЙ

Ерте кезде белгісіз,
Жыл деген бір шал екен.
Бірі мыңға бергісіз,
Төрт баласы бар екен.

Төрт баласы даңқты –
Күз бенен Қыс, Көктем, Жаз.
Сүйсіндіріп халықты,
Әкелерін еткен мәз.

Немересі төрт ұлдан
Он екі екен тараған.
Шеттерінен нар туған,
Жастай іске жараған.

Он екісі үнемі
Ой мен қырға шауыпты.
Бірі жоқта біреуі
Шал көңілін тауыпты.

Қамын ойлап кәрінің,
Кезекпен кеп тұрыпты.
Ортасында бәрінің
Шал салтанат құрыпты.

Қаңтар

Немереңнің алды – Мен,
Келдім, ата, шаңғымен.
Қаңтар десе, Қаңтармын,
Неше түрлі ән білем.

Соңыма ертіп ақпанды,
Қалыңдаттым ақ қарды.
Тәтті ұйқыға батырдым
Ормандар мен бақтарды.

Сықырлайды ақ шанам,
Қар саулайды бақшадан.
Түсіп кетсе омбыма,
Құтылмайды қашқан аң.

Маған ырза барша жұрт,
Той тойлайды қарсы алып.
Әкелгенім – жал-жая,
Қазы-қарта, малта құрт.

Көп сүйеніп таяққа,
Кәрілікті таятпа!
Қыран ұстап қолыңа,
Шық далаға саятқа.

Ақпан

Менің атым – Ақпан,
Келдім суық жақтан.
Малыңды күт, ата,
Сары аяздан сақтан!

Қойным толған боран,
Алай-дүлей болам.
Гүлдете соғам,
Жыртық болса қораң.

Сұрықсыздау түрім,
Сүреңсіздеу күнім.
Ата, саған арнап
Бар әкелген сүрім.

Басқалардан бөтен
Жүрісім бар төтен.
Уақытым аз әнтек,
Ертеректеу кетем.

Наурыз

Жақсы ма, ата, халіңіз?
Менің атым – Наурыз.

Балдай тәтті сары уыз
Алып келдім, алыңыз.

Қыр астында қыс қалды,
Қар еріді, су ақты.
Алып келдім құстарды,
Алып келдім шуақты.

Күнгей тегіс ашылды,
Мал тойынды қампайып.
Көтер, ата, басыңды,
Жата бермей жантайып.

Көкек

«Көкек», «көкек», «көкек» деп,
Қуаныштан секектеп,
Наурыздан соң мен келдім,
Мамырымды жетектеп.

Елді қозғап егіске,
Малды айдадым өріске.
Көкек деген баламын,
Икемі бар көп іске.

Ішпеп едің талайдан,
Мен әкелдім ақ айран.
Мұрын жара аңқиды
Жұпар иіс маңайдан.

Жаңбырды алғаш жаудырдым,
Жердің иін қандырдым.
Өзен-суды тасытып,
Жұртты қайран қалдырдым.

Әкел, ата, қолыңды!
Таста, тұмақ-тоныңды.
Көңіл көтер, қырға шық,
Мін де жорға торыңды.

Мамыр

Омырауына даланың
Әсем гүлдер қададым,
Ашық-жарқын қабағым,
Мамыр атты баламын.

Алма, өрікті гүлдеттім,
Бұталарды бүрлеттім.
Көбелекті көбейтіп,
Араларды гулеттім.

Түгел келіп түстіктен,
Ұя басты құс біткен.
Көктеді егіс дүркіреп,
Қуаттанып ыстықпен.

Қырда сағым ойнаттым,
Төл мейрамын тойлаттым.
Балаларды мәз қылып,
Өзен-суды бойлаттым.

Жайлауға енді көшемін,
Көк шалғынды кешемін.
Ата, кәне, төрге шық,
Түсті кілем төседім!

Маусым

Жапырағым күректей,
Сарымсағым білектей,
Маусым балаң мен болам,
Көк шалғыным жібектей.

Жайлау төрін жайнаттым,
Сайда бұлбұл сайраттым.
Үй тіктіріп майсаға,
Сазға бие байлаттым.

Қозы-лақтар марқайды,
Қурай басы шалқайды.
Көлеңкелер қысқарып,
Күн төбеде шаңқайды.

Ешкі таудың тасында,
Жылқы дөңнің басында.
Оқалақтап сиырлар
Айналды ауыл қасында.

Көлдің беті шалпылдап,
Қаз-үйрек жүр қаңқылдап.
Самал соқты аңқылдап,
Демал, ата, салқындап.



Шілде

Менің атым – Шілде,
Шыжып кетем мүлде.
Балалармен бірге
Суға түсем күнде.

Пішен толып пісті,
Шөпке шалғы түсті.
Пішеншілер шөлдеп,
Бастаудан су ішті.

Бүлдіргенім балдай,
Қарақатым қандай!
Тошаламды татсаң,
Үйіреді таңдай.

Арнап қыс пен күзге,
Әкелгенім Сізге –
Сары май мен торта,
Ірімшік, құрт, сүзбе.

Мен де еңбекті сүйем,
Ыстық күнге күйем.
Қыстың қамын ойлап,
Тау-тау мая үйем!

Тамыз

Мен Тамызбын, Тамызбын,
Солтүстікте аңызбын.

Мәуелетіп ағашты,
Жемістен бал тамыздым.

Алма, өрігім үзілді,
Сөрелерге тізілді.
Уылжытып әкелдім
Қауын-қарбыз, жүзімді.

Балға бөккен ара мәз,
Балпаң тартты бала қаз.
Мен келгенде күн ашық,
Жауын-шашын болады аз.

Жақындады күз енді,
Ел бастады күземді.
Қозы қойдан бөлініп,
Қора-қопсы түзелді.

Тәтті-шырын жемісім,
Ата, бәрі сен үшін.
Мол ырысқа кенелген,
Аралап қайт ел ішін.

Қыркүйек

Алтын астық – кең далам,
Бінтығады ел маған.
Қызыл қырман қожасы,
Қыркүйегің мен болам.

Арпа, бидай, тарым бар,
Уағында орып алыңдар.
Қырман толы дәнім бар,
Қамбаға тез салыңдар!

Деп халыққа жар салам,
Күзді алдымен қарсы алам.
Күндіз-түні көз ілмей,
Орақта жүр қанша адам.

Жер сарғайды, от қашты,
Қына басты көк тасты.
Ел етекке ойысып,
Құстар көкте топтасты.

Күз келегенін мақұлдап,
Жапырақ ұшты жапырлап.
Елеңдеді егінші,
Сабантойы жақындап.

Мен әкелдім жаңа нан,
Жаңа шыққан табадан.
Сабан иісі аңқиды
Сары алтындай даладан.

Қазан

Жаздың ізін өшіріп,
Қыстауға елді көшіріп,
Қазан балаң, мен келдім,
Қалмайын деп кешігіп.

Жылы жаққа қайтты құс,
Құстан хабар айтты қыс.
Бұлт жөңкілді аспанда,
Болғандай бір қақтығыс.

Бұта бүрі бітті ұшып,
Сыз білінді, шық түсіп.
Аю, борсық, суырлар
Жатты ініне бүк түсіп.

Қабак шытып жиі күн,
Киді ел күздік киімін.
Төмен түсті тауешкі,
Тастап таудың биігін.

Саршұнақ жүр ініне
Жемін тасып күніге.
Кезек берем енді, ата,
Өзімнен соңғы ініме.

Қараша

Менің атым – қараша,
Бұлтым ұшар аласа.
Төсегендей алаша,
Кең далама қараса.

Ел қыстауға жайланды,
Соғымға мал байланды.
Қырау шалып, мұз қатып,
Қар жаууға айналды.

Түнереді күнде аспан,
Жел азынап тынбастан.
Көлдің беті – қабыршақ,
Шарайнадай кір басқан.

Суық сұғып инесін,
Ата, шаншу тимесін.
Қымтап етек-жеңіді,
Сал шапанның түймесін!

Желтоқсан

Қара жерге жауса қар,
Аңшы біткен аң соғар.
Менің атым – Желтоқсан,
Қызығым бар қансонар.

Жота, дөңдер, қырқалар,
Жамылды аппақ ұлпа қар.
Мен келгенде, малшылар
Етек-жеңін қымтанар.

Қыстың көзін қызарттым,
Түнді күннен ұзарттым.
Мол болсын деп жазда су,
Өзен-көлге мұз арттым.

Мен барда ішің пыспайды,
Думаным көп қыстайғы.
Күздегідей қырлардан
Жел соқса, шаң ұшпайды.

Әңгіме соқ жантай да
Алатау мен Алтайға.
Қартаймаса қара жер,
Ата, ешқашан қартайма!

АҢҚАУ АЮ

Таң бозынан тұратын,
Ерттеп мініп құла атын,
Мойнына асып мылтығын,
Жаздай алмай бір тыным,
Атам қақпан құратын.
Менің аңшы атамды
Ауыл мақтан қылатын.
Едім мен де ерке шын,
Қасына ылғи ертетін.
«Жол қысқарсын, балам», – деп,
Жолда әңгіме шертетін.
Аңда көрген қызығын
Айтатұғын күн ұзын.
Бірде есіне ап кететін
Бала кезгі қылығын.
Атам алпыс жастағы
Әңгімесін бастады:
– Бірде ұзап аулаққа,
Аңға шықтық тау жаққа.
Екі-үш аңшы келеміз,
Аю атып алмаққа.
Аптыға ұрып жағаны,
Асау өзен ағады.

Бүрген менен қараған,
Үзеңгіні қағады.
Ашылып сәл қабағы,
Шыңдар бізге қарады.
Оқыс қашқан қояннан
Аттар үркіп қалады.
Сайлар жатыр түп-тұйық,
Жартастар тұр түксиіп.
Қайың, шырша, қарағай
Қарсы алады тік тұрып.
Аңғал-саңғал тау іші,
Арпалысқан тағысы.
Шаңқылдаған қыранның
Естіледі дауысы.
Үшеуміз де мергенбіз,
Қиындыққа көнгенбіз,
Қарсы шапқан аңдардың
Әуселесін көргенбіз.
Қияладық шатқалды,
Құлауға аттар шақ қалды.
Басымыздан өткердік
Небір қиын шақтарды.
Онда тіпті батылмыз,
Онда тіпті батырмыз.
Қорқынышты жерлерден
Қыңбай келе жатырмыз.
Қанжығамыз майланып,
Олжамызды байланып,
Бір төбеге тоқтадық,
Дем алуға жайланып.
Болған жайды баяндап,
Отыр едік жай аңдап.

Қарсы бетте келеді
Қоңыр аю аяңдап.
Қос қонжығы қасында,
Марғау аяқ басуға.
Алма ағашты бетке алған,
Өскен таудың басында.
Салады олар асырды,
Таптап шалғын, сасырды.
Қарақатты қағып жеп,
Алма ағашқа асылды.
Аю екен айлалы,
Сілкіледі алманы.
Сабағында қалдырмай,
Бәрін үзіп алғалы.
Біз отырмыз әлі аңдып,
Не болар деп ар жағы.
Жерге түскен алманы
Қонжықтары жалмады.
Таптап аяқтарымен,
Үстіне кеп аунады.
Алмалардың не түрлі
Берекесін кетірді.
Қонжықтарға енесі
Қатты ақырып, зекірді.
Болмаған соң оған да,
Тоқтатпаққа бекінді.
Оларға бос таптатпай,
Ұстап алып аттатпай,
Кеуделерін бастырды
Қара таспен қақпақтай.
Қонжықтары бақырды,
Аю қайта ақырды.

Жинай берді алмасын,
Тапқандай-ақ ақылды.
Беу, хайуан болғасын,
Қайдан терең ойласын?!
Әбден теріп біткесін,
Көтерді дәу маубасын.
Барып тасты аударды,
Кенет шошып таң қалды.
Қонжықтары болса оның
Бағана өліп қалған-ды.
Ары тартты, тұрмады,
Бері тартты, тұрмады.
Кеуделерін ақырын
Құлағын сап тыңдады.
Өлгенін қос боздағы
Білгеннен соң боздады.
Қаралы аю қайғысы
Көңілімізді қозғады.
Күңіренді тау жаңғырып,
Даусы жартас, жарға ұрып.
Өксіп-өксіп жылады,
Байқұс аю зар қылып.
Аюды аяп атпадық,
Көздеуге де батпадық.
Удай ашып ішіміз,
Үйге қайттық аттанып, –
Деп тамамдап бұл сырды,
Атам ауыр күрсінді...



БӨРІЛЕР

Асып қырқа, төбені,
Аш қасқырлар келеді.
Аяз қысып бүкшиіп,
Бүкең-бүкең желеді.

Көздерінен от шашып,
Келе жатыр топтасып,
Тұмсықтарын шүйіріп,
Бір жүріп, бір тоқтасып.

Келмей қоймас болжамы,
Болмай қоймас олжалы,
Әрі кәрі, әрі әккі,
Бар еді бір көкжалы.

Түнде жортып қаңғыған,
Күндіз жатып, аңдыған.
Жас бөрінің талайын
Жырынды еді баулыған.

Айлакерлік қылатын,
Ұрымталдан ұратын.
Таңдап жүріп жаратын
Жылқышының құр атын.

Қойыңды да қыратын,
Тайыңды да қыратын.
Ебін тауып, екі асап,
Еркін сайран құратын.

Кәрі көкжал қағынып,
Ширығады шабынып.
Тісі қышып қыңсылап,
Тайдың етін сағынып.

Талай жерді адақтап,
Келеді олар жалақтап.
Сілекейі шұбырып,
Қызыл тілі салақтап.

Жанталаса, жұлқына,
Жетті, міне, жылқыға.
Көрген жерде тап берді,
Жас бөрілер ұмтыла.

Көкжал бірақ саспады,
Дереу тыйып тастады.
Көп жылқыға сұқтана
Көзін сала бастады.

Қалт жібермей қас қағып,
Аралады бас бағып.
Көрінді бір кәрі айғыр,
Қарап тұрған қасқарып.

Қанды көзі кәнігі,
Салған жерден таныды:
– Дереу жарып тастаңдар, –
Деп азуын жаныды.

Жас бөрілер кеуделі,
Айтқанына көнбеді.

Қайтеміз деп кәріні,
Оған көңіл бөлмеді.

Не семізге қарамай,
Жүре түсті аралай.
Жауыр бие қара сұр,
Тұрған еді анадай.

Қанды көзі кәнігі,
Тағы жазбай таныды:
– Жарыңдар тез мынаны, –
Деп азуын жаныды.

Жас бөрілер кеуделі,
Айтқанына көнбеді.
Қайтеміз деп арықты,
Тағы көңіл бөлмеді.

Осы сәтте көк дөнен,
Өте берді көлденең.
Көкжал іші қылап етті,
Бұрын қалай көрмеген?!

Қанды көзі кәнігі,
Тағы жазбай таныды:
– Жайратыңдар осыны, –
Деп азуын жаныды.

Жас бөрілер кеуделі,
Айтқанына көнбеді.
Жұқ болмас деп жұмырға,
Тіпті көңіл бөлмеді.

Кәрі көкжал күдікті,
Ойын ішке ірікті.
Бұл алжыған шығар деп,
Басқалары жінікті.

Жас бөрілер қайратты,
Бір семізді жайратты.
Жылы қанға малынып,
Ауыздары май қапты.

Етке тығып түмсықты,
Бүйірлері бір шықты.
Енді бола бергенде,
Күн шықты да шу шықты.

Шыдасын ба адамға,
Зытты бәрі табанда.
Жеткізсін бе жылқыға
Аяқтары аманда.

Талай қашып жүргенде,
Сасуды олар білген бе?
Жоғалатын бел асып,
Көз жаздырып бір демде.

Тастап артқа даланы,
Құйындатып барады.
Құтылдық па дегенде,
Көрді жалғыз қараны.

Барған сайын жақындап,
Келе жатыр тақымдап.

Ызаланды бөрілер,
Азулары сақылдап.

Тауға қашты, қоймады,
Сайға қашты, қоймады.
Бастырды да састырды
Жылқының бір дойманы.

«Шапқан сайын үдейді,
Қайтеміз бұл дүлейді».
Жалтақтады көкжалға,
Жас бөрілер үрейлі.

Көкжал сонда қарады:
– Қасқа айғыр бұл манағы.
Құтылудың бар бұдан
Жалғыз ғана амалы.

Қанша айтқанмен кәрі еді,
Осал жері бар еді.
Маңдайының сүйегі
Жұқалтаңдау мал еді.

Соққан желге азынап,
Қарсы тартсақ азырақ,
Шабысынан танады,
Құтыламыз қазір-ақ.

Бетке ап қырат-белеңді,
Желге қарсы жөнелді.
Суық соғып маңдайын,
Кәрі қасқа бөгелді.

Тастап артқа даланы,
Әлі безіп барады.
Құтылдық па дегенде,
Көрді екінші қараны.

– Шабысы тым сұрапыл,
Құтқармас, – деп, – мына сұр! –
Жас бөрілер көкжалдан
Күтті тағы бір ақыл.

Көкжал тағы қарады:
– Сұр бие бұл манағы.
Құтылудың бар бұдан
Жалғыз ғана амалы.

Қанша жүйрік болса да,
Алды аласа соншама.
Еңіс келсе еңкеңдеп,
Шаба алмайды оншама.

Бетті бұрып теріске,
Тартыңдар тік еңіске.
Құтқармайды әйтпесе
Қайқаң менен тегісте.

Бетке ап ылди-төменді,
Құлдилата жөнелді.
Ырғи алмай ылдида
Сұр бие де бөгелді.

Тастап артқа даланы,
Әлі қашып барады.

Құтылдық па дегенде,
Көрді үшінші қараны.

Құлақтарын жымқырып,
Құйрықтарын қымқырып,
Қатты састы бөрілер,
Бір жығылып, бір тұрып.

Көкжал сонда қарады:
– Бұл көк дөнен манағы.
Қолтығында қанат бар,
Жерге тимес табаны.

Бітімінің бір кемі
Жоқ, ерекше жыяқы еді.
Терімізді сыпырар,
Құтқармайды бұл тегі.

Қанша шамам бар менің,
Бітті қуат-дәрменім.
Жалтаңға тек тартыңдар,
Жеткенінше әлдерің.

Не салса да көрейін,
Өлсем мен-ақ өлейін.
Сендер аман қалыңдар,
Алдарқатып бөгейін.

Көкжал жорта налыпты,
Қалтарыста қалыпты.
Қуғыншы адам қалғанын
Оңай соғып алыпты.



ЖАУДЫ АЯҒАН ЖАРАЛЫ

Шаяндар ертеде
Бірігіп тұрыпты.
Көрікті өлкеде
Салтанат құрыпты.

Сойқанды сүймепті,
Ойнапты, билепті.
Ешкімге тимепті,
Ешкім де тимепті.

Талай жыл өтіпті,
Көбейіп өсіпті.
Бетімен кетіпті,
Шетінен бөсіпті.

Тасыпты дәулеті,
Асыпты сәулеті.
Болыпты әулекі
Шаяндар әулеті.

Момындық бір кезгі
Жайына қалыпты.
Маңынан жүргенді
Аямай шығыпты.

Тасты да, тауды да
Жүріпті шулатып.
Аңды да, малды да
Қырыпты улатып.

Хайуандар қаншама,
Ақыры шыдамай,
Бар маңға – баршаға
Жар сапты мынадай.

«Қаскүнем шаянға
Қарсылық қылайық.
Болмайды аяуға,
Қынадай қырайық.

Ағы мен қарасын,
Айырып жатпайық.
Әкесін, баласын –
Бәрін де таптайық.

Залымға лайық
Тек осы – үкімі.
Типыл ғып тынайық,
Қалмасын тұқымы!».

Хайуандар кекті боп,
Шабуыл бастапты.
Жаныштап, тепкілеп,
Жамсатып тастапты.

Шаяндар қан қақсап,
Қырғынға ұшырап,
Қалғаны жан-жаққа
Қашыпты бышырап.

Қысым кеп жанына,
Таба алмай панасын,

Зытыпты ханы да
Көрсетпей қарасын.

Артына жалтақтап,
Зәресі ұшыпты.
Тырбаңдап, қалтақтап,
Сан құлап түсіпті.

Кенеттен алдынан
Көлшік су шығыпты.
Өте алмай ол бұдан,
Діңкесі құрыпты.

Тұрыпты жағада,
Зар илеп қыяқшып.
Бақа сол арада
Шығыпты қылышып.

– Бақажан, сақташы,
Өлетін болдым-ау!
Өткізіп тасташы,
Бөгеп тұр көл мынау?

Кез болған сорым ба?!
Тым құрыса көпір жоқ.
Қуғыншы соңымда
Келеді нөпір боп.

– Аулақ жүр, шағасың,
Жоқ менен қайырым.
Толқынға салатын
Мен емес қайығың.

– Ая мен пақырды,
Жалынам, Бақажан!
Тұяқ ем ақырғы
Қалған бір атадан.

Түрімнен шошыма,
Тілімді жуытпан.
Құтқарсаң осыдан,
Өлгенше ұмытпан! –

Деп қолқа салыпты,
Бақа оған наныпты.
Қасына барыпты,
Арқалап алыпты.

Шаяның шанжиып,
Бақаға мініпті.
Ес жиып, әл жиып,
Мұртынан күліпті.

Бақаекең сермепті,
Есек қып аяқты.
Алқынып терлепті,
Жиекке таяпты.

Ал Шаян бастапқы
Қауіп пен қатерін
Ұмыта бастапты,
Білген соң өтерін.

Кенеттен шатынап,
Ыза боп күйіпті.

Етіне шашырап,
Лай су тиіпті.

Бақаға ұрсыпты:
– Болдың, – деп, – қырсықты.
Желкеден шағып ап,
Жағаға ыршыпты...

БӨЛІНГЕНДІ БӨРІ ЖЕР

Жон-арқасы жайқаңдап,
Қос мүйізі қайқаңдап,
Жорға бопты бір сиыр,
Бақайлары майпаңдап.

Зулап еңіс-қайқаңнан,
Төрт аяғы тайпалған.
Мысы басып жорғаның,
Бүкіл табын тайсалған.

Кеудесін жел кернепті,
Мақтаншақтық меңдепті:
– Сасық табан сиырлар,
Жылқы болам мен! – депті.

Қарамай өз тұрқына,
Қосылыпты жылқыға.
Түнгі өріске шығыпты,
Жанталасып, жұлқына.



Құр елеске еріпті,
Табынынан жеріпті.
Жетпек болып жылқыға,
Бұл да еңкілдеп желіпті.

Жылқы жүрсе жүріпті,
Жылқы тұрса тұрыпты.
Шапса шаңын көре алмай,
Діңкесі әбден құрыпты.

Сонда да өзін бұлдапты,
Кері мойын бұрмапты.
Кісінесе жылқылар,
Мөңірепті бұл қатты.

Бірде түнде қауіпті
Бір топ қасқыр шауыпты.
Қалың жылқы шұрқырап,
Дереу айла тауыпты.

Тай-құлынын алдырмай,
Саяқтарын қалдырмай,
Жөңкіп берген қыр асып,
Қасқырларға шалдырмай.

«Жорға» естен таныпты,
Айдалада қалыпты.
Жемек болып боршалап,
Қасқыр қамап алыпты.

«Боршалайды-ау етімді,
Өлдім-ау», – деп өкірді.



Табынынан бөлініп
Кеткеніне өкінді.

Шуылдап тал-қамысы,
Күңіреніпті тау іші.
Таяу жатқан табынға
Естіліпті дауысы.

Сезіп сәтте сұмдықты,
Бүкіл табын дүрлікті.
Шаншып алып құйрықты,
Солай қарай құйғытты.

Бәрі бірдей лап берді,
Дер кезінде дөп келді.
Жан-жағынан анталап,
Көкжалдарға тап берді.

Жаны өзіне олжа екен,
Аман қапты «жорғаекең».
«Бөлінгенді бөрі жер,
Сендерсіз мен сорлы екем!» –
Деп өкініп налыпты,
Аңыз түбі анық-ты.

ҚАБАНБАЙ БАТЫР

1. Ерлерді ел ұмытпас

Ал, балалар, құлақ қой,
Түсінбесең сұрап қой.
Ерлік жыры ешқашан
Сарқылмайтын бұлақ қой.

Аңыз емес, анық іс –
Сол бұлақтан қанып іш.
Зерек болсаң зерделі,
Сөз төркінін танығыш.

Көз жібермей өткенге,
Опық жеген көп пенде.
Ұмытқандар тарихын
Мұратына жеткен бе?

Өткенге оймен қарасақ,
Өкінбейді болашақ.
Ел қорғаған ерлер көп,
Саусақпенен санасақ.

Бабалардың ерлігін
Жырлайтұғын келді күн.
Батырлар ғой сақтаған
Туған жердің кеңдігін.

Соның бірі – Қабанбай,
Берік соққан қамалдай.

Қабанбайдың тұсында
Жау көп болған сабандай.

Көлге жылқы жаптырмай,
Шөлге түйе бақтырмай,
Ерегескен дұшпандар
Елге тыным таптырмай,

Көшті кеңге бұрғызбай,
Керегені құрғызбай,
Талай-талай бас салған,
Орнымыздан тұрғызбай.

Аш бөрідей анталап,
Қорқау көзі қанталап.
Шаңырақты қаусатқан,
Босағаны балталап.

Туырлықты тураған,
Тұнық суды улаған.
Үркіп қашқан ұлардай,
Бала-шаға шулаған.

Жауға келмей шамамыз,
Зар қақсаған анамыз.
Жылау менен жоқтаудан
Күңіренген даламыз.

Қариялар бүгілген,
Тіршіліктен түңілген.
Халық босып, тау-тасқа,
Табандары тілінген.



Көк найзамен түйреген,
Қабырғамыз күйреген.
Аруларды шыңғыртып,
Бұрымынан сүйреген.

Төбемізде билеген,
Табанға сап илеген.
Қиналса да ұландар,
Бағынып, бас имеген.

Бәлесі жоқ үймеген,
Зияны жоқ тимеген.
Соның зары біздерге
Жеткен әнмен, күйменен.

Солай, солай күн болған,
Зорлық көріп сұмдардан:
Қыздарымыз күң болған,
Ұлдарымыз құл болған.

Азап тартып жеңдеттен,
Жау қолында ержеткен.
Тұтқындағы байғұстар
Көздің жасын көлдеткен.

Қаптағанда қара түн,
Қайғылы әнге салатын,
Бесік жыры сол кездің,
Міне, былай болатын:

«Әлди, әлди, қуатым,
Ата жолын қуатын.

Батпан-батпан шерімді
Өзің ғана жуатын.

Ертең өсіп, толарсың,
Садақ оғын жонарсың.
Сауыт киіп, қол бастап,
Салқын төске қонарсың.
Жаудан кекті қайтарып,
Елге қорған боларсың!

Әлди, әлди, зерегім,
Сүйенішім – терегім.
Жауда кеткен көкеңнің
Білемісің дерегін?

Бала құстай түлерсің,
Белге семсер ілерсің,
Жөргегі жат Жоңғардың
Туырлығын тілерсің.
Қолды болған мұңлықтың
Бір хабарын білерсің!

Әлди, әлди, тынысым,
Жүзі қайтпас қылышым.
Жатқа бермес жерінің
Ұлтарақтай бұрышын.

Батыр болып өсерсің,
Қанды жорық кешерсің.
Көз алартқан дұшпанның
Көк желкесін кесерсің.
Талқан етіп сүйегін,
Тас төбесін тесерсің.

Елді бастап сонан соң,
Көк жайлауға көшерсің.
Қалың теңді шешерсің,
Қалы кілем төсерсің!
Әлди, әлди, әлди-ай!».

Жерді шаңға бөктірген,
Елді қанға бөктірген,
Сол жауыздар соңғы рет,
Шығыс жақтан кеп кірген.

Қапшылыста бас салған,
Қырғын соғыс басталған.
Қарындастан айрылып,
Қара көзден жас тамған.

Ерлер атқа қонғанша,
Қолын жинап болғанша,
Тоз-тоз болып торғайдай,
Еңіреген ел қанша.

Біреу қашқан қыр жаққа,
Біреу қашқан Сыр жаққа.
Қанмен өрнек салынған
Текемет пен сырмаққа.

Қалың жаудан қаптаған
Жанын әрең сақтаған,
Аталыпты сол заман:
«Шұбырынды ақ табан».

Кең даланы шарлаған,
«Елім-айлап!» зарлаған.
Тентіреген қазақтың
Түкпірі жоқ бармаған.

Жерімізге құт қонған,
Жау табаны – жұт болған.
Сол бір сордан халықты
Қабанбайлар құтқарған.

Жалғыз емес Қабанбай,
Қасында бар Бөгенбай.
Райымбек, Жәнібек,
Қазыбек пен Боранбай.

Жалпақ елдің көсемі,
Жан біткеннің шешені,
Ортасында ақылгөй
Бұқар жырау деседі.

Бұлардан да басқа бар,
Кілең жайсаң, қасқалар.
Тізе қосса батырлар,
Тажал дұшпан тас қабар.

Алтай мен Сыр арасы,
Сарыарқаның даласы,
Жауға қарсы аттанды
Бүкіл қазақ баласы.

Аянбады жау-дағы,
Өрттей қамап қаулады.

Барған сайын үлкейді
Қырғын соғыс аумағы.

Қанды судай сапырып,
Жаншитындай жапырып,
Ұмтылысты екі жақ,
Ұрандарын шақырып.

Кескілесті керемет,
Бірін-бірі төбелеп,
Қырылғандар майданда
Қалып жатты төбе боп.

Жау шегінді ақыры,
Құлап алтын шатыры.
Берілмеді сонда да
Бір қара дәу батыры.

2. Қабанбайдың Арқауылмен жекпе-жекке шығуы

Әлгі батпан шойқара,
Қаһар шашты айнала.
Аспанға атын секіртіп,
Қарсы шапты сайлана.

Бурадайын шабынды,
Қасқырдайын қағынды.
Жекпе-жекке шақырып,
Қақты кенет дабылды.

Көпті бұйым көрмеді,
Көкке шапшып өрледі.
«Менің атым – Арқауыл,
Мықтыларың, кел!» – деді.

Айқасқанды шыдатпай,
Жайпап салды құрақтай.
Сан батырды ұшырды
Ат үстінен тұмақтай.

Бұқар жырау ерлерге
Былай деді сол жерде:
«Мұндай дию көрмедім,
Талай жауды көргенде.

Жан шошырдай түсінен,
Тау құлардай күшінен.
Айласы бар
Ілетін
Найзасының ұшымен.

Батырлыққа салмаңдар
Босқа жайрап қалмаңдар.
Ер Қабанбай болмаса,
Басқаларың бармаңдар!».

Ер Қабанбай долданды,
Қыран құстай қомданды.
Жауар бұлттай түйіліп,
Көк найзасын қолға алды.

Алға шықты атылып,
Атқа қамшы батырып.
Айғай салды күркіреп,
Арыстандай ақырып.

«Өлетұғын сен! – деді, –
Жеңетұғын мен! – деді. –
Мен боламын Қабанбай,
Ал, қорғанып көр!» – деді.

Гүрзіменен батпандай,
Соқты допты қаққандай.
Өршеленді дұшпан да,
Өлем-ау деп сақтанбай.

Екі алпауыт сайысты,
Найза, қылыш майысты.
Тірескенге шыдамай,
Аттың белі қайысты.

Көпке дейін ала алмай,
Арпалысты Қабанбай.
Беріле ме жау оңай,
Жан берісіп, жан алмай.

Бойын ыза кернеді.
Қызған сайын ерледі.
Алдаспанын қолға алып,
Қаһарлана сермеді.

Олай соғып бір өтті,
Бұлай соғып бір өтті.

Арқауылдың ақыры
Аузынан қан дiр етгi.

Быт-шыт болып қалқаны,
Шықты жаудың талқаны.
Ұрандады сарбаздар,
Сiлкiндiрiп Арқаны.

Қалатындай жер жетпей,
Жөнiмен кеп, жөн кетпей,
Ажал тауып сұм жауыз,
Төнiкерiлдi дөңбектей.

Шыдап тұра алмады,
Зыта қашты қалғаны.
Ел қорғаған ерлердiң
Орындалды арманы.

3. Қабанбай қалай Қабанбай атанды?

Осы күнгi Алакөл,
Айналасы қара жол.
Бiр кездерi отырған
Көлдi қоршап тамам ел.

Шалқып жатқан ел екен,
Берекесi мол екен.
Ерен туған ұлдары
Шеттерiнен ер екен.

Ел болған соң ұл туар,
Талаптанып ұмтылар.



Күні бүгін сол жерде
Қабанбайдың жұрты бар.

Күнін көріп еңбекпен,
Әкесі осы жерде өткен.
Ақ бесігін шешесі
Осы жерде тербеткен.

Бағыланды сойыпты,
Бал қымызға тойыпты.
Жаңа туған ұл атын
Ерасыл деп қойыпты.

Сықырлатып бесікті,
Сәби тездеп өсіпті.
Алакөде шомылып,
Ала жаздай кешіпті.

Он жасында жығыпты
Алпамсадай жігітті.
Он бесінде сындырған
Бұрап атан жілікті.

Күші судай тасыпты,
Арнасынан асыпты.
Асау тайды шыңғыртып,
Құлағынан басыпты.

Ауыр садақ тартыпты,
Атанға жүк артыпты.
Ақылға да кенде емес,
Бала бопты тәртіпті.



Жақсыларды қолдапты,
Жазықсызды қорғапты.
Ерасылды елінде
Білмейтін жан болмапты.

Су бетімен сең көшер,
Көл шетімен ел көшер.
Көшіп-қонып жүрген жұрт,
Бір-бірімен селбесер.

Жер биігі жоталы,
Көл жиегі қопалы.
Көш алдында келеді
Топ-топ жылқы отары.

Қалың жылқы қаптаған
Кенет үркіп тоқтаған.
«Не бәле?» деп қараса,
Шыға кепті көп қабан.

Кетпей тұрып алыпты,
Ойран-асыр салыпты.
Тап бергенде,
Жылқының
Бірнешеуін жарыпты.

Мұны көріп шошыған
Жылқы қашып жосыған.
Лап беріпті селдей боп,
Кері қарай тасыған.

Жылқышылар ойбайлап,
Безіпті атын борбайлап.

Күжірейген қабандар
Жатып апты жол бойлап.

Өткел екен әлгі жер,
Соқпақ екен мал жүрер.
Сонда ашуға мініпті
Ерасылдай балғын ер.

Найзасын ап қолына,
Адам ертпей соңына,
Жалғыз өзі барыпты
Қабандардың тобына.

Араласа кетіпті,
Тобын жарып өтіпті.
Шаншып алып лақтырып,
Опай-топай етіпті.

Қабан түгел өліпті,
Ерлігін ел көріпті.
Жол ашқан жас баланың
Соңынан көш еріпті.

Қабан жеңген қаһарман,
Үлкендерден бата алған.
Содан бастап Ерасыл
Ер Қабанбай атанған!

4. Қабанбайдың кекке аттануы және Ерденені құтқаруы

Өткен талай алпауыт,
Ұрлықпенен мал тауып,

Қабанбайдың жылқысын
Әкетіпті жау шауып.

Шолып таудың арасын,
Жылқы іздеген ағасын
Атып тастап,
Кетіпті
Көрсетпестен қарасын.

Жауға бұрын шаппаған,
Бұғанасы қатпаған,
Жас Қабанбай аттанды,
Атын мініп ақ табан.

Қуды жауды соңынан,
Қорықпай садақ оғынан.
Қия басса қауіп бар,
Қазақ жерін торыған.

Құйындатып келеді,
Қия жерде желеді.
Жолға жалғыз шығарған
Ағасының кегі еді.

Шаба-шаба шаршады,
Көрінбеді жау шаңы.
Алты күнде жетеді
Сары тауға аршалы.

Жалғызды жау таласа,
Кім түседі араша?
Түйе баққан біреу жүр,
Таудан күн сап қараса.

Ойланып сәл тұрады,
Аттың басын бұрады.
Аяңдап кеп ақырын,
Әлгіден жөн сұрады.

Ол да өзіндей ұл екен,
Қолға түскен құл екен.
Құтылуға амал жоқ,
Қор боп әрең жүр екен.

Жөнін біліп танысты,
Жақын болып табысты.
Кек алмаққа дұшпаннан,
Серттесіп қол алысты:

«Кек алмаймын мен неге?
Жаным тұрса кеудеде!
Затым қырғыз болады,
Атым, – деді, – Ердене.

Мен айтайын жөн саған,
Іздегенің – Арсалаң.
Арсалаңның қолында,
Тұтқында жүр қанша адам.

Ата жауың осында,
Жылқышылар қосында.
Оңайлықпен алдырмас,
Нөкері көп қасында.

Бір әдісін табайық,
Айламенен алайық.
Аңдып тұрып жауыздың
Тажал басын шабайық!».

Екі бала осылай,
Жабырқамай, жасымай,
Түн жамыла айқасты,
Дүйім жаудан шошымай.

«Ей, Ердене, Ердене,
Көп ат тұр ғой кермеде.
Қанды қолды нақ көрсет,
Қапы кетсем ер деме!

Байлаулы атын тізейін,
Шылбырынан үзейін.
Оқшау тұрған ақ боздың
Жал-құйрығын күзейін.
Бір-біріне қосақтап,
Ауыздықтан ілейін.
Бейғам жатқан дұпанның
Жайын байқап білейін.
Қойға бөрі тигендей,
Ұшырайын үрейін».

Қосқа келді жақындап,
От жанып тұр лапылдап.
Түнді басқа көтеріп,
Күліседі сақылдап.

Аңдып келген манағы
Байқамады баланы.
Қызып алып қымызға,
Әндеріне салады.

Көзін алмай қадала,
Қарайлап тұр бала да.

Сол заматта теңселіп,
Біреу шықты далаға.

Осы еді Арсалаң,
Келе жатқан қарсы оған.
«Нақ өзі!» – деп Ердене,
Сыбырлады қалқадан.

Қабанбай да қамданды,
Оңтайлады қанжарды.
Еппен басып барды да,
Қарнын осып, қақ жарды.

Қорқыраған үн шықты,
Селт етпеді түн тіпті.
Қанішер жау ақыры
Өз қанына тұншықты.

Арсалаңға ергендей,
Біреу шықты ербеңдей.
Қараңғыда үңілді,
Қараң-құраң көргендей.

Анадайдан зіркілдеп,
Дауыстады: «Кімсің?» – деп.
Тықыршыды Ердене,
Ет жүрегі дүрсілдеп.

Белгі беріп «Бол!» деген,
Атты тартты көлденең.
Екі бала жөнелді,
Жарысқандай желменен.

Естіп тосын дүбірді,
Қалың қалмақ жүгірді.
Көріп өлген батырын,
Жандарынан түңілді.

Міне алмады ат қармап,
Қуа алмады қапталдап.
Түн ішінде у-шу боп,
Қала берді «аттандап!»

Адыр-адыр белді асып,
Алыс-алыс жол басып,
Аман-есен оралған,
Сол қашқаннан мол қашып.

Ерлікпен іс тындырған,
Екеуін ел жыр қылған.
Күнде жасап бір думан,
Тойдан тойды тудырған.

Бірге шығып белге де,
Бірге түсіп көлге де,
Інісіндей большты
Қабанбайға Ердене.

Уысынан жауының,
Құтқарған сол бауырын
Жеткізіпті еліне,
Іздеп тауып ауылын...



ИГОРЬ ЖОРЫҒЫ ТУРАЛЫ ЖЫР

(Орыс халқының тарихи дастаны)

Бауырлар, барлығыңа болсын баян,
Ежелгі дертті әңгіме өзіме аян.
Святослав ұланы Игорь² ердің
Жорығын түптен толғап, жұртқа жаям.
Соқпағын баяғының түгел шолып,
Ақ сөйле, жыр көсемі жампоз Баян³.

Тебіренсе дегдар Баян қайраттанар,
Тиіндей дарақтағы ойнақ салар.
Бөрідей тау жебелеп аласұрып,
Бүркіттей бұлт шайқаған айбаттанар.
Аққуға он сұңқарды салған сонау,
Алғашқы айқасты ойлап саңлақтанар.

Сұңқары қу ілгендей көкке самғап,
Жыр төгер Ярослав⁴ ерге арнап.

² Игорь Святославович (1151-1202 жж.) – Теріскей Новгородтың орта дәулетті кінәзі. 1185 ж. 6 жасағымен қыпшақ еліне жорыққа аттанады. Дастанның негізгі қаһарманы.

³ Боян – Игорь жорығынан бір жарым ғасыр бұрын ғұмыр кешкен орыс жырауы. Орыс деректерінде де, қазақ тілінде де «Баян» деген сөз бар.

⁴ Ярослав – Ақылгөй (Мудрый) аталған. Киев кінәздері әулетінің бабасы. Игорь де осы тұқымға жатады.

Көзінше косоғ қолы Мстислав⁵
Редейдің⁶ басын кескен жайды толғап,
Мадақтар Роман⁷ кінәз салтанатың,
Өткенді сөзбен сырлап, оймен шарлап.

Баянның он саусағы – он сұңқары,
Ойнайды перне басса толқып қаны⁸.
Тіл бітіп өз-өзінен ішектерге,
Тылсымның сұлық жатқан кірер жаны.
Асқақтап кінәздардың атақ-даңқы,
Түзелер қызған сайын жырдың сәні.

Бұлыңғыр қадым заман әуел бастан,
Алғыдан арттағыға сөз алмасқан.
Владимирден⁹ Игорьге дейін қозғап,
Бастайық жабырқаңқы ғажап дастан.
Ел менен жер қайғысы жегідей жеп,
Ер Игорьь дұшпанымен майдандасқан.

Айбаты ақылының байрағы боп,
Түбінде жүрегiнiң қайнады кек.
Сыя алмай сауытына ашу кернеп,
Қол бастап, көк семсерiн айға бiлеп,

⁵ Мстислав – Ұлы Мстислав, Киев кінәзі. 1132 жылы өлген. Әйгілі Владимир Мономахтың ұлы, Юрий Долгорукийдің інісі.

⁶ Редей – касог (черкес – адыгей) ханы.

⁷ Роман Тмутаракан кінәзі (1079 ж. өлген).

⁸ Музыка аспабы сөз болып отыр.

⁹ Владимир I Святославич, «Қарт» Владимир (1015 ж. өлген), орыс кінәз тұқымдарының түпкі атасы.



Аттанды орыс жерін артқа тастап,
«Қайдасың, қалың қыпшақ аймағы!»¹⁰ деп.

Ал сайра, даңғыл Баян, сөз бұлбұлы,
Құйылсын көмейіңнен ерлік жыры.
Шабытың шұғыладай бұлтты шарпып,
Тынбай жорт көк бөрідей күні-түні.
Шаңына сұңқарлардың көмілген бе,
Галич пен Донның¹¹ анау ой мен қыры.

Велестің¹² немересі Баян мұны
Толғаса ақтарылар дүние сыры:
«Сулыда¹³ ат кісінеп жер тарпыса,
Желбірер Путивальде¹⁴ жеңіс туы.
Киевте қаһармандар сапқа тұрар,
Естілсе Новгородтан¹⁵ керней үні».

Тағатсыз күтті інісін Игорь енді,
Кешікпей Всеволод¹⁶ хабар берді:
«Бір туған Святослав ұлы едік біз,
Жан аға, атқа қонар кезең келді.
Түбінде Курскінің күтудемін,
Лап қояр сарбаздарым берсең белгі.

¹⁰ Орыс жыланамаларының деректеріне қарағанда қыпшақтардың бір бөлігі Шығыс Еуропа ойпатын XI ғасырда жаппай мекендей бастайды.

¹¹ Галич пен Донның арасын қыпшақтар мекендеген.

¹² Велес (көне түрі – Волос) – ежелгі славяндардың хайуанат пен су, байлық, игілік және сауда тәңірі.

¹³ Сула – Днепр саласы, «сулы» мағынасында болуы да ықтимал.

¹⁴ Путиваль – көне орыс қаласы.

¹⁵ Новгород – Теріскей Новгород (Северский).

¹⁶ Всеволод Трубчевск мен Курскінің кінәзі («буй – тур») Игорьдің інісі, 1196 ж. өлген.

Курындық¹⁷ қырандарым «жау қайдалап!»,
Кернейдің үні естілсе шығады ойнап.
Кез келсе сусын ішіп дулығымен,
Жем іліп найза ұшымен қылар қайрат.
Қанжарын күнде қайрап, садақ сайлап,
Құрсанып мұздай темір шегеді айбат.

Бұларға қиыр шеттің сыры мәлім,
Біледі сай-саласын, ұры жарын.
Болжайды күні бұрын көріпкелдей,
Қай тұстан жаудың қалай ұрынарын.
Қан төгіп кінәздардың атағы үшін,
Аямас олжа десе бірі жанын».

Ғайыптан күреңітті күн тұтылып¹⁸,
Қарады Игорьь оған көзін тігіп.
Жасақты қара түнек орай түсіп,
Бүркеді көкжиекті тұншықтырып.
Қар жауып қабағынан, қатуланып,
Былай деп сөйледі Игорьь сонда тұрып:

«Бауырлар, не табамыз бұрылғанда,
Бір өлім қайда болсын шыбын жанға.
Жауменен жағаласып байқасайық,
Тірлікте ер жігітке тыным бар ма?!
Тартайық атқа қонып алға қарай,
Жетейік желдей ұйтқып тынық Донға».

¹⁷ Курян – Курск жасағы деген мағынада.

¹⁸ Күн тұтылу 1185 жылдың 1 мамырында болған.



Үстінен арғымақтың тер ағылтып,
Суынан ұлы Донның қана жұтып,
Өзенді ожау емес дулығамен¹⁹
Сорпадай сапыратын жорық күтіп,
Ширықты шамырқанып Игорь батыр,
Түнеріп күннен бетер тұлан тұтып:

«Қыпшақтың талай салған ойраны үшін
Қадаймын даласына найзам ұшын!
Бақ сынап, осы жолға бас тігемін,
Тұрғанда ойда жігер, бойда күшім.
Бәріміз өлер болсақ бірге өлерміз,
Тағдырдың көріп басқа салған ісін».

Аяқ сап үзеңгіге алтындатқан,
Бет қойды кең далаға мұнар жапқан.
Тұмшалап күннің көзін қара тұман,
Күркіреп түнек түні құс шулатқан.
Ұлыды ішін тартып түз тағысы,
Гүжілдеп құбыжық та шың-құз жақтан.

Қап-қара албастыдай зіл басады,
Жыртқыштар түн қойнында шуласады.
Поморь мен Еділ, Сурож, Посульге²⁰
Жалғасып бір-бірімен үн қосады.
Оятып Тмутаракан²¹ дуалдарын,
Қиянға қиырдағы ұласады.

¹⁹ Дулығамен су ішу – әскери ырым, жеңіс ишараты.

²⁰ Поморь, Еділ (Волга), Сурож, Посульс – қыпшақ пен орыс елдерінің шебіне орналасқан жер аттары.

²¹ Тмутаракан – оңтүстіктегі орыс қаласы.

Шошынған аққулардай көріп ойран,
Қыпшақтар үрке қашты қанат жайған.
Жөнелді қараңғыда жолсызбенен,
Шиқылдап арба даусы әлдеқайдан.
Беттетті қолын Игорьь Донға қарай,
Тіленіп: «Қайдасың!» деп қанды майдан.

Қарғалар қараға еріп қалбалақтап,
Қасқырлар жалақтайды жолда қаптап.
Күзғындар қою шаңның сыңайынан
Сезеді сұрапылды қанға батпақ.
Шаңқылдап шақырады жемтіктесін,
«Тоятқа түсеміз!» деп далбалақтап.

Бұлт төніп, құтырынып дауыл кенет,
Жай атып, аспан асты шаң үрлемек.
Өліктің арасымен жортқан тұлкі
Қалқанның қанын жалап шәуілдемек.
Қалдың сен, орыс жері, бір қиырда,
Астында бел-белестің сағым бөлеп.

Үйіріліп тұманды кеш, бұлбұл тынды,
Сарбаздар өткізді әрең бұл бір түнді.
Ұзақтар ұйқысынан ерте оянып,
Шығыстан таң асығып, күн бұлқынды.
Қалқанын құла дүзге қамал етіп,
Орыстар өршеленіп жауға ұмтылды.

Жұмада ертеменен ұрыс қызды,
Қыпшақтың жер қайысқан қолын бұзды.
Жебеден сел жаудырып сұр далаға,
Тұлдыр ғып тонап алды сұлу қызды.

Алқасын, айшолпысын аспанға атып,
Алтынның айдынында еркін жүзді.

Қайтарып жауда кеткен бұрынғы өшті,
Паршалап туырлығын, жібін кесті.
Ақ туды қызыл шашақ, күміс сапты,
Кінәзға тік көтертіп, дүрілдесті.
Олжалап ақша бетті аруларды,
Жасақтар масаттанып күлімдесті.

Олегтің қолы қыпшақ даласында,
Алыста ұшқан ұя, жанашыр да.
Қырандар қатар түзеп қонған жерге
Сұңқар мен лашын, сірә, жоласын ба?
Крумкач²², қарғыс атқыр дүлей қыпшақ,
Батпайды көрсетуге қарасын да.

Қызақ²³ сүм көк бөрідей анталады,
Күншақ²⁴ қу қарға құсап жар салады.
Қарқылдап, Донға қарай қанат қағып,
Қорқауға бағыт сілтеп, жол шалады.
Тағы да бір сойқанды білдіргендей
Талаурап таңның жүзі қанталады.

Шатырлап найзағайын жарқылдатқан,
Күркірі аспан астын қалтыратқан,
Дүниенің төрт бұрышын тұтас жауып,
Тас түнек бұлт қаптады теңіз жақтан.

²² Крумкач – Құрымкач (Құрымқас, Қарақас) – қыпшақ сарбазының есімі болса керек.

²³ Қызақ кейде Қозы болып та жазылады. Қыпшақтардың әскербасы, Күншаққа тәуелді.

²⁴ Кончак – Күншақ-Қыпшақтардың сол кезеңдегі ірі әскербасы, ханы.

Түксиіп, қабақ түйіп, төне түсті,
Зобалаң қара жерді солқылдатқан.

Дон жақтан көк нөсердей жебе жаумақ,
Үстіне қыршындардың тажал аунап.
Қылыштан не найзадан опат болып,
Аздан соң барлығын да ажал алмақ.
Демеу бол, артта қалған орыс жері,
Ұлдарың қырылмақшы далада аулақ.

9. Сілкініп долы дауыл соқты қатты,
Лайлап өзендерді, тас құлатты.
Жүйткіген жел тәңірі ұрпақтары²⁵
Шаңдаттып, шартараптан оқ боратты.
Теңіз жақ ұрымталдан – Дон тұсынан
Ат қойып, қалың қыпшақ ұрандатты.

Қыпшақтың айғайынан жер жаңғырып,
Орыстар қалқан тосты, қорған құрып.
Жарбұқа Всеволод!²⁶ Алдында сен,
Дұшпанға семсер сілтеп, оқ жаудырып,
Дулығаң шағылысып күн нұрына,
Айқастың ерлігіңе таң қалдырып.

Сермеген қылышыңа күш қыла алмай,
Бастары қыпшақтардың түсті баудай.
Жарбұқа Всеволод! Жауға төккен
Қаһарың сол сәттегі сұсты қандай!

²⁵ Стрибог – жел тәңірісі

²⁶ «Бұй – тур» – әдетте бай – төре, бай – бұқа, жар – бұқа болып аударылып жүр.
Тур – күш пен биліктің символы.



Қақырап дулығасы аварлардың,
Қаралық²⁷ семсеріңнен ұшты қалмай.

Сескеніп өлім барын ойланбадың,
Ортасын қан майданның ойрандадың.
Шықты естен, бауырларың, бала-шағаң,
Глебтің²⁸ ерке қызы – сүйген жарың.
Ұмыттың Черниговты, жақсы өмірді,
Атаның алтын шашақ дастарханын.

Троян²⁹ ғасырында сонау өткен,
Шағында Ярослав³⁰ дәурендеткен.
Святослав түлегі батыр Олег³¹
Қол бастап, жорық салып дүбірлеткен.
Қан тамып қылышынан, қаһар төгіп,
Жебесін зуылдатып, оқ селдеткен.

Қалың қол кең даланы баса көктей,
Аттанған Тмутараканға беттей.
Ярославтың ер ұлы Всеволод³²
Мұны естіп тықыршыған кереметтей.
Құлағын тас бекітіп жатып алған
Владимир Черниговта елең етпей.

²⁷ Каралуг – аса берік болаттың түрі, қазақ тілінде «бір қаралық» деген тұрақты сөз тіркесі бар.

²⁸ Глебтің ерке қызы – Ольга Всеволодтың әйелі.

²⁹ Троян – бұл атауды түсіндіруде әр түрлі пікір бар: көне құдай немесе бұлғарлар жері.

³⁰ Ярослав Ақылгөй («Қарт Ярослав»)

³¹ Олег – Игорьдың туысы. (1180 ж. өлген)

³² Всеволод – қыпшақ даласына қол бастап Игорьмен бірге барған алты кінәздің бірі.



«Жерімді қайтарам, – деп, – жауда жатқан!»,
Борисі Вячеславтың³³ кеуде қаққан.
Аздырып ел арасын есерсоқтық,
Сандалып сар далада ажал тапқан.
Қырылды нөсер тәңірі өрендері,
Қырқысып, бір-біріне атқан оқтан.

Олег³⁴ те киді кебін баяғының,
Көрдің бе не болғанын аяғының?
Әкесінің өлігін Святополк³⁵
Бойынан алып қайтты Құялының³⁶.
Шер қозды, отан тозды, заман азды,
Астында қалдық жаудың таяғының.

Туған жер тыныштығы болып арман,
Күйреді, көз ашпады қызыл қаннан.
Диханның үні естілмей маң даладан,
Аңсатты алтын өмір егін орған.
Жемтікке құзғындарды қарық қылды,
Бұл қырғын қарғаны да таң қалдырған.

Ұласып күннен күнге, таңнан таңға,
Оқ жауып, дала бөгіп қара шаңға.
Қаралық найза менен қайқы қылыш
Сартылдап дулығаға, не қалқанға.
Қырында жат қыпшақтың өлік қаптап,
Даланың шөлі қанды аққан қанға.

³³ Борис Вячеславич – Ярослав Ақылгөйдің немересі. 1078 ж. өлген.

³⁴ Олег – Иорьдың баласы (1174 ж. туған).

³⁵ Ярослав Ақылгөйдің немересі (1113 ж. өлген).

³⁶ Каялы (Каяла) – орыс пен қыпшақ арасындағы 1185 жылғы шайқас осы кішкентай өзеннің жағасында өткен.





Беттесті орыс жері қасіретпен,
Шуылдан нені білді талып жеткен?
Саябыр тапты шайқас таң алдында,
Жасағын Игорь бұрды алған беттен.
Жау деңдеп, қайран бауыр қалжырады,
Үш күнгі қанды арпалыс әлсіреткен.

Күн бата Құялыда құлады ту,
Игорьдің қолын басып айғай мен шу.
Қанымен құдаларын³⁷ сусындатып,
Мәңгілік есіл ерлер алды тыншу.
Мерт болды орыс жері, олар үшін
Күрсініп тал мен жусан, жылады су.

Бауырлар! Елімізге зауал төнді,
Ұрпағы Ата-тәңірі³⁸ қайтпек енді?
Көк Доннан қу боп ұшып ентелеген
Жауыздық босағаға жетіп келді.
Қор болдық, бастан ұшты бақытты шақ,
Даланың дүлей күші бізді жеңді.

Жетті де алауыздық түбімізге,
Зар болдық кешегі өткен күнімізге.
Таластық «менікілеп» болмашыға,
Біріміз көз алартып бірімізге.
Жаныштап жабайылар, той тойлады,
Мәз болып біздің бүйткен түрімізге.

³⁷ Дастанда қыпшақтар жағы «құда» болып аталады. Орыс пен қыпшақ өзара құдандалы болғаны тарихи шындық.

³⁸ Ол кездің орыстары өздерін Дажбогтың ұрпағымыз деп есептеген. Дажбог – көне славян дініндегі Күн құдайы, аспан тәңірі Свароганың баласы.

13. Келмеске теңіз асып сұңқар кетті,
Қарғаны көкжелкеден қатты тепті.
Қаһарлы Игорь қолы енді оралмас,
Күңіреніп орыс жері, жасын төкті.
Ұмтылды Карна менен Жля³⁹ бізге,
Боратып босағадан қасіретті...

Көлдетіп көздің жасын қайғы-шері,
Орыстың зар қақсады әйелдері:
«Сүйікті ерлеріміз келер ме екен,
Сапардан аман-есен қайтып кері.
Тағынып алтын алқа, күміс сырға,
Малынып жүруші едік бір күндері».

Көз жасы дариядай селдеп ақты,
Киевті, Черниговты қайғы жапты.
Орыстың өлкесіне ат ойнатып,
Қыпшақтар салық жинап, дікең қақты.
О, Игорь, тыныш жүрмей, не бүлдірдің?
Күйзеліп қара халық, қанға батты.

Ұмтылып арыстандай айға шаптың,
Соныңнан түбінде не пайда таптың?
Святослав⁴⁰ өшірген қасіретті
Қоздырып, өштік отын қайта жақтың.
Киевтік ұлы кінәз қалың қолмен
Даласын шаппап па еді түбі жаттың.

³⁹ Карна, Жля – мамандардың пікірінше жаза мен жаншу категорияларының кейіптенуі.

⁴⁰ Святослав – Киев кінәзі.



Ойрандап ой мен қырын, белеңдерін,
Лайлап мөлдіреген өзен-көлін,
Көбекті⁴¹ талқандаған, қақыратып,
Қыпшақтың көк болаттай берен қолын.
Киевте ақырында Көбек өлген,
Көруге жазбай қайта туған жерін.

Сол тұста Святославқа саулық тілеп,
Жырлаған морав пенен неміс, грек.
Сөз болса Игорь жайы бас шайқаған:
«Жасақтан айырылды бос тентіреп.
Батырып даңқымызды Кұялыға,
Сыпырылып алтын ерден, құл болды» деп.

14. Киевтің жотасында түнеп жатқан
Святослав түс көрді таңырқатқан:
Қарағай кереуетте жатыр екен,
Ұлдары үстеріне қара жапқан.
Мас болып көк шарапқа білмейді есін,
Дәмінен жусан иісі жұпар атқан.

Маржаннан қыпшақ қалқан шашу шашып,
Мадақтап, қолпаштайды дабырласып.
Кінәз жоқ, құт мекені қаңыраған,
Еңселі алтын шатыр ашық-шашық.
Шулайды Плеснеска шалшығында,
Қарғалар түні бойы қарқылдасып.

Боярлар кінәзға айтты тұрып сонда:
«Басыңа қайғы түсті, баттың сорға.

⁴¹ Көбек – қыпшақ ханы.



Қайтпайды Тмутараканға кеткен
Таппақ боп қос сұңқарың оңай олжа.
Қанатын қиды олардың қайқы қылыш,
Қауіп пен қатері көп алыс жолда.

Дегенде үшінші күн мұнар тұтып,
Қос күнің сөнгендей ме қарауытып,
Құлады тірек болған қос босаға,
Ай күйді екі бірдей алауытып,
Олег пен Святослав еді ғой ол,
Мерт болған Құялының түбі жұтып.

Өлімі жауға олардың берді қайрат,
Жарықты қара түнек алды жайлап.
Жасқанбай, жолбарысша еркін жортып,
Қыпшақтар жерімізде салды ойнақ.
Дақ түсті даңқымызға, еркіндік жоқ,
Қаптады шебімізге андағайлап.

Гот қызы көк теңізде ән шырқайды,
Орыстың саф алтыны сыңғырлайды.
Рухын Сарыханның⁴² жырмен тербеп,
Еске алып Бус⁴³ дәуірін армандайды.
Біз болсақ, содан бастап тарттық зәбір,
Еңкейтіп еңсемізді басқан қайғы.

15. Святослав төгілті алтын сөзін,
Қан жұтып, жасқа бұлап екі көзін;

⁴² Шарукан (Сарыхан, Шеріхан) – Күншақтың атасы, 1106 ж. Владимир Мономахтан жеңілген.

⁴³ Бус – (Бос, Боус, Бооэ) Ант елінің кінәзі.





«Игорь мен Всеволод – қос ұланым,
Даңқтың күтпедіңдер келер кезін.
Қыпшаққа ерте найза сілтедіңдер,
Сабырға ырық бермей өр мінезің.

Жауыздың ерте ағызып арам қанын,
Өздерің бостан босқа араңдадың.
Атақсыз, абыройсыз жер құштыңдар,
Дұшпанның бұзсаңдар да қамалдарын.
Түсірдің қандай күйге, қарақтарым,
Шашымның білсеңдер ғой ағарғанын.

16. Қайдасың, Ярослав жаннан асқан?
Жұртына Черниговтың сәуле шашқан:
Татран, топчак, шельбир, ревут, могут,
Ольбермен топтастырып, басын қосқан⁴⁴.
Аруағын ата-баба аспандатып,
Қолға алып жалаң қылыш майдан ашқан.

17. Қайда әлгі: «Тізе қосып, – ерендерім, –
Даңққа бөленеміз!» дегендерің.
Сұңқар да ұя қорғап, қанат бүгіп,
Біледі беттескенде тебер жерін.
Қайратқа қайта мінбей қалай жатам,
Жасарсам, таңданбаңдар, өрендерім.

Жорыққа жиналғанда көптен күткен,
Қасымнан табыламады кінәз біткен.

⁴⁴ Сол кездің әр түрлі халықтары мен тайпаларының атаулары.



Римов⁴⁵ қаласында қайқы қылыш
Астынан айғай шықты елді үркіткен.
Переясавльде Владимир⁴⁶
Жарасын таңды жанын тітіреткен.

18. Немересі даңқты Мономахтың
Всеволод⁴⁷, ойланбай неге жаттың?
Алмас семсер қолыңнан түсті ме әлде,
Алтынды босағанды қорғамақ кім?
Қимылдасаң ескекпен Еділ шайқап.
Дулығамен Донды да орталаттың.

Күшіңнің керек кезін білемісің?!
Шақ туды қайғы жейтін бір ел үшін.
Дем берген екі жақтан қанаттасып,
Глебтің мықты ұлдары⁴⁸ – тіренішің.
Найзаңды қу далада саусылдатып,
Әлде сен бізден бөлек жүремісің?

19. Рюрик⁴⁹ пен Давыд⁵⁰ ерлер, бер бір хабар!
Қозғалса жасақтарың шөп дір қағар.
Қанында қыпшақтардың қалқымап па,
Алтынды сендер киген дулығалар?

⁴⁵ Римов – Сулы өзенінің бойына орналасқан қала.

⁴⁶ Владимир – Переяславск кінәзі (1187 ж. өлген).

⁴⁷ Всеволод – Юрий Долгорукийдің ұлы, Владимир Мономахтың немересі.

⁴⁸ Глебтің «мықты ұлдары» – Рязань кінәздері. Роман мен Игорьь.

⁴⁹ Рюрик – Рюрик Ростиславич (1215 ж. өлген). Орыс жері үшін қыпшақтарға қарсы соғысқан, бірақ 1203 ж. қыпшақтармен одақтасып, Киевті тарпа бас салып, қаланы қатты күйреткен. Рюриктің қанды жорығы Киев үшін Бату жорығынан еш кем болмаған.

⁵⁰ Давыд – Рюрикпен бірге туған (1175 ж. өлген).





Орыстың жері менен Игорь үшін
Күн туды атқа қонып, дабыл қағар.

20. Осмомысл⁵¹ – Ярослав! Үнсіз жатпа!
Отырсың асқақтаған алтын тақта.
Құрсаулы қолыңменен Карпатты алып,
Тігесің қаһарыңды алыс жаққа.
Бұлтқа да аспандағы салық салып,
Дунайға орнаттың сен берік қақпа.

Жаудырдың сұлтандарға оқ боранын,
Сұласын одан енді Күншақ залым.
Зар заман үйірілді де ел басына,
Алды-артты орап алды қайғы қалың.
Орыстың жері менен Игорь үшін
Жазала жауыздарды, тапта бәрін!

21. Роман⁵² мен Мстислав⁵³ ердің ері,
Неге үнсіз жатырсыңдар көптен бері?
Дауылға қарсы ұшып құс ілетін
Сұңқардай ойларың да асқақ еді.
Дулыға, сауытыңнан латын темір,
Көргеннің ұшушы еді зәшелері.

Екеуің қаһарланып сілкінсеңдер,
Қалтырап қоя берер көк пенен жер.
Найзасын тастай қашты Деремела,
Литва, Ятвиги деген елдер.

⁵¹ Ярослав Осмомысл – Галицк кінәзі. Юрий Ұзын Қолдың (Долгорукий) күйеу баласы. Игорьдың қайын атасы (1187 ж. өлген).

⁵² Роман – Волынь кінәзі.

⁵³ Мстислав – Городень жерінің кінәзі.

Қыпшақ та еріксізден басын иіп,
Қайнатты зығырданын кек пенен шер.

Игорьдің күні батты көрдіңдер ме?
Дарақтың жапырағы ұшты желге.
Русь пен Сулы іргесі ажырасты,
Бөлісіп қалаларды алды екіге.
Игорьдің енді ержүрек жасағы жоқ,
Жеңіске үндеді Дон сендерді де.

22. Ингварь мен Всеволод ер, қайдасың?
Үш ұлы Мстиславтың⁵⁴ не ойдасың?
Едіңдер текті ұядан шыққан қыран,
Ел қорғап аспандатқан көк найзасын.
Қайда сол ляш⁵⁵ қалқаның, алтын дулығаң,
Апат зор – асырмақшы жау айласын.

Даладан келер жолды бөгеп оқпен,
Сап құрып кездегідей сонау өткен,
Бірігіп аттаныңдар бәрің бірдей,
Орыстың жері үшін ту көтерткен.
Святославтың ұланы ер Игорьдің
Бітпейтұғын кегі үшін жауда кеткен.

23. Ақпайды күміс Сулы сылдыр қағып,
Переяславльге бағыт алып.
Түнерді Двина да қап-қара боп,
Шуынан топастардың лайланып,

⁵⁴ Ингварь мен Всеволод және Мстиславтың үш ұлы – Владимир Мономахтың әулетінен тарайтын кінәздер.

⁵⁵ Ляш қалқаны – поляк қалқаны.



Салды айқас Васильковтың Изяслави⁵⁶,
Қолына литвандардың жеке барып.

Даңқы асып өз атасы Всеславтан⁵⁷,
Жамылып қасіреттен ауыр қалқан,
Қан болып шөп үстінде жатыр енді,
Шөп оған тіл қатады сыбдыр қаққан:
«О, кінәз, жасағыңды құзғын талап,
Жыртқыштар қанға тойды жалаң қаққан».

Кешігіп амал қанша қалды бірақ,
Ағайынды Всеволод, Брачислав⁵⁸.
Маржаңдай кір шалмаған таза жаны
Айбатты денесінен ұшты жырақ.
Тым-тырыс. Дүние тыңды. Дауыс салды
Городень кернейлері зарлап-жылап.

24. Тараған Ярослав пен Всеславтан
Өрендер, бір-біріңді қан жылатқан,
Жетті енді! Жауға ғана өткір болсын,
Қанжарың өздеріңді арандатқан.
Тоздырып ата салтын, дүлейлерді
Мекенге шақырдыңдар бейқам жатқан.

25. Жетінші ғасырда анау күңгірт тартқан,
Жар сүйіп Всеслав думандатқан.
Қуларға арқа сүйеп, кенет шауып,
Киевтің айналасын қырғындатқан.

⁵⁶ Васильковтың Изяслави – Полоцк кінәзі.

⁵⁷ Всеслав Василько – Полоцкийдің әкесі (1101 ж. өлген).

⁵⁸ Ағайынды Всеволод, Брачислав – Всеслав Полоцк кінәзіне жатады. Изяславпен туыс.

Ілдірген ұшы арам найзасына,
Атаның дастарқанын алтындатқан.

Секілді кеш жамылған көкжал бөрі,
Түн ауа Белогородтан қайтты кері.
Таң ата Новгородтың шырқын бұзды,
Қан болып айбалтасы тиген жері.
Қақпасын қақыратып Ярославтың,
Шығарып масқарасын, еркіндеді.

Дудутоктан Немигиге⁵⁹ дейін шапты,
Адам басы үйілген тау боп жатты.
Темір шынжыр астында шырылдатып,
Қызыл қырман, қасап қып ойрандатты.
Дән орнына орыстың ұлдарының
Сүйегі бырдай болып жерді жапты.

Всеслав халыққа салды бүлік,
Ойына келгенді істеп дүрліктіріп.
Кінәздерге таратты қалаларды,
Көкжалдай түн ішінде жортып жүріп.
Киевте таң сәріде атқа қонып,
Күн шыға Тмутарақанға кіріп.

Қараңғы, қорқынышты жаны көрдей,
Ата жұрт – Полоцкіден жерігендей,
Әулие Софияның⁶⁰ қоңырау үнін
Киевте тыңдады ерте маза бермей.

⁵⁹ Дудуток, Немиги – Минск маңындағы жер аттары.

⁶⁰ Әулие София – Киевтегі әйгілі шіркеу.



Болса да Всеславтың жаны сірі,
Өмірден өтті дейсің нені көрмей?

Толғайды ол туралы Баян былай:
«Болса да мейлі дана, мейлі сұмырай,
Көреді не салса да басқа құдай,
Күңіреніп орыс жері шыдай алмай.
Есімін кінәздердің ауызға алып,
Жыламақ заманды аңсап бұрынғыдай.

Киевтің қырына ешкім мықтап таңып,
Қартайған Владимирді⁶¹ қалмас алып.
Дәл солай өткен дәуір оралмайды,
Бүгінде орыс туы жығылды анық.
Рюриков, Давидовтар бой көтерді,
Найзасы әрбір тұстан шошаң қағып».

26. Шығады дауыс сыңсып Дунай жақтан,
Беймәлім құс үніндей таңды оятқан:
«Ұшамын Дунай бойлай қиыр шетке,
Жетемін Құялыға толқып аққан.
Суына ақ жеңімді малып, сүртем
Кінәздің жарақатын қанға батқан.

Шығып ап Путивльдің дуалына,
Зарлайды Ярославна⁶² таң алдында:
«Жел, неге соғасың сен, құтырынып,
Сорыма әлде менің жаралдың ба?

⁶¹ 9-бабты қараңыз.

⁶² Ярославна – Игорьдің тоқалы, Ярослав Осмомысдің қызы. Ол кездегі орыс кінәздері көп әйел алуды әдетке айналдырған.

Жарымның жасағына жаудың оғын
Не жаздым жаудырардай саған мұнда?

Аз ба еді біздің қайғы-қасірет саған,
Даусымды естимісің зар қақсаған?
Тулатып көк теңізді, кеме аунатып,
Мінезің жетпеді ме үрей салған?
Жоқ қылдың шаттығымды алып кетіп,
Бетпаққа бетегелі жан баспаған».

27. Шығып ап Путивльдің дуалына,
Жоқтайды Ярославна таң алдында:
«Ағынды о, Днепр – Словутич⁶³
Қайғыны үйіп-төктің маған мұнда.
Екпіндеп тау мен тасты жарып ақтың,
Қыпшақтың даласына барар жолда.

Қайығын Святославтың желдей ұшқан,
Көбекке алып бардың жер тауысқан.
Қайтадан жеткіз маған сүйіктімді,
Мінгізіп толқыныңа арпалысқан.
Еңіреп ерте тұрып төкпес үшін
Теңізге көз жасымды мұнша алыстан».

28. Шығып ап Путивльдің кемеріне,
Жылайды Ярославна таң біліне;
«Жалынам, Жарылқаушы құдіретті күн,
Жалғанның жарық шашқан көлеміне.
Жазықсыз сүйіктімнің жасақтарын,
Жандырып жалыныңа керегі не?

⁶³ Днепр – Словутич – киелі, қасиетті Днепр деген мағынада.



Несіне зауал төктің сол балаңа,
Қуратып саусақтарын шөл далада.
Балқытып көк сауытын қызуыңмен,
Садағын әлсіреттің неге ғана?
Ержүрек жасақтары сапқа тұрып,
Қайтадан найзаларын қолға ала ма?». ».

29. Долданып теңіз түнде толқын атты,
Кенеттен құйын айдап тұмандатты.
Қыпшақтың даласынан құтылуға,
Игорьге жол көрсетіп иек қақты.
Даладан Донға дейін оймен шолып,
Дөңбекшіп ұйқылы-ояу кінәз жатты.

Овлур қашып шықты жарым түнде,
Байқамай күзетшілер қалды мүлде.
Қашқынның құстай ұшқан қылпын сезіп,
Шөп шулап, құлақ тосты жер дүбірге.
Қоғаға бой тасалап аш күзендей,
Сұқсырдай суға сүңгіді енді бірде.

Тұлпармен кең даланы көктей өтіп,
Тоқтады Донецке бір-ақ жетіп.
Арландай қуғын көріп аласұрған,
Секіріп аттан түсті екпіндетіп.
Жаяулап көк шалғынды жағаменен,
Өткел жоқ, қарап еді көз жүгіртіп.

Қанатпен Игорь сұңқар бұлтты сүзді,
Тояттап қаз бен қулар көкте жүзді.
Зымырап көк жазықтың үстіменен,
Шалғыннан Овлур бөрі моншақ үзді.

Аттарын қуғыншының зорықтырып,
Жүйткітіп шапқан сайын жасырды ізді.

30. Донец келді кенет сонда тілге:
«Армысың, қашқын кінәз, сау жеттің бе?
Орыстың өлкесіне ұлы мейрам,
Бұйырсын даңқ пенен құрмет Сізге!
Күншақтан ащы шарап аямаңдар,
Мұндайдың жоралғысы құр кетсін бе?».

Былайша жауап қатты қашқын сонда:
«Донец, даңқың кетсін жер-жаһанға.
Кінәзге шалғыныңнан кілем төсеп,
Тербеттің кемелерін толқыныңда.
Жып-жылы тұманыңмен бөлеп-қымтап,
Аптапта саялаттың жапырағыңа.

Ес болды сұқсырың да, шағалаң да,
Толқының айдын төсін сабағанда.
Дауылда қорғанатын қалқан болды,
Тұтасқан құба талың жағалауда.
Стugna өзіңдей өзен емес,
Мейірімі түсетұғын бар адамға.

Сімірер бұлақтарды жаны жалғас,
Арнасы тартылар деп ол ойламас.
Қанқұмар иірімі жұтып қойған
Ростислав⁶⁴ кінәзді бүлдіршін жас.
Шешесі зар еңіреп шашын жұлып,
Қайғырып басын иген гүл мен ағаш».

⁶⁴ Овлур – Игорьмен бірге қашқан сарбаз



31. Игорьді түре қуып жанын сала,
Келеді Қызақ, Күншақ іле-шала.
Сауысқан, қарға, құзғын жымдай болып,
Жол нұсқар тоқылдақ пен жылан ғана.
Атарын жарық таңның хабарлайды,
Тек бұлбұл әнге басып жеке-дара.

32. Күншаққа Қызақ сонда айтты былай:
«Ұядан сұңқар ұшса тағат қылмай,
Көздейік балапанын көк жебемен».
Қызаққа Күншақ жауап қатты былай:
«Матайық балапанын сұлу қызға,
Ұясын сұңқар ұшса қолға тұрмай».

Күншаққа үстемелеп айтты Қызақ:
«Сағынып Отаныңды көрдің бе ұзақ?
Кетпей ме қызбен бірге бір күні ұшып,
Олай ғып түлегіне құрсақ тұзақ.
Қаптатып балапанын қайта бізге,
Етпей ме Қыпшақ жерін мүлде мазақ».

33. Ярослав дәуірінің сөз құдайы –
Былай деп түйер Баян жырды ұдайы:
«Иықсыз бастың күні оңған емес,
Не болар бассыз қалған дене жайы».
Игорь да орыс жері үшін сондай,
Көрінбес ол болмаса туған айы.

Құйылды туған жерге күннің нұры,
Святославич күнді алып келген ұлы.
Сұлулар Дунай жақтан шырқатады,
Күлкімен араласып су сылдыры.

Теңіз асып Киевке жетті шалқып,
Шаттықтан төгілдірген ән мөлдірі.

Әулие Пирогощейге⁶⁵ бағыт алып,
Боричтың⁶⁶ алабына көзін салып,
Әнеки, Игорьь кінәз келе жатыр,
Баяғы өзі басқан жолын танып.
Тік тұрып селолар да, қалалар да,
Қол соқты қуаныштан шулап халық!

34. Көнениң кінәздерін қоссақ жырға,
Толғайық және тағы жастарын да.
Святослав ұланы Игорьь ер мен
Жарбұқа Всеволод қасқаның да,
Игорьден туған түлек Владимирдің⁶⁷
Даңқы артсын! Мерейі өссін басқаның да!

Алдырмас орыс жері енді жауға,
Тас түйін кім келсе де талқандауға.
Сау болсын иман үшін туған ерлер,
Аянбай қарсы тұрған қорқауларға.
Жасасын кінәздер мен жасағымыз,
Жалғасып атақ-даңқы ғасырларға!
Әумин!⁶⁸

⁶⁵ Пирогощя – шіркеу.

⁶⁶ Боричев – Киевтегі көне көше.

⁶⁷ Владимир – Путивль кінәзі. Игорььдің бәйбішесінен туады. Жорыққа аттанар-
да 15 жаста.

⁶⁸ Әумин – «осылай болсын», «жалғаны жоқ», «ақиқат» деген мағынадағы көне
грек сөзі.

Жүніс ЕМІРЕДЕН
(Түрік ақыны)

МҰХАММЕДКЕ СЫЙЫНУ

Пәнидегі парызымды өтейін,
Медет тауып өсиетіңнен, Мұхаммед!
Аруағыңның садағасы кетейін,
Айналайын қасиетіңнен, Мұхаммед!

Мейір төктің пендең болған адамға,
Ақыреттен иман бұйырт маған да.
Мұстафасың он сегіз мың ғаламға,
Айналайын қасиетіңнен, Мұхаммед!

Жеті қабат көктен асып самғаған,
Жаратқанға жұрт тілегін жалғаған,
Күнәһарға көз қиығын салмаған,
Айналайын қасиетіңнен, Мұхаммед!

Төрт шадияр қолқанатың – серігің,
Зауалысың сайтан менен перінің.
Сұлтанысың мынау ғалам төрінің,
Айналайын қасиетіңнен, Мұхаммед!

Пайғамбарсың хақ жолына жұмсаған,
Күмән ойлап, шәк келтірер кім саған?
Жүнісіңе жәрдем бер деп мұң шағам,
Айналайын қасиетіңнен, Мұхаммед!

АЛЛА ЫРЫЗДЫҚ ТӨКПЕСЕ ОҒАН

Обал жоқ қой бар өмірін құр өткізген күнәһарға,
Жүзі қара жалқауларды Хақ Тағала ұнатар ма?

Масыл малғұн масайрайды көлденеңнен бұйырғанға,
Алла ырыздық төкпесе оған, зар болады түйір нанға.

Қайран өмір қауыз жарып, гүл жайнаған жас сұлудай,
Бал-шырыны таусылған соң ұсынады ащыны удай.

Ойна да күл, оралыңның барында әсте босқа тұрма,
Әзірейіл алам десе, құтылмайды хас батыр да.

Сорлы Жүніс, сен де бір күн тоналасың түгің қалмай,
Жапандағы бәйтеректің жапырағы жұлынғандай.

АЙ ЖҮЗІҢЕ ҚАДАЛУМЕН

Сенсің менің шамшырағым жүрегімде сөнбейтін,
Болса, шіркін, ұжмақта да ғазиз жаның өлмейтін.
Ай жүзіңе қадалумен көз сусынын қандырам,
Көкірегім қу медиен ләззатыңа шөлдейтін.
Бұл дүниенің бар байлығы тырнағыңа татымас,
Дел-сал қылған ауыр дерттен өзің ғана емдейтін.
Шершис құсап жетпіс мәрте көр аузынан қайтсам да,
Мен байқұста не шара бар азабыңа көнбейтін?
Жабырқатпа ғашықтықтан ғаріп болған Жүністі,
Ат басындай алтынға да көлеңкеңді бермейтін.



СҮЙЕМ СЕНІ ЖАН-ТӘНІММЕН

Сүйем сені жан-тәніммен, сүйгендіктен құлыңмын,
Бір талына айналсам-ау саған біткен бұрымның.

Ғашықтықтың шылбырына өлмесем мен асылып,
Сені қайда қоя аламын өз-өзімнен жасырып?!

Дидарыңа пар келетін жан табылмас жаһанда,
Елесіңді қуып жүрген мүсәпірмін жапанда.

Ішке түнған улы дертті сен сұрама, мен айтпан,
Қапалымын қайғы көлін көз жасымен молайтқан.

Қалың тобыр – қарапайым жанға мойын бұрған ба,
Күні туып сұлтандардың, желі оңынан тұрғанда.

Тәңірінің жазғанынан кімдер қашып құтылар,
Сайтан болып кетпесе егер, түбінде бір тұтылар.

Жаратқанның шапағаты қай пендеге мол түссе,
Күн нұры да жетпес оған шақырайған талтүсте.

Шыбындаймын шырқыраған торыңа әбден шырмалып,
Тәркі болдым – бұл жалғанның қызығынан құр қалып.

Сен деп жүріп шарифаттың жолынан да тайқыдым,
Кім бойлады жүрегіне мендей мұңлық шайхының?

Құдай өзі мүсіркесін махаббаттың мүскінін,
Сүлеймен де ұға алмайды білетұғын құс тілін.

Қарап тұрсам, кәпірдеймін діннен безіп сорлаған,
Қандай сиқыр, уа, құдірет, мені бүйтіп торлаған?

Азғындайды дінді бұзып, әзәзілге иланған,
Нендей жұмбақ түсінбедім, жұрдай қылған иманнан?

Шынын айтса, бұл Жүністі Жаппар Ием кешер ме,
Кешірмесе, айықпайтын ұрынғаным кеселге.

БЕЙІШ НҰРЫ ШЫН ТӨГІЛСЕ...

Бұл пәниге келген пенде
Дүние есігін бір жабар.
Қаңғып жүрген елден-елге
Қайыршыдай сырғанар.

Қимай өмір сахарасын,
Көзден жасың сорғалар.
Сорайып құр соқа басың,
Қалса және сор болар.

Аяңдармыз бірте-бірте
Бәріміз де сол жаққа.
Бейіш нұры шын төгілсе,
Ұжымаққа бармаққа.

Тәуекелге бекінбейсің,
Түспей ауыр азапқа.
Жансаң бірге өкінбейсің
Ғашығыңмен тозаққа.

Өз қолыңмен өміріңе
Өзің бөгет жасама!
Бір жүректің әміріне
Бағынбасаң не шара?

Қаңғытпайды кімді қайда
Махаббаттың жарлығы.
Жалбарынар бір құдайға
Ғашықтардың барлығы.

Мұңға батса нәзік пенде,
Жүніс, сен де аяла.
Іздегенің кезіккенде,
Төк жырыңды, аяма!

СЕНСІЗ КҮНІМ – СЕРГЕЛДЕН

Бір өзің деп жанын салған,
Бейшарамын сенделген.
Алды-артымды жалын шалған,
Сенсіз күнім – сергелден.

Сау-тамтық жоқ жүрегімде,
Мұнан ары қинама.
Сенсіз ғаріп мына өмірде,
Мен бір жүрген диуана.

Сенің отты теңізіңе
Батып кетсем кешкенде,
Құтқаратын жер жүзінде
Табылмайды-ау еш пенде.

Сегіз ұжмақ рахатын
Бірге көрер бар ма күн?
Үмітімді жұбататын
Өзің ғана, ардағым.

Уын жұтып мұң-қайғының,
Ғашығыңа еңіре.
Жалғыз қалсаң тыңдайды кім,
Бейбақ, Жүніс Еміре!?

ҰЖМАҚ ДЕГЕН ТОЗАҚ МАҒАН

Неге керек қос жанарым,
Дидарыңды көрмесем?!
Бұл тірлікті тастағаным –
Елесіңе ермесем.

Қызыл шоққа күйген жаным,
Ұжмақ төрін не қылар?
Армансызбын, сүйген жарым,
Болса, шіркін, табылар.

Тәрк қылсам өмір заңын,
Қай жәннатқа ұшамын?
Толтырардай менің зарым
Абат бақтың құшағын.

Ұжмақ деген тозақ маған,
Оны қайтем мен сенсіз.
Сағат сайын қымбаттаған,
Сенің бағаң өлшеусіз.



Өле-өлгенше ғашық еттің:
Өмір бойы сол үшін,
Өкінбеймін қасіреттің
Сүйретсем де кебісін.

Ынтықтырып есімді алған
Нұр сәулеңе сен мені
Бөлемесең, өшіп-жанған
Шырағымның сөнгені.

Жүніс саған ақтарады,
Зарын қосып дертіне.
Кұл боп жанып жоқ болады,
Су сеппесең өртіне.

БЕЙНЕҢ КӨЗДЕН БҰЛ-БҰЛ ҰШТЫ

Қасіреттен тынбай жандым,
Жана-жана күлге айналдым,
Не болғанын білмей қалдым,
Көрмеймісің келіп, қалқам?

Басқа жанға көңіл бөлмей,
Қырды кездім қоңыр желдей,
Зарым сел боп төгілгендей,
Көрмеймісің келіп, қалқам?

Көкірегіме тіреліп мұң,
Кешкі бұлттай күреңіттім,
Сенсіз жерде тірі өлікпін,
Көрмеймісің келіп, қалқам?

Өзің сұққан көк жебені
Өзің алып, емде мені,
Сол ғой жанның шөлдегені,
Көрмейісің келіп, қалқам?

Мәжнүңдей мәңгірдім мен,
Тентіретті тағдыр мүлдем,
Тіленшімін қаңғып жүрген,
Көрмейісің келіп, қалқам?

Бейнең көзден бұл-бұл ұшты,
Кез ғып Алла мың бір істі.
Мүскін болған бұл Жүністі
Көрмейісің келіп, қалқам?

ЕЛЕСІҢ КЕП ТІЛ ҚАТҚАНДА

Сен болмасаң, бұл өмірден
Өтерім хақ тентіреп.
Құрығаным – жүрегіңнен
Таба алмасам мен тірек.

Өзің барда, жан құмарым,
Төрт құбылам сай менің.
Зымырайды арғымағым,
Алдын бермей бәйгенің.

Ішімді өртеп күйдіруге,
Аласұрған от құйын.
Жаралмасаң сүйдіруге,
Өмір құны көк тиын.



Ақыреттен не табамын,
Сені жатқа қиғанмен.
Сенсіз қайда жете аламын,
Боқ дүниені жиғанмен?!

Ғашықтықтың дастанынан
Ғибрат алсаң сен егер,
Мейіріміңнің аспанынан
Титтей шуақ себе гөр!

Елесің кеп тіл қатқанда,
Жаным жылар шырқырап.
Ымырт түсіп, күн батқанда,
Жағылмай ма бір шырақ?

Күңіреніткен жердің жүзін,
Жүністі ая, жылатпа.
Сүйген жандай хордың қызын,
Жетсін десең мұратқа.



КИІЗ ҮЙ

Киізіне жүні кеткен мың қойдың,
Шаңырағы қайыңынан күнгейдің.
Әрі берік, әрі ыңғайлы, әрі әсем,
Дей алмаймын ағашына мін қойдым.

Сайын дала оның мекен-тұрағы;
Бірде көрсең, терістікте тұрады.
Сарбаздармен бірге көшіп сағымдай,
Бір қарасаң, түстік жақтан шығады.

Шым жібектен мықты желбау байлаған,
Қозғалта алсын қандай дауыл, қай боран?
Кірсең жылы іші қыз-қыз қайнаған,
Көкжиектей дөп-дөңгелек айналаң.

Тауқыметтің көріп едім талайын,
Бұл киіз үй болды менің сарайым.
Айлы түнгі көлеңкесі-ай көлбеген,
Қыста осымен бірге өтеді сан айым.

Туырлықтың сыртын қырау шалса да,
Ызғар өтпес соқсын боран қаншама.
Сән-салтанат іші кірсең шыққысыз,
Көрген пенде таңдай қағар тамсана.

Жыршы төрде бұлбұл құстай сайрайды,
Бақсы билеп от басында ойнайды.



Балдай қымыз балбыратып денеңді,
Алпыс екі тамырыңды бойлайды.

Қою түннің құшағында аунаған,
Қандай ғажап жалынды ошақ лаулаған.
От сәулесі аймалайды іргені,
Дірілдеген қызыл гүлден аумаған.

Кең ашылып түнгі ауаның құшағы,
Қасиетті түтін көлбеп ұшады.
Сәл сейілсе, кенет көктем суындай
Тасқындаған өлең көпті құшады.

Мұнда отырған жанда қандай бар қайғы,
Ұжымаққа шақырса да бармайды.
Шөп күркеде күн кешкендер күйбеңмен,
Май тоңғысыз қыста-дағы жаурайды.

Қайыршы да киіз үйді армандап,
Алыпсатар қарызданар қалбаңдап.
Мен осында ұрпағымды өрбітіп,
Дәм-тұзымды жаям келген жанға арнап.

Салтанатты сарайына патша мас,
Сарай барлық үмітіңді ақтамас.
Киіз үйдің құдіретіне жоқ талас,
Сарайыңа бермеймін мен баспа-бас!



ЛИБАЙДАН
(Қытай ақыны)

ТЫМЫҚ ТҮНГІ САҒЫНЫШ

Төсегімнің алдына айдың нұры төгілді,
Қырдың беті күміс шық жамылғандай көрінді.
Айға сәлем бердім де, қайта төмен үңілдім,
Туған жерім елестеп көкірегім сөгілді.

ТАУ БАСЫНДАҒЫ БҮТХАНАҒА ТҮНЕУ

Бүтханаға түнедім – биік таудың басында,
Алақанда тұрғандай жұлдыз біткен қасымда.
Шығармадым даусымды, кете ме деп оянып,
Ұйықтап жатқан алаңсыз әулиелер осында.

МЫҢ ХАУРАНДЫ ГУАҢЛИҢГЕ КӨЗДЕН ҰЗАТУ

Хуаңхы лоу есігінен наурызда аттанып,
Кетті досым Яңжоу жаққа күнбатысты бетке алып.
Көкжиекке сүңгіді де ғайып болды ақ желкен,
Көз алдымда буырқанған асау өзен жатты ағып.

ВАҢЛУНГЕ

Либай едім, қайық мініп аттанғалы тұрғамын,
Естіп қалдым жанға жаққан әсем әннің ырғағын.



Шабдал гүлі сәулесі де су түбінде ойнайды,
Ваңдун емес жан тербетер оған мойын бұрмадым.

ЛУШАН ТАУЫНДАҒЫ САРҚЫРАМА СУРЕТІ

Будданың шамы түтіні нұрымен күннің қосылып,
Құбылып бейне тұрғандай қарасаң көкке асылып.
Биіктен сонау төменге құлаған суды сарқырап,
Құсжолы дерсің аспаннан жөңкілген жерге жосылып.

ТЯНМЫНШАН ТАУЫНА ҚАРАП

Тянмыншанды Чужияң өзені қаққа жарады,
Шығыстан кері бұрылып, батысқа тартып барады.
Құйттай бір қайық келеді,
күн шыққан жақтан жақындап,
Жағалай біткен жасыл тау сағына оған қарады.

БАЙДИЧЫҢ ҚАЛАСЫНАН ЕРТЕМЕН АТТАНУ

Сұлу қала Байдичың қалды азаңда қол бұлғап,
Мың шақырым Жянлиңге жетіп барам бір күнде-ақ.
Жағадағы маймылдар қайығымды көріп мээ,
Арасынан таулардың өте шықтым мен зулап.

❧

ЖИҢТИҢШАН ТАУЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Ұшып кетті құстар да зым-зия боп жан-жаққа,
Көкте бұлттар аунайды әлдеқайда бармаққа.
Тау екеуміз жалықпай мұндастық та сырластық,
Қалай шыдап тұрған бұл Жиңтиңшаным мен жоқта.

ЧЮПУ

Дүкенінде ұстаның жалын лаулап жатады,
Нұрландырып маңайын қызыл ұшқын атады.
Екі беті алаулап ай сәулесі түскенде,
Түнгі судың бетінде әнін қалықтатады.

Михаил ИСАКОВСКИЙДЕН
(Орыс ақыны)

КӨКТЕМ

Егісті алқап малынды көк майсаға,
Құйылды да қызуы мол көктен нұр.
Терезелерді ашып тастап айқара,
Селоларда серуен құрып көктем жүр.

Өзінше бір әнге басып жырлайды,
Ерке бұлақ арнасында бөгелмей.
Жасыл шие бұтақтарын бұлғайды:
«Достар, өсіп-жетілеміз!» дегендей.

ДАЛАДА

Бімыртта қоңыр салқын жанға жайлы,
Теңіздей бидай басы толқындайды.
Көрінбес кісі бойы бітік егін,
Соқпақ жол жиегінде жалтылдайды.

Бөдене бытпылдықтап қара кеште,
Боларын мол ырыстың салады еске.
Тағы да анау өзен ар жағында,
Дегендей қимас қалқаң бар емес пе?!

Бірге оқып, қатар өстік қаршадайдан,
Бір барып, қайттық бірге егінжайдан.

Туған жер ыстық тартқан одан сайын,
Сонау шақ әлі күнге шықпайды ойдан.

Үйіріліп қараңғылық апақ-сапақ,
Түн төніп келе жатыр жерге тақап.
Жатқандай жақсы өмірдің сырын толғап,
Аулақта алаулайды кешкі шапақ.

Жай таппас басқа жерде жаным мұндай,
Тұра ма туған далаң сағындырмай.
Қиырға көз жүгіртіп, құлақ түрсең,
Сызылтып әнге басар қалың бидай.

ЕКЕУМІЗ

Екеуміз көңіл қосып жүрмеп едік,
Қызығын көктемдердің бірге көріп.
Жанарың жай таптырмай жас жаныма,
Аһ ұрдым от боп жанып, мұз боп еріп.

Көрмесем ұмытармын деп ойладым,
Бойымды аулақ салдым, абайладым.
Болмады қайда барсам алдан шығып,
Еріксіз елесіңе қарайладым.

Мен үшін бір өзіңсіз ашық-жарқын,
Жүрер жол жер бетінде жоқтай бәлкім.
Сәт сайын қабағыңнан сыр ұқпасам,
Өмірдің әр сағаты тартар салқын.



Сен-дағы мүмкін іштей мұңданасың,
Дегенмен терең сырдың біл бағасын:
Әйтеуір шешу керек бұл түйінді,
Қалайда табу керек бір дауасын.

ШІРКІН-АЙ...

Шіркін-ай, жазғытұрым араласаң,
Алапты өзің туған гүл басқанда.
Сарғайып саз бергенде бозала таң,
Шалқытып шұғыласын түнгі аспанда.

Ежелден көрген адам таңдай қаққан,
Қайда бар дәл осындай ашық аспан?
Жарысып жас жігітпен сырнайлатқан,
Түн бойы бұлбұл сайрап әнге басқан.

Көрінген сонау қырдың қырқасында,
Қарайсың ғажайыпқа тіл байланып:
Бейне бір ұқсайды аппақ бұрқасынға,
Құлпырған бау-бақшалар гүлге айналып.

Бұтақтар басын иіп сырласады,
Жел соқса бір шулайды, бір тынады.
Ән мен ән қанаттасып үн қосады,
Бір жүрек бір жүрекке ынтығады.

Масайрап күллі дүние көріктеніп,
Қол бұлғап сені өзіне шақырады.
Кеңітіп тынысыңды, желік беріп,
Жаныңды рахатқа батырады.



ЖОЛ АЙЫРЫҒЫНДА

(әзіл)

Көктем күні көңілді,
Аспанда бұлт жоқ еді...
Бастығына сенімді,
Шофер жолда келеді.

Айырылды жол, міне,
Өрге шыға бергенде.
Сұлу қызды көрді де
Тоқтай қалды ол демде.

– Бейтаныс жол бұралаң,
Адаспасақ жарады.
Жөн сұрайын мынадан, –
Деді түсіп қабағы.

Жауып машина есігін,
Жол шетіне ол барды.
Сұрап жасын, есімін,
Дереу қызды қолға алды.

Жауап қатты қыз дағы:
– Бойжеткен боп өстім, – деп, –
Сөз салған жоқ ешкім, – деп.

Таныс дерсің бұларды,
Созылды сөз аяғы.
Шофер естен шығарды
Жол сұрауды баяғы.

Қайта оралған кезінде
Бастық отыр бұрқырап:
– Ұят бар ма өзіңде,
Неғылған көп бұл сұрақ?..

Айтты:
– Мұным қате, – деп, –
Тыңдаңызшы, алайда;
Бұрылысты өте көп
Еске сақтау оңай ма?..

СМОЛЕНСК – ТУҒАН ЕЛІМ

Смоленск – туған елім,
Өсіп-өнген аймағым.
Жастық шағым мұнда менің –
Салған сауық-сайраным.

Өтті мұнда жас дәуренім,
Ән толқынын аунатып.
Жарқыратып орман төрін,
Костер отын лаулатып.

Балғын гүлден алқа таққан
Әдемі өрнек шашында,
Арманымды алғаш тапқам
Ойда жоқта осында.

Оралмастай қайтып мүлде,
Алыс кетті жырақтап.

Жасырынды қай түкпірге,
Қалды қайда тұрақтап?

Соның әсем әні емес пе
Көктемгі су сылдыры?!
Соның көркін салады еске
Нарттай қызыл күн нұры.

Қырдағы ізін жаңбыр шайып,
Өшіріпті бүгінде.
Мәңгілікке болды ғайып,
Жел жұтыпты үнін де.

Баяғыдай бола ала ма,
Еске алғанмен еркемді?
Қайтып маған орала ма,
Шарлағанмен өлкемді?

– Енді қайтып бұрылмайды,
Шақырсаң да ол саған, –
Дегендей боп сыбырайды
Жапырақтар самсаған.

ҚЫЗ СӨЗІ

Шық басқан шалғынды аралап,
Соқпақ жол салып бір әлдиге,
Көмескі тартқанда бар алап,
Жас жігіт шығарып салды үйге.



Айнала жалтақтап, қымсына
Сөз айтты дәл үйдің қасында:
Сүйер ем ерніңнен құлшына,
Ыңғайсыз болмаса расында.

Мен жауап қайтардым табанда,
Әрине, қылжаққа көнбеймін.
Ешқашан ешқандай адамға
Сүюге рұқсат бермеймін.

Ол аяқ астынан мұңайды,
Танытып қоштаспақ сыңайды.
Дегендей шолжың қыз тым әйгі,
Кездесу қажетсіз былайғы.

Шыдасын тап мұндай күйге кім?
Қададым көзіне көзімді:
Үн-түнсіз бас салып сүй дедім,
Күтпей-ақ рұқсат сөзімді.

Назым ХИКМЕТТЕН
(Түрік ақыны)

ӨЛГЕН ҚЫЗДЫҢ МОНОЛОГЫ

Ашыңыздар,
Ашыңыздар, мен келем!
Әр есікті қағып шығам – сенделем.
Көрінбеймін көздеріңе бірақ та,
Көру қиын – өйткені мен өлген ем.

Хиросима құрбанымын кешегі,
Мені тоспас, жылдар жылжып көшеді.
Жетіде едім, қалдым жеті жасымда,
Өлген сәби қалай ғана өседі?

Жалын тілі жалмады да шашымды,
Қара түнек көзіме кеп басылды.
Лезде күл боп шыға келдім бір уыс,
Күлді сосын жел әкетті – жасырды.

Жапырақтай өртке жанған балақан,
Тәтті сұрап, жаймас енді алақан.
Өмір үшін зар қағамын өлсем де,
Менің рухым – шырылдаған балапан.

О, адамзат, келісімге келіңдер,
Тыныштыққа төрден орын беріңдер!
Менен кейін өртке бала жанбасын,
Құрғамасын балдан сәби-еріңдер!

Түгелбай СЫДЫҚБЕКОВТЕН
(Қырғыз ақыны)

МЕН

Мен бір жан ойым қалыс, сөзім шорқақ,
Байқасам өзім момын, өзім қорқақ.
Бұйда үзбес, бұра тартпас торпақ құсап,
Жоқ бірақ желіп берер кезім жортақ.

«Ақымен терең ойлап, сезінсе бір,
Әр адам – жұмбақ әлем, өзінше өмір»
Деген сөз шынымен рас па екен?

Мен бір жан пейілім хақ, көңілім ақ,
Жүргенім жомарттықпен төгіліп-ақ.
Сонда да жүнім қызыл, сөзге қалам,
Жақпайсың пенделердің көбіне ұнап.

«Ақымен терең ойлап, сезінсе бір,
Әр адам – жұмбақ әлем, өзінше өмір»
Деген сөз шыныменен рас па екен?

Мен бір жан өртке кірген жалаң аяқ,
Жанымды ақиқаттан аямай-ақ.
Бұған да замандастар өзі куә –
Күліскен қылығыма, жаман аяп.

«Ақымен терең ойлап, сезінсе бір,
Әр адам – жұмбақ әлем, өзінше өмір»
Деген сөз шыныменен рас па екен?

Мен бір жан дүниеде жоқты іздеген,
Арманды талмай құдым жеткізбеген.
Санаулы сапарласқа разымын,
Жалғыздық ауыр жолда шеккізбеген.

«Ақылмен терең ойлап, сезінсе бір,
Әр адам – жұмбақ әлем, өзінше өмір»
Деген сөз шыныменен рас па екен?

МЕН ІЗДЕГЕН КҮЛКІ

Кеш тұрыпшын мен бүгін күндегіден,
Қызығы мол күндерден кім жеріген?
Уа, дариға, достарым көзден ғайып,
Кеше ғана бірге ойнап, бірге күлген.

Құйындатқан, өмірді зорықтырған –
Күндер-күлік көңілді торықтырған.
Өмірбайдың күлкісін іздеудемін,
Кеше ғана жанымды қарық қылған...

ҚАЗАҚ ҰЛЫ

Мен көрдім қазақ жігіт Жұмағұлды,
Енеден егіз туған сыңарымды.
Еркесі кең даланың ерте кезден –
Жүрегі, тілегі бір ұланымды.
Басына киіп жүрер мен кигендей,
Кәдімгі бүркіт құйрық тұмағымды.



Тұмағы есіме ылғи түсіреді,
Баяғы Ерсайынды, Қобыландыны.
Біресе өжет жүз бен өткір көзден
Танимын Семетейді, Табылдыны.
Ұқсайды жиырмадағы өзіме де,
Шегерсем кейін қарай мына күнді.
Біресе елестетем болашақта
Әр үйде маздайтұғын шырағымды.
Өнер мен білім қуған жас өрімдер
Сейілтті көңілдегі мұнарымды.
Кешегі қызыл-күрең өзіме ұқсас,
Мен көрдім қазақ ұлы Жұмағұлды.
Тұтқасын келешектің ұстағандай,
Күмбірлеп көкірегімнен жыр ағылды.
Ежелгі бабасындай ер мінезді,
Ел үшін жанын қияр қыран ұлды.
Сөйлесе сөзі терең, жүзі жылы,
Мен көрдім қазақ ұлы Жұмағұлды.

ҚИЯЛ АТТЫҢ КҮЛІГІ-АЙ...

Қызыл гүлдей таза едік,
Қызығына мәз едік,
Көрген түстей күндізгі,
Күліп кетті бір кезек.

Желдей жеңіл наз едік,
Желпіп қойса мәз едік.
Желдей елес жастығым,
Желіп өтті бір кезек.

Гүлдей өмір солмастай,
Ешбір қайғы болмастай,
Еш қызықтан қалмадық,
Қиял мініп самғадық.

Бетін ашқан ақ таңның,
Жеткізбесін аққан күн,
Кейін барып аңдадық,
Қала бердік сандалып.

Қиял-аттың күлігі-ай,
Қызығы мол күнім-ай!
Қадіріңді кім білген,
Жүргенде ойнап-күліп-ай?!

АЖАЛ МЕНЕН АСУДА

Асуда ат терлеткен, өмір құрбым,
Мұз терге тізгін бермей тоқтай тұрғын.
Ажалға айтатұғын арызым бар,
Отқа қой ақбозыңды, көңіл бұрғын.

Күндіз-түн арпалысып әлем кезген,
Ей, ажал, қарайсың сен тажал көзбен.
Кездессең ойдан, қырдан, кезеңдерден,
Құтылмас ешбір пенде сенен безген.

Жаутаңдап қараса да қабағыңа,
Түспейтін адам бар ма араныңа?
Жердегі қыбырлаған жан-жануар
Жаншылар өзі барып табаныңа.



Жасайды әрқашанда өз дегенін,
Құлатар ажал мерген көздегенін.
Аямас момынды да, зұлымды да,
Білген соң бұйрығына тез көнерін.

Бұл күнде мұрша қайсы алысқандай,
Ақырма, ажал, маған арыстандай.
Онсыз да жүрек мұздап, бой қалтырап,
Жайым бар мұз асуда қарысқандай.

Мен сені қарағамаймын, тілдемеймін,
Көңілім көнерді деп кірлемеймін.
Еншісін тіршіліктің бөліскен соң,
Өмірді өлерімде күндемеймін.

Өзіңе көрмесем де мен жалынып,
Айтатын арызым бар ақ жарылып.
Мәреде ат ойнатар албырт шақта
Боз үйде ұйықтап қаппын тон жамылып.

Сабылып сол ұйқымның өтесіне,
Ұрпақтың үлгі тастап жетесіне,
Халқымынң құмға сіңген ізін іздеп,
Асудың тура тарттым төтесіне.

Мін кәне, ажал батыр, ақ бозыңа,
Екеуміз енді аялдар жоқ қазына.
Мен сонау Көк төріме құлаш ұрам,
Боратып мұз теріңнен соқ та азына...





ӨМІР КҮРЕСІ

Тимеген жауырыным жерге менің,
Өзімше балуан болып, өрлеп едім.
Көріп ем гүжілдеген менмендерді,
Маңыма жолай алмай терлегенін.

Тіресіп арпалысып меніменен,
Елубай жықпақ болды ебіменен.
Күн шықпай жалаң аяқ қырда жортып,
Жайнадым қуатыма сеніп ерен.

Бұлқынып, білек түріп келді Алпысбай,
Қайтсем де қоймаймын деп жерге тықпай.
Бұған да былқ етпеді бекем белім,
Жөніне ол да кетті түк те шықпай.

Жетпісбай желкелемек арбаң-құрбаң,
Байқасам бір бәлекет ол антұрған.
Қолында қара болат қанжары бар,
Болам ба күреспесем босқа құрбан.




Сексенбай түсер ме екен жетсем бүріп,
Лып етіп іштен шалып, өкшемді іліп.
Бетпе-бет сол батырмен білектесіп,
Күн бата ақбозбенен кетсем жүріп.

Тек сонда бағасы артар балуандықтың,
Көтерген өмір бойы алуан жүктің.
Көңілде сабақ болып, нұсқа болып,
Үмітсіз оты маздар қалған жұрттың...



Мақтан деген немене?
Ауыздың жылы желі екен.
Байлық деген білгенге,
Бір әзәзіл неме екен.
Ауыр-жеңіл күндерде
Қуат берген, әл берген,
Өзегіңе нәр берген –
Адал аққан тер екен.



 —————  ————— 

Сауранбай ЖУСИЕВТЕН
(Қырғыз ақыны)

МҰХТАР ӘУЕЗОВКЕ

Қырғыз бенен қазақта жік бола ма,
Ортақ мәңгі ішкен су, жұтқан ауа.
Көркем сөздің ең асыл кені едіңіз,
Қырғыз бенен қазаққа тең едіңіз,
Тау, даланың жаршысы – Мұхтар аға!

Серуендедің қырғыздың арасында,
Ой тербеттің қазақтың даласында.
Ынтық болып даңғыл күй, дана жырға,
Мадақтадың қазақтың Абайын да,
Мадақтадың қырғыздың Манасын да.

Қазақ қырын шәкіртше сағынғандай,
Қырғыз жерін аңсадың сабыр қалмай.
Қысты өткізіп Алматы қаласында,
Жазда болып Ыстықкөл жағасында,
Ой іздедің өрнекті дамыл алмай.

«Біздің Мұхтар» дейтұғын қазағыңыз,
«Біздің Мұхтар» дейтұғын қырғызыңыз.
Тау, даланы өзіңдей сүйікті етті,
Тау, даланы өзіңдей биіктетті,
Өзің қолдан ұшырған Шыңғысыңыз.

Халқыңыздың мерейін асырдыңыз,
Өзіңізбен өлшейміз ғасырды біз,
Қатар тұрып атыңыз жұлдызбенен.



Бір жасайсыз мәңгілік қазақпенен,
Бір жасайсыз мәңгілік қырғызбенен!

ЖЫР ДОСТЫҒЫ – ДҮР ДОСТЫҚ

(М. Әлімбаевқа)

Қайда едік біз он сегіз жасымызда,
Ерке қыз ермеп пе еді қасымызға.
Бұрқандық, оқты тостық, отты кештік,
Дулыға баса киіп басымызға.

Таптальп табанымызда жау қабылан,
От алдық ұлы жеңіс таңдарынан.
Жар салдың қызғалдақты даладан сен,
Мен шырқап гүлқайырлы тауларымнан.

Нұр қосты бейбіт күндер түсімізге,
Күш қосты бейбіт күндер күшімізге.
Соғысты өңімізде көрмейікші,
Сойқанды көрсектағы түсімізде.

Тербетіп жүрміз біздер ел қаламын,
Қолдасып халқымыздың өр талабын.
Даланың дархан халқын мақтасаң сен,
Тау халқы сырын мен де шерте аламын.

Өтсек те орта жолдың өрін басып,
Ерлейік елдің бағын тең жырласып.

Келе бер өлең жазып далалдан сен,
Тауымнан келе берем мен жыр жазып.

БАҚЫТ ДЕГЕН НЕМЕНЕ?

– Бақыт не? – деп отыншыдан сұрадым.

– Бақыт – от қой жылу берген денеңе,
Бірақ еппен қыздырын сен, шырағым,
Күйіп қалу емес әсте дәнеңе.

– Бақыт не? – деп дәрігерден сұрадым.

– Бақыт – дәрі ауыр дерттен жазатын,
Бірақ дұрыс қолданбасаң, шырағым,
Тартарың хақ соның зардап-жазасын.

– Бақыт не? – деп атбегіден сұрадым.

– Бақыт – тұлпар қайшылаған құлағың,
Бірақ бабын таба алмасаң, шырағым,
Омақаса дей бер қатты құладым.

– Бақыт не? – деп құсбегіден сұрадым.

– Бақыт – сұңқар, саятшылық ермегің,
Бірақ оны шамдандырсаң, шырағым,
Көктен келіп салар саған шеңгелін.

– Бақыт не? – деп балықшыдан сұрадым,

– Бақыт – қайық көлде желдей есетін,
Бірақ оны күте алмасаң, шырағым,
Су түбіне батасың да кетесің.



– Бақыт не? – деп қариядан сұрадым.
– Бақыт – жарық, жайнап тұрған жас құшақ,
Бірақ көңілін бір қалдырсаң, шырағым,
Біржолата қатып қалар тас құсап.

Тейіпжан ӘЛИЕВТЕН
(Үйгыр ақыны)

МӘҢГІЛІК ӘН

Күннің көзі жасырынса,
Өзің жаққа асығам.
Ынтықтырдың осы ғұрша,
Уа, махаббат – асыл ән!

Терезеңе неше келем,
Шыға алмаймын айналып.
Сен тұратын көшеге мен,
Қалғандаймын байланып.

Әйнегіңді қағып әнмен,
Бүгін түні тағы өттім.
Махаббаттың бағынан мен
Қызыл алма дәметтім.

Ұйқысынан құр қалғандай
Бір шал шықты күңкілдеп:
– Жеті түнде жынданғандай,
Мазаны алған бұл кім деп?

Әр күн сайын тыңдай-тыңдай,
Сарсаң болды құлағым.
Осыншама тынбайтыңдай,
Неғылған ән, шырағым?

Дедім оған: – Қапаланба,
Болмадың ба сен де жас.



Өмір қызық жас адамға,
Махаббатқа мен де мас.

Қарай-қарай көзің талған
Терезеге тұманды,
Кеше ғана өзің салған
Ұмыттың ба бұл әнді?

Сен ғана емес баяғыда
Сансыз пенде сарнаған.
Осынау ән аяғына
Ешкім шыға алмаған.

Адамзаттың тағдырынан
Бөлінбейтін ешқашан,
Үзілмейді мәңгі бұл ән,
Деме, сірә, қоштасам!..

ҚАЗАҚТЫҢ ӘНШІ ҚЫЗЫНА

Алаулайды ішімдегі от,
Өзің жаққан, қарындас!
Өңім бе, әлде түсім бе деп,
Мұңға орандым арылмас.

Қозғадың ғой шер-мұңымды,
Әніңменен жалынды.
Жапырақтай желді күнгі
Тербедің ғой жанымды.

Айналайын таңдайыңнан,
Бұлбұл ұя салғандай.

Жарылқасын маңдайыңнан,
Шолпан жұлдыз жанғандай.

Жүрегіме бойладың сен,
Әнді өзіңдей кім айтар!
Еске түсіп қайда жүрсем,
Әсем сазың мұңайтар...

АРША

Сұрадым бір күн Аршадан:
– Қызығам сонша мен саған!
Бұтада сендей бар ма асыл,
Жыл бойы түсің жап-жасыл.
Демейсің қыстан жаз артық,
Ауаны ылғи тазартып,
Жарады иісің мұрынды,
Айтшы сен кәне, сырыңды?

Сыбырлап Арша тіл қатты:
– Жаралған жерім қымбатты.
Қасиет туған топырақта,
Бас ием осы атырапқа.
Тауымды өзім нәр жұтқан,
Құшақтап өсем сондықтан...

ТОБЫЛҒЫ

Иілгіш деп тобылғыны
Кінәлама, жарандар!

Солай болса оның күні,
Тағдырға не амал бар?!

Өмір қандай қиын еді,
Түсірер әр сарсаңға...
Морт кетпейді, иіледі
Отқа қанша салсаң да.

Қиналғанда ақыл таппай,
Төзім ерді шыңдайды.
Тобылғы да Ақиқаттай,
Иілгенмен сынбайды...

ЖІГІТ ТІЛЕГІ

Жігіт «күйдім» дегенде,
Қыз да тұрса «күйдім» деп.
От лауласса денеңде,
Қайта-қайта сүйгің кеп.

Кете қалсақ алысқа,
Күтсе сұлу мөлдіреп:
Сағынысып табысса,
Жас жүректер елжіреп.

БАҚЫТ ЖҰЛДЫЗЫ

Бала кезден көп қараушы ем аспанға,
Көңілімді күңгірт ойлар басқанда.

Сол биіктен жұлдызымды іздеуші ем,
Бақыт нұрын себетұғын жас жанға.

Қайран жүрек қиялға еріп егілер,
Көк төсінен қайдан жақұт төгілер?
Көзіңде екен мен іздеген жұлдызым,
Қос жанарың қос бақыттай көрінер.

ҚАЙҒЫ

Лаулап жанып, қызған отты
Су септің де сөндірдің.
Жүрегімді ызғар өпті,
Қалтыратып, тоңдырдың.

Пәк сенімім үшты желге,
Ғайып болып бар арман.
Ақ жұлдызым түсті жерге,
Махаббатқа жаралған.

Мүсірке деп өтінбеймін,
Жараспайды ол маған.
Айырылғанға өкінбеймін,
Алданғанға қорланам.

Мирпулат МИРЗАЕВТАН
(Өзбек ақыны)

НАУАИ ӨСИЕТІ

Мен үшін әйкел тұрғызба,
Көшенің атын сұрама.
Теңеме жарық жұлдызға,
Басыма келіп жылама!

Бұлаңдап заман түлкінің
Алдасын мейлі біразы.
Сақтасаң тілін түркінің,
Аруағым менің разы!..

КЕН ІЗДЕУШІГЕ

Кен іздеп ата-жұртты ақтарасың,
Өмірдің айырмайсың ақ-қарасын.
Кеніштің алтын кілтін жат қолына
Бергенге масайрайсың, мақтанасың.

Кезуден тау мен тасты жалықпайсың,
Көзіңе түскен затты парықтайсың.
Күміс пе, қорғасын ба, алмас па әлде,
Асылдың құрамын тез анықтайсың.

Түрткілеп сұлу төрді анау жатқан,
Шыға алмай ұзақ жүрдің сол аумақтан.



Белгісіз не тапқаның, білетінім –
Сарқылды мөлдір бұлақ заманғы аққан.

Бермедің өзің туған қонысқа опа,
Кен іздеп басқан ізің қорыс-қопа.
Көргенде өткен-кеткен тұнжырайды,
Ісіңе алыс-жақын тегіс қапа.

Газ тауып не бұлдірдің, біл, қарағым,
Суырып жер қолқасын, жұлмаладың.
Ошағын өшірмеген тезек жағып,
Астында анаң қалды зілзаланың.

Пендедей елін сатып баққа жетер,
Жеріңді күйдіресің отқа бекер.
Сиқың бар саған салса, қыстағың мен
Бабаңның қабірін де таптап өтер.

Кемеңгер Беруниға табынасың,
Хабибты мақтағанда ағыласың.
Солардың құлақ ассаң рухына,
Жұртыңның ортасынан табыласың.

Басыңды айналдырған азғын дәуір,
Мылқаудай тілге көнбей тоздың, бауыр.
Кеудеңе жез қаңылтыр таққанменен,
Жылтырақ жез тісің жоқ аузыңда бір.

Әйтеуір сенің күнің туды аңсаған,
Деуменен далақтайсың уран табам.
Миғұла, ұғасың ба, қаза берсең,
Таусылмас қазына емес Тұран саған.



Жұтатын өз еліңді жайындайсың,
Көрінген жерден көзіңді айырмайсың.
Бәтшағар, бұйрық келсе, Яссауидің
Мазарын тегістеуден тайынбайсың.

КӨГІЛДІР ТАУЛАР

Көгілдір таулар,
Көңіліңді аудар,
Тыңдашы нала-мұңымды.
Жас толып көзге,
Іздеген кезде
Қойныңнан балалығымды.

Жолдардан өттім,
Арманға жеттім,
Сыбаға татып сан жылдан.
Құлыншық күнім,
Шапқылап бүгін
Шығар ма, шіркін, алдымнан?!

ТҮҢІЛУ

Зуылдап тасқын судай, жылдар ақтың,
Ойласам өмірімді мұңға баттым.
Мен бейне қалың орман ішіндегі,
Жапырағы солғын тартқан бір дарақпын.

Жуынып жаздың жылы жаңбырымен,
Тынымсыз тілдесемін таң нұрымен.



Гүлдердің шешек атқан жұмысы жоқ,
Жаны пәс жапырақтың тағдырымен.

Жүрегім қалтырайды сондықтан да,
Салғандай сүйегіме зорлық таңба.
Күн шығар, ай да батар өз жөнімен,
Селт етпес жасыл әлем шаң жұтқанда.

Кірлесе табиғатым мөлдір, тұнық,
Жылаймын нәзік гүлдей мен күрсініп.
Жалғанды озандатып, тозаңдатып,
Шығады әлдеқайдан жел жұлқынып.

Өз еркі соқсын өмір ызғырығы,
Қабағын түйіп қыс пен күзді күні.
Әйтеуір құлағанша қарманамын,
Жанымның жұтамаса ізгілігі.

АРМАН

Азаттыққа шықса егерде ел-жұртым,
Әттең, тыным алмас едім мен бір күн.
Өміріме разы боп өтер ем,
Терсем-дағы қыбырлаған жер құртын.

Халқым үшін тозаққа да төземін,
Әр тынысын қабағынан сеземін.
Көк тасын да гүлге бөлеп қояр ем,
Белім сынып, үзілсе де өзегім.





Кенелсе шын қуанышқа ұлы елім,
Жүрегімді күн ғып көкке ілемін.
Жер бетінде мәңгі ғұмыр сүрсін деп,
Шуақ төгіп, шырайналып жүремін.



Сергей ЧАВАЙННАН
(Мари ақыны)

ОТАН ТУРАЛЫ ОЙ

Ұмытам қалай мен сені,
Бесігім – туған мекенім?
Өзіңсің өмір өлшемі,
Өзің деп қана өтемін.

Жазған соң тағдыр маңдайға,
Қайғының дәмін татамын.
Қамығып қазір шалғайда,
Сен жайлы ойға батамын.

Көзімді мәңгі жұмғанша,
Көркіңді сенің қия алман.
Араға салып жыл қанша,
Қайтамын саған қияннан.

Өзіңнен, сірә, бар ма асыл,
Кезсем де шексіз ғаламды?
Жібектей жұмсақ, жап-жасыл,
Шарлаймын тағы далаңды.

Билейді мені көргенде,
Шалғының баяу сыбырлап.
Тулайды шаттық кеудемде,
Иіскесем қолға гүліңді ап.

Іздерім жайнап қайтадан,
Жатады таныс бақтарда.



Жастығым сонда айтады ән,
Бұлбұлдай сайрап ақ таңда.

Балалық шаққа оралып,
Жалтылдап айдай орағым,
Шұғыласын көктің оранып,
Қайтадан егін орамын.

Ғайып боп мынау сұрқай күн,
Жанса үміт арман әніндей.
Жаныммен сонда шырқаймын,
Бидайдың алтын дәніндей.

Сарғайдым әбден сағынып,
Уа, менің туған мекенім.
Іштегі дерттен арылып,
Қойныңа қашан жетемін?

КІМ ҮШІН КЕЛДІМ ӨМІРГЕ?

Ойларым еркін, қуатты,
Жаһанды тынбай шарлайды.
Сапырып көкті шуақты,
Қырандай биік самғайды.

Шырқаймын асқақ дауыспен,
Көргем жоқ жасып, қорғалап.
Жалғайтын мені ғарышпен,
Табиғат берген бар қанат.



Әлемді түнек түр басып,
Несіне бірақ опынам.
Жөнелер қара түн қашып,
Көзімнің сөнбес отынан.

Күні-түн арай төгемін,
Ел үшін түсіп тартысқа.
Жаңғыртып дүние көлемін,
Дауысым жетті әр тұсқа.

Жетелеп нұрлы көктемге,
Ойларға толы шақ мына:
Үңіліп терең өткенге,
Болжаймын болашақты да.

Қуамын түнді қараңғы,
Бастаймын таңғы жарыққа –
Қуантып мұңлы адамды,
Шашамын шұғыла халыққа.

Ойларым еркін, қуатты,
Жаһанды тынбай шарлайды.
Сапырып көкті шауқты,
Қырандай биік самғайды.

Омар СҰЛТАНОВТАН
(Қырғыз ақыны)

ЕСКІ ҚАЙЫҚ

Қаңсыған ескі қайық жағада тұр,
Қаусаған шалдай шөгіп бара жатыр.
Қасынан өткендерге күңіренеді,
Басына орнағандай заманақыр:

Білмеймін қандай тағдыр өмір берген,
Жайым бар судан шығып зәбір көрген!
Жатқаным көлге шөкпей, құмға шөгіп,
Бірдей ғой шалажансар көмілгенмен.

Толқында күні кеше жарқылдадым,
Қайғыдан енді, міне, қалтылдадым.
Тірідей көрге кірді деген осы –
Көрген соң айдын көлдің тартылғанын.

Бір кезде көл төрінде сайрандадым,
Тереңнен жұлдыз бенен ай қармадым.
Үмітім ескек болды өміріме,
Көл барда орындалып ойға алғаным.

Толқындар буырқанып шалқығанда,
Зуладым үміт-ескек тартып алға.
Өмірім иірімдей терең еді,
Көл барда көңіліме шаң тұрар ма?



Валерий АНТОНОВТАН
(Орыс ақыны)

АЙ

Құдайынан біржола түңілді адам,
Тұңғыыққа тесіле үңілді адам.
Секпіл бетті ай дөңгелек жарқын жүзбен,
Дәл сол сәтте жалт етіп бұрылды оған.

Ай сәулесін түсірді шартарапқа,
Көлеңкелер тығылды қалқа жаққа.
Түйе өркешті шыңдар да, шатқалдар да,
Жанарына ілікті жарқабақ та.

Ұйықтап жатыр саздардың ми батпағы,
Ұйықтап жатыр таулар да, қыр қатпары.
Бірақ, өмір туралы сазарған ай
Тіс жармады адамға, тіл қатпады.

Адам аймен арбасып, келекелеп,
Қасарысты егесін он еселеп.
Мұхиттар да,
Теңіздер,
Нәсерлер де –
Үзілмейтін ұлы өмір,
Береке деп.

Амрита ПРИТАМНАН
(Үнді ақыны)

АРМАН КҮЛШЕСІ

Өткен түні арманның
Күлшесінің шетінен
Бір сындырып алғанмын.

Қалай көрді түнгі аспан,
Қайдан білді мекенін?
Бұл күлшенің о бастан
Маған қымбат екенін.

Білді мұны қанаттар да қаңғыған,
Тұмсықтар да жемтіктерді аңдыған,
Тырнақтар да шеңгелдері мәңгі қан.
Мен ғана тек білмедім,
Арман-дағы тұтқыны екен түрменің.

Нәзік еді күлшем көрер көзімдей,
Нан иісін тұрар кім бар сезінбей!?
Қасиетті еді соншама –
Асық жүрек сөзіндей,
Ашық сырдың өзіндей.

Күзғын-қанат соқты-дағы құйындай,
Әлгі наным қалды өзіме бұйырмай.
Қорқыныштың ізі бетті торлады,
Қарға түскен шырма-шату шиырдай.



Тата алмадым арман-нанның түйірін,
Қастандық кеп соқтырды да құйынын.
Қара түнде құзғындар да қаншама,
Аңдушылар айырмас көз қиығын...

Өткен түні арманның
Күлшесінің шетінен
Бір сындырып алғанмын.

Қара түннің кесірі-ай,
Тұншықтырған бәрін де...
Арманымның осылай
Тата алмадым дәмін де...





Джонни Б. ИСОТАММНАН
(Эстон ақыны)

БӘДӘУИДІҢ АРУЫ⁶⁹

о бәдәуи ару қызы бұралып
жетші маған гүл алып
мен сүйемін барлығын
шөл даланың нар гүлін
қызыл теңіз құз-жарының қан гүлін
заңғарлардан ақ маржандай тау гүлін
сұрғылт қабырғалар төккен зар мұңын
сүлейменнің сарайынан гүл алып
о сұлу қыз жетші маған бұралып
снарядтар сынығынан аумаған
қызыл өрттей лаулаған
қайнарлардай ыстық қандай тулаған
әкел қызыл гүл маған
гүлге қарап ойға батып мұңданам
сенің елің сенің бейнең сол шақта
о ару қыз көз алдымда тұрды әмән.

⁶⁹ Автордың түпнұсқасында ешқандай бас әріп пен тыныс белгі қолданылмаған.



Доржийн ДАРЖААДАН
(Моңғол ақыны)

ОТАНДЫ САҒЫНУ

Алыс қап туған ауылың,
Жет жердің жұтсаң ауасын,
Елжіреп іші-бауырың,
Отанды еске аласың.

Хат-хабар күтіп сарыла,
Батасың мұңға жабыға.
Егерде жақын-жерлесің
Кезіге қалса бағыңа,
Сырласып туған ағандай,
Сөйлейсің таңға ағыла.

Алдына көзің келеді:
Далаңның байтақ көлемі.
Көлбеңдеп ұшқан көк түтін,
Көк орай шалғын желегі.
Алғашқы махаббатың да
Қайтадан елес береді.
Аңсатып уыз, сүт дәмі,
Кезеріп ернің кебеді.
Кеудеңе келіп сыйғандай
Жеріңнің тауы, белеңі.
Аспаны қандай көк еді,
Гүлдері қандай көп еді.
Келеді көзге, келеді...
Құлыны, тайы, дөнені.






Қозы-лақ қуған төскейде,
Бала күн қандай шат көңіл!?
Жарқ етіп қайта от бейне,
Оралар жастық сәтке бір.

Оралар ойлар қайтадан,
Жүректің шамын жаққандай.
Қайғысыз-қамсыз,
Шалқадан
Шалғында сонау жатқандай.

Алыс қап туған ауылың,
Жет жердің жұтсаң ауасын,
Езіліп іші-бауырың,
Отанды еске аласың.

Қадірін елдің ұғасың,
Жанасың ойдан от болып.
Аунақшып таңға шығасың,
Өткенді көзден өткеріп...

 —————  ————— 
Санжаажавын ОЮУННАН
(Моңгол ақыны)

ТАМАШАСЫҢ, ӨМІР, СЕН!

О, көк аспан! Сүйемін мен өзіңді,
Кең дүниеге төңкересің көзіңді.
Көрдің ғой сен қолыма ұстап жүректі,
Сүйіктіме алып-ұшқан кезімді.
О, көк аспан! Сүйемін мен өзіңді.

О, туған жер! Сенсің сүйіп-құшарым,
Елін сүйген ерге дайын құшағым.
Тас қараңғы түнде де іздеп табамын,
Саған жету үшін талмай ұшамын.
О, туған жер! Сенсің сүйіп-құшарым!

О, құрдастар, қуат берген, дем берген,
Өмір маған қымбатты ғой сендермен.
Іштеріңнен таптым жарды, досты да,
Махаббатқа еш нәрсені теңгермен.
О, құрдастар, қуат берген, дем берген!

Темір ДАУАМАТТАН
(Ұйғыр ақыны)

АЛТАЙ

Өр Алтай көк тіреген басың биік,
Алыстан көз тартасың жасыл киіп.
Қойныңда қыран өзен толқын атып,
Жан-жақтан сансыз бұлақ жатыр құйып.

Табылмас жер бетінен сендей мекен,
Қалайша көзбен көріп сенбей кетем.
Гүлденген құшағыңда әсем қала,
Керемет көкіректі тербейді екен.

Ежелгі еркін елдің аймағысың,
Сары қымыз, балдай тәтті қаймағысың.
Ән күйдің, өлең-жырдың жайлауысың,
Мәңгілік жаралғансың жайнау үшін.

Баурайың секілденген гүлді кілем,
Жарасқан шадыман ел тірлігімен.
Жиналмас дастарханы ақ отаудың,
Бейбіт күн түтіні ұшқан түндігінен.

Қойнауың сарқымайды жақұт толы,
Алса да қанша көсіп уақыт қолы.
Таралып шартарапқа жатыр шалқып,
Өзіңнен басталған бір бақыт жолы.

Елестеп көз алдыма болашағың,
Арманға мен де құшақ кең ашамын.
Ғажап-ақ, алтын тәжді асқарыңнан,
Күлімдеп дүниеге қараса Күн!..

ҒАЖАЙЫП ҚАНАС КӨЛІ

Қанастай ғажайып сен көл көрдің бе?
Таңдандым қаншама рет мен келдім де.
Балықтай еркін жүзіп, асыр салып,
Тұп-тұнық толқынында тербелдім де.

Айдыны күбірлейді тіл қатқандай,
Балығы жалт-жұлт етер тулап тайдай.
Шомылып күннің өзі Қанас көлге,
Бір шығып, тереңіне бір батқандай.

Шағылып сәуле шашқан айға дәйім,
Қанас көл жарқырайды айнадайын.
Жасыл тау, жасыл орман айналасы,
Тұрғандай сауық пенен тойға дайын.

Қалайша ғажайыпты жыр етпейін,
Толқыны дірілдейді жібектейін.
Ақырын аймалайды лебі тартып,
Нәп-нәзік лүпілдеген жүректейін.

Қол созып қарағайлар көкке қарай,
Аспанмен сөйлеседі төккен арай.
Құлпырған жағасында сансыз гүлдер,
Секілді қыз қадаған көп танадай.



Елтідім есім кетіп, Қанас, саған,
Сырларың әлі де көп жан ашпаған.
Көркіңе көз қуанттым кереметтей,
Өзіңнен жер бетінде көл аспаған.

Келгендер шыға алмайды шырайналып,
Тамсанып тамашаңа мың ойланып.
Көктемгі жыл құсындай асығады,
Соққанша қайта саған бір айналып.

Қанас көл, моншақтайсың мөлдіреген,
Сағынсам түсімде де көлді көрем.
Өмірлік жүрегімді мекендеген,
Тұп-тұнық көз жасындай сен бір өлең!

Эльза УЛЬМЕРДЕН
(Неміс ақыны)

ТІЛЕК

Сол тойды әлі күнге ұмыта алман,
Ән шалқып, есік ашқан үміт алдан.
Қалыңдық алма ағаштың ақ гүліндей,
Бозбала ажарынан нұры тамған.

Жылдардың содан бері ақты легі,
Өзі іздеп сан қуаныш тапты мені.
Төрінде жүрегімнің келеді әлі,
Сондағы бір қазақтың ақ тілегі.

Өткенді сағынғанда сәл мұң қажап,
Кетпейді көкейімнен сол бір қазақ.
«Альберттің қызы – менің қызым» деді,
Көзінен мейірім нұрын көрдім ғажап.

Әкемнің жан жолдасы болған адам,
Көңілі айнымаған кең даладан.
Қазақтың әрбір үйі өз үйімдей,
Секілді елестеді сонда маған.

Қызықты өмірімнің сол бір шағы,
Түкпірін жүрегімнің жаңғыртады.
Көзіме өз әкемдей елестейді,
Қазақтың жаны жайсаң әрбір шалы.

Қашанда шын достықтың сыры мәлім,
Күн сайын шуағына жылынамын.



Ұғынар тірлігімнің мағынасын,
Үңілсе тереңірек жырыма кім!

Жарқырап адамзаттың асыл жаны,
Жастықтың мәңгі жайнар жасыл бағы.
Қонса деп тілеймін мен ұрпақтарға,
Осынау бақыт құсы басымдағы.



Әкпар РЫСҚҰЛОВТАН
(Қырғыз ақыны)

ЕЛШІ БОЛДЫМ

(Ұлықбек Есдәулетовке)

Өкілетті елші болдым,
Екі ел – егіз бауырға.
Келші, досым, келші бір күн –
Кетіп барам ауылға.

Не жасадым қос ғасырға,
Не таптым, не жоғалттым?
Алаулайды қоштасарда,
Жүректегі шоғы оттың.

Орындалмас көп арманың,
Өтесің де өшесің.
Ортасынан Елорданың,
Ойдық Манас көшесін.


Бірге кешкен бір өмірді,
Біздің мақсат, ар тұнық.
Астанаға жүрегімді,
Кетіп барам қалдырып.

Алатауға жөнелгесін,
Арқада сен қаласың.
Тау бөлсе де жау бөлмесін,
Қырғыз-қазақ арасын!



Егіз елге елші болдым,
Ат үстінен түспедім.
Келші, досым, келші бір күн –
Сағынады Бішкегің!..





Сәуле ҮСЕНБЕКОВАДАН
(Қазақ ақыны)

ӨЗ ОЙЫМ

Еркімнен қалып азап тыс,
Болсам-ау, шіркін, азат құс.
Бойдағы ақыл-қайратты,
Шалқытар бітіп ғажап күш.

Ұшығы жоқ қой арманның,
Жұмбағы көп қой жалғанның.
Санамда дүние дөңгелеп,
Толғансам жігер жанған күн.

Қол үзіп күйкі тірліктен,
Қиырға кетсек бір күткен.
Жер шары бірақ айнымас,
Айналып тұрған кіндіктен.

Әркімнің жүйрік қиялы,
Ешкімге тимес зияны.
Жаһанды жеңсе өз ойым,
Өзіме ғана сияды.

Болмасын күдік ойыңда,
Мұны да бір сәт мойыңда.
Өзіңе берген Құдайдың
Қуаты барда бойыңда!



ТҰРАН АРУЛАРЫ

I

Уа, ғажайып арулары Тұранның,
Нұр дидары таң қалдырған ғаламды.
Арасынан бұлдыраған тұманның,
Елестейсің баурап ақыл-санамды.

Күпірлікпен құдіретін сезбесе,
Әркімге де Құдай қаһар шашқандай.
Құс жолы да бүгін тіпті өзгеше,
Сырлы дүние көктен құшақ ашқандай.

Ешкім ғайып болған емес, барлығы
Көрінбестен ортада жүр әлде осы.
Секілденіп Жаратқанның жарлығы,
Құйылады мәңгіліктің сәулесі.

Киелі нұр Ай астында дірілдеп,
Толқындайды құмның беті ақ сүттей.
Домбыраның ішегіндей күбірлеп,
Көкіректің шерін төккен өксіктей.

Алқалары, шашбаулары сылдырлап,
Сырғалары, жүзіктері сыңғырлап,
Торғын, жібек көйлектері судырлап,
Төбемізден тұрады олар сыбырлап.

Қандай асыл арулары даланың,
Есіне алып күрсінеді қорғандар.
Нұрға бөлеп бүкіл Тұран алабын,
Қайдасыңдар, қайғы жұтқан сол жандар?!





II

Жалған даңқ елесіне желігіп,
Шайқасқан жоқ сақтың патша қыздары.
Сатқындықтан, сайқалдықтан жерініп,
Гүлден нәзік жүректері мұздады.

Ал, еркіндік түсті ауадан қымбатқа,
Сақтау үшін ұл-қыздарын, жан жарын.
Сақ қыздары атой салып мінді атқа,
Қоршағанда қалың дұшпан жан-жағын.

Қаһарланып жауға қарсы шапқанда,
Жарқылдады найзағайдай қақ тіліп.
Соларда еді бейбітшілік шақтарда,
Нәзіктік пен тіл үйірген тәттілік.

...Енді түнгі ақ нұрынан Алланың,
Домбыраның қоңыр үні төгіліп,
Әлдилейді арулардың аруағын,
Мазарлар да мұңға батып, егіліп.

Күндіз-түні қоңыраулатып ерінбей,
Керуендер арлы-берлі өтеді.
Ғасырлардың шаң боратқан желіндей,
Бір қиырдан бір қиырға кетеді.

Қалды қанша қазынасы Тұранның,
Тарихтың қойнауында шаң басып.
Дұғасындай қасиетті Құранның,
Арулардың рухы көкпен жалғасып!..





Жанымның сөнді жалыны,
Қызығын күндер тыйғандай.
Тарылды дүние жарығы,
Уысқа ғана сыйғандай.

Көкжиек тартты қараңғы,
Өмірдің оты маздамай.
Қапасқа жүрек қамалды,
Көңілдің сырын қозғамай.

Бұлдырап сонау алыстан,
Бір үміт қанат қаққандай.
Тірліктен мынау алысқан,
Ол қанша опа тапқандай?

Құмарлық желі жоғалған,
Қай жақта жүрсің гүлеумен?
Шоқ тастап көзге қадалған,
Сезімнің отын үрлеумен!

САЙҚАЛ ТАҒДЫР

Тағдыр бейне шығыстың базарындай құбылған,
Мұнда келіп қалтасын қағады жұрт шұбырған.

Іздегенін ертерек алуға әркім асығар,
Түстен кейін қайнаған сауда буы басылар.



Қоржыны тоқ саудагер – сайқал тағдыр – кәрі қыз,
Жаутаңдаймыз қолына қайыршыдай бәріміз.

Қойны-қоншын ақтарып-төңкеруге қақың жоқ,
Місе тұтып бергенін, бас изейміз мақұл боп.

Жапырақтар жамырап алақандай жайылған,
Мазағына көнеді меселдесін қайырған.

Өмір оған ойыншық, өз білгенін істейді,
Ойлағаның болмайды, от пен суға түс мейлі.

Қай жағыңа қарасаң бір қуаныш, бір қайғы,
Кейде алғаның төлеген жармағыңа тұрмайды.

Несиеге бермейді, саудасы оның – айырбас,
Қалтасына түскенді қайта саған қайырмас.

Дихан сорлар сутегін зая кетіп еңбегі,
Бір мысқалы өтелмей бейнетінің ең кемі.

Ұясындай араның шуылдайды айналаң,
Қызған базар құжынап құмырсқадай қайнаған.

Әуеніне зурнаның айдай ару билейді,
Шыркөбелек айналса, жерге етегі тимейді.

Гүлдейді дутар да сазды судай сапырып,
Базар кезіп сабылған жұртты өзіне шақырып.

Күнделікті базардың қызығына кім тоймақ,
Алыпсатар, дүкенші бақалшы да жүр тойлап.



Мұнарадан айғайлап шақырғанша азаншы,
Күн астында саудасын қыздырады базаршы.

Пәранжалы мыстанның алтын толы қапшығы,
Көптің көзін қызартып, қуырады апшыны.

Перде астынан зымиян жымияды ұрланып,
Тәлкегіне үйренген мыңқ етпейді бұл халық.

Топ ішінде бір аңқау қулықтан жоқ хабары,
Бәлкім соқыр тиынға бақыт сатып алады.

Сайқал тағдыр ойнайды, ойнағанын қоймайды,
Жынды болған пақырдың қызығына тоймайды.

Тағдыр бейне шығыстың базарындай құбылған,
Мұнда келіп қалтасын қағады жұрт шұбырған.

Іздегенін ертерек алуға әркім асығар,
Түстен кейін қайнаған сауда буы басылар...

САХАРАДАҒЫ САҒЫМ

1

Қызылқұмда – көне Отырар іргесінде қираған,
Ай астында бір кезбе жүр түн қойнына сыймаған.
Күңгірт тартқан құшағында тербеледі тылсымның.
Тыныштыққа тағзым етіп Хақ Тағала сыйлаған.



Шарлағанмен не табады шөл даладан құм басқан,
Шырқын бұзып, шақырады жамыраған түнгі аспан.
Оған алыс аласұрған тіршіліктің теңізі,
Дәл қасында жатқанымен бұрқ-сарқ қайнап тынбастан.

Мұнда өзгеше мүлгіп тұрған мұхит – әлем әуені,
Құм суырған жел қанаты сусылдайды әдемі.
Құс таңдайлы бедер салып, тұман басқан бұйратқа,
Бас-аяғы белгісіз бір із тастайды әуелі.

Қызылшақа құмның жоны, жадау жусан айнала,
Сырлы дүние сүрлеуіне жетелейді ойлана.
Керуендер түн жамылып қалқып бара жатқандай,
Көлеңкесі көлбең етіп көңілдегі айнаға.

Қайта оянып көне дәуір қалған сонау жырақта,
Күмбірлеген қоңырау үні жететіндей құлаққа.
Керуеннің көркі болған бір кездегі боз тайлақ,
Қос өркешті кәрі аруаққа айналғандай бірақ та.

Құдіреттің кереметі көрінбейді жәй көзге,
Екі дүние ортасында көшіп жүрер әр кезде.
Олар мәңгі мызғымайтын алтын сарай төрінде,
Пенделіктен аулақ қашып, күй кешесің сен де өзге!

2

Жер де өзінің тартылысын жоғалтып қас-қағымда,
Зулағандай түсіп алып, түпсіз-терең ағынға.
Махаббатқа мінәжат қып, мәңгі-бақи тозбайтын,
Бүркенішін сыпырғандай бұлдыраған сағым да.



Қалықтаған жердің шары бір алып құс ғаламат,
Адамзаттың тіршілігі қанатына аманат.
Сансыз ғалам ортасында айналады ұршықтай,
Шексіз-шетсіз кеңістікті қуалаған аралап.

Кең әлемнің аясында жайнап тұрған үзілмей,
Қалың жұлдыз төбеңдегі мөлдіреген жүзімдей.
Кереметтей көріктенген көк аспанның шырайы,
Шапағаттан шұғыла шашқан Жаратқанның жүзіндей.

Пейіш төрін мекендерсің, шыбын жаным, бүгін сен,
Көк мұхиттай дүниенің көкірегіне үңілсем.
Рахаттың бесігінде тербелемін тынығып,
Бұл жалғанның арылмайтын азабынан түңілсем.

Көз алдымда көлбеп жатыр гүлге оранған кең жазық,
Жетсем деймін қиырына қанатымды мен жазып.
Шақырады шалғай шетте үміт оты алаулап,
Өмір бойы армандаған осы болар жанға азық.

Айқара ашқан көкірегін мұндай аспан бар қайда,
Жүрегіңді жетелейді қиял жетпес шалғайға.
Аузыңды ашсаң көмейіңе алтын самал құйылып,
Жердің нәрі, шөптің шығы таматындай таңдайға.

Бозғылт тұман құшағында ұшқын атып түнгі арай,
Құстай ұшқан нәзік көңіл алабұртып тұрғаны-ай!
Сілекейді шұбыртады көк аспанның төрінде,
Сары қауын секілденіп дөңгеленіп туған Ай!



ӘЙЕЛ АРУАҒЫНЫҢ ҮНІ

Қайта, міне, көріндім пәни-жалған шегінен,
Қасиеттің кесесін толтыруға тегі мен.
Байтақ дала тынысын жүрегіммен сезініп,
Сәби күнді іздеймін туған үйдің төрінен.

Шұғылаға шомылған көз жеткісіз кең дала,
Қарлы шыңдар мұнартып, тебіренген толғана,
Гүлге оранған мамырдың шаттығы да шалқыған,
Өмірді еске салады жалын атқан жап-жаңа.

Алып келдім әдилеп бесігінде ғасырдың,
Аңыз, дастан, ән-күйді сынығындай асылдың.
Әйел де емес, пері емес, періштедей затым бар,
Опасы жоқ жалғанға жұмбағымды жасырдым.

Мойнымдағы алқамда аруағымның нұры бар,
Пенделерге белгісіз, өзім ғана ұғынар.
Асығыңдар бауырлар, бір тілдесіп қалуға,
Өң мен түстің арасы қас-қағымда құбылар.

Жалғыз ғана жүздесу бұйырады мың жылда,
Оралмаймын қайтадан түсіп кетсем құрдымға.
Жарық дүние думаны ынтықтырып жанымды,
Айдың сүттей сәулесі қызықтырып тұр мұнда.

Мұндай сәтті жалғанда менен кейін көрмек кім?
Қызыл-жасыл әлемде рухымды тербеттім.
Қолымдағы кесеге мен толтырып әкелдім,
Мөлдіретіп махаббат, мейірімін жер-көктің!



ШАРАПАТ

Шығыстан күн шығуы деме бекер,
Мәні бар әр нәрсенің елең етер.
Алланың жарық күні жарылқаса,
Аспаннан алтын нұрын себелетер.

Ол бізге мәңгі-бақи бұйырғандай,
Пайғамбар кітабына құйылғандай.
Киелі әр жолына зерлеп өрген,
Табынып пенде біткен сыйынғандай.

Жазылған Құран неге оңнан-солға,
Тиегі тіршіліктің аңғар, сонда!
Жырымда шарапаты жатыр оның,
Өзің біл, қызғансаң да, таң қалсаң да!..

ТҮНГІ МҰХИТ ЖАҒАСЫНДА

Әндетіп, өксіп, билеп, тулап сонша,
Салады түнгі мұхит әлек қанша?
Асыққан салт аттыдай сүйгеніне,
Шапқылап көк тұманда таң атқанша.

Құрлықты қаһарымен түршіктіріп,
Жағаны соққылайды ыршып шығып.
Толқын ба, бұлдыраған гүл бақша ма,
Көзіме елестейді ынтықтырып.

Талайды бастан кешкен құмды жаға,
Ойларға жетелейді мұңды ғана.



Ақ толқын арсы-гүрсі болып жатқан,
Жанымды жабырқатқан сырды ұға ма?

Осынау ғажап сәтте жел сапырған,
Арманға жеткендейсің сан шақырған.
Шегіне кең әлемнің шыққандайсың,
Мұхиттай аласұрып қарсы атылған.

Бұл сәтте мүмкін емес тебіренбей,
Көңілің құлазыған кеңігендей.
Құбылған көз алдыңда ғажап дүние,
Жүректі сұлулыққа телігендей.

ДАЛА СЫРЫ

Тағы да жалаң аяқ жалғыз-жарым,
Қаңғырып қара түнде, мен мұздадым.
Сусыған сыбызғыдай құм дауысы,
Естідім құпия әнін салғызғанын.

Батпастан жас күнгідей қайғы-мұңға,
Кеземін құмды дала айдынында.
Арайлы аймаласып ай нұрымен,
Ғажайып кенелемін бай ғұмырға.

Көңілдің көк тұлпарын тұсамастан,
Керемет дүние қандай құшақ ашқан.
Қиырға бір сағыныш шақырады,
Жаныңды, жүрегіңді қысамастан.



Кеңістік бұлдыраған әлде қандай,
Жүректі қандырады әнге балдай.
Өмірге қайта туып келгендейсің,
Жаратқан ойда жоқта қолдағандай.

МЕН СЕНЕМІН

Мен сенемін орындалып арманым,
Ақша бұлттай самғап, көкте қалықтар.
Жүректегі ауыр жара салмағын,
Жылдар емдеп, көрер көзге анықтар.

Мен сенемін қайта толып қазаным,
Ауылымда таң атқанша той болар.
Аққу-жүрек биік шырқап өз әнін,
Ақ тұлпарым жарыстарда бәйге алар.

Мен сенемін ұмытылмас махаббат,
Жұлдызы оның адастырмас жолымнан.
Айналама шашып өтем шапағат,
Аз ғұмырда келгенімше қолымнан!

СӨНБЕЙДІ НҰРЫМ

Ашады гүлдер ажарын жердің,
Шапағын шашқан шұғылалы таңда.
Өксумен тозып өтінде желдің,
Қапырық жұтып, қалады шаңда.

Ұқсайды менің жас гүлге жаным,
Жайнамай жатып, жылатқан тағдыр.
Сөнбейді нұрым, өзіме мәлім,
Тәңірім баста жаратқан сол бір...

ТІЛЕК

Жараңдар, биігіңнен түспеңдерші,
Болыңдар қанаттасып құспен көрші.
Боранын бұрқыратып жылдар өтер,
Тірлікте татулықтан күспеңдерші.

Шығыңдар махаббаттың заңғарына,
Жұлдызын түн жаяды алдарыңа.
Сөнбейтін нұр сыйлайды сырын ұқсаң,
Жәми мен Сағди жыры жандарыңа!

ШЫНАР

Құмдағы шынардаймын жалғыз өскен,
Сырласып ай нұрымен ғұмыр кешкен.
Тоқимын тыныш түнде қыр кілемін,
Ұмытып базар шуын гуілдескен.

Не түрлі өрнек салғыш бір шебермін,
Тамсанып тәтті сөзден гүл төгермін.
Жанымның сәулесімен жаратылаған,
Дақ түссе асылыма, мұң шегермін.



Байланған тағдырым түр менің сонда,
Ешқашан көмілмейді жолым шаңға.
Мен үшін әр жолының орны бөлек,
Өзіңе керегіңді өзің таңда!

ҚОНАЙ БАТЫР ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Тулайды қыпшақ қаны өң-бойымда,
Даланың бал шырыны таңдайымда.
Жүректе сөнбейтұғын махаббатпен,
Көнениң аңызын бір толғайын да.

Қонай ер өткен Қоқан хандығында,
Ерлігі өзек болған мәңгі жырға.
Кешегі ел қорғаған сол батырдың,
Ұрпағы сайрап отыр енді мұнда.

Дүние төңкерілер қалай-қалай,
Тегімді тұрамын ба мен аңдамай?
Бойымда қалмақ қаны бар тағы да,
Алыпты қалмақ қызын бабам Қонай.

Ғажайып сұлу екен қалыңдығы,
Жайнаған патша гүлдей оның нұры.
Лебізі хор қызындай тамылжыған,
Ежелден арттағыға мәлім жыры.

Сұлу қыз түскен екен шабындыдан,
Салыпты батыр бабам жанын бұған.
Жорықтан олжалы боп оралғанмен,
Жүрегін қанды жара қабындырған.

Көңілінде жүрді бірақ арман-мұны,
Біреудің обалына қалғандығы.
Аруды еңіретіп сойқан соғыс,
Қанды жас қара көзден тамғандығы.

Кей кезде түсіне еніп толғанады,
Жесірдің күңіреніп зарлағаны.
Соғысқа қарғыс айтып қапаланып,
Үздігіп сағыныштан салған әні.

Келгенмен мұның бәрін ұмытқысы,
Көңілін алаңдатып үміт құсы.
Есінен шығар емес қалың қырғын,
Майданның қан жамылған суық түсі.

Батыр да батты терең ауыр ойға,
Бөленген ерлігімен абыройға.
Өкініп өміріне жорықта өткен,
Налыды жайып тұрып қолын айға:

– Ей, жалған, ұстатпайсың, сусылдайсың,
Сағым боп сылдыраған құр судайсың.
Қолым қан, жолымды да қырсық шалған,
Түбі жоқ жұтып қояр тылсымдайсың.

Жақсылық кім күтеді қанды қолдан,
Отаған тіршілікті шалғы болған.
Құдай-ау, қуат беріп, арылта гөр,
Күнәмнан аз ғұмырда енді қалған?!

Батырдың жан дауысы жалынғандай,
Құдайдың құлағына шалынғандай.



Сол түні бір ғажайып түс көріпті,
Шарқ ұрып іздегені табылғандай.

Кең жайлау екен дейді қой мыңғырған,
Сабаты самал ескен ой мен қырдан.
Күбірлеп намаз оқып отыр екен,
Әкесі құбылаға мойнын бұрған.

Қасында жаңа туған егіз қозы,
Жас төлді аймалайды күннің көзі.
Сол сәтте тілегінің бәрін беріп,
Төбеден тіл қатқандай тәңір өзі.

Өңінде көрген түсі келді айнымай,
Разы жұлдызына жанған бұлай.
Түскен соң тәубасына, пендесіне
Жарықап тілегенін берген құдай.

Көп өтпей келіншегі тапты егіз ұл,
Таусылмас тіршіліктің қызығы бұл.
Адамға бұдан артық бақыт бар ма,
Өмірдің бақшасында жайнады гүл.

Секілді домбыраның қос ішегі,
Қонайдың өсіп-жетті жеткіншегі.
Үсенбек, Асанбек боп аты шығып,
Тарқады ағайындас көптің шері.

Үсенбек – бұрын туған менің бабам,
Аруға үйленіпті жалындаған.
Сол ұлы шешеміздің аты – Жаңыл,
Жолынан адамдықтың жаңылмаған.

– Өмірде болып дәйім тілектерің,
Әрқашан бірге соқсын жүректерің.
Шаттықтың нұры шалқып шаңырақта,
Қырандай шарықтасын түлектерің!

Осылай бата берді қайран шеше,
Жүрегін жарып берген бала десе.
Атақты Қонай батыр бәйбішесі –
Діні жат жаудың қызы болған кеше.

КӨКТЕМДЕ

Көктемде жиде гүлдеген шақта,
Жұпарын балдай шашады маңға.
Тартады көңіл туған үй жаққа,
Сағынып жап-жас анамды сонда.

Тұрғандай бізді шақырып кері,
Балалық сонау – базарлы күндер.
Бақытқа толы шаттықтың төрі,
Жайнаған бақтар, ажарлы гүлдер!

Уа, қайран ана, сол үйге көне,
Сағынып сені оралдым қанша!
Өзіңнен, шіркін, бөліндім неге,
Жанымды менің баураған сонша!?

КҮН АСТЫНДА

Маған әлі жаз жүргендей серуендеп,
Күн астында сұлу қыздай көлбеңдеп.



Бұрымды жуып мөлдір таң шығы,
Асыр салам етек-жеңім желбеңдеп.

Маған әлі күн шуағы молдай-ақ,
Тамыз бірақ басқалы тұр төрге аяқ.
Бінтығамын жібек перде астынан,
Таң нұрына ақ жүзімді мен бояп.

Маған әлі созылардай күз күні,
Мұңаяды шөліркеген тұз гүлі.
Өтінгенмен аялдамас асау жел,
Ырық бермес аққан уақыт тізгіні.

Маған әлі қыс келместей алқымдап,
Бақтар бірақ сарғыш тартты салқындап.
Алтын кілем төсегендей табанға,
Жапырақтар судырлайды жарқылдап.

БАҚЫТТЫМЫН ӘЙТЕУІР

Аз ба, көп пе, бақыттымын әйтеуір,
Мәнсіз тірлік мазалауын қойса бір.
Тыным алмас толқындармен тілдесіп,
Кеңге қанат жайып, тапса ой сабыр.

Жаным менің жалын атсын жайнасын,
О, рухтың гүл-бақшасы, қайдасың?
Шексіздіктің шетіне бір шығайын,
Быт-шыт қылып бұл әлемнің айнасын!



ҰЛЫМА

Дүниеде сөзден қымбат асыл бар ма,
Жалғасқан ғасырлардан ғасырларға.

Шындықтың сырына үңіл бала шақта,
Байлық сол апаратын болашаққа.

Дұға қып қасиетті сан бабаға,
Есінде жүргеніміз шөл далада.

Сыйынып жаратқанға жалғыз ғана,
Телмірдік көз жетпейтін жұлдызға да.

Киелі Түркістанның әр мекенін,
Меккедей көргеніңе тәубе етемін!

Сонда сен тілдескендей ғаламменен,
Жүздестің алғаш туған далаңменен.

Ән салып қамысы да туған жердің,
Құлыным, керемет бір думан көрдің.

Жүргендей өң мен түстің арасында,
Шаттықтан қанат қақтың нанасың ба?

Тамсандық ғажайыпқа есік ашқан,
Айлы түн, аясында ашық аспан!

Қасында ескі күмбез таң атқанша,
Оқыдық аруақтарға аят қанша!





Рухы разы боп өткендердің,
Арасы жалғасқандай көк пен жердің.

Сүйгендей жас сәбиін жаңа ғана,
Айналып еміренгендей Жер-Ана да!

Бір сәтке құшақ ашып оған ғарыш,
Қол бұлғап шақырғандай ғаламға алыс.

Қиялға батырғандай қылып аң-таң,
Құдық та көпті көрген суы сортаң.

Түбінде шындық тұнып сол құдықтың,
Тұрғандай жырын жырлап мәңгіліктің.

Еске ұста: бақыт-сағым алдаған бір,
Шөліңді шыңыраудан сен де қандыр.

Жұтқандар қасиеттің құдығынан,
Жүректің маржан төгер тұнығынан!

АҚБОТА

Сен болмасаң маған бақыт жоққа тән,
Күрсінесің неге сонша, ақ ботам?
Ақмая – ол ақ қанаты жаныңның,
Жүрегінде қасиетін сақтасаң!

Ақмаяда мәні жатыр атыңның,
Түсіне біл, жырын махабатымның.



Ертең өсіп, ұзын жолға шыққанда,
Шығыс жаққа көзіңді сал, ақылдым!

Ұмытпағай шыққан ата-тегіңді,
Бар арманым бір өзіңе телінді.
Жүрегіңді таза сақта, сол жүрек,
Аяласын Отаныңды, еліңді!

АЛМАТЫМ

Бұл қаланы жұлдыз біткен жырлайды,
Кең даланы тамсандырып сырнайлы.
Бұл қалада тоқсан тағдыр түйіскен,
Тоғысқанда бір қуаныш, бір қайғы.

Бұл қалада от сөнбейді мың жылда,
Көктегі күн құламаса құрдымға.
Махаббаттың гүлге оранған бақшасы,
Күндіз-түні шешек атып тұр мұнда.

Сырын сақтап талай – талай ғасырдың,
Бұл қалада ізі жатыр асылдың.
Мұқалмаған жігері бар жастықтың,
Жарқылдаған сәулесі бар жасынның.

Беу, Алматым, аузыңда атың шыңдардың,
Өзендерден ән-күйіңді тыңдармын.
Сенің даңқың аясында аспанның,
Сенің даңқың қанатында жылдардың.

Қайда жүрсем аңсап саған жетемін,
Жүрегімді тербетпейді бөтен үн.
Мақтан етіп сенің аяулы атыңды,
Өле-өлгенше асқақтатып өтемін!

ЫНТЫҒЫП ЕКІ ДҮНИЕ

Теңіздің толқыны бар жүрегінде,
Көзінде сағынышы торықтырған,
Ойнайды алтын сағым білегінде,
Аспанға үлбіретіп созып тұрған.

Ернінде күллі әлемнің бар күлкісі,
Ақ жүзі боямасыз әсем қандай!
Құбылып көйлегінің күлгін түсі,
Мөлдір, пәк осы сәтте жасанғандай.

Күні жоқ жердегіден жерімеген,
Жанына періштедей шаң жуытпас.
Мүлгіген тыныштықта лебіменен,
Күткені желпіп өтсе мәңгі ұмытпас.

Жете алмай, бір-біріне жасқаншақтап,
Ынтығып екі дүние табысқанда,
Көзінен қуаныштан жас моншақтап,
Армансыз қанат қағар алыстарға.

БІР АҢЫЗ БАР

Бірге көшіп ғасырлардың желімен,
Бір аңыз бар келе жатқан заманнан:



Мұхаммедтің жалғыз тамшы терінен,
Екен дейді Раушан гүл жаралған.

Раушанды Иранбақтың бағбаны,
Барлық гүлдің патшасына теңеген.
Ғашық жандар бір көрмесе сағынады,
Осы гүлді тәңір өзі жебеген.

Сұлулықтың нәзік сыры, білдің бе,
Раушан мен рауандаған таңдарда.
Құдірет пен қасиетті бұл гүлде,
Мәңгі өлмейді десем оны таң қалма.

Раушандай құлпырады әр күні,
Жаным сүйген менің нәзік гүлім де.
Махаббаттың тұрады ойнап жарқылы,
Мөлдіреген жанарының түбінде.

АТА ДӘСТҮР

Дәстүр қалған түбіміз түріктерден,
Қонаққа құшақ жаю кіріп келген.
Алдымен кім болса да ақ ұсынып,
Дәм-тұзын жеті түнде тұрып берген.

Келген жан жомарттыққа жадыраған,
Төккен соң мейірімін Тәңір оған.
Бұл дәстүр бізден басқа еш елде жоқ,
Қонақты мұнша сыйлау танымаған.

Қонғалы үш күн өтпей сірә да оған,
Қонақтың жөн-жосығын сұрамаған.





Даланың дегдарлары қандай дана,
Жолынан сыйластықтың құламаған.

«Үйіңе қонақ келсе, қонады аруақ» –
Дегенді ырым еткен бабам әр уақ.
Ежелден ата көрген біздің қазақ,
Сақтайды бар мәзірін соған арнап.

Алдымен қонағының елім бастан,
Айранмен, қымызымен шөлін басқан.
Белгісі адалдықтың – ақ ұсыну,
Келеміз сол дәстүрден жаңылмастан!..

Төріңнің қуанышы келген қонақ,
Сыйлай біл құрақ ұшып көргеннен-ақ.
Қақпасын жүрегіңнің айқара ашып,
Барыңды үйіп-төгіп берген жөн-ақ.

Қонақпыз бәріміз де, түбін ойла,
Аз ғұмыр өте шығар, күліп-ойна.
Түседі қара жердің құндағына,
Ақын да, алпауыт та, сұмырай да.

Жәдігөй жағымпазға жалбаңдаған,
Пенде жоқ арбалмаған, алданбаған.
Адамзат жаралғалы жер бетінде,
Шынайы сыйластықты армандаған.

Күте біл қонағыңды бүгінгі бір,
Өткізбей тіршілікте күніңді құр.
Оның да орны тұрар үңірейіп,
Үзгенде ойда жоқта жібін ғұмыр...

Римма КАЗАКОВАДАН
(Орыс ақыны)

ТАБЫНЫП ӘУЕЛ БАСТАН

Өзіңді сүйемін мен, Олжас жолдас,
Жаныңды ешкім оңай жаулай алмас.
Жырыңа қаншама рет жанып-күйгем,
Жалынға лаулап тұрған кім шарпыламас?

Табынып әуел бастан таланттыңа,
Балағам әр сөзіңді саф алтынға.
Өмір – шың, шыңға қорқақ шыға алмайды,
Батырға жеңіс те бар, жоғалту да.

Әрі пәк, әрі жомарт, әрі күшті,
Жырыңнан жас жүрегім қанып ішті.
Бірбеткей мінезің бе – сол да сөз бе,
Тұтқының болғам сенің бағынышты.

Ақынсың өзгелерден жырың бөлек,
Сүйемін, сені сүйе білу керек.
Сен тіпті қоңырлатып ән салсаң да,
Қиырдан ел таниды үніңді ерек.

Айнымас әділдіктен, бетін бұрмас,
Өмірге сендей ақын қайта тумас.
Сүйесің көп нәрсені бұл дүниеде,
Сүйемін сол үшін де өзіңді, Олжас!



Білемін дұшпаныңды алыс-жуық,
Ыстықсың тартқан сайын олар суық.
Бір рет былғанған соң көкірегің,
Ешкім де тазарта алмас кірін жуып.

Ұнатам, тіпті шалыс басқаныңды,
Самғасаң сапырасың аспаныңды.
Пір тұтам еңсеңді де елден биік,
Жылуын жүрегіңнің шашқаныңды.

Шаршамай шартарапты шарладым мен,
Тартыстым талай-талай жауларыңмен.
Сырымды жайып салғам, алғаш сені,
Өмірдей сүйіп тұрып бар жаныммен.



*Джанни РОДАРИДЕН
(Итальян ақыны)*

КӘСІПТЕР ТҮСІ

Айдан анық бір қараған кісіге,
Әр кәсіптің әр басқа ғой түсі де:

Наубайшыға назар салып қарап бақ,
Басы-көзі,
Кірпік-қасы – бәрі ашпақ.

От жағушы тұрады пеш жанында,
Қап-қара боп, оранып от-жалынға.

Құбылады алуан бояу түстері,
Бояушының киімінде үстегі.

Киім киген аспан түстес көкпеңбек,
Жұмысшылар маңдай терін төккен көп.
Жүреді олар алып завод ішінде,
Мұржалары тұратұғын көкке өрлеп.

Жұмысшының шымыр қолы үнемі,
Май-май болып, күс-күс болып жүреді.
Байлар қолы үлбіреген жұп-жұмсақ,
Кір шалмаған ақша қардай білегі.

Саусақтары қандай нәзік жіңішке,
Тырнақтары малынғандай күміске.



Май жұқпаған, шаң жұқпаған қолының
Икемі жоқ игілікті бір іске.

Білемісің, тоғышардың терісі аппақ болса да,
Ал істеген қылықтары қап-қара ғой соншама!



Генадь КЛЕВКОДАН
(Беларусь ақыны)

ҚЫЗЫЛ ГАЛСТУК ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Қарт жауынгер секілді
Қан майданнан оралған,
Сыр шертеді не түрлі,
Көпті көрген көк орман.

Отан үшін жан қиған,
Ерлер қанша сол маңда?!
Кіп-кішкентай партизан
Келе жатты орманда.

Сырма киген жыртылған,
Түте-түте мақтасы.
Көрген жанға сыртынан,
Балақандай бақташы.

Шыға орман ішінен,
Сәл ойланды дағдарып:
«Жаудың бекінісінен
Өту керек қақ жарып.

Орындаса жарады, –
Тапсырма да маңызды.
Мұздай қару-жарағы,
Жау аңдып тұр әр ізді.

Галстугі қалайда
Көзге түспей қоймайды.
Мұны осы маңайға
Жасырмаса болмайды».

Ең қымбатты дүние –
Мойнындағы галстук.
Бір ағаштың түбіне
Тығып кетті – табыс қып.

Сақтықпенен алға аттап,
«Бақташымыз» барады.
Қайта-қайта жалтақтап,
Арт жағына қарады:

«Биік шынар белгілі,
Шеттегі – анау күнесте.
Ұмытпан, – деп, – мен мұны,
Бәрі, бәрі тұр есте»...

Алып шынар ақырын
Бұтақтарын қалды ырғап.
Жолың болсын, батырым,
Дегендей бір қол бұлғап.

Атты қанша жаңа таң,
Үмітімен тербеткен.
Ал барлаушы балақан
Оралмады сол беттен.

Қарақшылар жабылып,
Азаптады масқара.

Тап берсе де тағылық,
Тайынбады жас бала.

Болып шықты шын мықты,
Бір ауыз тіл қатпады.
Көрсен де бар сұмдықты,
Жолдастарын сатпады.

Көп өтпей-ақ арада,
Жаудың шебі қирады.
Әскери емханада
Бала есін жинады.

Әр жауынгер – ағасы,
Бауыр басты ол мүлдем.
Сөйтіп полк баласы
Қайтты сонау Берлиннен.

Артта қалды қия-бел,
Өтті жылдар селдеткен.
Кешегі өжет пионер
Әлдеқашан ержеткен.

Есте соғыс сүреңі,
Салған талай қысымға.
Партбилеті жүреді
Жүрегiнiң тұсында.

Көзiне оттай басылған,
Сол жерге көп соғады.
Галстугiн жасырған,
Еш ұмытқан жоқ әлi.

Галстуктей жалаулап,
Сол баяғы шынары –
Қайда барса алаулап,
Қарсы алдынан шығады.

Тоқтасын САМУДИНОВТАН
(Қырғыз ақыны)

ТАУДА ТҰРЫП ҚАРАСАҢ...

Тау басынан қарап ем,
Сулар тоқтап қалғандай.
Көрінеді бар әлем
Алақанға салғандай.

Айналаға таңырқап,
Қайта-қайта қарадым.
Қозы-лақ жүр асыр сап,
Төбесінде қораның.

Машина анау заулаған,
Бидай толы қорабы:
Құйрығындай аумаған
Шаңы шұбап барады.

Көз жіберген заңғардан
Біз тұрған жер биік-ті.
Гүлдері де сан алуан,
Сұлулардай сүйікті.

Бұлтпен көрші секілді
Биіктеміз – көктеміз.
От айнатса не түрлі,
Сірә, шошып кетпеңіз.



КӨКТЕМ ЖЫРЫ

Көктем қашан келер деп,
Қашан нұрға бөлер деп:
Жан-жануар, өсімдік
Сағынады елеңдеп.

Зеңгір аспан төсінде
Аппақ бұлттар көшуде.
Қайда бара жатқаны
Жоқ сияқты есінде.

Көктемде жер құлпырар,
Күлім қағып күн тұрар.
Құшақ-құшақ гүл сыйлап,
Жүректерден жыр туар.

ШЫБЫҚ АТ

Менің өзім жақсырақ
Білетұғын,
Бір бала бар шапқылап
Жүретұғын.

Арғымағын баптайды,
Мәпелейді.
Жүрмесе ұрып-соқпайды,
Жетелейді.

Су ішкізіп бірақ та,
Жем бермейді.



Мінуге оны сұрап та
Ел келмейді.

Атын іздеп жүгірер
Тұрысымен.
Мінгесіп ап, жөнелер
Інісімен.

Судан өтіп тасқындап
Ағып жатқан,
Бір-ақ шықпақ,
Астында ат,
Арғы жақтан.

Тебінді атын, жүрмеді,
Ұрмады аса.
Шыбық екен мінгені –
Бір қараса...



КҮШІГІМ

Әйбат ала күшігім –
Зыр жүгірген пысығым.
Көп тақымдап жатпайды,
Мазасын ап кісінің.

Жақсы көрем мен өзін,
Бейне құйттай көжегім.
Өздігінен ішпейді
Жуыңдысын көженің.

Оянады ертелеп,
Бұлаңдайды еркелеп.
Ойланған боп жатады,
Шіркін, тамақ берсе деп.

Допты көрсе ал егер,
Домаланып жөнелер.
Айыра алмай екеуін,
Балалар да бөгелер.

Бар дегенге барады,
Қал дегенде қалады.
Бұлаңдатып құйрығын,
Неше түрге салады.

Кейде өзімді табалап,
Тап береді абалап:
Жаңа көйлек кигенде
Танымауы жаман-ақ!





ҚАНША БАСТЫ АЙДАҒАР?

Ерте, ерте, ертеде,
Белгісіз бір өлкеде.
Мың жыл өткен кемінде,
Қанша санап көрсе де.

Болыпты бір жалмауыз,
Тоймайтұғын қанды ауыз.
Атаныпты айдаһар
Неше басты сол жауыз.

Қылғиды екен бір басы,
Бар жемісті шырынды.
Жұтады екен бір басы,
Екі-ақ толғап пілiңдi.

Қақшып алып бір басы,
Құс біткенді жалмайды.
Ұрттағанда бір басы,
Көлдің суы қалмайды.

Сөйтіп жүріп бір басы,
Бір басына байланып,
Кеткен екен сұлбасы
Қара тасқа айналып.

Білеміз ғой бұл бәле,
Ертегіде жетерін.
Айтады екен кім кәне,
Қанша басты екенін?



ҰЙЫҚТАМАСАМ МЕН ЕГЕР...

Әпкем менің оралар
Күнде кешке ісінен.
Ұй шаруасы және бар,
Шаршайтынын түсінем.

Дем алсын деп,
Ол бүгін,
Зорлап көзім жұмамын.
Бдыс-аяқ сылдырын,
Шалып жатар құлағым.
Ойыншықтар, көне гөр,
Дыбыстарың шықпасын.
Ұйықтамасам мен егер,
Әпкем қалай ұйықтасын.



МАЗМҰНЫ

ӨЛЕҢДЕР МЕН ТОЛҒАУЛАР

Шерлі Науаи, өзің жар бол.....	5
Байтақ өлкем, сен жаса.....	8
Біздер үшін	10
Кенесарының күңіренуі.....	11
Алтын буын армандайды	12
Қазақ сиқы	13
Көр іші – қара қобыз.....	14
Баба жұртында	15
Қарлығаштың мекені	16
Мұхтар мен абыз.....	17
Шәкірге соңғы сауал.....	26
Құмырсқаның балы	30
Біздің Мұқағали	31
Ақын досты жұбату.....	32
Дыбысыңды естимін.....	35
Ей, Тұрсын!	37
Сенің даусың шыққанда... ..	39
Секенге сүйсіну.....	40
Болсам да алтын дәрия... ..	41
Қолтаңба.....	43
Көкшетау.....	44
Тарақтыда тарлан көп.....	45
Қобыз-жүрек.....	51

Жер шары жалғызсырап...	52
Сілкініп ақ бүркіттей.....	53
Оралмас өткен жылдар.....	55
Клара жеңгейге арналған жыр.....	57
Екеуі бірге жырлап.....	59
Қыздар күні.....	60
Алдай сал.....	61
Тұманбай елуге келгенде.....	63
Қош болыңдар, ақ аттар.....	65
Не көрсең де.....	66
Өлең-хат.....	67
Шуылдасын көп қарға.....	68
Тозбайтын шапан жаптым.....	69
Ұстаз.....	70
Сауал.....	72
Аға.....	73
Кеудеңіз күміс қобди.....	75
Ролланға.....	77
Іңгәлап жатқан едің.....	79
Нұртілеуге.....	81
Анаңнан айналайын.....	82
Батырдың ұрпағысың.....	84
Туған елдің Шәмшасы.....	85
Жасымнан соңыңа еріп..	87
Биік болса..	89
Тойға тілек.....	90
Салауат туғанда.....	91
Намазәлі елуге келгенде.....	93
Жанболатқа.....	95
Досханға.....	96
Көпен, қайда барасың?.....	98

Отаның қымбат	101
Досқа	103
Сейілғазыға	105
Медетке	106
Ұстатпас жүйрік уақыт	108
Сезерсің сөз астарын.....	110
Тәнтімін мінезіңе	112
Серік ақын	113
Жаңылмас кісіліктен.....	115
Бұтағың бүршік атып... ..	116
Бата	118
Рымғали ағамен қоштасу	120
Бауырым.....	122
Мираш аға.....	124
Халқыңа керек едің... ..	126
Қазағы ұмытпайды	127
Қуатқа көңіл айту.....	129
Алдиярға	131
Еркеғали Рахмадиевпен қоштасу	133
Қажымұратты жұбату	134

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӨЛЕҢДЕР МЕН ЕРТЕГІЛЕР

Жолың болсын	137
Асығу.....	137
Мектеп.....	139
Оқулық.....	140
Портфель	142
Күнделік.....	142
Қалам	143

Қарындаш	144
Өшіргіш.....	145
Пенал	146
Дәптер.....	146
Жазу үстінде	147
Партам-ау.....	147
Қағаз, Қалам және Сияның айтысы.....	148
Атам туралы өлеңдер.....	151
Алтын сөз	152
Саяхатшы үй	154
Шаңырақ.....	154
Кереге	155
Уық.....	155
Үзік пен бақан	155
Тұңлік.....	156
Белдеу	156
Ер-тұрман	157
Ана	158
Кім екен?	159
Әженің әлдіі	159
Текемет	161
Менің апам	162
Жауқазын.....	162
Көктем	163
Гүл	164
Алма ағаш.....	165
Тал шыбық	165
Қарлығаш	166
Қошақан	167
Ақсақ қозы	167
Бұзауқан	168

Жаз	169
Жайлауда.....	170
Омарташы.....	170
Пішенде.....	171
Көкпар	173
Әттең, шіркін... ..	173
Өткінші.....	174
Бұршақ.....	175
Жаңбыр.....	175
Жаңбырға екі өгініш	176
Бастау.....	177
Түн	178
Шалғының сөзі.....	180
Сыыр бүлдірген	181
Таңқурай	181
Тау гүлі.....	182
Көбелектің жыры	182
Күнбағыс	183
Ақ төбет.....	184
Серке.....	185
Сірге.....	185
Ақ ботам.....	186
Бұғы.....	186
Ешкілер өкініші.....	187
Саба пістім.....	188
Балмұздақ.....	189
Қара күшік	189
Шілдеде	190
Жапырақтар.....	191
Аққулар.....	192
Қаз бен жаз	192

Күз.....	193
Жел.....	193
Жаңғырық	194
Құстар көшіп барады	195
Қолшана	195
Аяз ата.....	196
Жауа бер, ақша қар.....	197
Мал алдынан шығамын.....	198
Қар.....	199
Боран.....	200
Ақпан айы	200
Тұман	201
Шілдер.....	202
Жапалақ	203
Кел, кел, менің құстарым!.....	204
Тұмақ.....	204
Шанаменен келемін	205
Шаңғышы	206
Мұзтабан	206
Сынық бұтақ	207
Күйші қарағай.....	208
Сексеуіл.....	209
Тал бесік	209
Мақтаншақ қаңбақ.....	210
Түйелер.....	211
Бура	212
Құнан.....	212
Тырналар.....	213
Торғайлар	214
Жалғыз тырна.....	214
Балапан.....	215

Тал мен торғай.....	216
Өрмекші мен шыбын.....	216
Айнаш пен Инеш	218
Қасқыр мен төбет	218
Жылқы мен сиыр.....	219
Толқын мен жаға	219
Терек пен дауыл	220
Самал мен қамыс.....	222
Кірпі мен қасқыр.....	222
Сұрақ пен жауап	223
Ұл мен гүл.....	225
Таға мен табан	225
Жел мен қауырсын.....	226
Асау мен арқан	226
Жол келеді жүгіріп.....	227
Жол.....	228
Соқпақ	229
Бір аппақ бала тұр	230
Ұят-ай... ..	231
Күйші десін көрген ел.....	231
Ерте тұрды.....	232
Қауіп.....	233
Тәтті қиял.....	234
Балықшы	234
Самолетте	235
Өкініш.....	235
Мұхит.....	236
Құрбақаның қиялы	236
Кімдер қайда қонады?.....	237
Баптаймын.....	238
Терезелер	238

Туристер	239
Жаңа үй	240
Кім келеді төмендеп?	241
Қартаймайды күн неге?	241
Толағай	242
Қақпан	243
Көмек	243
Базарлық	244
Шыңға шықтым	244
Бірі қорған біріне	245
Екі бала	245
Таңбалы тас	246
Аяныш	247
Сағаттың сөзі	247
Дөңгелегім, дөңгелен!	248
Кім таза?	248
Ұқастық	249
Қорқыныш	250
Дойбы ойнаймын	251
Мысықтың қиялы	252
Мысықтың ашуы	252
Бала бақа	253
Шыбынның сапары	254
Қорғаныс	256
Жаман-ақ	257
Әткеншектің әуені	257
Әркімнің өз әні бар	258
Әркім тілер әрқалай	260
Сыпырғыштың әні	260
Доп	261
Гүл мен бидай	262

Жыл және он екі ай	266
Аңқау аю.....	277
Бөрілер	281
Жауды аяған жаралы	288
Бөлінгенді бөрі жер	292
Қабанбай батыр	295

АУДАРМАЛАР

Игорь жорығы туралы жыр.....	315
Жүніс Еміреден	
Мұхаммедке сыйыну.....	341
Алла ырыздық төкпесе оған.....	342
Ай жүзіңе қадалумен.....	342
Сүйем сені жан-тәніммен	343
Бейіш нұры шын төгілсе... ..	344
Сенсіз күнім – сергелдең.....	345
Ұжмақ деген тозақ маған	346
Бейнең көзден бұл-бұл ұшты	347
Елесің кеп тіл қатқанда.....	348
Бо Цзюидан	
Киіз үй.....	350
Либайдан	
Тымық түнгі сағыныш	352
Тау басындағы бұтханаға түнеу	352
Мың Хауранды Гуаңциңге көзден ұзату	352
Ваңлунге	352
Лушан тауындағы сарқырама суреті	353
Тянмыншан тауына қарап	353
Байдичың қаласынан ертемен аттану	353

Жиңтиңшан тауындағы жалғыздық	354
Чюпу.....	354
Михаил Исаковскийден	
Көктем	355
Далада.....	355
Екеуміз.....	356
Шіркін-ай... ..	357
Жол айырығында.....	358
Смоленск – туған елім.....	359
Қыз сөзі	360
Назым Хикметтен	
Өлген қыздың монологы	362
Түгелбай Сыдықбековтен	
Мен.....	363
Мен іздеген күлкі	364
Қазақ ұлы	364
Қиял аттың күлігі-ай... ..	365
Ажал менен асуда.....	366
Өмір күресі.....	368
«Мақтан деген немене?..»	369
Сауранбай Жусиевтен	
Мұхтар Әуезовке	370
Жыр достығы – дүр достық.....	371
Бақыт деген немене?.....	372
Тейіпжан Әлиевтен	
Мәңгілік ән	374
Қазақтың әнші қызына.....	375
Арша.....	376
Тобылғы	376
Жігіт тілегі.....	377
Бақыт жұлдызы	377

Қайғы	378
Мирпулат Мирзаевтан	
Науаи өсиеті.....	379
Кен іздеушіге	379
Көгілдір таулар.....	381
Түңілу.....	381
Арман.....	382
Сергей Чавайннан	
Отан туралы ой.....	384
Кім үшін келдім өмірге?.....	385
Омар Сұлтановтан	
Ескі қайық.....	387
Валерий Антоновтан	
Ай.....	388
Амрита Притамнан	
Арман күлшесі	389
Джонни Б. Исотамнан	
Бәдәуидің аруы.....	391
Доржийн Даржаадан	
Отанды сағыну	392
Санжаажавын Оюуннан	
Тамашасың, өмір, сен!.....	394
Темір Дауаматтан	
Алтай	395
Ғажайып Қанас көлі.....	396
Эльза Ульмерден	
Тілек	398
Әкпар Рысқұловтан	
Елші болдым.....	400
Сәуле Үсенбековадан	
Өз ойым.....	402

Тұран арулары	403
«Жанымның сөнді жалыны...»	405
Сайқал тағдыр.....	405
Сахарадағы сағым.....	407
Әйел аруағының үні	410
Шарапат	411
Түнгі мұхит жағасында.....	411
Дала сыры.....	412
Мен сенемін	413
Сөнбейді нұрым.....	413
Тілек	414
Шынар	414
Қонай батыр туралы баллада	415
Көктемде	418
Күн астында.....	418
Бақыттымын әйтеуір	419
Ұлыма	420
Ақбота.....	421
Алматым	422
Ынтығып екі дүние	423
Бір аңыз бар	423
Ата дәстүр.....	424
Римма Казақовадан	
Табынып әуел бастан	426
Джанни Родариден	
Кәсіптер түсі.....	428
Генадь Клевкодан	
Қызыл галстук туралы баллада	430
Тоқтасын Самудиновтан	
Тауда тұрып қарасаң... ..	434
Көктем жыры.....	435

Шыбық ат.....	435
Күшігім	437
Қанша басты айдаһар?	438
Ұйықтамасам мен егер... ..	439

Несіпбек Айтұлы
ШЫҒАРМАЛАРЫ

7 томдық

Алтыншы том

*Өлеңдер, толғаулар, балаларға арналған өлеңдер,
ертегілер және аудармалар*

Редакторы *Ботагөз Мұхиден*
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқаров*
Корректоры *Аяужан Рысқұлқызы*
Компьютерде беттеген *Ақерке Сқақова*

Басуға 08.05.15 қол қойылды.
Пішімі 60x90 $\frac{1}{16}$, Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 28,5.
Тапсырыс №0137. Таралымы 2000 дана.

ISBN 978-601-302-218-5



9

«Фолиант» баспасы

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

